

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Балалардың құқықтарын қорғау комитеті



**Қазақстан
Республикасындағы
балалардың жағдайы
туралы баяндама**

Астана, 2016

2016 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, «Сандж зерттеу орталығы», Джандосова Ж.С., Шарипбаева А.Е., Кудашева Т.В., Смагулова Ш.К., Байтугелова Н.Ю., Джандосова Ф.С., Байтугелова З.Е., Колмагорова Е.А., Шарипбаева К.М., Жаппар А.Т., Серикбаева С.Ш., Исағалиева А.А., 2016 жыл.

2016 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен және мүдделі мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ қолдауымен «Сандж зерттеу орталығымен» әзірленді.

Мемлекеттік орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынған ресми статистиканы, мәліметтерді, жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің мәліметтерін талдай отырып баяндамада Қазақстандағы балалардың жағдайы мен балалардың білім беру, тәрбие, демалыс, бос уақыт, жұмыспен қамту, даму, денсаулық жағдайы, балалы отбасыларды және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қолдау салаларындағы балалар өмірінің басты аспектілерін сипаттайтын негізгі индикаторлар бойынша балалар құқығын қорғау туралы ақпарат ұсынылған.

Баяндамада 2016 жылы балалар құқығын қорғау саласында ұлттық заңнаманың даму мәселелері, Бала құқығы туралы Конвенция мен басқа да халықаралық шарттар ережесі туралы құқықтық ақпараттандыру, балалар құқығын қорғау саласындағы халықаралық тәжірибеге қатысты мәселелер көрсетілген.

Баяндаманы балалар жағдайы мен құқықтарын қорғау саласын жақсарту үшін балалармен жұмыс істейтін мамандар, Қазақстанның басқада министрліктері мен ведомстволары, үкіметтік емес ұйымдары, халықаралық сарапшылар, БАҚ, ата-аналар қауымдастығы, өзге де мүдделі тұлғалар қолдана алады.

Мазмұны

КІРІСПЕ	5
1-тарау. Бала құқықтары, бостандықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы мемлекет саясаты	7
1.1. Саяси ерік және тиісті басқару	8
1.2. Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамалық саясат.....	9
1.3. Ведомствоаралық ынтымақтастық.....	16
1.4. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі ҚР заңнамасын іске асыруды бағалау.....	16
2 тарау. Балалардың экономикалық жағдайы	19
2.1. Демографиялық ахуал	20
2.2. Өмір сүру деңгейі, кедейлік.....	23
2.3. Әлеуметтік қорғау жүйесі және оның балалар мен балалы отбасылардың жағдайын жақсартуға әсері.....	25
2.4. Жұмыспен қамту және бала еңбегі	30
2.5. Ұсынымдар	32
3-тарау. Білім: мүмкіндіктер және шектеулер	34
3.1. Білім саласындағы мемлекеттік саясат.....	35
3.2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға құқығын қамтамасыз ету	35
3.3. Бастауыш және орта білім алу құқығын қамтамасыз ету.....	39
3.4. Техникалық және кәсіптік, жоғары білім алу құқығын қамтамасыз ету	48
3.5. Ұсынымдар.....	51
4-тарау. Балалардың денсаулықтарын сақтау	52
4.1. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.....	53
4.2. Денсаулықтың негізгі көрсеткіштері.....	53
4.3. Денсаулық сақтау қызметтері және салауатты өмір салты	64
4.4. Ұсынымдар.....	73
5-тарау. Балалар және отбасы	74
5.1. Отбасы және балалар.....	75
5.2. Отбасы мен балалық шақты қолдау.....	80
5.3. Отбасылық құндылықтар, дәстүрлер, тәрбие	81
5.4. Ұсынымдар.....	85
6-тарау. Демалыс, бос уақыт	86
6.1. Жазғы демалысты ұйымдастыру.....	87
6.2. Қосымша білім: қол жетімділік және қамту.....	89
6.3. Дене тәрбиесі.....	92
6.4. Сұрау нәтижелері бойынша балалардың бос уақыты.....	94
6.5. Ұсынымдар.....	95
7-тарау. Зайырлылық	96
7.1. Зайырлылық.....	97

7.2. Сауалнама нәтижелері бойынша балалар үшін діннің мәні	98
7.3. Ұсынымдар	100
8-тарау. Әлеуметтік инклюзия	101
8.1. Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	102
8.2. Ерекше мұқтаж балалар	117
9-тарау. «Тәуекел топ» балалары	125
9.1. Балалар және жасөспірімдер қылмысы	126
9.2. Балалар және жасөспірімдер ортасындағы суицидтер.....	132
9.3. Нашақорлық, алкоголизм.....	135
9.4. Жасөспірім қыздар арасындағы жүктілік және жасанды түсік тастау	137
9.5. Ересектер балаларға қарсы	139
9.6. Әлеуметтанулық сауалнама қорытындылары.....	142
9.7. Балалар қылмыскерлігінің, суицидтердің, бейәлеуметтік мінез-құлықтың, балаларға қатысты қылмыскерліктің алдын алу бойынша ұсынымдар.....	147
10-тарау. Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ақпараттық-консультативтік қолдау	149
10.1. Мемлекеттің ақпараттық саясаты	150
10.2. Сенім телефоны	151
10.3. Ұсынымдар	152
11-тарау. Балалар амандығы және құқықтарының сақталуы	153
11.1. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты	154
11.2. Қазақстан балаларының өз амандығын бағалауы.....	154
12-тарау. Балалардың құқықтарын сақтау саласындағы мемлекеттік шығыстар.	163
12.1. Білім беру.....	164
12.2. Денсаулық сақтау.....	170
12.3. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	171
Қорытынды және ұсынымдар.....	174
Қысқартулар тізімі	180

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы жыл сайынғы баяндаманы ұсынады.

Биылғы жылы баяндама Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналады.

Баяндама «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының бұйрығына және 2016 жылға арналған Мемлекеттік органдардың Мемлекет басшысының атына ақпараттарды, баяндамаларды және есептерді ұсыну кестесіне (2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 01-38.45) сәйкес дайындалған.

Баяндаманың мақсаты – Қазақстандағы бала құқықтарының жағдайы туралы, сондай-ақ оларды жақсартуға бағытталған шаралар туралы Мемлекет басшысын хабардар ету.

Баяндамада 2016 жылы бала құқықтарын қорғау саласындағы ұлттық заңнаманың даму, Бала құқықтары туралы конвенцияның ережелері және өзге де халықаралық шарттар туралы құқықтық хабардар ету мәселелері, бала құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық тәжірибе қамтылып көрсетілген, білім беру, тәрбиелеу, демалыс, бос уақыт, даму, денсаулық жағдайы, балалардың тамақтануы, балалары бар отбасыларды әлеуметтік қамсыздандыру салаларында балалардың тіршілік әрекетінің басты аспектілерін сипаттайтын негізгі индикаторлар бойынша ақпарат ұсынылған.

Баяндамада ресми статистикалық деректер мен жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулердің талдауы негізінде әзірленген бала құқықтарын сақтау саласындағы ахуалды жақсарту жөнінде ұсынымдар берілген.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша және мүдделі мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың қолдауымен үкіметтік емес сектор – «Сандж Зерттеулер орталығы» Қазақстан Республикасының тәуелсіз зерттеу компаниясы әзірледі.

Баяндама 12 негізгі бөлімнен тұрады және ресми статистика, мемлекеттік орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынған деректердің талдауына және жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулердің (осы баяндаманы әзірлеу барысында жүргізілген зерттеулердің, сондай-ақ республикада жүргізілген өзге де зерттеулердің) деректеріне негізделеді.

«Қазақстан Республикасындағы балалардың 2016 жылдағы жағдайы туралы» баяндаманы әзірлеу мақсатында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу аясында респонденттердің әртүрлі санаттары сұралды: Қазақстан Республикасының 16 өңіріндегі балалар, олардың ата-аналары, балалармен жұмыс істейтін мамандар (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салалары, кәмелетке толмағандар ісі бойынша инспекторлар), білім беру және тәрбиелеу ұйымдарының жетекшілері, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және басқалар.

Балалар екі тәсіл арқылы сұралды: мектептерде, көшеде сұрауларда (сұхбат) тікелей, сондай-ақ Балалар құқықтарын қорғау комитетінің сайтындағы сауалнамалық сұрау арқылы он-лайн әдісі.

Зерттеулер қалалық (облыс орталықтары, шағын қалалар) және ауылдық (ауылдық аудан орталықтары, әртүрлі көлемдегі ауылдар және облыс орталықтарынан қашықтықтар, соның ішінде алыс шағын ауылдар, станциялар) жерлерде де жүргізілді. Бұл осы баяндамада астаналық тұрғындар мен өңірлердің қашықтықтағы ауылдарының халқын, респонденттердің әртүрлі санаттар пікірлерін көрсетуге қамтамасыз етті.

«Қазақстан Республикасындағы балалардың 2016 жылғы жағдайы туралы» баяндаманы балалардың құқықтарын сақтау саласындағы ахуалды жақсарту үшін балалар жұмыс істейтін мамандар, Қазақстанның басқада министрліктер мен ведомстволардың мамандары, үкіметтік емес ұйымдары, халықаралық эксперттер, БАҚ, ата-аналар қауымдастығы және өзге де мүдделі тараптар қолдана алады.



1-тарау

Бала құқықтары, бостандықтары мен мүдделерін қорғау
саласындағы мемлекет саясаты



1.1. Саяси ерік және тиісті басқару

Тәуелсіздіктің 25 жылы ішінде Қазақстанда халықаралық стандарттарға сай институционалды және заңнамалық деңгейде балалар құқықтарын қорғаудың ұлттық моделі қалыптасты.

Балалар құқықтарын қорғау саласындағы ҚР заңнамасы Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаларына, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделеді.



- ✓ ҚР Конституциясы
- ✓ «ҚР-дағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Білім туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» ҚР Заңы

Қазақстанда халықаралық құқықтық құжаттардың ережелерін тәжірибеде қолдану және құқықтық салаға имплементациялау жөнінде жұмыс жүргізілуде. Адам құқықтарына қатысты 60-қа жуық халықаралық құжаттар ратификацияланған, соның ішінде 15-нен көбі балалардың құқықтарын қорғауға қатысты.



ҚР ратификацияланған

- ✓ БҰҰ-ның бала құқықтары туралы конвенциясы.
- ✓ Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция.
- ✓ Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты факультативтік хаттама.
- ✓ Балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына байланысты факультативтік хаттама.
- ✓ Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы конвенция.
- ✓ Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті.
- ✓ Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті.
- ✓ Балалар еңбегінің жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы ХЕҰ конвенциясы.
- ✓ Ананы қорғау туралы ХЕҰ конвенциясы.
- ✓ Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттама.
- ✓ Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенция.
- ✓ Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенция.
- ✓ Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция.

2016 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» конвенцияны, «Балаларға алименттерді және отбасын күтіп-бағудың басқа да нысандарын өндіріп алудың халықаралық тәртібі туралы конвенцияны және Алименттік міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы хаттаманы» ратификациялады.

1.2. Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамалық саясат

1.2.1. 2016 жылғы балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заң шығарушылық

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 501-V ҚРЗ ҚР Заңы. Осы Заңның аясында заңнамалық актілерге келесі өзгерістер енгізілді:

- ҚР-ның «Неке(ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі;
 - ⊕ Жетім-балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасыларына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкі туралы тарау, онда деректерді қалыптастыруға және пайдалануға қойылатын талаптар, ақпаратқа қол жеткізу, бұзушылыққа жауапкершілік баяндалған.
 - ⊕ Қабылдайтын отбасы туралы тарау: қабылдайтын отбасы, қабылдайтын ата-аналар ұғымы, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдайтын отбасыға беру туралы келісім-шарт, қабылдайтын отбасын қаржыландыру, балаларды қабылдайтын отбасыға беру шарттары.
 - ⊕ Бала қонақтайтын отбасы туралы тарау: түсінігі, бала қонақтайтын отбасына баланы беру туралы шарт, баланы қабылдаған адамды және қонақтайтын отбасыға берілетін баланы анықтау, балаларды қонақтайтын отбасыға ресімдеу шарттары.
 - ⊕ Отандық және халықаралық бала асырап алу мәселелері бойынша толықтырулар ең өзгерістер енгізілді, бала асырап жөніндегі аккредиттелген агенттіктерге талаптар өзгертілді.
- «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі – химиялық кастрация туралы бап.
- ҚР Қылмыстық Кодексіне (ҚК), ҚР Қылмыстық іс жүргізу Кодексіне (ҚІК), ҚР Қылмыстық-атқару Кодексіне (ҚАК) кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстарға қатысты бірқатар тармақтар енгізілді.
 - ⊕ ҚК-к: «кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар» ұғымы енгізілді және осындай қылмыстар бойынша шартты-мерзімінен бұрын босатуды, амнистияны, шартты босатуды, жазалауды неғұрлым жеңіл түрімен алмастыруды, шын өкінуіне және татуласуға байланысты жауаптылықтан босатуды қолдануға салынатын тыйымдар белгіленді;
 - шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу жазалаудың қосымша түрі ретінде тағайындалуы мүмкін екендігі және жазалаудың негізгі түрі өтелгеннен кейін орындалатыны белгіленді;
 - қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты жасаған кәмелетке толмағандарды жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігі орнатылған;
 - кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған адамдарға химиялық кастрациялау түріндегі мәжбүрлі емдеуді белгілеу, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан кейін көрсетілген шараларды белгілеу, ұзарту, өзгерті немесе жою енгізілді.

- ⊕ ҚІК-ге кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасағаны үшін жазасын өтеп жатқан адамдарға әкімшілік қадағалау орнататын түзету енгізілді.
- ⊕ ҚІК-не қайталап қауіпті қылмыстар жасағаны үшін, сол сияқты террористік немесе экстремистік қылмыстар және кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін жазасын өтеген және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдарға әкімшілік қадағалау белгіленетіндігі туралы толықтыру енгізілді.
- ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі – Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкіне ақпарат ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік жазылған.
 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде сот осы Кодекстің 73, 127, 128, 131, 434, 435, 436, 440 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 442 (үшінші бөлігінде), 448, 461, 482, 485 (екінші бөлігінде) баптарында көзделген құқық бұзушылықтарды жасаған адамның мінез-құлқына үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның рұқсатынсыз кәмелетке толмағандарға белгілі бір жерлерге баруына, басқа да жерлерге шығуына тыйым салуды көздейтін ерекше талаптар белгілеуі мүмкіндігіне орай түзетулер енгізілді.
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты туралы, қабылдау және бала қонақтайтын отбасы туралы баптармен толықтырылды.
- ҚР «Білім туралы» Заңына білім туралы заңнамаға енгізілген барлық жаңалықтарға қатысты өзгерістер енгізілді: ҰБТ, тамақтану, гранттар, мектепке баланы қабылдау, сондай-ақ білім беру мекемелерінде де, сыртта да қылмыстық құқық бұзушылықтар фактісін айқындау және алдын алу, қиын өмірлік жағдайдағы балаларды есепке алу.
- «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңға шетелдіктер асырап алған баланың ҚР азаматтығын сақтауына қатысты түзетулер енгізілді. Сондай ҚР СІМ ҚР шетелдік мекемелерінің елден тыс жердегі ҚР азаматтарын тіркеу және есепке алу мәселелері жөніндегі жауапкершілігі қосымша жазылған.
- ҚР «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заңына кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы жауапкершілік нормалары енгізілген.
- ҚР «Байланыс туралы» Заңында байланыс құралдарын қылмыстық мақсаттарда пайдаланғаны үшін жауапкершілік жазылған..
- ҚР «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Заңы: баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім баланы немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы күтіп-

бағуға арналған төлем нормативі (мөлшері) туралы толықтырулар енгізілген

2. «Қазақстан Республикасында Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 192 Жарлығымен Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды.

3. «Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 Нормативтік қаулысы қабылданды.

Балалардың құқықтарын қорғау мақсатында ағымдағы жылы кейбір заңнамалық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде жұмыс жүргізілуде:

ҚР Білім және ғылым министрлігі

«Мемлекеттік қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 382 қаулысына.

«Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 380 қаулысына.

«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысына.

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат және коммуникациялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы. Құжат 4 Кодексті және 12 Заңды қозғайды. Атап айтқанда, 1999 жылғы 23 маусымдағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 25-баптың 2.2-тармағына өзгеріс енгізілді, бүгінгі күнгі өзекті бөлігі - кәмелетке толмаған балалардың мәселесі бойынша.

Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы бұйрықтар әзірленіп бекітілген.

1. «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 717 бұйрығы.

2. «Бала құқықтарын қорғау саласы бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарының формаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 28 желтоқсандағы және ҚР ҰЭМ 2015 жылғы 30 желтоқсандағы бірлескен бұйрығы.

3. «Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 53 бұйрығы.

4. «Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 24 наурыздағы № 210 бұйрығы.

5. «Бала қонақтайтын отбасы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 маусымдағы № 402 бұйрығы. Ереже «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексіне сәйкес әзірленді.

6. «Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 407 бұйрығы.

7. «Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беретін комиссияның қызметі мен құрамын айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 13 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы қаңтардағы № 415 бұйрығы.

8. «Бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 513 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы қаңтардағы № 411 бұйрығы.

9. «Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беретін комиссияның қызметі мен құрамын айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 13 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 415 бұйрығы.

10. «Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 412 бұйрығы.

11. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында оқитын және тәрбиеленетін балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, тауарларды жосықсыз берушілердің тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 414 бұйрығы.

12. «Асырап алынған баланың өмір сүру, оқу, тәрбие жағдайлары туралы және денсаулық жағдайы туралы есепті ұсыну қағидалары мен мерзімдерін және оның нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 қыркүйектегі № 551 бұйрығы.

13. «Баланы қабылдайтын отбасылар туралы ережені бекіту» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 қазандағы № 597 бұйрығы.

14. «Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа) берілген балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету» ең төмен әлеуметтік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 557 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қарашадағы № 662 бұйрығы.

15. «Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 16 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 17 қарашадағы № 663 бұйрығы.

16. «Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 657 бұйрығы.

ҚР Сыртқы істер министрлігі

17. «Шетелдіктер асырап алған Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде есепке қою және Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 11-1-2/130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2016 жылғы 9 маусымдағы № 11-1-2/243 бұйрығы.

18. «Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдарды, шетелдіктерді есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 14 маусымдағы № 11-1-2/262 бұйрығы.

1.2.2. 2016 жылғы білім саласы бойынша норма шығарушылық

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

2. "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы бекітілді.

3. «Мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балалар орта білім алғанға дейін оларды есепке алуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 33 бұйрығы.

4. «Қала сыртындағы лагерьлерде тәлімгерлерді жұмысқа дайындау жөніндегі бірыңғай талаптары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 200 бұйрығы.

1.2.3. 2016 жылғы денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласы бойынша норма шығарушылық

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 176 Жарлығымен Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

2. «Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығы.

3. «Ақылы негізде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандағы № 146 бұйрығы.

4. «Адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 24 ақпандағы № 138 бұйрығы.

1.3. Ведомствоаралық ынтымақтастық

- 2007 жылдан бастап Кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөнінде ведомствоаралық комиссия жұмыс істейді.
- 2008 жылдан бастап Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар басшыларының Республикалық кеңес қызмет етеді.
- 2011 жылдан бастап ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитеті жанындағы Үкіметтік емес ұйымдардың консультативтік-кеңестік кеңес жұмыс істейді.
- Мүдделі мемлекеттік органдар, ҮЕҰ және ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитеті арасындағы жүйелі ақпараттық алмасу жолға қойылған.

Тиісті министрліктер мен басқару органдарының барлық деңгейлерінде тиісті басқарудың принциптерін жақтау – өзгерістер үшін өмірлік маңызды және қажетті жағдай.

Балаларды қолдаудың стратегиялық жоспарларын әзірлеу үшін түрлі деңгейлердегі мемлекеттік құрылымның барлық органдары мен балаларға қызмет көрсететін үкіметтік емес сектор органдарының нақты өзара іс-қимылы қажет.

2015 жылдан бастап ҚР БҒМ, ҚР ДСӘДМ, ҚР ПМ 2015-2016 жылдарға арналған білім ұйымдарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде бірлескен әрекеттер туралы ведомствоаралық жоспардың, сондай-ақ ҚР БҒМ, ҚР ДСӘДМ, ҚР ИДМ, ҚР МСМ, ҚР ПМ Кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі 2015 - 2017 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарының аясында іс-шаралар іске асырылуда.

2016 жылы 2016-2017 жылдарға «2015 жылдағы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы» баяндамада берілген қорытындылар мен ұсынымдарды іске асыру жөніндегі ведомствоаралық әрекеттер жоспары бекітілді.¹

Аталған жоспардың аясында заңнаманы, ведомствоаралық үйлестіруді жетілдіру жөнінде шаралар әзірленді; әлеуметтік жетімдіктің алдын алу және қолайсыз отбасылармен жұмыс, интернаттан кейінгі бейімделу және балалар үйлерінің түлектерінің әлеуметтенуі жөнінде шаралар әзірленді; әлеуметтік жетімдікті, балаларға қатысты қатыгездікпен қарау, суицидтік әрекет жөнінде, сондай-ақ салауатты өмір салтын қалыптастыру жөнінде іс-шаралар бекітілді.

1.4. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі ҚР заңнамасын іске асыруды бағалау

Кез келген өңірдегі жағдайлардың шынайы критерийі бұл өңірде балаларға қаншалықты жақсы қарайтыны болып табылады – олардың денсаулық жағдайы мен қорғалуы, материалдық ауқаттылығы, білім мен

¹ ҚР БҒМ 2016 жылғы 25 наурыздағы №216, ПМ 2016 жылғы 28 наурыздағы №306, ИДМ 2016 жылғы 30 наурыздағы №323, КБМ 2016 жылғы 11 сәуірдегі №101, ДСӘДМ 2016 жылғы 5 мамырдағы № 359 бірлескен бұйрығымен бекітілді

әлеуметтенуі, сондай-ақ олар туған отбасында және қоғамда олардың қаншалықты жақсы көріп, бағалайтынында.


Өңірлік деңгейдегі барлық заңнамалық құжаттарды іске асыруды жергілікті атқарушы органдар іске асырады, тиісінше балалардың өмір сүру сапасы бұл органдардың қаржыландыру мөлшеріне, сауаттылығына, жеделдігіне, тиімділігіне байланысты болады.

Жүргізілген әлеуметтанулық сұрау балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заңнаманың тиімділігін, халықаралық стандарттар мен конвенцияларға сәйкестілігін, мүдделі тараптардың ведомствоаралық өзара іс-қимылының сапасын бағалауға мүмкіндік берді. Бағалауға оқу орындарының жетекшілері мен қызметкерлері, балалардың ата-аналары қатысты.

Заңнаманың тиімділігі 10 баллдық шкала бойынша бағаланды. Сұрау нәтижелері бойынша тиімділіктің орта бағасы – 9 балл, бұл шындық пен оң нәтижелерді білдіреді.

Орташа есеппен 63,3% сұралған оқу орындарының қызметкерлері ұлттық заңнама балалардың құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттар мен конвенцияларға сәйкес келеді деп есептейді, бұл бағада жетекшілердің пікірі мамандармен (60,1%) салыстырғанда біршама жоғары (66,4%). Сұралғандардың шамамен үштен бірі (27,7%) заңнама қағидалардың көпшілігіне сәйкес келеді деп есептейді.

1-диаграмма. ҚР заңнамасының Бала құқықтары туралы конвенцияның және басқа да халықаралық құжаттардың қағидаларына сәйкес келуі, %



Ведомствоаралық өзара іс-қимылдың бағасы


Балалардың құқықтарын сақтау жөніндегі әртүрлі тараптарды қолдау мен олардың өзара іс-қимылы шараларын 5-баллдық шкала бойынша ұсынылды. Ведомствоаралық өзара іс-қимылдың орташа баллы 4 баллды құрайды.

Оқу орындарының жетекшілері мектептердің күштерін 4,8 баллға жоғары бағалады, мұндай пікірді мамандар да ұстанады - 4,7 балл, олардың пікірінше, дәл мектеп балалардың құқықтарын іске асыру мен қорғауда көп күш жұмсайды.

Өзге ведомстволардың бағасында пікірлердің әртүрлілігі байқалады. Әкімдік пен білім басқармаларының (бөлімдердің) күш жұмсауын жетекшілер орташа бағамен 4.6 балл деңгейінде бағалады, әлеуметтік қорғау (4,5), КТІБ инспекторлары (4,4), денсаулық сақтау және ата-аналар (4,3), мәслихат 4,2. Қалған учаскілердің күштері 4 баллдан төмен бағаланды (бизнес, ата-аналар, ҮЕҰ).

Мекемелер мамандарының пікірі бойынша білім беру мен әлеуметтік қорғау органдарының үлесі 4,4 баллды иеленеді. Әкімдіктің, КТІБ инспекторларының, ата-аналардың жұмысы 4,3 баллға, денсаулық сақтау 4,2 баллға бағаланды. Қанағаттанарлық бағаны халық (3,8), ҮЕҰ (3,7), бизнес (3,4) иеленді.


2-диаграмма. Балалардың құқықтарын іске асыру және қорғаудағы түрлі тараптардың үлесін бағалау, (5 баллдық шкала бойынша орташа балл)



Ведомствоаралық өзара әрекеттестіктің айтарлықтай жақсы бағасына қарамастан (4 балл) балалардың құқықтарын қорғау процесіне қатысушылардың барлық күштері мектеп қызметкерлерінің пікірінше нысаналы бенефициарларға жете бермейді. Жергілікті деңгейде балалардың құқықтарын қорғау процесіне жергілікті халық, қоғамдық және бизнес-құрылымдар әлсіз енгізілген.

Түрлі тараптардың қызметін бағалауда балалардың ата-аналарының пікірін білу өте маңызды. Ата-аналар түрлі ведомстволар тарапынан балалардың құқықтарын қорғауды бағалау мүмкіндігіне ие болды. Сұрау нәтижелері бойынша 45,1% ата-ана білім беру органдары қолдаудың жоғары деңгейін көрсетеді, сұралғандардың 28,6% пікірінше денсаулық сақтау органдары тарапынан осындай жоғары деңгей байқалады, респонденттердің төрттен бірі әлеуметтік қорғаудың талпыныстарын жоғары бағалады. Бизнес пен ҮЕҰ төменгі бағалар, сәйкесінше 15,9% және 12,7%.

Балалар саны, мың адам



2-тарау
Балалардың экономикалық жағдайы

2.1. Демографиялық ахуал

Елдегі табысты әлеуметтік саясаттың шараларын іске асыру нәтижесінде демографиялық процестердің оң динамикасы байқалады. Соңғы жылдары республика халқының саны артуда, бұл бірінші кезекте елдегі демографиялық ахуалдың жақсаруымен, туудың артуымен байланысты.

ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша 2016 жылдың басындағы халықтың саны 17 753 200 адамды құрады, соның ішінде 0-17 жастағы балалардың саны 5 460 449 құрады (халықтың жалпы санынан 30,7%), оның ішінде ер балалар – 2 804 265 (51,4%) және қыздар – 2 656 184 (48,6%). Елдің демографиялық құрылымында балалардың елеулі үлесі «балаларды әлеуметтік қорғау проблемалары, оларға қажетті әлеуметтік көмек және қолдау көрсету маңызды әлеуметтік және мемлекеттік мәнге ие екені алып келеді»².

Аналар мен балаларды қолдау жөніндегі бағдарламаны іске асыру балалардың санын сақтау мен ұлғайтуға жалпы ықпал ететін болады. Ұзақ уақыт бойы (1999 жылдан 2006 жылға дейін) халықтың жалпы санында балалардың үлесі төмендеді³. Бүгінгі күні біз басқа тенденция туралы сенімді айта аламыз – бұл көрсеткіштің өсуі туралы. 2010 жылдан 2016 жыл аралығында 0-ден 17 жасқа дейінгі балалардың саны 14,1%-ға артты (2010 жылғы 4 784 667 балалардан 2016 жылғы 5 460 449 дейін немесе халықтың жалпы санынан 29,5%-дан 30,4% дейін).

3-диаграмма. ҚР-дағы халықтың құрылымында 0-ден 17-ге дейінгі жастағы балалардың санының өзгеру динамикасы, 2010-2016 жж.



²Мухсым А.Х. Қазақстандағы балаларды әлеуметтік қолдау.

<http://www.enu.kz/repository/repository2014/socialnaya-podderzhka-detei.pdf>

³ Қазақстан Республикасындағы балалардың әлеуметтік-демографиялық жағдайы. Талдамалық жазба. «Сандж» ЗО, Алматы, 2009

Бұл тенденция елдегі туудың соңғы 10 жылда өсуімен түсіндіріледі (2006 жылдан 2015 жылға дейінгі аралықта бір жылдың ішінде туылғандардың саны 31,7 есе артты)⁴.

1-кесте. ҚР-дағы халықтың құрылымында 0-ден 17-ге дейінгі жастағы балалардың саны, 2016 жыл


балалар 0-17	Барлық халық			Қала			Ауыл		
	барлығы	ер балалар	қыз балалар	барлығы	ер балалар	қыз балалар	барлығы	ер балалар	қыз балалар
	5460449	2804265	2656184	2891096	1486775	1404321	2569353	1317490	1251863
0	394473	203034	191439	223453	115219	108234	171020	87815	83205
1	395734	203685	192049	221619	114166	107453	174115	89519	84596
2	381876	196836	185040	213252	109992	103260	168624	86844	81780
3	374732	192001	182731	210076	107544	102532	164656	84457	80199
4	365888	188138	177750	200997	103478	97519	164891	84660	80231
5	360840	185210	175630	196706	101046	95660	164134	84164	79970
6	348975	179858	169117	192632	99421	93211	156343	80437	75906
7	345643	177103	168540	178573	91711	86862	167070	85392	81678
8	305268	156839	148429	158308	81546	76762	146960	75293	71667
9	288458	148434	140024	147559	76041	71518	140899	72393	68506
10	269320	138288	131032	137748	70691	67057	131572	67597	63975
11	266091	137293	128798	134279	69225	65054	131812	68068	63744
12	244656	125333	119323	122553	62968	59585	122103	62365	59738
13	232420	118629	113791	115255	59107	56148	117165	59522	57643
14	221301	113423	107878	107599	55565	52034	113702	57858	55844
15	223674	114157	109517	110568	56546	54022	113106	57611	55495
16	217430	111496	105934	108132	55663	52469	109298	55833	53465
17	223670	114508	109162	111787	56846	54941	111883	57662	54221

4ҚР Статистика комитетінің деректері бойынша есептелінген. Халықтың табиғи қозғалысы көрсеткіштерінің динамикасы.

http://www.stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersPopulation?_afLoop=3627720189371206#%40%3F_afrLoop%3D3627720189371206%26_adf.ctrl-state%3D9mlbtqgv6_30

Халықтың жалпы санындағы балалардың үлесі өңірлер бөлінісінде өзгеше. Суретте көрініп тұрғандай, 2016 жылы халықтың құрылымындағы балалардың айтарлықтай көп үлесі Оңтүстік Қазақстан облысында (36,9%), ең азы Қостанай (21,0%) облысында байқалды, бұл Оңтүстік Қазақстан облысындағы туудың жоғары болуымен (туу коэффициенті 2015 жылы 117,82 құрады) және Қостанай облысында төмендігімен (туу коэффициенті 2 есе төмен – 55,49) түсіндіріледі.

4-диаграмма. 2016 жылды басындағы халық санындағы балалардың үлесі, %



2016 жылдың басындағы 0-17 жас аралығындағы балалардың санының арасында ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша 52,9% қалалық жерлерде (2 891 096 балалар) және 47,1% ауылдық жерлерде тұрады (2 569 353 балалар).


2-кесте. Өңірлер бөлінісіндегі 0-17 жастағы балалардың саны, 2016 жыл

Облыстар	Барлық халық			қала			ауыл		
	барлығы	ер балалар	қыз балалар	барлығы	ер балалар	қыз балалар	барлығы	ер балалар	қыз балалар
Ақмола	199588	102265	97323	93179	47907	45272	106409	54358	52051
Ақтөбе	252910	130472	122438	152921	78996	73925	99989	51476	48513
Алматы	638168	327056	311112	152185	78022	74163	485983	249034	236949
Атырау	212767	109267	103500	100764	51545	49219	112003	57722	54281
ШҚО	349892	179389	170503	196382	100784	95598	153510	78605	74905
Жамбыл	407290	209194	198096	156824	80744	76080	250466	128450	122016
БҚО	178701	91987	86714	84302	43178	41124	94399	48809	45590
Қарағанды	364954	187046	177908	280626	143954	136672	84328	43092	41236
Қостанай	205331	105265	100066	103024	53147	49877	102307	52118	50189
Қызылорда	282579	145027	137552	122086	62774	59312	160493	82253	78240
Маңғыстау	235911	121698	114213	107807	55622	52185	128104	66076	62028
Павлодар	189587	97334	92253	127116	65053	62063	62471	32281	30190
СҚО	136499	70431	66068	54194	28025	26169	82305	42406	39899
ОҚО	1140968	585031	555937	494382	254221	240161	649586	330810	315776
Алматы қ.	406693	209901	196792	406693	209901	196792	0	0	0
Астана қ.	258611	132902	125709	258611	132902	125709	0	0	0
Қазақстан	5 460 449	2804265	2656184	2891096	1486775	1404321	2569353	1317490	1251863

ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша 2015 жылы Қазақстанда барлығы 5 187 835 үй шаруашылықтары болды, оның ішінде 49,0% - балалары бар үй

шаруашылықтары.⁵ Оның ішінде 45,0% бір баласы бар, 34,0% - екі баласы бар, 14,0% - үш баласы бар, 7,0 % - төрт баладан көп). Көп балалы отбасыларының⁶ үлесі ауылда қаламен салыстырғанда артық (ауылда 11,0% және қалада 4,0%).

5-диаграмма. Балалар санына қарай бөліністегі балалары бар үй шаруашылықтарының құрылымы⁷, %



2.2. Өмір сүру деңгейі, кедейлік

Қазіргі кезеңде Қазақстанда балалары бар отбасылар мемлекеттік қолдауды қажет етеді. ҚР ҰЭМ СК деректеріне сәйкес балалары бар үй шаруашылықтарының үлесі 2015 жылы 49,0% құрады. Өкінішке орай, ресми статистикалық ақпаратта төмен табысқа ие (өмір сүру минимумынан төмен) балалары бар отбасылар туралы деректер жоқ. ҚР ҰЭМ СК ресми деректері негізінде жүргізілген есептер балалары бар отбасылардың 12,3% жан басына шаққанда орташа табысқа ие екенін көрсетті, тұтынуға пайдалану 20000 теңгеден төмен (өмір сүру минимумы 21 364 теңге⁸). Одан бөлек, бір баласы бар отбасыларының арасында өмір сүру минимумынан төмен табысқа ие 5,7% отбасы болса, 4 және одан көп балалы отбасыларының арасында 41% кедейлікте⁹. Осылайша, балалары бар отбасылар, әсіресе көпбалалы отбасылар халықтың ең аз қамтылған санатына жатады және мемлекет тарапынан ерекше назар мен қолдауды талап етеді.

⁵ Қазақстандағы халықтың өмір сүру деңгейі /Статистикалық жинақ. – Астана. – 2016., 68 б.

⁶ Қазақстанда көпбалалы отбасылар-4 және одан көп балалы.


⁷ Қазақстандағы халықтың өмір сүру деңгейі /Статистикалық жинақ. – Астана. – 2016., 22 б.

⁸ ҚР «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңы

⁹ ҚР Статистика жөніндегі комитетінің 2015 жылғы Халық табыстарының дифференциациясының негізгі көрсеткіштері деректерінің негізінде авторлармен есептелінді


http://www.stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper/homeNumbersLivingStandart?_afzLoop=3637496565271172#%40%3F_afzLoop%3D3637496565271172%26_adf.ctrl-state%3Dy88s1d6c_4

6-диаграмма. Орташа есеппен жан басына шаққандағы балалы отбасылардың таралымы, тұтынуға пайдалану, 2015, %¹⁰



Бұл есептеулерді ата-аналар мен балаларды сұрау нәтижелері де растайды¹¹, балалы отбасылардың материалдық жағдайының субъективті бағалары алынды. 40,2% ата-аналар және 60,0% балалар жақсы жағдайда өмір сүріп жатқанын және кейде қымбат нәрсе алуға мүмкіндіктері бар екенін белгіледі. 17,3% балалар және 13,4% ата-ана олардың отбасылары ештеңеден мұқтаждық көрмейді деп есептейді. 14,0% ата-ана және 5,7% балалар «көп нәрседен бас тартуға тура келетінін» және «тамаққа әрең жететінін» білдірді.

7-диаграмма. Балалары бар отбасылардың материалдық жағдайының субъективті бағасы (ата-аналар және балалар)



Отбасыларына жүргізілген сұрау нәтижесі шалғайдағы ауылдардағы балалы отбасылар қолдауды қажет ететінін көрсетті: олардың ішінде сұрауға қатысқан 33,7% ата-ана және 60,5% балалар «көп нәрседен бас тартуларына тура келеді» және «тамақтануға қаражат зорға жетеді».

¹⁰ҚР Статистика жөніндегі комитетінің 2015 жылғы Халық табыстарының дифференциациясының негізгі көрсеткіштері деректерінің негізінде авторлармен есептелінді
http://www.stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper/homeNumbersLivingStandart?_afriLoop=3637496565271172#%40%3F_afriLoop%3D3637496565271172%26_adf.ctrl-state%3Dy88s1d6c_4

¹¹ «Сандж» Зерттеу орталығы жүргізді

2.3. Әлеуметтік қорғау жүйесі және оның балалар мен балалы отбасылардың жағдайын жақсартуға әсері

Балалы отбасы – бұл ерекше назарды талап ететін халықтың санаты. Ой және дене дамуының жастық ерекшеліктеріне қарай балалар өздеріне қарауға, өздерін тамақтандыруға шамалары жоқ, баланың туылуы отбасын табыстарға қатысты әлжуаз жағдайға итермелейді. Сол себепті балалары бар отбасыларын әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесі арқылы қолдау – мемлекеттің маңызды міндеті.

Әлеуметтік қамсыздандыруға және көмекке кететін шығындар номиналды сипатта жыл сайын артуда: ҚР ҰЭМ СК мәліметтеріне сәйкес, 2011-жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде өсім 51,2%¹² құрады. Осыған қоса, әлеуметтік қамсыздандыру және көмекке кететін шығындардың ЖІӨ-дегі %-дық үлесі 4,0-ден 4,2% дейін артты.

8-диаграмма. Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмекке кететін мемлекеттік шығындардың ЖІӨ-дегі үлесі, %



Қазақстан Республикасының «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заңына сәйкес, туылған, асырап алынған, туған, асырап алған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алған балалары бар отбасылар келесілерге құқылы:

бала тууына байланысты тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы (жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін әйелдер үшін) – бірінші, екінші және үшінші балаға - 30 АЕК (2016 жылы 63 630 тг.), төртінші және одан кейінгі балаларға - 50 АЕК (2016 жылы 106 050 тг.).

баланы бір жасқа толғанға дейін бағу-күту бойынша оларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (жұмыс істемейтін әйелдер үшін). Бала туғанға дейін жұмыс істеген әйел үшін мұндай жәрдемақы оның орташа айлық еңбекақы мөлшерінің 40% құрайды. Егер әйел жұмыс істемеген болса, жәрдемақы отбасы табысына тәуелсіз, мемлекеттік бюджеттен төленетін болады. Мұндай жағдайда бірінші баланың күтімі бойынша ай сайынғы жәрдемақы мөлшері 5,5 АЕК (2016 жылы 11 666 тг.), екінші балаға - 6,5 АЕК (2016 жылы 13 787 тг.), үшінші балаға - 7,5 АЕК (2016 жылы 15 908 тг.), төртінші және одан кейінгі балаларға - 8,5 АЕК (2016 жылы 18 029 тг.).

¹²Қазақстанда халықтың өмір сүру деңгейі /Статистикалық жинақ. – Астана. – 2016., 16-17б.

он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы. Оның мөлшері әр балаға ай сайын 1 АЕК (2016 жылы 2 121 тг.) құрайды және аз қамтылған отбасыларға төленеді.

мүгедек баланы (балаларды) тәрбиелеуші анаға немесе әкеге, асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы - 1 ең төменгі еңбекақы (22 859 тг).

Көпбалалы отбасыларға әлеуметтік көмек

Көпбалалы отбасылар осал топ санатындағылар болып саналады. Көпбалалы отбасыларға әлеуметтік жәрдемақылар берудің мәні мен мақсаттары жәрдемақылардың осы отбасылардың табыстар құрылымында маңызды үлес құру керектігін көздейді. Алайда бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасыларға арнайы мемлекеттік жәрдемақы 4,16 айлық есептік көрсеткішті құрайды (отбасыда тәрбиеленіп жатқан балалардың нақты санына тәуелсіз), ақшалай көріністе 2015 жылы - 8245 теңге, 2016 жылы – 8823 теңге. «Алтын алқа» (жеті және одан көп балалар) және «Күміс алқа» (алты және одан көп балалар) алқаларымен наградталған көп балалы аналарға ай сайынғы жәрдемақы 13 575 теңгені (6,4 АЕК) құрайды. Көпбалалы отбасы, егер меншігіндегі тұрғын үй ауықымы адам басына 15 м.кв. аспайтын болған жағдайда ғана, тегін тұрғын үй алуға құқылы.

Балалы отбасыларға әлеуметтік қолдаудың халықаралық тәжірибесі

Әлемде әлеуметтік қамсыздандыру режимінің үш түрі кездеседі. *Әлеуметтік қамсыздандырудың скандинавиялық режимді елдердегі балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау.*

Әлеуметтік қамсыздандырудың скандинавиялық режимі (Дания, Швеция, Норвегия, Финляндия) мемлекетке басты рөлді береді. Бұл елдер үшін жұмыс істейтін ата-аналар үшін 3 жасқа дейінгі балаға күтім бойынша ұзақ мерзімді демалыстар тән. Швецияда 16 жасқа дейінгі бір балаға жәрдемақы ай сайын 165-тен 330 еуроны құрауы мүмкін, ал 16 жастан 25 жасқа дейінгі балаға жәрдемақы – 210-нан 440 еуроға дейін. Балаларға арналған жәрдемақылардан өзге, балалы отбасылар тұрғын үйге жәрдемақылар және көпбалалыққа (егер отбасыда бір баладан көп болса) төлемдер алуы мүмкін. Сонымен қатар, балалы отбасылар үшін ата-аналарға балаларын тәрбиелеуге көмектесетін тегін қызметтердің кең спектрі қолжетімді.

Әлеуметтік қамсыздандырудың либералды режимді елдердегі балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау. Әлеуметтік қамсыздандырудың либералды режимі (Ұлыбритания, Ирландия, Швейцария, АҚШ, Жаңа Зеландия). Мемлекет аса мұқтаж отбасыларға көмек көрсету бойынша қосалқы рөл ойнайды. *Ұлыбританияда* балаға жәрдемақы 10 жасқа *дейін* төленеді және бірінші балаға 105 еуроны, екінші және одан кейінгі балаларға 70 еуроны құрайды. АҚШ-та әйелдерге ақы төленбейтін декреттік демалыс бар-жоғы 12 аптаға беріледі, балаларға жәрдемақы берілмейді. Балалы отбасыларға арналған салықтық жеңілдіктер бар. Мемлекет тек аса қиын жағдайға ұшыраған отбасыларға көмек көрсетеді, әдетте, бұл көмек азық-түлік және тегін медицинадан тұрады.

Әлеуметтік қамсыздандырудың консервативті мемлекеттік режимді елдердегі (Германия, Австрия, Франция, Бельгия) балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау. Бұл елдерге баланы күту бойынша институттық сектор, баланы күту бойынша ұзақ мерзімді ақылы демалыстар, балаларға айтарлықтай ақшалай жәрдемақылар сәтті үйлеседі.

Аталғандардың барлығы әйелдердің айтарлықтай жоғары жұмысбастылығын, балалар арасындағы кедейліктің төмен деңгейін қамтамасыз етеді. *Германияда* баланы күту бойынша демалыс 3 жылды құрайды. Бір балаға ай сайынғы жәрдемақы айына 184-тен 214 еуроға дейін жетеді. Табысы төмен отбасылар ай сайын 140 еуро көлемінде қосымша жәрдемақы ала алады. Сонымен қатар, әр бала тегін бала-бақшаға құқылы. Аз қамтылған отбасылардың балаларына ең қажетті оқу құралдарын сатып алуға, бір күндік экскурсияларға қатысуға болатын 100 еуро көлемінде жәрдемақы беріледі. Сонымен қатар, Германияда бала бар отбасыларға арналған салық салу бойынша жеңілдіктер бар.

Ресейде бір уақыттық төлемдер, ай сайынғы төлемдер, және аналық капитал бар. Бір уақыттық жәрдемақы әйелдерге әр туылған бала үшін, еңбек мәртебесі мен табыс деңгейіне тәуелсіз, тең мөлшерде төленеді (2016 жылдың басында 14 497 рубльді құрады). Ай сайынғы төлем бала 1,5 жасқа толғаннан соң орташа жалақының 40% көлемінде 2 жылға төленеді және төлемдер 1,5 жасқа толғанға дейін баланы күту бойынша – уақытша сипатқа ие. Міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатпайтын адамдар тобы үшін ай сайынғы жәрдемақының ең төменгі мөлшері бекітілген.

Екі және одан көп балалары бар ана жылына бір рет тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, баланың (балалардың) білім алуына, аналар үшін еңбек зейнетақысының жинақтау жағын қалыптастыруға, балаға бала-бақшаны (соның ішінде жеке) немесе мектепті төлеуге жарамды сертификаттан (2016 жылдың басында 453 026 рубль) тұратын *аналық капитал* алуға құқылы.

Көпбалалы отбасыларға жәрдемақы түрінде де, әр түрлі әлеуметтік жеңілдіктер нысанында да үлкен қолдау көрсетіледі.

Анықтама үшін: 2016 жылғы орташа еңбек ақы құрады: Швеция – 3064 еуро, Ұлыбритания – 2466 еуро, Германия – 3695 еуро
(<http://www.tradingeconomics.com/sweden/wages>)

Балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету. Халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын бағалауда жеке тұрғын үйдің болуы және оны көркейту маңызды мәселе болып табылады. Сұралған ата-аналардың пікірінше, жеке пәтерде немесе үйде олардың 81,2% тұрады, 13,7% тұрғын үйді жалдайды, жатақханада – 2,7%.

3-кесте. Респонденттердің тұрғылықты орны, %

	ата-аналар	балалар
Жеке пәтер/үй	81,2	88,6
Жалдамалы тұрғын үй	13,7	9,0
Жатақхана	2,7	0,8
Достардың/туыстардың үйі	1,2	0,4
Саяжай	0,9	0,3
Басқа	0,5	0,9

Тұрғын үй жалдайтын отбасылардың ең көп үлесі Астана қ. тұрады – (ата-аналар арасында 35,4% және балалар арасында 30,1%), ал жатақханада ең көп тұрушылар Маңғыстау облысында – 9,1%.

Материалды және тұрмыстық қиындықтарға тап болған балалардың үлесі көп емес екендігін атап өту керек: балалардың 3,9% отбасыдағы ақша тапшылығын, 1,8% нашар тамақтануды белгіледі, 0,9% мезгілдік киім және

аяқ киімі жоқ, балалардың 0,9% жұмыс істеуге мәжбүр, балалардың 1,4% отбасының жеке тұрғын үйінің жоқтығымен алаңдаулы¹³.


Баланың әлеуметтік көмек алуға құқығы Қазақстанда заңмен бекітілген. Сұрау барысында осы құқықтарды сақтау бағалары алынды. Зерттеу нәтижелері келесіні көрсетеді: сұралған білім беру ұйымдарының басшылары мен мамандары 68,6% балалардың әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік қорғау құқығы олардың қаласы немесе ауылында толық сақталатынына сенімді, 25,9% бұл құқық ішінара сақталады деп санайды. Және тек 1,5% ғана балалардың бұл құқығы мүлдем сақталмайтынына сенімді.

Сұралған білім беру мекемелерінің әкімшілік өкілдерінің 70,9% және мамандардың 71,7% пікірінше, дене, ақыл, рухани, адамгершілік және әлеуметтік даму үшін қажетті баланың өмір сүру деңгейі құқықтары олардың аймағында толық сақталып келеді.

Сұралған басшылардың 71,0% және мамандардың 67,2% материалдық жағдайы ауыр отбасылардан шыққан балалардың барлық құқықтары толық көлемде сақталуда деп санайды.

Сұрау барысында әлеуметтік қорғау қызметтерінің қолжетімділігі бойынша ата-аналардың пікірін алу маңызды болды. Талдау нәтижелері бойынша, балалы отбасылардың 75% үшін әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қызметкерлер қызметтері қол жетімді. Жағымды жауаптардың ең көбі Маңғыстау – 94,6% және Алматы облыстарында – 91,2% орын алды. СҚО респонденттерінің жартысына жуығы бұл тұжырыммен келіспеді – 51,9%.

9-диаграмма. Балалары барлық қажетті әлеуметтік қорғау қызметтерін және т.б. алып жатыр деп санайтын ата-аналардың үлесі, %



¹³ Өткізілген сұрауға 9-дан 17 жас аралығындағы 3601 бала қатысты.

Осылай, Қазақстанда жалпы, респонденттердің пікірінше, балалардың әлеуметтік қорғауға құқықтары сақталып келеді.

Қазақстанда балалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын бағалаудың проблемалары. ҚР ҰЭМ СК біріктірілген есептерінде отбасыны қолдауға жәрдемақылар жеке категорияға ерекшеленбейді, нәтижесінде жәрдемақылардың бұл түрлерінің үй шаруашылығы табыстары деңгейіне әсер ету дәрежесін анықтау іс жүзінде мүмкін емес. Осыған байланысты, табыстар құрылымында отбасыны қолдауға арналған жәрдемақыларды ерекшелеу керек, сондай-ақ «Кедей балалар үлесі» көрсеткішін халықтың өмір сүру деңгейі көрсеткіштерінің жүйесіне қосу қажет.

Балалардың жәрдемақыларының әсер ету дәрежесін бағалау үшін балалы отбасыларға арналған номиналды ақшалай табыстар құрылымын есептеу маңызды, бұл жәрдемақының осы түрінің әсер ету дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жәрдемақылар алған және алмаған жағдайдағы (яғни, егер балалар жәрдемақыларын табыстар есебіне қоспағанда) кедей отбасылардың үлесін есептеу керек. Бұл осы категория халқы арасында жәрдемақылардың кедейлікке әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Салық шегерімдері жүйесі арқылы отбасыларды қолдау. Әлемде балалы отбасыларды мемлекеттік қолдау нысандарының бірі салықтық шегерімдер болып табылады. Қазақстанда орта білім және медициналық қызмет көрсету барлық балалар үшін тегін саналады. Дегенмен, ата-аналар балаларды оқыту және медициналық қызмет көрсету барысында белгілі бір қаржылық ауыртпалықтарға ие. Сұрау нәтижелері бойынша, сұралған ата-аналардың 60,5% білім берумен байланысты шығындар күш жетерлік, үлкен шығындарды қажет етпейді, 34,1% үшін бұл отбасы бюджеті шығындарының негізгі бабы болып табылады, және 5,3% «күш жетпейді, осы себепті балаға толыққанды білім бере алмаймыз» деп санайды (қала мен ауылдар арасында жауаптардың айырмашылығы байқалмайды). Осыған орай, ата-аналардың балаларға білім беру мен медициналық қызмет көрсетуге шығындарын салық салынатын жиынтық табыстан шығаруды енгізу туралы мәселені қарастыру ұсынылады.

Ресми статистикалық деректер мен жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерін талдау келесіні балалы отбасылар мемлекеттік қолдауды қажет етуші халық категориясы болып табылатынын көрсетті. Әлемде балалы отбасыларға көмектің ең танымал түрі әр түрлі жеңілдіктер мен салық салудағы жеңілдіктер саналады. Германия, АҚШ және басқа елдердің тәжірибесіне сүйене, осы құралдар арқылы қолдаудың тиімді жүйесін оқыту және әзірлеу керек. Жұмыс істейтін ата-ананың бірінің салық салынатын жиынтық табысынан әр бала үшін бір ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасында шегерім жасау ұсынылады.

2.4. Жұмыспен қамту және бала еңбегі

Бүгінгі күні Қазақстанда елдегі бала еңбегінің нашар түрлерін жою және кәмелетке толмаған жұмыскерлердің құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында ауқымды құқықтық база құрылған. Бала еңбегімен күрес жөніндегі құқықтық базаның негізінде: «БҰҰ-ның бала құқықтары туралы конвенциясы», «Халықаралық еңбек ұйымының Еңбек саласындағы негіз қалаушы қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясы», Халықаралық еңбек ұйымының жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы және бала еңбегінің ең нашар нысандарына тыйым салу және тез арада жою бойынша шаралар туралы ратификацияланған конвенциялар. Баланы денсаулығына, дене, ой, рухани, моральдік және әлеуметтік дамуға зиян келтіретін кез келген жұмысты істеу үшін баланы қабылдауға немесе тартуға Заңмен тыйым салынады.

Бала еңбегін пайдалану. Қазақстанда соңғы бес жылда бала еңбегінің нашар түрлерін жою бойынша елеулі нәтижелерге қол жеткізілді. 2016 жылы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша бала еңбегін пайдалануға 126 бала тартылған (2010 жылдағы¹⁴ көрсеткіштен 4,3 есе төмен және 2015 жылдағы көрсеткіштен 25%-ға аз). Көбінесе еңбекке 12-ден 18 жасқа дейінгі балалар жазғы уақытта сауда орындарында тартылады (балмұздақ, сусын, ойыншықтар сату, автомобиль жууларда, жіктерді тасымалдауда). Жұмыс берушілердің балалармен еңбек шарттарын жасаспау бұзушылық болып табылады. Бұзушылықтардың мониторингі көрсеткендей, «заңсыз бала еңбегінің барлық жағдайларында жасөспірімдердің ақша табу ниеті себеп болып табылады». Балалар киім сатып алу үшін, қажеттілігіне жарататын ақша табу, жақсы тамақтану, туыстарына көмек көрсету үшін балалар жұмыс істеуге мәжбүр болған.

ҚР БҒМ балалар еңбегін пайдалануды болдырмау мақсатында ҚР ДСӘДМ, «Интеллектуалды еңбек әйелдер одағы» ҚБ және ХЕҰ бірлесе отырып, 2016 жылғы 1 маусымнан 12 маусымға дейінгі аралықта «Қазақстан балалары – Нұрлы болашақ» республикалық акциясының аясында «Бала еңбегін пайдалануға қарсы 12 күн күрес» 11-ші Ұлттық ақпараттық науқан өткізілді. Акция аясында республикада 18854 ақпараттық-түсіндірме іс-шаралары өткізілді. 5800 рейдтер ұйымдастырылды, оның барысында 10620 объект (базарлар, автокөліктерге жанармай құю станциялары, құрылым алаңдары) тексерілді, оның аясында 31 кәмелетке толмағандар айқындалды. Барлық іс-шараларға 1,2 млн. кәмелетке толмағандар мен 200 мыңнан аса ересектер қамтылды.

ҚР БҒМ деректері бойынша 2016 жылы 960 774 бала жұмыспен қамтылған, бұл үшін 21 279 іс-шара ұйымдастырылған. Бұл 2015 жылға қарағанда 5% көп (19 234 іс-шара - 810 551 бала). Дегенмен, жасөспірімдерді жұмысқа орналастыру мәселелері әлі де өзекті болып қалуда.

Балалар еңбегі арзан, балалар едәуір атқарушы, тыңдаушы. Кәсіпкерлер кәмелетке толмаған балаларды заңды түрде жұмысқа алуға дайын емес және

¹⁴ Қазақстанда бала еңбегінің ең нашар нысандарына 168 бала тартылды // <http://ic24.kz/news/v-kazakhstane-v-naikhudshie-formy-detskogo-truda-bylo-vovlecheno-168-detey-u16642>

көбінесе балалар еңбегі заңсыз пайдаланылады. Негізгі себеп жұмыс берушілердің еңбек заңнамасының нормаларын білмеуінде. Тағы бірі – еңбек шартын жасасу және еңбекақы мөлшерінен барлық салықтық және салықтық емес төлемдерді төлеу жұмыс беруші үшін еңбекақы төлеу сомасынан (салық салу салығын төлеу, зейнетақылық және әлеуметтік төлемдерді төлеу) 31% мөлшерінде қосымша жүктемені тудырады. Осылайша, жұмыс беруші жарты жұмыс күні ғана жұмыс істейтін жасөспірімді жұмысқа жалдауға мүдделі емес, бұл ретте барлық салықтар мен салықтық емес төлемдер төлеу қажет.

ҚР Еңбек кодексінің 30-басына сәйкес Он алты жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі. Бұл ретте еңбек шартына кәмелетке толмаған адаммен қатар оның ата-анасының біреуі, қорғаншысы, қамқоршысы немесе асырап алушысы қол қоюға тиіс.

ҚР Салық кодексінің талаптарына сәйкес, еңбек шартының аясында жеке тұлға тапқан барлық табысқа жеке табыс және әлеуметтік салықтары салынады. Жаңа кодекс салық төлеуден боасыталытан жеке категорияға балаларды бөліп қарастырмайды.

ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 25 бабына сәйкес, зейнетақы жарналары ай сайынғы табыс сомасынан төленеді. Балалар зейнетақы жарналарын төлеуден босатылатын категорияға кірмейді. «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ деректеріне сәйкес, 14 жастан бастап ата-анасының, қорғаншылардың және т.б. рұқсатымен бала міндетті зейнетақы төлемдерін аудару үшін келісім жасасуға құқығы бар.

Жүргізілген зерттеудің нәтижелері көрсеткендей, 74,6% бала шаруашылыққа көмектеседі, бұл оқуға мүлде кедергі келтірмейді. Тек 2,0% балалар үйінде көмектесуі оқуға әсер ететінін білдірді. «Кейде қосымша ақша табамын» деп 3,3% белгіледі, ал 1,0% тұрақты табыс табады.

10-диаграмма. Жұмыс істейтін балалардың үлесі, %



Елді мекен түрлерінің бөлінісінде шалғайда тұратын ауылдардың 9,1% бала шаруашылыққа көмектеседі және оқуға уақыт мүлде жетпейді. Кәдімгі ауылдардағы балалар үйде көмектеседі, алайда бұл тек 1,2% жауап берген респонденттерге кедергі келтіреді. Кейде қосымша қаражат табатын аудан орталықтарындағы балалар – 4,8%, облыс орталықтарында – 3,8%. Шағын және орта қалаларда олардың саны – 0,3%.

4-кесте. Елді-мекен түрі бойынша жұмыс істейтін балалардың үлесі, %

	Облыс орталығы	Шағын қала	Аудан орталығы	Ауыл	Шалғай ауыл
Мен үнемі қаражат табамын	1,2	0,3	0,9	1,2	1,5
Кейде қосымша ақша табамын	3,8	2,4	4,8	0,0	0,0

Балалардың жұмыс істегісі келетінін және балалардың мүдделері мен құқықтарын қорғау қажеттілігін ескере отырып, салық кодексіне өзгерістер енгізу және кәмелетке толмаған жұмыскер мен оның жұмыс берушісін табыс салығын төлеуден, әлеуметтік және зейнетақылық аударымдардан босату қажет. Осыған байланысты, бұзушылықтардың себебі көбінесе заңнаманы және балаларды жұмысқа жалдау саласындағы шектеулерді білмеу болып табылады, жұмыс берушілермен түсіндірме жұмыстарын жүргізу және бірнеше рет бұзушылықтар үшін айыппұлдар енгізу мүмкін. Балалар айтарлықтай ауыр жұмыстарға (мақта жинау, табак жинау, көкөністер жинау жөнінде алаңдағы жұмыстар және т.б.) тартылуы мүмкін өңірлерде бала еңбегінің нашар формалары туралы, не үшін олар зиянды, балалар заңнаманы бұзбай, қайда және қалай жұмыс істеуі мүмкіндігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізген жөн.

ЖОО, колледждердің түліктерін жұмысқа орналасуға көмектесуге бағытталған «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы өзін жақсы көрсетті. 14-16 жастағы балаларды қамтамасыз ету мақсатында бұл бағдарламаны кеңейту мүмкіндігін қарастырған жөн.

2.5. Ұсынымдар

1. Балалы отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттің көп балалы отбасылар үшін ипотекалық қарызды қаражаттандыру мүмкіндігін қарастыру (мысалы, соманың үштен бірі және әрбір баланы қаражаттандыру сомасын арттыру).

2. Жеке статистикалық индикаторларға мына көрсеткіштерді белгілеу «балалар кедейлігінің деңгейі», «кедей үй шаруашылықтары арасында балалы отбасылардың үлесі», «балалар үшін жәрдемақы алушылардың саны», «балаларға берілетін жәрдемақылардың орташа

мөлшері», «балалы үй шаруашылықтарының ақшалай табыстарының құрылымындағы балалар көмегінің үлесі».

3. Балалар жәрдемақыларының әсерінің дәрежесін бағалау үшін жәрдемақылар алатын және алмайтын балалы отбасылардың үлесін есептеу қажет, бұл осы санаттағы кедейлікке жәрдемақылардың әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

4. Балалы отбасыларды материалдық қолдау мақсатында бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеудің мерзімін ұлғайту, бірінші кезеңде – баланың бір жарым жасқа жетуіне дейін, одан кейін – бала күтіміне орай кепілді демалыс кезеңіне; күнкөріс минимумынан төмен емес мөлшерде төлемдерді беру кепілдемелерін құру мақсатында ана мен балаға әлеуметтік төлемдер жүйесін қайта қарау.

5. Балалардың мүддесін қорғау мақсатында:

салық кодексіне өзгерістер енгізу және жұмыс берушіні жұмыс істейтін балаларға әлеуметтік салық пен әлеуметтік төлемдер төлеуден босату, жұмыс істейтін балаларға міндетті зейнетақылық төлемдер мен табыс салығын төлеуден босату;

балалармен міндетті еңбек шартын жасасу мәселелері бойынша жұмыс берушілермен жұмыс жүргізу;

жасөспірімдер үшін жұмыспен қамту орталығын құру қажет.

6. Балалы отбасыларын қолдау мақсатында салық салу саласында мыналар ұсынылады:

бір балаға бір күнкөріс минимумы мөлшерінде жұмыс істейтін ата-аналардың біреуіне әрбір балаға салық салу жиынтық табысын азайту;

балалардың білім мен медициналық емделуге кететін табыстарының салық салу жиынтық табыстан салықтық шегерулерді енгізу (жалпыға ортақ декларациялау жағдайында шегерулерді өз бетінше көрсетуге және өндіруге мүмкін болған кезде істейтін болады).



3-тарау
Білім: мүмкіндіктер және шектеулер



3.1. Білім саласындағы мемлекеттік саясат

Білім беру саласындағы мемлекеттік әлеуметтік саясаттың маңызды принципі сапалы білім алу құқығына теңдік болып табылады. БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясында 28 және 29 баптарында баланың білім алуға құқықтары және қатысушы-мемлекеттердің бұл құқықтарды іске асыру жөніндегі міндеттері белгіленген. ҚР Конституциясының 30-бабы елдің азаматтарына мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік береді, орта білім міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі (ҚР «Білім туралы» Заңының 12-бабы) жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларының үздіксіздігі және сабақтастығы принципі негізінде мынадай білім беру деңгейлерін:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды (балабақшалар, мини-орталықтар, санаториялық балабақшалар, арнайы балабақшалар);

2) бастауыш білім беруді (мектептер, лицейлер, гимназиялар, интернаттар);

3) негізгі орта білім беруді (мектептер, лицейлер, гимназиялар, интернаттар);

4) орта білім беруді (жалпы орта білім беруді, техникалық және кәсіптік білім беруді) қамтиды.

Елімізде Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы

1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жұмыс істейді.

5-кесте. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Қазақстандағы білім берудің стратегиялық жоспарлары

Деңгей	Нысаналы индикатор
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	- Жаңартылған мазмұн бойынша мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған 3-6 жастағы балалардың үлесі, 2017 жылы – 87,5%, 2019 жылы – 100%.
Бастауыш және орта білім беру	- Үлгерімі "жақсы" және "үздік" (оқытудың сапасы) оқушылардың үлесі, 2017 жылы - 62%, 2019 жылы – 70%.
Кәсіптік-техникалық білім беру	- Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған, оқуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан және еңбекпен қамтылған ТжКБ оқу орындары түлектерінің үлесі, 2017 жылы – 85%, 2019 жылы – 90%.

3.2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға құқығын қамтамасыз ету

3.2.1. Жалпы жағдай

Мектепке дейінгі білім сапалы білім алу үрдісіндегі маңызды тізбек болып табылады, сол себепті оған елімізде ерекше мән беріледі. 2010 жылдан 2016 жыл ішінде Қазақстандағы мектепке дейінгі мекемелердің саны 1,9 есе

артты және 2016 жылы 9 407 бірлікті құрады, бұл ретте осы мекемелердегі балалардың саны – 2,1 есе өсті (2016 жылы 808,9 мың адам). Мектепке дейінгі білімді қолдаудың іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар мектепке дейінгі мекемелер санының тұрақты өсуін қамтамасыз ете алды (5% көп), алайды соңғы жылда өсуі қарқыны байқарлықтай төмендеді.

2016 жылы 1 қазандағы жағдай бойынша республикада 9407 мектепке дейінгі мекемелер жұмыс істейді, бұл өткен жылға қарағанда 6,5%-ға көп, оларға 808,9 (2015 ж. - 758,7) мың бала барған (6,6% өсу). Мектепке дейінгі мекемелердің желісі балабақшалардан - 4910 (2015 ж.- 4241) және мини-орталықтардан - 4497 (2015 ж. - 4 593) тұрады. 2016 жылы мектепке дейінгі ұйымдар желісінен 25,7% жеке секторда. Мини-орталықтардың 47,6% толық емес күн режимінде жұмыс істеген.

2016 жылы 76,98 мың орынға арналған 825 мектепке дейінгі ұйымдар ашылған.

Мектепке дейінгі мекемелердегі топтасу бойынша жалпы жағдай едәуір жақсарды. Егер 2010 жылы бұл көрсеткіш 100 орынға шаққанда 104,9 баланы құраса (яғни мектепке дейінгі мекемелер толып кеткен), 2015 жылы бұл көрсеткіш 100 орынға шаққанда 97 баланы құраған. Мұндай жағымды динамика мектепке дейінгі мекемелерді салу аясындағы мемлекеттік жекешелік әріптестіктің табысты дамуы және «Балапан» бағдарламасын іске асырудың арқасында байқалады.

3.2.2. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және білім берумен қамту

Алты жасқа дейінгі жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және біліммен жалпы қамтылуының коэффициенті 2016 ж. 56,4% құрады (2015 ж. - 53,8%).

Қазақстанда 2016 жылы бұл жас тобындағы 1 435 342 бала мектепке дейінгі біліммен қамтылған.

Үш жастан алты жасқа дейінгі балалармен мектепке дейінгі ұйымдармен қамту 2016 жылы 85,8 % құрады (2015 ж. – 81,6%). Бір жастан үш жасқа дейінгі балалардың қамтылуы 2016 жылы төмен деңгейде қалды (17,2%).


6-кесте. Елдегі балалардың жалпы жағдайын тиімді бағалау үшін мектепке дейінгі білім берудің көрсеткіштері, 2016 год¹⁵

Көрсеткіш	Дейін баратын балалардың саны, 2016 ж.	2016 жыл, %	Ескерту
1 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз етілуі	Барлығы 808,9 мың бала	56,4%	2013 – 48,8% 2014 – 52,3% 2015 – 53,8%
3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз етілуі		85,8%	2013 – 73,4% 2014 – 78,6% 2015 – 81,6%
5 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен (мектепалды, міндетті даярлық) қамтамасыз етілуі		99,7%	2013 – 97,4% 2014 – 99,6% 2015 – 99,7%

¹⁵ ҚР БҒМ деректері бойынша

Үш жастан алты жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз етілуінің ең жоғары көрсеткіштері – Павлодар (100%), Қызылорда (100%), Батыс Қазақстан (99,7%), Қостанай (99,6%), Шығыс Қазақстан (98,4%) облыстарында.

11-диаграмма. 2016 жылдағы 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі оқытумен қамтамасыз етілуі, өңірлік бөліністе¹⁶



Кезектілік. Балалардың мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз етілуі мәселелеріндегі оң динамикаға қарамастан, мектепке дейінгі мекемелер желісін кеңейтуге деген қажеттілік әлі де зор. Мәселен, 2016 жылы балабақшаларға кезекке тіркелген балалардың саны келесіні құрады: 1 жастан 6 жасқа дейін 548,2 мың бала, 3 жастан 6 жасқа дейін – 167,4 мың бала¹⁷. Олардың ішінде 455 050 (83%) бала қалалық жерден және 93 165 (17%) – ауылдық жерлерден. Кезектілік көрсеткішіне мемлекеттік тапсырыс бойынша жекеменшік балалар ұйымдарына баратын балалар да енгізілгенін айта кету қажет.¹⁸

Кезектіліктің ең жоғары деңгейі Астана қаласында (78,6 мың) және ОҚО (66,1 мың) тіркелген. Балабақшаларға кезекке тұру мәселесіндегі ашықтық тетігін құру мақсатында 14 облыста және Алматы қаласында ЭУӨШ АЖ АЖО (Е-Әкімдік) жүйесі әзірленген, мұнда қызмет алушының жеке кабинеті арқылы мектепке дейінгі ұйымдарға бағдарлар беруді іске асырады. Бұл сервис кез келген Электрондық үкімет порталының кез келген пайдаланушысына мектепке дейінгі мекемеге кезегінің нөмірін көруге мүмкіндік береді.¹⁹

¹⁶ҚР БҒМ деректері бойынша

¹⁷ В Казахстане планируют охватить дошкольным образованием 82,7% детей //

https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/peresmotret-sistemu-raspredeleniya-mest-detsadah-trebuyut-276705/

¹⁸http://edu.gov.kz/ru/page/deyatelnost/plani_i_otcheti/programmi

¹⁹ Қазіргі кезеңде тұтынушыларға мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібі туралы ақпарат ҚР БҒМ интернет-ресурсында (www.edu.gov.kz), «электрондық үкімет» порталында www.egov.kz, сондай-ақ «Азаматтар үшін Үкімет» Мемлекеттік корпорация АҚ ақпараттық стендтерінде, әкімдіктердің бөлімдерінде жарияланған.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы топтардың толуы. Елімізде сәби және мектепке дейінгі жастағы топтардың толтырылуы жөнінде нормативтер әзірленген (25 адам), ЭЫДҰ елдеріндегі мектепке дейінгі топтардың толтырылуынан 2 есеге дерлік асатын өте жоғары көрсеткіш болып табылады. Бұл ретте қалалық жерлерде топтың орташа толтырылуы көбінесе 30-35 баланы құрайды.

Мектепке дейінгі білім. Финляндия тәжірибесі

Ясли және балабақшалар Финляндияның білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Ата-аналар жергілікті, отбасылық немесе жекеменшік балабақшаларды таңдай алады. Ясли мен балабақшалардың құны айына 23 еуродан 254 дейін тербеледі.

Балабақшадағы тәрбиешілер балаларға белсенді қарайды, мектепке дейінгі негізгі пәндерге үйретеді, бір-бірімен әрекеттесуге және құрдастарының ұжымында болуға үйретеді. Яслиге 9 айдан бастап қабылданады.

Балабақшалардағы топтар кішкентай, себебі Финляндияның заңнамасына сәйкес бір тәрбиеші көп дегенде төрт баланы қадағалай алады. Егер мемлекет балабақшада балаға орын тауып беруді қамтамасыз ете алмаса, ана-аналардың біреуі іде баламен отыру үшін ақшалай сома өтейді.

Білім беру қажеттілігі ерекше балалардың мектепке дейінгі білімге қолжетімділік. Туылғанынан дамыған білім беру қажеттілігі ерекше балалардың мектепке дейінгі білімге қолжетімділігін қамтамасыз ету мемлекет үшін аса маңызды міндет болып табылады. 2016 жылы ресми деректерге сәйкес Қазақстанда сегіз коррекциялық бағыттар бойынша мұндай балаларға қызметтер ұсынатын 41 білім беру мекемесі (5 464 адам) жұмыс істеді: сөйлеуі бұзылған; интеллектуалдық дамуы бұзылған; естуі бұзылған, нашар еститін; нашар көретін балалар үшін; дамуында ақаулары бар немесе басқа да бұзылулары бар балалар үшін. 6 жасқа дейінгі қажеттілігі ерекше балалардың жалпы саны 2015 жылы 35,1 мың адамды құрады, соның ішінде 5 213 адам коррекциялық-білім беру процесіне қатысты, 5461 бала 347 арнайы топтар жұмыс істейтін жалпы типтегі 159 мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі білім алған. Осылайша, туылғанынан 6 жасқа дейінгі ерекше мұқтаж ұйымдастырылған балалардың үлесі 30% құрады.

Мектепке дейінгі ұйымдарға бармаудың себептері (ата-аналардың пікірі). Жүргізілген зерттеудің барысында мектепке дейінгі жастағы балалары бар ата-аналар сұралды²⁰. Сұралған ата-аналардың 51%-ы 3 жастан асқан мектепке дейінгі жастағы балаларының барлығы балабақшаға (немесе басқа балалар мекемелеріне) баратынын білдірді, 18,0% барлығы бармайтынын, ал 31,0% - мүлде бармайтынын белгіледі.

Мектепке дейінгі ұйымдарға балалардың бармауларының себептері ретінде мыналар аталды: мектепке дейінгі мекемелерге төлейтін ақшаның жоқтығы (14,7%), кезектерін күтуде (11,3%), балабақшаларда орын жоқ (7,3%). Балалары мектепке дейінгі ұйымдарға балаларды бармайтын ата-аналардың 26,9%-ы балабақшаға барудың қажеті жоқ деп есептейді (балаға туысқандары немесе бала күтушісі қарайды), 1,1% - ерекше мұқтаж бала үшін

²⁰ «Санжж» ЗО жүргізді

арнайы жағдайлар болмағандықтан бара алмайды, 2,3% ата-ана балалар мекемелеріне сенбейтінін және ұсынылатын қызметтердің сапасын нашар деп санайды.

7-кесте. Балалардың мектепке дейінгі мекемелерге бармауларының себептері, ата-аналардың жауаптары²¹, %

Балалар мекемелеріне сенбеймін, қызметтердің сапасының нашарлығы (N=802)	2,3
Мемлекеттік балабақшаға кезек келген жоқ (N=1496)	11,3
Қажеттілік жоқ, балаға туысқандар қарайды (N=823)	11,8
Қажет деп есептемеймін, үйде бала күтуші жалдаған жақсы (N=802)	5,1
Ерекше мұқтаж балам үшін арнайы жағдайлар жоқ (N=800)	1,1
Балабақшаға төлейтін ақшаның жоқтығы (N=822)	14,7
Балалар мекемесінде орын жоқ (N=812)	7,3
Тұрғылықты жерде мұндай мекемелер жоқ (N=830)	11,2

2020 жылға қарай 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 100% қамту мақсаты үшін балабақшалардың қолжетімділігі (мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейту арқылы), көпбалалы отбасылар үшін балабақшаға барғанда кететін шығындарды төмендету, сондай-ақ ата-аналар арасында балалар үшін мектепке дейінгі білім алудың маңыздылығын түсіндіру жөнінде (мәселен, сауатты әлеуметтік жарнама өткізу арқылы) іс-шаралар өткізу мәселелерін шешу қажет.

Тағы бір күрделі мәселелердің бірі мектепке дейінгі білімнің сапасы болып табылады. 2016 жылғы жағдай бойынша оны бағалауға мүмкіндік беретін индикаторлар қолданылмайды. 2,2% ата-ана балалардың балабақшаға бармауының себебінің бірі ретінде «қызметтер сапасының нашарлығын» көрсетті. Осыған байланысты мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың құралдарын енгізу қажет, мәселен, 2017 жылы мектепке дейінгі ұйымдарда енгізілетін балалардың қабілеттері мен дағдыларын дамытудың әзірленген индикаторлар жүйесі.

Қазіргі кезеңде 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларға арналған бірыңғай Үлгілік оқу бағдарламасы мен Үлгілік оқу жоспарын қамтитын Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың стандарты әзірленіп, енгізілуде, бұл да мектепке дейінгі білім берудің сапасын арттыруға оң әсер береді.

3.3. Бастауыш және орта білім алу құқығын қамтамасыз ету

3.3.1 Жалпы жағдай

Қазақстанда орта білім ҚР Конституциясына сәйкес барлық азаматтарға тегін және міндетті болып табылады. Бұл құқықты елімізде 2016 жылы 7449 күндізгі мемлекеттік жалпыға міндетті мектептер (44,1% шағын жинақталған), 20 - Назарбаев Интеллектуалдық мектептер, 11 – халықаралық,

²¹ Осы жауап нұсқасын белгілеген ата-аналардың үлесі

100 – мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған арнайы мектептер, 111 – жекеменшік мектеп қамтамасыз етуде. Бұл мектептерде барлығы 2 899 924 бала оқиды. Мектептердің жалпы санының ішінде 76,7% күндізгі мемлекеттік мектептер ауылдық болып табылады, онда 48% оқушылар бар.

8-кесте. Бастауыш және орта білім көрсеткіштері

	2013	2014	2015	2016
Мектептердің саны	7649	7567	7511	7449
Мектеп ұйымдарындағы балалардың саны, мың адам	2 576,4	2 685,1	2 799,6	2899,9

Соңғы бес жыл ішінде мектептердің саны 185 бірлікке қысқарды (негізінен шағын жинақталған мектептер арқылы), бұл ретте оқушылардың саны жыл сайын артуда. Барлық жалпыға білім беретін мектептердің жартысынан сәл аз шағын жинақталған мектептерде оқушылардың тек 8% білім алады, бұл ретте бұл мектептердегі білім сапасы жалпы елге карағанда төмен (PISA деректері бойынша - 2012, ҰБТ және ОҚСБ).

2011 жылдан 2016 жылға дейін апатты мектептердің саны 3,1 есе қысқартылды (194-тен 63-ке дейін). Орта білім беру жүйесіндегі проблемалардың бірі үш ауысымдық мектептер болып қала беруде. 2016 жылы 121 мектеп үш ауысымда жұмыс істеді. Бұл 2015 жылға карағанда 31,0%-ға көп және 2011 жылдағы көрсеткішке карағанда 72,9% көп (70 мектеп). Үш ауысымды мектептердің мұндай өсуі 2011 жылдан 2016 жылға дейінгі аралықта мектепке келген бірінші сынып оқушылары санының 27,1%-ға артуымен байланысты. Мемлекеттің алдында үш ауысымды мектептерді екі ауысымды мектептерге қысқарту міндеті тұр.

Сапалы білімді қалыптастырудағы маңызды жағдайы материалдық-техникалық база болып табылады. Өкінішке орай, барлық мектептердің орталық сумен жабдықталмаған, канализация мен жылу барлығында жоқ. ҚР БҒМ деректері бойынша 2015 жылы мектептердің 41% ауладағы әжетханалары бар, 28% шеттен әкелінген суды пайдаланған, 5 мыңнан аса мектептер өздігінен жылытқан (50% берік жанармайға пештік жылытуды пайдаланған). Балаларды сұраудың нәтижелеріне сәйкес²² 38,7% сұралған оқушылар мектепте жақсы тұрмыстық жағдайлар (жарық, жылу, әжетханалар) жоқ екенін көрсетті.

Орта және бастауыш біліммен қамтамасыз етілу. ҚР БҒМ деректеріне сәйкес орта біліммен қамтамасыз етілу 2016 жылы 99,8% құрады. Бұл үшін «Жалпы оқыту» бағдарламасының аясында ауқымды жұмыс жүргізілуде, оның барысында мектепке бармайтын балалар айқындалып, оларды мектепке қайтару жөнінде шаралар қабылдайды. 2016 жылы оқу жылының басынан бастап мектеп жасындағы 274 бала анықталды (2015 жылы - 258), соның ішінде 83 мектепті 10 күннен көп себепсіз қалдырғандар. Сабакқа бармаған балалардың басым көпшілігі ОҚО, Қарағанды, БҚО, Атырау облыстарында және Алматы қ. кездеседі.

²² Сұрауды «Санж» 30 жүргізді

Балалардың сабаққа бармауының негізгі себептері мыналар болып табылады: іздеу үстінде болуы (41), көші-қон (71), сондай-ақ оқығысы келмеуі (56). Бұл деректерді жүргізілген зерттеудің нәтижелері де растап отыр, оның барысында мектеп жасындағы балалары бар ата-аналар сұралды (N=1639). 92% мектеп жасындағы балаларының барлығы мектепке баратынын белгіледі. 7% барлығы емес деп көрсетті, ал 1% - мектеп жасындағы балаларының ешқайсысы мектепке бармайтынын білдірді. Мектепке бармайдың себептері ретінде көрсетілгендер: баланың денсаулық жағдайы – 48,9%, «оқу қиын немесе қызық емес» - 13,6%, үш ата-ана балаға құжаттардың жоқ екенін көрсетті (екеуі Ақтөбе облысында, біреуі – Алматы қ.)


9-кесте. Балалардың орта мектептерге бармауларының себептері (ата-аналардың пікірі), %

Денсаулық жағдайына байланысты	48,9
Мектептің жылы шырайлық факторлары	
Балаға оқу қиын, ештеңе түсінбейді	5,3
Балаға сабақта қызық емес болды	8,3
Мектепке /колледжде нашар оқығаны үшін үнемі ұрысатын	3,0
Үй жұмысын дайындамаған, бақылау жұмыстарына дайын болмады	10,5
Үнемі кешігетін	3,8
Мұғалімдермен жанжалдың себебінен	3,0
Оқытушылардың әділетсіз қатынасы	2,3
Сыныптастарымен немесе басқа оқушылармен жанжалдардың себебінен	3,0
Мектепке/колледжге барудан қорқатын	1,5
Мектептен/колледжден қуып шықты; мектепке/колледжге қабылдамайды (себебін көрсету)	1
Мектептегі/колледждегі жоғары жүктеменің себебінен	1,5
Құрдастарының бопсалауы, мектептің/колледжің басқа балаларынан тарапынан мазақтар	0,8
Отбасылық проблемалардың немесе қатынастардың факторлары	
Жай оқығысы келмеді	7,5
Үйде, бақшада немесе қосалқы шаруашылықта жұмыс істеуі керек болды	4,5
Ата-анасына, бауырларына немесе отбасының өзге мүшелеріне қарау керек болды	5,3
Оған оқу керек емес деп шештік	0,8
Оның сабаққа киіп барары жоқ	4,5
Ақша табу керек болды	3,0
Отбасы басқа дерге ккшіп кетті	3,8
Отбасындағы жанжалдарға байланысты	2,3
Мектепке/колледжге барудан гөрі оның басқа қызық істері болды	1,5
Спортпен, музыкамен айналысуына байланысты	3,8
Діни себептерге байланысты	0,8
Оның достары мектепті/колледжді тастауға көндірді	3,0
Бірдей қолжетімділік проблемалары	
Құжаттар жоқ	3,8
Жақын жерде мектеп/колледж жоқ, жақынына бару қиын	3,0
Мектепте ерекше мұқтаж балаларды оқыту үшін жағдайлар жоқ	1,5

Үш тілді білім. Қазақстандықтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында елде үш тілде оқытуды кезеңмен енгізу жөнінде жұмыс басталды. Пәндерді үш тілде оқытуды жоғары сыныптарға (10-11 сыныптар) енгізуді 2019 жылдан бастау жоспарланып отыр. 2016 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі аралықта үш тілде оқытатын педагогикалық кадрларды даярлау іске асырылатын болады.

Үштілді білім беруді енгізуге қатысты халықтың пікірі біржақты емес. Жүргізілген сұраудың нәтижелері бойынша 54,8% ата-ана үш тілді білім беру қажет, себебі бұл заман талаптарына сай келеді деп есептейді, 23,0% бұл жаңалық балаларға оқу жүктемесін арттырады деп есептесе, 12,7% бұл реформа жалпы білімнің сапасын төмендетуге алып келеді деп белгіледі, тағы 8,1% мұғалімдер үшін қосымша жүк болатынын айтты. Көптеген ата-аналар үштілді білім беру қажет, алайда бүгінгі күні бұл жобаны іске асыру үшін білікті мамандардың жоқ екенін белгіледі.

12-диаграмма. Ата-аналардың үштілді білім беруді енгізуге қатынасы, N=2148, %



Үштілді білім беруді қамтамасыз етудегі негізгі жағдай ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгерген оқытушылардың жеткілікті саны маңызды болады. Сонымен қатар, бесінші сынып оқушысына ағылшын тілін пәнді сол тілде тыңдай алатындай жақсы меңгеруге мүмкіндік беретін шетелдік тәжірибеге негізделген жақсы әдістемесі бар сапалы оқулықтар. Өкінішке орай, бүгінгі күні ағылшын тіліндегі қазақстандық оқулықтардың сапасы үштілді білім беру талаптарына сай келмейді.

3.3.2. Бірдей білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету

Шалғайдағы ауылдардың, жетуге жолы қиын елді мекендердегі балаларға білім алуға қолжетімділік. Білім беру ұйымдары жоқ ауылдық елді мекендердің саны әлі де көп: 2016-2017 оқу жылында олардың саны 1 539 құрады. Мұндай елді мекендерде тұратын балалар 84,1% (2016 жылы 22 788 адам) мектеп автобустарының күн сайынғы қызметтерін пайдаланған, 13,6% интернаттарда тұрған 2,2% туысқандарында тұрған. Балаларды мектепке апаруды ұйымдастыру үшін 768 автобус пайдаланылады.

Ерекше мұқтаж балалар үшін бастауыш және орта білімге қолжетімділік. Қазақстанда инклюзивті білім беру айтылған, бұл дегеніміз білімге деген ерекше қажеттіліктері мен дербес мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық оқушыларға білім алуға бірдей қолжетімділікті білдіреді. 2015 жылы денсаулық жағдайына байланысты қажеттіліктері ерекше балаларды білім беру процесіне қосу үшін жағдайлар жасаған мектептің саны 1,5 есе ұлғайды (2014 ж. 2 200-ден 2015 ж. 3 210 дейін).

2015 жылғы жағдай бойынша мектептердің 44,8% (3 210) көтергіш құрылғылармен, пандустармен, санитарлық бөлмелерде арнайы құрылғылармен, арнайы парталармен және т.б. мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу процесіне енгізуге қажеттілер қамтамасыз етілген. 2015 жылы елде 100 арнайы мектеп жұмыс істеді, онда денсаулығында түрлі бұзылулар бар 14 337 бала оқыды. Соңғы 5 жылда мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға жағдайлар жасаған мектептердің үлесінің өсуінде тұрақты үрдіс байқалады (2011 жылдан 2015 жылға дейінгі өсу 25,7% құрады).

Орта білім алуда қиындық көріп жүрген балаларға білім алудың қолжетімділігі. Орта білім алу процесінде тұрақты немесе уақытша қиындықтар (денсаулық жағдайымен немесе әлеуметтік-экономикалық факторлармен байланысты) көріп жүрген оқушылар үшін республикада кешкі мектептер жұмыс істейді, 2015 жылы олар 79 (14,3 мың оқушылар) құрады. Олардың ішінде 32 түзеу мекемелерінде, 7 мектеп девиантты мінез-құлықты балалар үшін.

Оралман-балалар және көшіп-қонушы балалар үшін бастауыш және орта білімнің қолжетімділігі. Мемлекет оралман оқушыларды мектептегі білім берумен барынша қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдап жатыр. 2016 жылы елде 23 345 оқушы оралман есептелінген. Басым көпшілігі (6 862 оқушы немесе 29,4%) ОҚО-да, 14,8% Алматы, 13,8% Маңғыстау және 10,2% Шығыс Қазақстан облыстарында.


Бүгінгі күні ҚР-да тұрақты тұрып жатқан шетелдіктердің және азаматтығы жоқ азаматтардың, сондай-ақ ҚР-да уақытша тұрып жатқан азаматтардың (босқындар, баспана іздеп жүрген адамдар, консулдық лауазымдық тұлғалар, дипломатиялық мекемелердің қызметкерлері, еңбек мигранттары, көші-қондық заңнамаға сәйкес елде жұмыс істеп жатқандар) балаларына ҚР азаматтары сияқты білім алуға құқықтары мен қолжетімдіктер берілген. 2015-2016 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерде өзге елдерден келген 3 402 бала көшіп-қонушы оқыды. Олардың көпшілігі Алматы (1 423), Астана (351) қалаларында, ОҚО (418), БҚО (331), Қарағанды (235) және Жамбыл (111) облыстарында тұрады.

Ана тілінде оқуға құқығын қамтамасыз ету. Елімізде ана тілінде оқу мүмкіндіктерін ұсыну бойынша барлық жағдайлар жасалынған. Мәселелен, 2015 жылы қазақ (3 777 мектеп), орыс (1 262), қазақ және орыс (2 088 мектеп) тілдеріндегі мектептерден бөлек 33 мектеп өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытылды.

3.3.3 Бастауыш және орта білім сапасы.

Республикадағы бастауыш және орта білім беру жүйесін дамытудың негізгі мәселелерінің бірі бүгінгі күні оның сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Жүргізілген сұраудың нәтижелері бойынша орта білім алып жатқан балалардың ата-аналарының 83,2%-ы «нашар» деп бағалады, 15,7% «орташа» және тек 1,2% «жақсы» деп бағалады.

13-диаграмма. Орта білім сапасын ата-аналардың бағалауы, N=2148



Бұл ретте 73,3% ата-ана оқу бағдарламасы барлық талаптарға сай келеді деп есептейді, 93,1% ата-ана балаларының барлық қажетті оқулықтар мен әдістемелерге ие екенін білдірді.

Білім беру сапасын қамтамасыз етуге бір жақты процесс арқылы ғана қолжеткізу мүмкін емес. Ата-аналардың өз балаларына сапалы білім беру ұмтылулары, отбасында баланы тәрбиелеу барысында білім мен интеллектуалды дамуды негізгі құндылықтардың бірі ретінде ілгерілету сапаны қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Өкінішке орай, сұралған ата-аналардың тек 22,9% білімді баланың құндылығы ретінде санайды. Бұл ретте қалада мұндай ата-аналардың үлесі 26,2% құрады, ал шалғайдағы ауылдарда 10,1%. Балалардың біліммен қамтамасыз етілуі үшін елдің интеллектуалды әлеует дамыту және жоғары білікті кадрларды құру мақсатында ата-аналар арасында білім құндылығын нығайту жөнінде іс-шаралар өткізу қажет.

Қазіргі кезеңде мектептегі оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу-әдістемелік ресурстардың сапасын жақсарту жөнінде күндері жұмысты қажет етеді. 2015 жылы «Оқулық» РМҚК сараптамасының нәтижелері бойынша оқу процесінде пайдалану үшін тек 50% оқулық және ОӘК ұсынылған.

Жүргізілген сұрау барысында ата-аналар көтерген өткір мәселелердің бірі балалардың мектепке өз иығында арқалап апаратын оқулықтар мен дәптерлердің саны мен салмағы болды. Бұл мәселені бастауыш мектеп үшін біршама шешуге тырысты: математика және әдебиет оқулықтарын екі бөлікке бөлді және жұмсақ мұқабада шығарды, 3 және 4 сынып үшін математика, орыс тілі, әдебиет оқулықтары да екі бөлікке бөлінді. Алайда бастауыш мектепте көптеген оқулықтар үлкен, А4 форматында, яғни оқулықтың салмағы

бұрынғыдай үлкен болып қалуда. Сколиоз және плоскостопияға алып келуі ықтимал баланың омыртқасына түсетін салмақты азайту мәселесі қазіргі кезеңде екі амалмен шешуге болады: 1) оқулықтардың екінші жинағын шығаруға рұқсат беру және мектеп жинағын мектепте сақтау (шетелдік елдердің көбісінде осылай жасалынады), 2) мектеп арқа қоржынының салмағы мәселесін бірден шешетін барлық оқулықтар құрамында болатын бір электрондық кітап болатын электрондық оқулықтарды әзірлеу және енгізу.

Оқу жетістіктерін сыртқы бағалау. Қазақстандағы мектептік білім сапасын бағалау үшін 2012 жылы Оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) жүйесі енгізілген болатын, ол төртінші және тоғызыншы сынып оқушыларын тестілеуді көздейді. «ҰТО» РМҚК деректері бойынша ҚР бойынша ОЖСБ-2016 орташа балы төмендеу үрдісін көрсетуде. Мәселен, 2012 жылы орташа балл 51,6 құрады, ал 2016 жылы 33,3. Тестілеу негізінде білімдерді бағалау көптеген шетелдік елдерде қарапайым тәжірибе болып табылады.

Қазақстанда ОЖСБ нәтижелері қала мен ауыл мектептері арасындағы (соңғыларында орташа балл төмен), дарынды балаларға арналған арнайы мектептер (2016 жылы 46,0 б.) және кәдімгі жалпы білім беретін мектептер арасындағы айырмашылықты көрсетеді (32,2 б.). Яғни белгілі бір дәрежеде олар білім сапасын қандай да бір жалпы бағалау жүргізеді. Алайда бұл балалар мен мұғалімдер үшін стресстік жүктеме екенін айта кеткен жөн. Мұғалімдердің сөзіне қарағанда балалар әлі мектеп бағдарламасы аясында әлі өтпеген сұрақтар тестілеуде жиі кездеседі. Одан бөлек, төмен нәтиже көрсеткен әлсіз мектептермен жұмыс істеудің нақты тетігі әзірленбеген. Жалпы ОЖСБ мектептердің жұмысының сапасын бағалаудың жақсы құралы бола алады, алайда бұл үшін оның құралдарын жеңіл, түсінікті ете отырып, тұрғылықты жеріне, оқу тіліне, дене мүмкіндіктері мен өзге де факторларға қарамастан барлық балалар үшін бірдей білім алу мүмкіндіктерін құру қажет.

Ұлттық бірыңғай тестілеу. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен 2004 жылы енгізілген ҰБТ орта білім сапасын бағалаудың тағы бір критерийі болып табылады. Оны өткізудің барлық кезеңінде оған 1 587 мың мектеп түлектері қатысты, бұл мектеп түлектерінің жалпы санының 77% құрады. ҚР БҒМ деректері бойынша ²³ 2016 жылы 121 092 бітірушілердің ішінен (83 330 қазақ тілінде, 37 762 – орыс тілінде оқитындар) 84 079 бітірушілер қатысты (69,4%). Соңғы бес жылда ҰБТ-ға қатысатын түлектердің үлесінің төмендеу үрдісі байқалады, бұл бітірушілердің шетелдік ЖОО таңдауымен байланысты (ол жаққа ҰБТ тапсыру қажеттігі жоқ себебінен). ҰБТ орташа баллы 2016 жылы 81,2 баллды құрады, бұл 2015 жылғы деңгейден жоғары (79,4). Бұл мектептердің білім беру қызметінің сапасын арттыруды, республиканың ЖОО оқуға түсуге бітірушілерді жоғары ынталандыруды білдіреді, одан бөлек, тест тапсыру тетігі жылдан жылға пысықталып, тестілердің сапасы артып келеді, бұл тест тапсырудың деңгейінің өсуінің маңызды факторы болып табылады.

²³ http://edu.gov.kz/ru/page/grazhdanam/edinoe_natsionalnoe_testirovanie

ҰБТ-ға деген қатынас біржақты емес болып қала беруде. Сұрау нәтижелері бойынша 58,4% ата-ана (2 110 ішінде) ҰБТ оқушылардың білімін бағалаудың объективті тетігі болып табылмайды. Көбінесе ұлттық тестілеуді өткізудің өз тетігі, оны өткізумен байланысты шиеленістің жоғары деңгейі жиі сынға ұшырайды.

ҚР БҒМ деректері бойынша 2017 жылдан бастап ҰБТ түлектердің білім сапасын бағалаудың формасы болмайды және ЖОО-ға түсу үшін емтихан функциялары мен мемлекеттік гранттардың талаптары орындайтын болады. Мектеп оқушылары орта білім туралы аттестат және «Алтын белгі» белгісін алу үшін мектептерде жазбаша және ауызша емтихандар тапсырады.

Мектептердің аттестациясы. ҚР БҒМ деректері бойынша қазақстандық мектептердің жартысы жыл сайын мемлекеттік аттестация барысында жағымсыз баға алады (2015ж. - 50,6%, 2014ж. - 51,3%). Жағымсыз шешім шығарылғаннан кейін мектептерді пост-аттестациялық қолдаудың тетігін әзірлеу аса маңызды. Білім басқармасы тарапынан мектептерді әдістемелік және консультациялық сүйемелдеу қажет.

Мектептерді ресурстік қолдау. Білім сапасын қамтамасыз ететін маңызды фактор қажетті ресурстардың болуы болып табылады. Сұрау барысында ата-аналардың 89,3% және мамандардың 86% өздерінің ұйымдарында балалардың сапалы білім/тәрбие/даму алуға құқығын сақтау үшін барлық қажетті адами, материалдық, техникалық және басқа да ресурстар бар екенін белгіледі, 7,8% басшылар мен 4,6% мамандар керісінше ешқандай жағдайлар жоқ деп есептейді, ал 2,9% - жағдайлар бар, бірақ олар қолданылмайды деп жауап берді. Мамандар бұл мәселеде аса сыни пікірде, олардың ішінде 86% барлық жағдайлар бар деп санайды, 9,5% барлық жағдайлар бар деп ойлайды, алайда олар пайдаланылмайды, ал 4,6% жағдайлар жоқ деп есептейді.

10-кесте. Ата-аналар мен мамандардың өздерінің ұйымдарында барлық адами, материалдық, техникалық және өзге де ресурстарының болуын бағалауы, %

	Жетекші			Маман		
	Барлық жағдайлар бар	Жағдайлар бар, бірақ олар пайдаланылмайды	Жағдайлар жоқ	Барлық жағдайлар бар	Жағдайлар бар, бірақ олар пайдаланылмайды	Жағдайлар жоқ
Облыс орталығы	95,5	1,5	3,0	87,9	7,2	4,9
Шағын қала	84,2	10,5	5,3	87,9	7,2	4,9
Ауылдық аудан орталығы	85,0	0,0	15,0	80,7	15,8	3,5
Ауыл	73,3	6,7	20,0	86,5	10,1	3,4

Ата-аналар мектептің/колледждің қажетті жабдықтармен, оқу және әдістемелік материалмен қамтылуын айтарлықтай сыни бағалады – 72,1% «нашар» және «өте нашар» баға берді, тек 3,6% «жақсы» және «өте жақсы» деп бағалады.

52% жетекшілер мен 61% мамандар жабдықтардың, соның ішінде лабораториялық жабдықтардың жоқтығын белгіледі. 53% жетекші және 59% маман орындардың жоқтығы туралы айтады. Жетекшілерге (33%) қарағанда мұғалімдер мен басқа да мамандар оқу-әдістемелік материалды көбірек қажет етеді (50%), оқыту, сауықтыруға тәрбиелеу бағдарламалары бойынша кемшіліктерді қабылдауда да осындай үлкен алшақтық бар (тиісінше 42% - 29%).

11-кесте. Ұйым басшылары мен мамандардың пікірі бойынша сапалы білім/тәрбие/даму үшін ресурстардың жеткіліксіздігі, %

Мектепте жетіспейтін ресурстар	Жетекшілердің үлесі, %, N=60	Жетекшілердің үлесі, %, N=472
Білікті мамандар	50,0	43,0
Оқу-әдістемелік материал	33,4	50,4
Оқытатын, сауықтыратын, тәрбиелік бағдарламалар	28,3	41,9
Орындар	51,7	61,4
Оқулықтар, оқытатын материал	20,0	48,5

Мектеп директорлары мен мамандары оқулықтардың, әдістемелік материалдың сапасына, кәсіби кадрлардың жетіспеушілігіне алаңдайды. Мектеп директорлары мен мамандар келесі проблемалар қатарын атады: мектептердің толып кетуі, білікті кадрлардың жетіспеушілігі, әсіресе физика, химия пәндері бойынша; ата-аналардың қызығушылығының төмендігі.

Білікті кадрлар – білімнің жоғары деңгейінің кепілі. Сұралған ата-аналардың көпшілігінің бағалары бойынша мектепте көптеген мұғалімдер жоғары біліктілікке ие, балаларға мейірбан, білімнің қызықты әдістемелерін қолданады, баланың жетістігіне қызығушылығын білдіреді.

12-кесте. Ата-аналардың мұғалімдердің жұмысын бағалауы, жағымды жауаптар берген ата-аналардың үлесі, %

Мұғалімдердің көпшілігі жақсы біліктілікке ие, N=1812	94,3
Мұғалімдердің көпшілігі балаларға мейірбан, N=1824	93,2
Мұғалімдердің көпшілігі оқытудың қызықты әдістемелерін пайдаланады, N=1621	89,1
Мұғалімдердің көпшілігі баланың оқудағы жетістіктеріне мүдделі, N=1522	90,6

Осылайша, қазіргі кезеңде орта білім беру жүйесінде мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсарту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, мұғалімнің мәртебесін көтеру (жас мамандарды тарту мақсатында), оқулықтар мен оқу-әдістемелік әзірлемелерді жақсарту жөнінде жұмыс жүргізуді талап етеді.

Ақпараттық қоғамға көшумен байланысты қазіргі заманғы әлемнің дамуының маңызды үрдісі білім рөлінің едәуір артуы, оны негізгі басымдықтардың бірі ретінде ілгерілету болып табылады. Өкінішке орай, сұрау нәтижелері бойынша бүгінгі күні қазақстандық мектеп оқушыларының көпшілігі үшін білім құндылық болып табылмайды: тек 11,5% ғана балалар білімді өз өмірлеріндегі құндылық ретінде белгіледі. Бұл ретте мұндай балалардың үлесі ер балаларға қарағанда қыздардың арасында 1,3 есеп көп. Білім құндылығын түсіну жас ұлғайған сайын түсінелітіні қызықты: білімді өмірлік құндылық ретінде белгілегендердің үлесі 11 жасқа дейінгі балаларда 7,2% құрады, 12-14 жас арасында 11,9%, ал 15-17 жас арасындағыларда 18,2%. Яғни мектеп бітіргенше оқушылардың 20% өз өмірлеріндегі білімнің рөлін түсінетін болады.

Жалпы, Қазақстандағы орта білім жүйесі дамуда: мектептердің саны өсуде, бастауыш және орта біліммен қамтылу жоғары, жыл сайын апатты мектептер саны азайды, жаңа мектептер пайдалануға берілуде. Елдегі енгізіліп жатқан үштілділік мектеп оқушыларын әлемдік нарық қажеттіліктеріне оларды бағыттай отырып, білім деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Мұнымен қоса, үш ауысымды мектептерді жою, білім сапасын арттыру, мектептердің әлсіз материалдық-техникалық базасы, жоғары білікті кадрлардың жетіспеушілігі, оқулықтардың сапасының төмендігі мәселелері калуда.

3.4. Техникалық және кәсіптік, жоғары білім алу құқығын қамтамасыз ету

3.4.1 Техникалық және кәсіптік білім: жалпы жағдай

Еңбек нарығында ұзақ уақыттан бері білікті жұмыскерлердің сұранысы мен ұсынысының теңгерімсіздігі орын алады. Қарапайым емес экономикалық жағдайға қарамастан, көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындар жұмысшылардың компьютеризациясы мен технологиялық процестермен аса байланысты мамандардың тапшылығына тап болуда. Бүгінгі күні жеңіл өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығы, көлік, құрылыс салаларында қажеттіліктер көп.

ТЖКБ бітірушілеріне қойылатын талаптар мен еңбек нарығындағы олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырумен байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі кәсіптік білімді жаңғырту жөнінде бірқатар шаралар әзірленді. Қазақстанда 2016 жылы 499,0 мың адам оқушысы бар 798 колледждер кәсіптік-техникалық білім алуды қамтамасыз етеді (оның ішінде 17 колледж – республикалық). Жекеменшік колледждердің үлесі 55,9% құрады, қалғандары жергілікті меншікте. 48,6% оқушы мемлекеттік тапсырыс аясында білім алуда (242,4 мың адам). Оқушылардың 52,5% ер балалар құрайды.

ҚР БҒМ деректеріне сәйкес бітірушілердің 20 мыңынан аса жыл сайын кәсіптік біліктіліксіз еңбек нарығына шығарылады. Бұл ретте халықтың экономикалық белсенді құрамында біліксіз жұмысшылардың үлесі 2015 жылы 23,4% құрады, бұл айтарлықтай жоғары көрсеткіш болып табылады және

халықаралық сарапшылар бұл үлесті 10% дейін төмендетуді ұсынады. Мұндай төмендеу жастардың кәсіптік-техникалық білім алуға қызығушылығын кеңейту арқылы мүмкін.

Соңғы бес жылда колледждер желісін 11%-ға қысқарту байқалады (94 оқу орындары жабылды), кәсіптік-техникалық білім жүйесінде оқушылардың контингентін төмендету жағдайында (2011 жылдан 2015 жылға дейінгі аралықта оқушылардың контингенті 17,1% құрады). Жекеменшік (соңғы 5 жылда 9,8%), сондай-ақ мемлекеттік сектордағы (11,0%) колледждердің саны азайды. Бұған бірқатар факторлар ықпал етті: оқу орындарының профильденуі, демографиялық факторлар, сондай-ақ еңбек нарығындағы орта кәсіптік білімнің беделді болмауы. Жыл сайын мектептен кейін жоғары білім жүйесіне өтетін мектеп түлектерінің үлесі артуда және кәсіптік білім алуға баратындардың саны азаюда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес мемлекет пен жалпы білім жүйесінің алдына жастардың кепілді бірінші жұмыс кәсібін алуды қамтамасыз ету міндеті қойылды. Осыған байланысты жыл сайын жұмыс кадрларын даярлауға мемлекеттік тапсырыс ұлғаюда. Мәселен, 2016-2017 оқу жылында ТжКБ республикалық бюджеттен мемлекеттік тапсырыс бойынша 2 726 адам қабылданды, бұл 2015-2016 оқу жылындағы деңгейден 2 есе аз (5 358 адам). Мұндай азаю 2015-2016 жылы «Серпін» жобасымен байланысты болды, жаңа жылда оны ҚР ДСӘДМ-ге берді.

Техникалық және кәсіптік білімнің мәртебесін арттыру мәселесінде маңызды фактор болып бүгінгі күні материалдық-техникалық базаны жаңғыртусыз мүмкін болмайтын оның сапасын арттыру табылады. ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша 2015 жылы оқу процесінде 21 803 оқу кабинеті, 2 491 шеберханалар және 247 авто/трактодром іске қосылған. Бұл ретте колледждердің лабораторияларының саны 198 бірлікке артқан.²⁴ Дегенмен де, 46,5% колледж оқушылары жүргізілген сұраудың барысында оқу орындарының жақсы тұрмыстық жағдайлары жоқ екенін атап өтті.

Оқытудың нәтижелегінің маңызды көрсеткіші жұмысқа орналасу болып табылады, дәл осы критерий бойынша түлектер мен олардың білімдері қаншалықты сұранысқа ие екені туралы айтуға болады. ҚР БҒМ деректері бойынша колледждер түлектерінің жұмысқа орналасуы 2015 жылы 68% құрады, бұл ретте 52,1% жұмысқа орналасулар Зейнетақылар төлеу мемлекеттік орталығының деректерімен расталды. «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы өзін жақсы ұсынды, оның нәтижесі бойынша көптеген колледждердің түлектері кәсіптік жұмыстың тәжірибесі мен дағдыларына ие болды, соның салдарынан жұмысқа орналасты.

3.4.2. Жекелеген санаттар үшін техникалық және кәсіптік білім алу құқығымен қамтамасыз ету

Ерекше мұқтаж балалар үшін техникалық және кәсіптік білім алудың қолжетімділігі. Кәсіп иесі болу, әсіресе беделді болса, ол мүмкіндігі шектеулі

²⁴ 2015 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасындағы білім жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы ұлттық баяндама, Астана, 2016, б. 261

адамдарға еңбек нарығында бәсекелі күресте жұмысқа орналасуға мүмкіндіктерді арттырады. Өкінішке орай, ерекше мұқтаж балаларды оқыту процесі мектеппен аяқталады. Заң бойынша I және II топтағы мүгедектерге колледждерде тегін оқу қарастырылған. Жеңілдік берілгендердің санатына нашар көретіндер, нашар еститіндер, ой дамуы артта қалған адамдар кірмейді – бұл мүмкіндігі шектеулі адамдардың үлкен бөлігі²⁵. 2016 жылы еліміздің колледждерінде ерекше мұқтаж 3913 бала оқыды (барлық оқушылардың контингентінен 0,8%). Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды қабылдайтын колледждердің саны өте аз, оларда кәсіп таңдау шектелген, бағдарламалар мүмкіндігі шектеулі оқушыларға бейімделмеген, кәсіптік колледждердің педагогтары мен шеберлерінде психофизикалық бұзылулары бар жасөспірімдерді оқыту үшін арнайы даярлықтары жоқ. Кәсіптік білім беру жүйесінің қызмет етуінің жаңа жағдайларында оқытуды ұйымдастырудың жаңа формаларын дамыту, оқу тәселдері арқылы кәсіптік реабилитацияны қамтамасыз ететін оқу ұйымдары мен мекемелерінің тұрақты қызмет етуі үшін жағдайлар жасау²⁶ (қашықтық, үйге келіп оқыту, сырттай және т.б.) қажет.

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін техникалық және кәсіптік білім алудың қолжетімділігі. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар кәсіп ие болу өмірінің болашақ сапасының кепілдігі болатын әлжуаз санат болып табылады. 2016 жылы Қазақстанның колледждерінде ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған 2 840 бала және 4 795 жетім бала білім алған.

Осылайша, азаматтардың барлығына сапалы техникалық және кәсіптік білім алуға бірдей қолжетімділік жағдайларын құру бүгінгі күні мемлекет алдында тұрған маңызды стратегиялық міндет болып табылады. Бүгінгі күні әлемнің жетекші елдері елдің экономикалық дамуының жолсерігі ретінде ТЖКБ жүйесін дамытуға екпін беріліп отыр. Бұның барлығы осы салаға инвестицияларды қажет ететінін білдіреді. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көзделгендей, 2017 жылдан бастап бірінші жұмыс кәсібін ұсыну тегін, бұл елдің адами капиталы мен еңбек ресурстарының сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Одан бөлек, ТЖКБ дамыту кадрлық әлеуетті арттыруды, нарықтың жаңа талаптарына сәйкес материалдық-техникалық базаның күшеюін, колледждер студенттерінің тәуелсіз сертификатталуы мәселелерін тездетуді талап етеді.

3.4.3. Жоғары білім: жалпы жағдай

Қазақстанда жоғары білім міндетті болып табылмайды, сонымен қоса, мектеп бітірушілерінің көбісі өз оқуын жалғастыру үшін және кәсіп игеру үшін ЖОО-ға түсуге талпынады. Жоғары білім алуды Қазақстанда 130 жоғары оқу орындары қамтамасыз етеді («Назарбаев Университет» Автономдық білім беру ұйымы - 1, ұлттық –10, мемлекеттік – 33, азаматтық емес – 13, халықаралық – 1, акционерлік – 17, жеке – 55).

²⁵ А. Айдарбекова. Қазақстандағы және шетелдегі психофизикалық даму ерекшеліктерімен азаматтардың кәсіптік білімі http://www.open-school.kz/glavstr/inclusiv_obraz/inclusiv_obraz_130_1.htm

²⁶ Сол жерде

2016-2017 оқу жылының басында студенттердің контингенті бакалавриатта 472,5 мың адамды құрады (соның ішінде 28,2% мемлекеттік тапсырыс бойынша) және магистратурада 32 084 адам (50% мемлекеттік тапсырыс бойынша). 2016-2017 оқу жылына арналған мемлекеттік тапсырыстық көлемі 31 702 грантты (бакалавриат) және 7 429 орынды (магистратура) құрайды.

Жастардың білімге қолжетімділігін кеңейту мақсатында биылғы және алдыңғы жылдардағы мектептер мен колледждердің түлектеріне ЖОО-ға шартты түрде қабылдану мүмкіндігі үшін ҰБТ мен кешенді тестілеуді қайта тапсыру мүмкіндігі енгізілді.

Бүгінгі таңда жоғары білім жүйесінің сапасын бағалау ретінде ОЖСБ көрініс табады, ол жоғары оқу орындарында алған білімдерді салыстыруға мүмкіндік беретін жалғыз критерий болып табылады. Бұл құралды жетілдіру бағытында жиі түзу болмайтын сұрақтарды пысықтау, ОЖСБ-дағы студенттердің қатысуын қамтамасыз ету жүйесін қайта қарау (ЖОО-лардан оқытушыларының көзінше олардың болғаны үшін жауапкерлішіден ала отырып) тапсырылатын пәндердің (көбінесе төртінші курстар 1-2 курстарда өткен пәндері бойынша тест жазады) тізімін қайта қарау, ұмытылып кеткен білімдер.

Жоғары білім ұйымдарына оқуға түсу барысында мемлекеттік тапсырыс аясында мүгедек-балалар, балалық шағынан мүгедек балалар, жетім балалар, ауыл жастары артықшылықтарға ие.

3.5. Ұсынымдар

1. Балаларды мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз етуді ұлғайту мақсатында жеке сектор мен мектепке дейінгі мекемелердің мемлекеттік желісін дамыту қажет.

2. Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардағы балаларға мектепке дейінгі білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін азаматтардың осы санаттары үшін балабақшаларға баруға жеңілдіктер туралы мәселені қарастыру.

3. Болашақ жұмыс берушінің кепілдік хат (колледжді бітіргеннен кейін үш жыл ішінде келісіммен маманды жұмыспен қамтамасыз ету) ұсынуы жағдайында кәсіптік білімге (ТжКБ) мемлекеттік тапсырысты алуды заңнамалық тұрғыда бекіту.

4. Жұмыс берушілер мен бизнес-қауымдастықтың ТжКБ бітіру туралы дипломды мойындау, оны сәйкес мамандық бойынша жоғары оқу орындарына түсу үшін негіз ретінде қабылдау қажет.



4-тарау
Балалардың денсаулықтарын сақтау



4.1. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру

Бала құқықтары туралы конвенцияда, ҚР Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңында баланың денсаулығын сақтау құқығы туралы айтылады. Ауру және әлсіз балалардың туылуы олардың өмірінің алдағы жылдардағы денсаулығын айқындайды. Бұл жағдайда айтарлықтай маңызды және күрделі міндеттердің бірі мектепке дейінгі балалар мен мектеп жасындағылардың денсаулығын сақтау болып табылады, бүгінгі күні мұны медициналық және әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, елдің даму стратегиясының позициясы жағынан да қарастыру қажет.

Халықтың денсаулығын бұдан әрі нығайту үшін ҚР Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 176 Жарлығымен Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Республикада балалардың ауру-сырқауын азайту үшін бірқатар іс-шаралар орындалуда:

Жол картасы – 2015-2017 жылдарға арналған балалар травматизмінен, жазатайым оқиғадан өлім-жітімді төмендету және балалар травматизмінің алдын алу жөніндегі ведомствоаралық кешенді жоспар іске асырылуда;

қауіпсіз әрекет ету және салауатты өмір салтын ұстану жөнінде қоғамдық пікір қалыптастырылуда;

тыныс алу органдары ауруларынан балалардың ауру-сырқаттануын және өлім-жітімін төмендету жөнінде шаралар жүргізілуде;

балалардан бастапқы кезеңдерінде айқындау мақсатында катерлі ісік ауруын айқындау мақсатында балаларға медициналық көмек көрсетуді және халықаралық деңгейге жақындаған онкологиялық аурулардан айығу нәтижелерін арттыру жетілдірілуде;

ҚР әйелді босандыру және балалық шақ қызметі жұмысының тиімділігін арттыру және кіріктірілген үлгісін енгізу бойынша 2016-2019 жылдарға арналған жол картасы іске асырылуда.

4.2. Денсаулықтың негізгі көрсеткіштері

4.2.1. Нәресте өлімі


Нәресте өлімінің коэффициенті – бір жасқа дейінгі жастағы балалар өлімінің деңгейін айқындайтын көрсеткіш. 1 жасқа дейінгі жаста шетінегендер саны мен тірі туылғандар санына қатынасымен есептелінеді²⁷. 2008 жылы Қазақстан ДДҰ стандарттары бойынша тірі туылу критерийлеріне көшті, бұл ҚР осы көрсеткіш бойынша өзге елдермен салыстыруға мүмкіндік береді.

²⁷Ескерту: Осы күнтізбелік жылда қайтыс болғандардың арасында алдыңғы күнтізбелік жылда туылған нәрестелердің болу ықтималдылығына орай осы және алдыңғы күнтізбелік жылдарда туылған ұрпақ үшін осы күнтізбелік жылдағы нәрестелер өлімі көрсеткіші есептелінеді.

ҚР ҰЭМ СК-нің ақпаратына сәйкес 2016 жылдың 9 айы ішінде нәрестелер өлімі 1000 туылғанға шаққанда 8,8 жағдайды құрады, бұл 2015 жылдың (9,5) осындай кезеңімен салыстырғанда 7,4% аз.

Жалпы республика бойынша соңғы 5 жылда (2011 жылдан 2015 жылға дейін) нәрестелер өлімінің деңгейі 1,6 есе төмендеген: 1000 туылғандарға шаққанда 14,8 жағдайдан 9,4 жағдайға дейін.

14-диаграмма. 2011 жылдан 2015 жылға дейінгі аралықтағы балалар өлімі көрсеткішінің динамикасы




Дереккөз: «2015 жылдағы Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі», ҚР ДСӘДМ, Астана 2016, «2013 жылдағы Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі», «2011 жылдағы Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі»

Нәрестелер өлімінің жастық құрылымында бұрынғыдай неонатальді кезеңдегі балалардың өлімі жоғары екені байқалады. 2016 жылдың 9 айы ішінде бұл көрсеткіш 2,8%-ға артып, 63,8% құрады (2015 ж. 61,0%). Постнеонатальді кезеңде өлім көрсеткішінің 36,2%-ға дейін (2015 ж. 39,0%) төмендеу үрдісі байқалады.

Нәрестелер өлімінің деңгейі бойынша ең қолайсыз жағдай Қызылорда облысында байқалады: мұнда 2016 жылдағы ең жоғары көрсеткіштер байқалады, сондай-ақ бұл 2015 жылмен салыстырғанда көрсеткіштің ұлғаюы байқалған бірден-бір облыс (2016 жылдың 9 айы ішінде 1000 тірі туылғандарға шаққанда 10,8 өлім-жітім, 2015 жылы – 10,5 жағдай). Бұл көрсеткіш бойынша ең қолайлы жағдай Алматы және Астана қалаларында байқалады, 2016 жылы ең төмен көрсеткіштер.

15-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде 2015 және 2016 жылдың 9 айы ішіндегі 1000 туылғандарға шаққанда нәрестелер өлімі, (ҚР ҰЭМ СК-нің жедел деректері бойынша).



Бұл көрсеткіш бойынша елдегі ахуал жыл сайын жақсарып келе жатқанымен, алайда дамыған елдердің деңгейіне әлі жете қойған жоқ. Мәселен, 2015 жылы Қазақстандағы нәрестелер өлімінің көрсеткіші Еуропа елдеріндегі бұл көрсеткіштен 2-3 есе артық (Ұлыбританияда – 2013 жылы 3,94, Германияда – 2013 жылы 3,3, Данияда – 2012 жылы 3,49), Ресейге, Украинаға, Беларуське қарағанда жоғары болды, Қырғызстанға, Тәжікстанға, Өзбекстанға қарағанда төмен.

13-кесте. Нәрестелер өлімі, 1000 туылғандарға шаққанда²⁸

	Жылдар	Нәрестелер өлімі
Қазақстан	2015	9,37
Ресей	2011	7,33
Әзірбайжан	2007	9,82
Қырғызстан	2013	19,88
Тәжікстан	2005	11,78
Өзбекстан	2005	14,96
Украина	2012	8,39
Беларусь	2011	3,85
Болгария	2012	7,75
Венгрия	2013	5,12
Ұлыбритания	2013	3,94
Германия	2013	3,30
Түркия	2013	10,08
Дания	2012	3,49
Латвия	2012	6,28
Эстония	2011	2,38
ТМД	2011	11,08

²⁸ «2015 жылдағы Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі», Астана 2016


4.2.2. Балалар өлімі

Балалар өлімі – бұл 5 жасқа дейінгі жастағы балалардың өлімі. ДСҰ деректері бойынша «бір жастан бес жасқа дейінгі жастағы балалар өлімі жағдайларының көбі алдын алуға болатын, сондай-ақ үйде немесе медициналық мекемелерде оңай емдеуге болатын аурулардың нәтижесінде болуда».

ҚР ДСӘДМ жедел деректері бойынша 2016 жылдың 9 айы ішінде балалар өлімінің көрсеткіші 1000 туылғандарға шаққанда 10,5 жағдайды құрады, бұл 2015 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 12,4%-ға аз (2015 жылдың 9 айы ішінде 1000 туылғандарға шаққанда 11,8).

Ресми деректер бойынша соңғы бес жылдың ішінде Қазақстанда балалар өлімі көрсеткіші 2015 жылы 2011 жылдағы 1000 туылғандарға шаққанда 17,9 жағдайдан 12,2 жағдайға дейін төмендеді.

16-диаграмма. ҚР-дағы 2011 жылдан 2015 жылға дейінгі аралықтағы балалар өлімі көрсеткішінің динамикасы



Дереккөз: «2015 жылдағы Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі», ҚР ДСӘДМ, Астана 2016

ҚР ДСӘДМ жедел деректері бойынша бұл көрсеткіш бойынша ең қолайсыз ахуал Қызылорда облысында байқалады. Орташадан жоғары көрсеткіштер, сонымен қоса Алматы облысында, ШҚО, ОҚО байқалады, алайда, өткен жылмен салыстырғанда оның төмендегенін айта кеткен жөн (төменде берілген кестені қараңыз). Өткен жылдың осындай кезеңінен жоғары 2016 жылғы 9 ай ішінде балалар өлімінің көрсеткіші бір ғана облыста – Атырау (7,6%-ға артқан) облысында байқалады.

2016 жылдың 9 айы ішінде бұл көрсеткіш бойынша айтарлықтай қолайлы жағдай Алматы қ. (1000 туылғандарға шаққанда 6,8 жағдай), Астана қ. (7,6), СҚО (9,3) және Павлодар облысында (1000 туылғандарға 8,4 жағдай) кездеседі. Бұл көрсеткіш бойынша ахуалдың едәуір жақсаруы (көрсеткіштің 30%-дан көп төмендеуі) өткен жылдың осындай уақытымен салыстырғанда Астана қ. және Ақтөбе облыстарында байқалады.

14-кесте. 2015-2016 жылдардың 9 айы ішіндегі балалар өлімі көрсеткіші, облыстар бойынша бөліністе, 1000 туылғандарға шаққанда (ҚР ДСӘДМ-нің жедел деректері бойынша)

	Көрсеткіш		Өсудің/ төмендеудің динамикасы
	2015	2016	%
Ақмола	11,5	10,8	-6,5
Ақтөбе	12,8	9,4	-36,2
Алматы облысы	13,2	12,3	-7,3
Атырау	9,7	10,5	7,6
Батыс Қазақстан	11,5	9,7	-18,6
Жамбыл	12,7	11,4	-11,4
Қарағанды	11,8	10,6	-11,3
Қостанай	12,7	10,7	-18,7
Қызылорда	15,6	15,5	-0,6
Маңғыстау	11,6	11,2	-3,6
Оңтүстік Қазақстан	14,1	12,0	-17,5
Павлодар	9,6	8,4	-14,3
Солтүстік Қазақстан	10,1	9,3	-8,6
Шығыс Қазақстан	12,1	12,0	-0,8
Астана қ.	10,2	7,6	-34,2
Алматы қ.	7,7	6,8	-13,2
Қазақстан	11,8	10,5	-12,4

Балалар өлімінің жастық құрылымында нәрестелер өлімі 82,5% құрайды.

4.2.3. Аналар өлімі

Аналар өлімі жүктілікпен (оның ұзақтығы мен мекеніне байланысты емес) уағдаланған жүктілік кезінде немесе одан кейін белгілі бір себептермен 42 сағат арасында оны қиындатқан жағдаймен, бірақ жазатайым жағдаймен немесе кездейсоқ болған себеппен байланысты болмаған әйелдердің өлімі.

ҚР ДСМӘД жедел мәліметтері бойынша, 2016 жылдың 9 айында ҚР аналар өлімінің көрсеткіші 100 мың туылғандарға шаққанда 12,1 құрады, бұл 2015 жылдың осындай кезеңінен 7%-ға жоғары (11,3). Аналар өлімінің жоғарғы көрсеткіші Павлодар (21,3), БҚО (20,1) және Ақтөбе (19,9) облыстарында байқалады. Аналар өлімі көрсеткішінің өсуі диагноз верификациясындағы ауыр жағдайлармен байланысты.

15-кесте. 2015-2016 жылдың 9 айында Қазақстандағы аналар өлімі, 100 мың туылғандарға шаққанда (ҚР ДСМӘД жедел мәліметтері бойынша)

	Аналар өлімінің көрсеткіші	
	2015	2016
Ақмола	22,5	11,6
Ақтөбе	6,7	19,9
Алматы	6,5	6,3
Атырау	33	8
БҚО	10,4	20,1
Жамбыл	5	15,2
Қарағанды	21,6	16,5
Қостанай	0	10,6
Қызылорда	34,5	7,1
Маңғыстау	7	6,7
ОҚО	11,7	18,3
Павлодар	20,8	21,3
СҚО	0	0
ШҚО	17,5	11,6
Астана қ.	5,1	4,8
Алматы қ.	0	9
Қазақстан	11,3	12,1

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК, ҚР ДСМӘД жедел мәліметтері бойынша

4.2.4. Балалардың ауру-сырқаттануы

10 жыл ішінде елімізде балалар ауру-сырқаты көрсеткішінің жыл сайынғы төмендеуі байқалады (2006 жылғы 100 балаға шаққанда 98,2 жағдайдан 2015 жылғы 87,2 жағдайға дейін).

ҚР ДСӘДМ деректері бойынша 2015 жылы балалардың (0-14 жас) және жасөспірімдердің (15-17 жас) ең жоғары ауру-сырқаты Павлодар облысында Алматы қ. және ШҚО байқалды. Ең төмен көрсеткіштер – Атырау облысында.

16-кесте. Балалардың ауру-сырқаттары, өмірінде бірінші рет тіркелген ауру-сырқаттардың саны, сәйкесінше халықтың 100 000 адамға шаққанда

	15-17		0-14	
	2014	2015	2014	2015
Ақмола	76116	78046,4	89929,8	83094,1
Ақтөбе	77512,4	78572,8	68623,9	69032,6
Алматы	105801,1	109568,3	84772,4	85126,7
Атырау	36124,5	39510,3	40059,6	39516
БҚО	48881,9	60703,5	79877,4	79929,7
Жамбыл	76800	76865,3	84453	90268,9
Қарағанды	82302,4	77511,2	98905,3	91528
Қостанай	91052,5	93000	101225,9	100822,9
Қызылорда	73676,6	70514	78681	79550,3
Маңғыстау	57239,5	56911,2	62265,5	57692,8
ОҚО	56035,8	52610,3	55026,2	66606,3
Павлодар	160577,1	149942,6	177105,6	160669,9
СҚО	76970,9	78929,6	112375,4	112016,3
ШҚО	133684,2	138882,1	106073,4	107473,1
Астана қ.	107211	99462,2	92859,1	89258
Алматы қ.	159885,8	149177,6	145614,8	137401,1
Қазақстан	87177,4	86212,4	86463,1	87168,7

Дереккөз: «2015 жылдағы Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі», ҚР ДСӘДМ-нің статистикалық жинағы, Астана, 2016

0-14 жастағы балалардың ауру-сырқаттарын аурулар топтары бойынша қарайтын болсақ, онда тыныс алу органдары аурулары бойынша айтарлықтай жоғары көрсеткіштерді белгілеуге болады (2015 жылы – 100 мың балаға шаққанда 62951,1 ауру-сырқаттар), яғни 2015 жылы республикадағы балалардың жартысынан көбі дәрігерге осы себеппен қаралған.

Ауру-сырқаттардың соңғы 4 жылдағы динамикасын қарастыратын болсақ, аурулардың барлық түрлері бойынша балалар ауруларының төмендеуін айтуға болады, тек туыла біткен аномалиялар (даму ақаулары), деформациялар және хромосомалық бұзушылықтар мен ісіктерден басқа, бұлар бойынша аурулар жыл сайын арта түсуде. Мәселен, балаларда ісіктің кездесуі 2012 жылдан 23%-ға артты (2012 жылғы 100 мың балаға шаққандағы 208 жағдайдан 2015 жылдағы 256 дейін), туыла біткен аномалиялар (даму ақаулары), деформациялар және хромосомалық бұзушылықтар 6%-ға ұлғайды (100 мың балаға шаққанда 2012 жылы – 1965,5, 2015 жылы – 2083 аурулар). Бұл қоршаған ортаның қолайсыз әсер етуімен, тұқым қуалайтын патологиялармен, дәрі-дәрмектерді байқалусыз қабылдаумен, ананың зиянды әдеттерімен, жүктілік кезіндегі ананың инфекциялық ауруларымен және т.б. байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, тыныс алу органдары аурулары бойынша көрсеткіш 2014 жылдан 2015 жылға дейінгі бір жылдың ішінде артқанын айта кеткен жөн (100 мың балаларға шаққандағы аурулардың 1985 жағдайға ұлғаюы – 3,2%-ға).

17-кесте. Емдеу - алдын-алу ұйымдарында тіркелген ауру түрлері бойынша 0-14 жастағы балалардың жалпы ауру-сырқаттылығы, барлық ведомстволар, тиісті 100 000 адамға шаққанда

	2012	2013	2014	2015	Айырмашылық 2015 және 2014 жылдары	Айырмашылық 2015 және 2012 жылдары
Барлығы, соның ішінде:	128093,7	124623,6	118481,9	115800,8	-2681,1	-12292,9
Жұқпалы және паразитарлық аурулар	3467	3350,7	3244,8	2782,9	-461,9	-684,1
Ісіктер	208,3	225,8	239,2	255,9	16,7	47,6
Қан, қан жасаушы органдар аурулары және иммундық тетікке әсер ететін жекелеген бұзылулар	9882,2	9204,3	8756,8	7994,6	-762,2	-1887,6
Эндокриндік аурулар, тамақтанудың бұзылуы және зат алмасудың бұзылуы	2584,2	2425,3	2359,1	1839,3	-519,8	-744,9
Психикалық бұзылулар және мінез-құлықтың бұзылуы	1025,4	773,4	626,8	592,8	-34	-432,6
Психикалық бұзылулар және психоактивті заттардың пайдаланумен байланысты мінез-құлықтың бұзылуы	30,2	17,3	10,1	4,9	-5,2	-25,3
Жүйке жүйесінің аурулары	6110,4	6016,7	5969,1	5959,3	-9,8	-151,1
Көз және оның қосымшаларының аурулары	5273,2	5180,2	4895,1	4748,3	-146,8	-524,9
Құлақ және емізік тәрізді өсіндінің аурулары	3335	3234,7	3071,3	3050,4	-20,9	-284,6
Қан айналым жүйесінің ауру	740,9	677,2	688,8	611,5	-77,3	-129,4
Тыныс алу органдарының аурулары	65460,2	64576,5	60966,3	62951,1	1984,8	-2509,1
Ас қорыту органдарының аурулары	11934,3	11424,1	10955,1	9083,3	-1871,8	-2851
Тері және тері асты аурулары	4981,5	4892,9	4797,5	4753,8	-43,7	-227,7

	2012	2013	2014	2015	Айырмашылық 2015 және 2014 жылдары	Айырмашылық 2015 және 2012 жылдары
Сүйек-бұлшық ет жүйесінің және бітіктіруші тіндердің ауруы	1709,7	1692,6	1616,4	1402,1	-214,3	-307,6
Зәр шығару жүйесінің аурулары	2942,3	2762,6	2659,2	2313,4	-345,8	-628,9
Перинатальді кезеңде туындайтын жеке жағдай	2401	2303,9	1990,3	1890,1	-100,2	-510,9
Туа біткен аномалиялар (даму ақаулары), деформациялар, хромосомалық бұзылулар	1965,5	1890	1839,3	2082,2	242,9	116,7
Өзге рубрикаларда тіркелмеген клиникалық және лабораториялық зерттеулерде айқындалған нормадан ауытқулар, симптомдар, белгілер	762,6	747,8	730,5	691,5	-39	-71,1
Жарақаттар, уланулар және сыртқы себептердің әсерлерінің кейбір басқа салдарлары	3279	3226,9	3065,8	2793,2	-272,6	-485,8

Дереккөз: «2015 жылдағы Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі», «2013 жылдағы Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі», ҚР ДСӘДМ-нің статистикалық жинағы

Мектеп оқушыларының арасындағы жүргізілген профилактикалық байқаулардың нәтижелері бойынша мектеп оқушылары денсаулығының маңызды проблемасы ретінде көрумен байланысты проблеманы айтуға болады. Көру нашарлығы бойынша аурулардың жоғары көрсеткіштері Қарағанды (1 000 қаралған балаларға шаққанда 36,7 жағдай айқындалды), Павлодар облыстарында (26,4), БҚО (25 жағдай) байқалды.

Қарағанды, Павлодар облыстарына және БҚО ерекше назар аудару қажет, бұлар бойынша бірнеше индикаторлар бойынша ең жоғары көрсеткіштер байқалады.

18-кесте. Мектеп оқушыларының профилактикалық байқауларының нәтижелері


	Естудің төмендеуі	Көрудің төмендеуі	Сколиоз	Мүсіннің бұзылуы
Ақмола	1	6,8	0,9	2,0
Ақтөбе	1,7	13,1	1,0	4,2
Алматы	1	8,3	1,1	2,4
Атырау	2,1	9,6	0,5	0,6
Батыс Қазақстан	2,3	25,1	2,9	2,5
Жамбыл	1,1	5,3	0,7	0,9
Қарағанды	3,6	36,7	2,8	4,1
Қостанай	0,9	17,3	2,3	2,8
Қызылорда	2,6	16,4	0,3	0,6
Маңғыстау	1,6	10,4	2,4	2,1
Оңтүстік Қазақстан	1,4	7,1	1,2	1,4
Павлодар	0,8	26,4	10,7	14,8
Солтүстік Қазақстан	1	16,1	3,2	3,9
Шығыс Қазақстан	0,9	16,3	4,1	2,5
Астана қ.	0,7	23	1,0	4,8
Алматы қ.	1,1	14,4	2,0	3,1
Қазақстан	1,5	13,9	2,0	2,8

4.2.5 Зерттеу нәтижелері бойынша баланың денсаулық жағдайы

Аталған зерттеу аясында сұралған ата-аналардың көпшілігі (79%) балаларының денсаулығымен байланысты проблемалар жоқ екенін белгіледі. Алайда өңірлік бөліністе жағдай өзгеше.


Балалар денсаулығы бойынша азырақ қолайлы жағдай Шығыс Қазақстан облысында – 53,3% ата-ана балаларының денсаулығында проблемалардың бар екенін белгіледі, бұл Қазақстан бойынша орташа көрсеткіштен екі есе көп. Бұл өңір экологиялық ахуал бойынша проблемалық болып табылады, ол ата-аналардың балаларының денсаулық жағдайына аландаушылығын көрсетуі мүмкін. Ата-аналар балаларының денсаулығында проблемалардың бар екенін көрсететін тағы бір өңір – Ақмола облысы (44,7%).

17-диаграмма. Өңірлік бөліністе ата-аналарының бағалаулары бойынша балаларының денсаулығында проблемалардың болуы. N=1582, % жауап



Басқаларына қарағанда отбасында екі баласы бар ата-аналар балаларының денсаулығына алаңдаушылық білдіреді (23,2%). Отбасында балалар қаншалықты көп болса, соншалықты ата-аналар балаларының денсаулықтарындағы проблемаларға азырақ алаңдайды. Бұл үрдіс шамасы көпбалалы отбасыларында балалар аз ауыратындығымен емес, ата-ананың әрбір балаға, оның проблемаларына қарау, назар аудару мүмкіндігінің аздығымен, сондай-ақ ата-аналардың балаларының ауруларына едәуір байыппен қарауымен байланыстырылады.


18-диаграмма. Балалар саны әртүрлі отбасыларында ата-аналардың бағалары бойынша баланың денсаулығында проблемалардың болуы, N=1582, %, ата-аналардың «Иә» деп жауап берулері



Осы зерттеудің аясында балалар өздерінің денсаулық жағдайларын өздері бағалады: өздерінің денсаулығын өте жақсы деп бағалаған оқушылар - 53,4%, 4 баллға бағалағандар - 34,8%. Өздерінің денсаулықтарына 9,5% оқушы 3 балл қойды, мұнда көбінесе 15-18 жастағы балалар. Өздерінің денсаулықтарын нашар деп бағалағандар сұралғандардың 2% (2 балл). Оқушылардың 0,3% «денсаулығы өте нашар» деп бағалады (1 балл) – 15-17 жастағы балалар.

Ер балалар қыздарға қарағанда өз денсаулық жағдайын айтарлықтай жоғары бағалады: өте жақсы бағаны («5») ер балалардың 62% қойды, ал қыздар арасында бұл жағдайды беске бағалағандар 48%.

19-диаграмма. 5-баллдық шкала бойынша балалардың денсаулық жағдайын бағалау, %



Сұрау нәтижелері бойынша сұралған балалардың 17,9% жиі ауырады, соның ішінде 59,4% қыздар және 40,6% ер балалар.

Балаларды сұрау нәтижелері бойынша 1% қажетті дәрілері жоқ, дәрігерге көріне алмайды және қажетті емді ала алмайды – тиісінше 1,8% және 0,9% балалар. Сұралған балалардың 4,1% тамақтанудың нашар екенін атап өтті.

Зерттеу деректері бойынша балалар көбінесе ауылдық аудан орталықтарында көбірек ауыратыны – 26,4% және шалғайдағы ауылдарда азырақ ауыратыны – 7,4% байқалды. Қажетті дәрілердің, құрал-жабдықтардың жоқтығына шалғайдағы ауылдардағы балалар наразылық білдірді (3,7%). Ауылдық аудандық орталықта 3,5% сұралған бала дәрігердің қабылдауына кіре алмайды және 3% қажетті емді ала алмайды. Облыс орталығындағы балалар шалғайдағы ауылдарға қарағанда (3,7%) тамақтанудың нашарлығына наразы, ал ауылдық балалар мұндай проблеманы тіпті белгілеген де жоқ.

4.3. Денсаулық сақтау қызметтері және салауатты өмір салты

4.3.1. Денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігі

ҚР ДСӘДМ деректері бойынша 2015 жылы балалар емханалық бөлімдері мен кабинеттері бар 1202 ұйым қызмет етті, педиатр дәрігерлерімен, соның ішінде неонатологтармен қамтылу 0-14 жастағы 1 мың балаға шаққанда 1,1 құрады, барлық бейіндегі балалар койкаларымен қамтылу – 0-14 жастағы 1 мың балаларға шаққанда 3,9 койка.

Соңғы төрт жылда Қазақстанда балалардың денсаулығын сақтау деңгейін арттыруда елелулі нәтижелерге қол жеткізілді: диагностика мен емдеудің жоғары технологиялық қазіргі заманғы әдістері енгізілді, педиатрлық бейіндегі медициналық кадрларды даярлау процесі жетілдірілді және басқалар, алайда ресми статистикалық деректер бойынша балалар емханалық бөлімдері мен кабинеттері бар ұйымдардың саны азайғаны байқалады (2012 жылдағы 1345 ұйымнан 2015 жылғы 1202 ұйымға дейін), сондай-ақ балалар дәрігері педиатрлар мен барлық бейіндегі балалар койкаларының қамтылуы (төменде берілген кестені қараңыз).

Туудың жоғары деңгейі байқалатын облыстарда (ОҚО, Алматы облысы, Астана қ.) ұйымдар санының көбейгені, ал басқаларында азайғаны байқалады. Астана мен Алматы қалаларының балалары медициналық көмекпен жақсырақ қамтылған, мұнда педиатрлар мен балалар койкаларымен қамтылудың ең жоғары көрсеткіштері байқалады, ал Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Жамбыл облыстары және ОҚО ең нашар қамтамасыз етілген. Павлодар, Ақмола облыстарында және СҚО балалар койкаларымен қамтылу айтарлықтай жақсы деңгейде, ал балалар дәрігерлерімен қамтылу – орташа деңгейде.

19-кесте. ҚР-дағы педиатрлық жұмыс


	Балалар емханалық бөлімдер мен кабинеттер бар ұйымдардың саны				(0-14 жастағы) 1000 балаға шаққандағы қамтамасыз етілу							
					Педиатр дәрігерлер (неонатологтарды қосқанда)				Барлық бейіндегі балалар койкалары			
	2012	2013	2014	2015	2012	2013	2014	2015	2012	2013	2014	2015
Қазақстан	1345,0	1337,0	1229,0	1202,0	1,4	1,3	1,2	1,1	4,5	4,3	4,0	3,9
Ақмола	102,0	102,0	100,0	100,0	1,2	1,3	1,2	1,1	6,1	5,8	5,4	5,1
Ақтөбе	70,0	65,0	56,0	48,0	1,9	1,7	1,4	1,2	3,5	3,3	2,9	3,0
Алматы	185,0	185,0	187,0	187,0	1,1	1,1	1,1	1,0	3,5	3,5	2,8	2,7
Атырау	25,0	24,0	17,0	21,0	0,8	0,7	0,5	0,5	3,8	3,5	3,3	3,1
БҚО	90,0	90,0	28,0	32,0	1,4	1,1	0,9	0,7	5,0	4,8	4,4	4,3
Жамбыл	117,0	119,0	92,0	91,0	1,2	1,1	1,0	0,8	4,3	3,9	3,7	3,5
Қарағанды	57,0	55,0	51,0	42,0	1,7	1,7	1,5	1,3	5,6	4,9	4,6	4,4
Қостанай	78,0	74,0	67,0	66,0	1,3	1,2	1,2	1,0	6,0	5,4	4,9	4,9
Қызылорда	54,0	54,0	54,0	20,0	1,1	1,2	1,2	0,9	3,7	3,8	3,5	3,4
Маңғыстау	59,0	69,0	79,0	54,0	1,1	1,0	1,1	0,9	3,2	3,0	2,7	2,6
ОҚО	230,0	230,0	230,0	294,0	1,2	1,0	0,9	0,8	3,2	3,1	2,9	2,9
Павлодар	32,0	30,0	25,0	23,0	1,6	1,3	1,2	1,0	6,3	5,7	5,3	5,2
СҚО	28,0	32,0	25,0	24,0	1,2	1,3	1,1	1,0	6,6	6,5	5,9	5,7
ШҚО	140,0	127,0	116,0	111,0	1,5	1,3	1,3	1,1	5,2	4,7	4,5	4,1
Астана қ.	22,0	24,0	39,0	54,0	2,7	2,7	2,5	2,1	8,4	8,0	8,0	7,8
Алматы қ.	56,0	57,0	63,0	35,0	2,9	2,7	2,1	1,7	6,1	5,4	5,6	5,3

Дереккөз: «2015 жылдағы Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі», «2013 жылдағы Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі».

Жүргізілген әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері бойынша сұралған мамандардың 62% өздерінің өңірлеріндегі балалардың денсаулық сақтаудың сапалы қызметтерін алуға құқығы толықтай сақталған, 32% - біршамасы ғана, 3,4% - сақталмайды.

Сұралғандардың жартысынан көбі балалардың құқығын сақтауға бағытталған денсаулық сақтау органдарының әрекеттерін өте жақсы деп бағалағандар – 52% және жақсы деп бағалағандар – 22%. Респонденттердің қалған 25% төмен бағалар қойды, бұл дегеніміз денсаулық сақтау органдарының бұл бағыттағы күштерінің жеткіліксіз екенін білдіреді.

20-диаграмма. Денсаулық сақтау органдарының күштерін бесбаллдық шкала бойынша бағалау, %



4.3.2. Зерттеу нәтижелері бойынша кәсіптік медициналық көмек алу үшін жүгінуі


Баланың ауырған жағдайында кәсіптік медициналық көмек алу үшін респонденттердің көпшілігі жүгінеді (76,6%, N=1794), алайда емдеуді өз беттерімен жасайтындардың үлесі жетерлік - 19,6%. Кейбір жағдайларда бала ата-аналарының араласуынсыз өз денсаулығына өзі қарайды (2%). Кейбір

ата-аналар ешкім емделу әрекетін жасамайтынын, ауру өзімен-өзі кетіп қалатынын көрсетті (0,2%).

5 баладан көп балалы отбасыларда ата-аналары салыстырмалы түрде дәрігерге сирек қаралатынын (70,7%), ал балалар өздері емделетіні (11,3%) назар аударарлық жағдай.

Ата-аналар неліктен кәсіптік медициналық көмек алуға жүгінбей, проблеманы өз беттерінше шешуді қалайтындарының себептерін қарайтын болсақ, бұл жағдайда айтарлықтай жиі тараған себептердің бірі медицинаға сенбеушілік, өз беттерінше емделу болып табылады (16%). Басқа таралған себеп тұрғылықты жерде медициналық мекеменің (12%) немесе қажетті дәрігердің (14,3%) жоқтығымен байланысты. Дәрігерге немесе дәрі-дәрмекке ақшаның жоқтығы да себеп бола алады, алайда аз мөлшерде (9,7% және 9%).

21-диаграмма. Ата-аналардың кәсіптік медициналық көмектен бас тартуларының себептері, %



Алайда отбасындағы балалардың санына қарай бөліністе қарастыратын болсақ, көпбалалы отбасыларда кәсіптік медициналық көмек алуға бармаудың таралған себебі дәрігерге баруға (32%) және дәрілер алуға (20%) ақшаның жоқтығы болып табылады. Ал бір және екі балалы отбасыларда – медицинаға сенбеу, өз беттерінше емделуді қалау (тиісінше 20,8 және 20,2). Осылайша, тегін медициналық қызметтердің көлемі көп балалы отбасыларынан шыққан балаларға жеткілікті медициналық күтімді қамтамасыз етпейді және кәсіптік көмек ата-аналарының қаржылық мүмкіндіктерінің шектеулігіне орай қолжетімсіз болып қалуда.

4.3.3. Иммунизация мәселелері

2015 жылы ҚР ҰЭМ СК «ҚР ҰЭМ Ақпараттық-есептеу орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (БҰҰ Балалар қоры – ЮНИСЕФ техникалық және әдіснамалық қолдауы) ынтымақтаса отырып, Қазақстандағы көптеген көрсеткіштер бойынша кластерлік тексерістің (MICS) нәтижелері бойынша балалардың екпемен толық қамтылуы²⁹ 84,1% құрайды.

Бұл зерттеудің аясында мектеп жасындағы бір баласы болса ата-аналар сұралды. Бұл ата-аналардың 82% барлық ұсынылған екпелерді салдыратынын белгіледі, ал 15,8% - солардың ішінде кейбіреулерін ғана салдыратынын айтты. Бұл мәселеде балалардың санымен байланысты қандай да бір заңдылықтар айқындалған жоқ. Өңірлік бөліністе басқа өңірлерге қарағанда вакцинациядан жиі бас тартатын 3 өңірді белгілеуге болады – олар БҚО (5,8%), Астана (4%) және Маңғыстау облысы (4%). Бұл мәселеде көп тәртіпті келетіндер ШҚО ата-аналары (100%).

²⁹ Алғаш туылған кезінде (екінші туылған күнінде – қызылшаға қарсы) Ұлттық екпелер күнтізбесіне сәйкес барлық екпелер салынған 24-35 айлық жастағы балалардың пайыздық үлесі

20-кесте. Өңірлер бөлінісінде балалардың вакцинациясы, N=1731. Медициналық қызметкер ұсынған жағдайда Сіз балаларыңызға екпе жасатасыз ба? Ата-аналардың жауаптары, %

	Иә, әрқашан және барлық ұсынылғандарды	Кейбіреулерін ғана	Жоқ, жасатпаймын	Барлығы
Астана	70,6	25,4	4,0	100
Алматы	79,0	19,3	1,7	100
Ақмола	77,8	22,2	0,0	100
Ақтөбе	91,8	6,6	1,6	100
Алматы	84,6	14,2	1,2	100
Атырау	80,0	17,1	2,9	100
ШҚО	100,0		0,0	100
Жамбыл	90,6	7,3	2,1	100
БҚО	83,2	11,0	5,8	100
Қарағанды	82,6	17,4	0,0	100
Қостанай	84,1	14,5	1,4	100
Қызылорда	95,5	4,5	0,0	100
Маңғыстау	60,6	35,4	4,0	100
Павлодар	83,6	16,4	0,0	100
СҚО	80,2	16,8	3,0	100
ОҚО	84,1	13,6	2,3	100
Қазақстан	82,0	15,8	2,3	100

Ата-аналардың вакцинацияға деген қатынасы көп жағдайда позитивті сипатқа ие – 80% профилактикалық екпелер қажет екенін айтады. Ата-аналардың үрейленулерімен байланысты себептердің арасында жиі кездесетіні – баланың вакцинацияға әсер етуіне қорқы (10,6%), вакциналарға сенбеу (5,7%).

Вакцинацияның баланың денсаулығына маңызды екенін белгілеген ата-аналардың үлесі балалар саны әртүрлі отбасыларының арасында шамамен бірдей. Отбасында балалардың саны қаншалықты көп болса, ата-аналары балаларының вакцинаға әсер беруінен азырақ қорқады, алайда вакциналар мен медициналық қызметкерлердің сапасына көбірек сенбейді.

21-кесте. Балалар саны әртүрлі отбасыларында ата-аналардың вакцинацияға қатынасы, N=1688

	Профилактикалық екпелер маңызды	Мен вакциналарға сенбеймін	Мен медициналық қызметкерлерге сенбеймін	Баланың вакцинаға әсер беруінен қорқамын	Менің түсінігімше, вакцинация біз үшін құптарлық емес
1 бала	80,4	5,0	1,1	14,9	0,0
2 бала	82,2	5,7	1,9	10,8	0,5
3 бала	81,9	5,2	1,9	10,6	0,7
4 бала	82,3	6,2	1,8	8,0	3,1
5 және одан көп	77,9	8,8	4,4	8,1	0,7

Өңірлер бөлінісінде вакциналарға жиі сенбейтіндер екі өңірде – Маңғыстау (19,4%) және Ақмола облыстарында (11%). Медициналық қызметкерлердің кәсібилігіне сенбеушілік басқа өңірлерге қарағанда СҚО (4,4%) және Астана қ. (4,1%) жиі кездеседі. Вакцинаға баланың әсер беруіне қорқу Астана қ. көбірек білінді (21,3%).

22-кесте. Балалар саны әртүрлі отбасыларында ата-аналардың вакцинацияға қатынасы, %, N=1688

	Профилактикалық екпелер маңызды	Мен вакциналарға сенбеймін	Мен медициналық қызметкерлерге сенбеймін	Баланың вакцинаға әсер беруінен қорқамын	Менің түсінігімше, вакцинация біз үшін құптарлық емес
Астана	72,1	5,7	4,1	21,3	0,8
Алматы	80,4	5,4	0,9	12,5	0
Ақмола	73,3	11,1	0	13,3	0
Ақтөбе	88,5	3,3	1,6	4,9	0
Алматы	84,5	3,1	1,9	13	0
Атырау	84,1	8,7	0	5,8	4,3
ШҚО	93,8	0	0	6,2	0
Жамбыл	83,3	3,6	0,5	13	0
БҚО	80,4	5,2	0,7	13,1	0,7
Қарағанды	83,7	3	1,5	12,6	0,7
Қостанай	80,6	9,4	0,7	8,6	1,4
Қызылорда	87	0	0	8,7	0
Маңғыстау	77,4	19,4	2,2	0	1,1
Павлодар	85,7	5,7	0	8,6	0
СҚО	78	5,5	4,4	13,2	1,1
ОҚО	83,3	3,7	5,6	6,5	1,9

4.3.4. Салауатты өмір салтын насихаттау

«2015 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы» баяндаманың негізіндегі қорытындылар мен ұсынымдарды іске асыру жөніндегі 2016-2017 жылдарға арналған ведомствоаралық әрекеттер жоспарын орындау аясында ҚР ДСӘДМ оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың алдын алу жөнінде ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізеді: елде ДДҰ-ның «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер» жобасын белсене іске асыратын 762 мектеп жұмыс істейді; ағымдағы жылдың 9 айы ішінде жалпы республика бойынша 28 571 іс-шара өткізілді, соның ішінде: акциялар – 654, конференциялар – 79, дөңгелек-үстелдер – 944, семинар-тренингтер – 3 667, ашық есік күндері – 131, конкурстар мен спорттық іс-шаралар – 4 945 және өзге іс-шаралар – 15 508, бұл іс-шараларға барлығы 1 318 678 адам қатысқан. Өңірлік деңгейдегі БАҚ-та теле-радиобағдарламалар (211 бағдарлама) ұйымдастырылған, баспа басылымдарда жарияланымдар шыққан (377 жарияланымдар).

Жасөспірімдерге сексуалдық және репродуктивті денсаулығын қорғау, қауіпті түсік тастаулардың алдын алу жөнінде консультациялық қызметтер

көрсету мәселелері жөніндегі жастар орталықтарының жұмысы ұйымдастырылған.

Есірткіге тәуелділік мәселелері бойынша ҚР ДСӘДМ ҮЕҰ бірлесе білім беру объектілерінде және ЖОО-ларда 1 235 іс-шара өткізді, олардың барысында оқу орындарында наркоманияның бастапқы профилактикасын, есірткіге тәуелді адамдардың профилактикасы, оларды емдеу және реабилитациясы, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылы, есірткі бизнесімен күрестің тиімділігін арттыру мәселелері талқыланды.

4.3.5. Балалардың тамақтануы

Денсаулық, балалардың дұрыс тамақтануы олардың толыққанды өмірінің іргетасын қалыптастырады, оардың өсуін, дене және ой тұрғысынан дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда мектептерде тамақтану тегін және ата-аналардың төлеуі есебінен ұйымдастырылған. Жергілікті бюджеттен тегін тамақтану құқығына 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 ҚР Үкіметінің қаулысымен белгіленген оқушылардың жекелеген санаттары ие, соның ішінде – жетімдер, ата-анасының қарауынсыз қалған балалар, аз қамтылған отбасыларының балалар, қиын өмірлік жағдайдағы балалар және т.б. Аз қамтылған отбасыларының оқушыларын тегін витаминді ыстық тамақпен қамтамасыз ету 5.2 бөлімде көрсетілген.


2015 жылы ҚР БҒМ Қазақ тамақтану академиясымен бірлесе бір реттік мектептегі тамақтанудың бірыңғай нормаларын (2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 ҚР ҮҚ-на толықтырулар енгізілді) әзірледі, соған сәйкес білім беру органдары келешектегі мәзірді әзірлейді (2015 жылғы 31 желтоқсандағы №717 ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының бұйрығы).

2015-2016 оқу жылында 6082 мектеп тамақтануды қамтамасыз еткен (мектептердің 86,3 % оқушылардың жалпы санына шаққанда 2 527 848 (93,8 %) балалар үшін).

Мектептерде, мектепке дейінгі және интернаттық мекемелерде тамақтануды ұйымдастыру және тауарлар сатып алу мемлекеттік сатып алулар жүйесінен бөлінген. Өнім берушіні іріктеудің негізгі критерийі тамақтанудың сапасына кепілдік және қызметтер мен тауарлардың отандық өндірушілерін тарту болып табылады.

Баланың денелік амандығы туралы оның тамақтану режимі анық ақпарат береді. Әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері бойынша балалардың көпшілігінде тамақтану реттелген және балалардың 79,2% күніне кем дегенде үш рет тамақтанады. Жағдайды толығымен позитивті деп айтуға болмайды, себебі күніне үш реттен аз емес ешқашан немесе әрқашан емес деп белгілеген балалар болды (тиісінше 2,3%, 17,8%). Егер ата-аналар балалардың базалық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін жағдайда болмаса, бұл балалардың жағдайына аландаушылық тудырады.

22-диаграмма. «Күніне үш және одан жиі тамақтанасың ба?» деген сұраққа балалардың берген жауаптары, N=3243, % жауаптар



Балалардың тамақтануы көбірек мән берулері қажет бірнеше өңірлерді атауға болады. Бұл күніне үш рет ешқашан тамақ жемейтінін айтқан балалардың үлесі жоғары өңірлер – Астана (5,6%), ШҚО (6,1%), Маңғыстау облысы (3,8%). Ақмола (25,7%), Атырау (21,2%), Қарағанды (22,7%) облыстарында, ОҚО (20,9%) жалпы орташа есеппен алған да ел бойынша балалар әрқашан үш мезгіл тамақ жей бермейтінін жиірек айтқан.

Ақмола, Оңтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстарында ата-аналар басқа өңірлерге қарағанда отбасыларында қаржылық қиындықтар бар екенін білдірген, бұл жағдай заңдылық болып көрінеді.

Онымен қоса, Жамбыл облысында ата-аналардың үштен бір бөлігі ақша тамақтануға әрең жететінін белгілеген, 95,6% бала күн сайын үш мезгіл тамақтанады. Үнемі тамақтанудың жоқтығы себептері балалардың ата-аналарында қаражаттың жеткіліксіз болуына алып келмеуі ықтимал.

23-кесте. «Күніне үш және одан жиі тамақтанасың ба?» деген сұраққа балалардың берген жауаптары, N=3243, % жауаптар

	Ешқашан	Әрқашан емес	Әрқашан	Жауап беруге қиналамын
Астана	5,6	18,3	75,6	0,5
Алматы	2	17,6	79,9	0,5
Ақмола	1,6	25,7	72,1	0,5
Ақтөбе	1,4	8,5	89,6	0,5
Алматы	2,1	14	83,9	0,0
Атырау	1,8	21,2	77	0,0
ШҚО	6,1	20,4	71,8	1,7
Жамбыл	2,2	2,2	95,6	0,0
БҚО	1,3	15,4	83,3	0,0
Қарағанды	1,2	22,7	75,2	0,8
Қостанай	1,7	18,1	79,7	0,6
Қызылора	0,8	7	89,8	2,3
Маңғыстау	3,8	25,2	69,7	1,3
Павлодар	1,2	18	79,6	1,2
СҚО	1,8	16	80,4	1,8
ОҚО	2,2	20,9	76,4	0,4
Қазақстан	2,3	17,8	79,2	0,7

Бір аптаның ішінде пайдаланатын азық-түліктердің жиыны балалардың тамақтану сапасын бағалауға мүмкіндік береді. Балалардың жауаптары ата-аналары көп жағдайда баланың рационы теңгерімді болғанына, ет өнімдерін, көкөністерді, жеміс-жидектерді және т.б. қамтығанын қадағалап отыратынын білдіреді. Бала күнде жейтін азық-түліктердің ішінде дәстүрлі түрде бірінші орынды нан алады (77,8%).

Отбасындағы балалардың саны тамақтанудың тазалығына, оның құрамына еш әсер етпейді. Көп балалы отбасыларда іріктеме бойынша орташаға қарағанда ет (65%), сыр/ірімшік (25,9%) көкөністер (54%), шырындар (34,8%) және кәмпиттер (31%) үстелде сирек болады. Сары майда мұндай отбасыларда көбірек жейді (49,6%).

Сұралған балалардың бесінші бөлігі үнемі организмге, әсіресе балалар организміне зиянды өнімдерді пайдаланатынына назар аудару қажет (тәтті газдалған сусындар - 21%, чипсы - 14%), бұларды пайдалану диабет, остеопороз, онкологиялық аурулар, семіздік сияқты аурулардың дамуына түрткі болуы мүмкін. Яғни, денсаулыққа зиянды бұл өнімдерді тұтынуға рұқсат бере отырып, ересектер амалсыздан балаларында ауыр аурулардың дамуына ықпал етеді.

24-кесте. «Төменде берілгендерің ішінде қайсысын сен аптасына үш реттен көп жейсің/ішесің?» деген сұраққа берілген жауаптар, N=2298, %

	Ет	Ботқалар	Сорпалар	Сүт	Сыр/ірімшік	Сары май	Жемістер	Көкөністер	Шырындар	Макарондар	Нан	Кәмпиттер	Шұжық	Чипсы	Газдалған сусындар
Астана	71	36	44	53	33	35	73	55	46	46	70	38	42	16	26
Алматы	64	45	55	60	45	36	82	67	44	39	71	32	29	5	13
Ақмола	73	42	66	47	41	38	69	58	48	48	78	58	51	18	20
Ақтөбе	75	45	52	59	33	46	79	62	55	57	84	55	40	16	20
Алматы	83	42	61	70	33	42	41	51	33	50	91	38	32	9	16
Атырау	71	35	40	48	31	30	71	60	48	51	78	37	29	18	25
ШҚО	80	51	61	64	47	42	69	59	45	51	74	47	40	15	25
Жамбыл	71	35	76	56	20	44	76	73	26	71	95	28	22	17	24
БҚО	73	36	31	62	32	38	81	66	52	51	78	45	36	15	19
Қарағанды	68	40	71	48	38	43	78	57	40	38	72	38	35	9	17
Қостанай	66	44	67	57	35	31	65	61	38	49	85	44	40	14	16
Қызылора	72	27	53	60	20	38	66	50	27	38	80	32	30	9	19
Маңғыстау	63	21	37	43	14	22	67	44	35	30	62	23	21	17	25
Павлодар	76	40	43	56	40	41	71	67	54	49	85	53	37	14	21
СҚО	65	44	65	55	33	37	77	66	53	52	81	53	50	17	28
ОҚО	56	24	47	43	25	43	70	45	36	31	72	36	28	14	21
Қазақстан	70	38	53	55	33	38	71	58	43	46	78	42	35	14	21

Деректерді өңірлер бөлінісінде талдау көрсеткендей, етті Алматы облысында (83%) және ШҚО (80%), жемістерді Алматы (82%) және БҚО (81%) жиі пайдаланды. Көкіністер - Жамбыл (76%), Павлодар (67%),

СҚО (66%) және Алматыда (67%). Астанада (16% және 26%), ШҚО (15% және 25%), Қызылорда (9% және 19%) және СҚО (17% және 28%) чипсы мен газдалған сусындарды пайдалануға жиі рұқсат береді.

Мұндай тіпті үстіртін шолу көрсетіп отырғандай, әрбір өңір балаларға қолжетімді азық-түліктер өзіндік жинағына және тамақтану ерекшелігіне ие, бұл дұрыс тамақтанудың бағдарламасын жасағанда ескеру маңызды болуы мүмкін.

1.4. Ұсынымдар

Қазақстанның сәби және бала өлімі орташа деңгейден жоғары облыстарында білікті мамандармен қамсыздандыруды жақсарту, медициналық мекемелерді материалдық-техникалық жабдықтармен қамту, балалардың ерте жастан сырқатын анықтайтын құралдармен қамту бағдарламаларын енгізу керек.

Туа біткен ауытқулары бар балалардың санын азайту үшін республикамыздың, оның ішінде ауылдық жерлердегі барлық әйелдерге медициналық-генетикалық кеңес беру және ауруды алдын-ала анықтау үшін перинаталдық диагностиканы қолжетімді қылу керек.

Тыныс алу жолдарымен ауыратындардың санын азайту мақсатында балаға жеке күтім керек, ол кешендік профилактикалық, емдеу және сауықтыру бағдарламасынан тұрады. Жоғары тыныс алу жолдары ауырған балаларды сауықтыру бағдарламасы баланың барлық звеносына (отбасы, мектеп жасына дейінгі мекеме, мектеп, емхана, шипажай) біріктірілуі тиіс.

Балалардың көз көруін сақтап қалу үшін дәрігер-офтальмологтарды, педиаторларды, ата-аналарды, тәрбиешілер мен мұғалімдерді жұмылдыру арқылы алдын алу шараларын әзірлеу керек. Сабақтарда оқушының әрекеті дер кезінде өзгеріп тұруы тиіс, 2-3 минуттық үзіліс енгізілу керек. Ата-аналар мен балаларға үй жағдайында сабақ оқуды дұрыс ұйымдастыра білуді түсіндіру керек.

Баланың денсаулығын ескере отырып, дене шынықтыру сабақтарында балаларды медициналық топтарға бөлу керек: негізгі, дайындық және арнайы. Дене шынықтыру сабағын балалардың денсаулық ерекшеліктерін ескере отырып, жүргізген абзал.

Омыртқасы ауыратын балаларды алдын ала емдеу үшін сколиоз немесе жалпақ табандылыққа әкелетін, баланың омыртқасына түсетін салмақ мәселесін шешу керек: 1) оқулықтардың екінші жинағын алуға рұқсат беру, мектеп жинағын мектепте қалдыру (көптеген шетелдерде осылай жасалады), 2) электронды оқулықтар жасап, енгізу керек, бір электрондық оқулықта барлық оқулықтар болады, бұл мектеп сөмкесінің салмағын бірден шешетін мүмкіндік.



5-тарау
Балалар және отбасы



5.1. Отбасы және балалар

«Отбасы қоғамның табиғи және негізгі ұясы болып табылады және қоғам мен мемлекет тарапынан қорғалуға құқылы».

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 16.3 бап


Мемлекет отбасының негізгі рөлін мойындай отырып, отбасын және отбасындағы балаларды қолдау жөнінде іс-шаралар өткізеді. Жағымсыз көріністерді жою, сондай-ақ отбасының қоғамдағы рөлін нығайту мақсатында «ҚР-да отбасылық қатынастарды моральдық-этикалық және рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтудың 2015 – 2020 жылдарға арналған жалпыұлттық іс-шаралар жоспары» қабылданды. Отбасы институтын нығайту, ана мен баланы қорғау, жастарды қолдау, кәрілікті лайықты қамтамасыз ету жөнінде іс-шаралар қарастырылған.

Қазақстанда бірнеше жылдар бойына екі және одан да көп балалары бар отбасылардың саны артуда, бұл отбасын, ана мен баланы қолдау жөніндегі мемлекеттік саясаттың нәтижесін білдіреді.

ҚР ҰЭМ СК³⁰ үй шаруашылықтарын іріктемелік тексеру нәтижелері бойынша 2015 ж. 18 жасқа дейінгі балалары бар үй шаруашылықтарының орташа мөлшері 4,4 адамды құрады, бұл үй шаруашылықтарындағы балалардың орташа саны – 1,9. Тексерілген үй шаруашылықтарының іріктемелік жиынтығының ішінде³¹ 18 жасқа дейінгі балалары бар үй шаруашылықтарының саны 53,6% құрайды. Балалары бар үй шаруашылықтары келесі түрде бөлінген: 44,6% отбасында бір баласы (48% - 2010 ж.), 33,8% екі баласы (33% - 2010 ж.), 14,5% үш (13% - 2010 ж.), 7,1% төрт және одан көп балалары (6% - 2010 ж.) бар.

2010 және 2015 жж. салыстыру трендінің отбасыдағы балалардың саны баяу, бірақ артқанын дұрыс көрсетеді.

23-диаграмма. Үй шаруашылықтарының балалар саны бойынша бөлінуі



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК

³⁰ Үй шаруашылықтарын ҚР халықтың өмір сүру деңгейі бойынша зерттеуді ҚР СК тоқсан сайын республиканың барлық облыстарында, Астана және Алматы қалаларында іріктемелі әдіспен жүргізеді. Зерттеу бірлігі болып үй шаруашылықтар және олардың жеке мүшелері табылады. Өмір сүру деңгейі бойынша зерттеуге жататын үй шаруашылықтар іріктемесі 12 000 құрайды.

³¹ Сол жерде

Көп балалы отбасылар

Қазақстандағы көп балалы аналардың саны 2015 жылы 232 159 (216 639 – 2013 ж.) құрайды, 2013-2015жж. серпінінде бұл сан 7%-ға өскен.

Қазақстанда көп балалық аймақтық ашық көрінген мінезге ие болады — көп балалық дәстүрлі жоғары деңгейлі 5 облыстар бөлінеді: ОҚО, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау. Олар жалпы алғанда көп балалы аналардың жалпы санынан алғанда 71,8% көп балалық көрсеткішті береді.

25-кесте. 2013-2015 жж. өңірлер қимасындағы көп балалы аналар бойынша деректер*.

	2013	2014	2015	Үлес, %, 2015 жыл
Ақмола	4 405	4 725	4 670	2,0
Ақтөбе	7 155	7 706	7 800	3,4
Алматы	22 645	24 612	24 893	10,7
Атырау	8 841	9 705	9 926	4,3
БҚО	4 121	4 352	4 292	1,8
Жамбыл	20 913	22 355	22 531	9,7
Қарағанды	7 631	8 218	8 292	3,6
Қостанай	3 504	3 641	3 581	1,5
Қызылорда	16 960	17 887	17 722	7,6
Маңғыстау	12 124	13 639	13 959	6,0
ОҚО	85 482	88 117	87 578	37,7
Павлодар	2 992	3 222	3 210	1,4
СҚО	2 425	2 464	2 372	1,0
ШҚО	7 508	8 171	8 238	3,5
Астана қ.	4 745	5 885	6 803	2,9
Алматы қ.	5 188	6 582	6 293	2,7
Қазақстан	216 639	231 281	232 159	100

* Көрсеткіш: Бірге тұратын кәмелетке толмаған 4 және оданда көп балалары бар, арнайы мемлекеттік жәрдемақы алатын аналардың саны. ҚР ДСӘДМ деректері бойынша.

Дереккөз: «Қазақстанның ер-азаматтары мен әйелдері». ҚР ҰЭМ СК статистикалық жинағы. Астана 2015ж.

Толық және моно ата-аналы отбасылар

Толық және моно ата-аналы отбасыларында тұратын балалар бойынша ресми статистиканы ҚР ҰЭМ СК халық санағының деректері бойынша береді. Соңғы санақ 2009 жылы өткізілді, сәйкесінше бұл тарауда сол мезгілдегі өзекті деректер келтірілген, бірақ мәселелер жиынтығының жалпы түсініктерін алу үшін оларды қарауға болады, себебі өткен жылдарда отбасылар, балалар, отбасылардағы ажырасулар саны бойынша көрініс түбегейлі өзгерген жоқ.

Статистикаға сәйкес толық отбасылар балалы отбасылардың ортақ санының 72,3% құрайды. Қалғандары бұлар ата-анасының біреуімен, немесе ата-анасыз отбасылар. Ажырасулар, некесіз туулар, жесірлік салдарынан моно ата-аналы отбасыларда тұратын балалардың саны айтарлықтай жоғары, орта есеппен 21,5% ата-анасының біреуімен, сонымен қатар 15,1% тек аналарымен, 6,4% әкелерімен тұрады.

24-диаграмма. Үй шаруашылықтарында тұратын балалардың отбасылық жағдайы, %



Дереккөз: 2009 ж. халық санағының деректері. ҚР ҰЭМ СК

Еуропадағы отбасылар құрылымының жағдайы туралы ақпараттық деректер ұқсас көріністі көрсетеді, сондай-ақ отбасының өзгеруінің заманауи үрдісі туралы айтады. Инноченти Зерттеу орталығының (ЮНИСЕФ) деректері бойынша Еуропа елдеріндегі 80%-ға жуық балалар ата-аналарының екеуімен тұрады. Деректер айтарлықтай сәйкес келмейді: Грекия мен Италияда 90%-дан жоғарыдан, Ұлыбританияда 70%-ға дейін. Балалардың 9%-дан азы Бельгия, Греция, Италия, Португалия және Испанияда бір ата-анамен тұрады, бұл көрсеткіш Дания, Финляндия, Норвегия және Швецияда 15%-ға дейін артады. Австрия, Чехия Республикасы, Франция, Германия, Венгрия, Нидерланд, Польша және Швейцарияда балалардың 10%-дан 15%-ға дейінгі бір ата-анамен тұрады.³²

Ажырасулар

Қазақстанда отбасының бұзылуы қалыпты жағдай бола түсуде, соның ішінде балалары бар отбасыларға да. Елде ҚР СК ресми деректеріне сәйкес әрбір үшінші неке ажырасумен аяқталады.

ҚР ҚСЖАЕК деректері бойынша 2016 жылдың 9 айында азаматтық істерді қарайтын сот органдары балалары кәмелетке толмаған отбасылардың ажырасу туралы 24 614 талабын қанағаттандырды (2015 жылы 35 727). Егер балалары бар үй шаруашылықтарында орта есеппен 1,9 бала деп есептесе, онда 2016 жылдың 9 айында толық емес отбасыда тәрбиеленіп жатқан балалар санатына шамамен 46 766 балалар ауысты.³³

³² Child Poverty in Perspective: An overview of child well-being in rich countries, UNICEF Innocenti Research Centre, 2007.

³³ Балалардың орташа санын авторлар есептеген және жобалы сан болып есептеледі. Есеп ҚР Статистика комитетінің 2015 жылғы үй шаруашылықтарындағы балалардың орташа саны туралы деректері негізінде жүргізілген.

26-кесте. Балалары кәмелетке толмаған отбасыларындағы ажырасу туралы мәліметтер

	Балалары кәмелетке толмаған отбасыларындағы ажырасулар	
	2015	2016 жылдың 9 айы
Ақмола	1639	1027
Ақтөбе	1687	1271
Алматы обл.	3489	2725
Атырау	1117	743
БҚО	1159	938
Жамбыл	2038	1424
Қарағанды	3254	2187
Қостанай	2071	1477
Қызылорда	1379	1062
Маңғыстау	1043	783
ОҚО	3519	2464
Павлодар	2076	1359
СҚО	1340	964
ШҚО	3164	2317
Астана қ.*	2700	1746
Алматы қ.	4052	2127
Қазақстан	35727	24614

Дереккөз: ҚР БП ҚСЖАЕК * Бас әскери прокуратураның деректері бойынша 1 ажырасу есепке алғанмен.

Ажырасулардың себептері және балалар (әлеуметтік зерттеу бойынша)

Ажырасулар күнделікті құбылысқа айналуына жаһандық себепті мамандар отбасы құндылығының төмендеуі деп атайды. Сарапшылардың пікіріне сәйкес ажырасулар ерлі-зайыптылар отбасылық өмірге психологиялық және тәжірибелі түрде дайын емес отбасыларда кездеседі. Мәселені қарапайым қазақстандықтардың көзімен талдау бірінші кезекте ажырасу отбасындағы өзара түсіністіктің бұзылуымен және дене зорлық-зомбылығын қолдануымен уағдыланғанын көрсетті, сұралған сауалнамаға жауап берушінің 75% егер отбасында өзара түсінушіліктің бұзылу жағдайына байланысты өміріне келтіретін қауіп болса, ажырасу мүмкін деп санайды, 29% махаббаттың жоқтығы туралы, 25% ерлі-зайыптылардың ортақ өмірді қабылдамауы туралы айтады. Сонымен қатар материалдық қиындықтар да себеп болып табылады: жұмыстың, тұрғын үйдің, табыстың жоқтығы.

Ажырасу кезінде ең басты зардап шегетін бала, ол отбасының ажырасуын бәрінен көп уайымдайды. Жоғарыда айтып кеткендей, 2016 жылы ажырасу салдарынан 46 766 шамасындай балалар бір ата-анасыз тәрбиеленеді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша сұрауға қатысқан балалардың 3,6%-ы ата-аналарының ажырасуы өз өмірінде кездескен маңызды мәселелердің бірі екенін көрсетті (0-17 жас аралығындағы балалардың ресми санына қайта есептегенде бұл 196 576 бала). Мұндай мәселелі балалардың ең үлкен үлесі Астанада (6,2%), ШҚО (6,5%), Қарағанды облысында (6%), СҚО-да (5,4%).

Ата-ана құқықтарынан айырылу

Отбасындағы жағымсыздықтың алдын-алу бойынша жұмыстардың жүргізіп жатқанына, мектеп психологтары мен инспекторлардың, сынып жетекшілерінің, әлеуметтік педагогтардың атқарған жұмыстарына қарамастан басты мәселе ата-ана құқықтарынан айырылу және оның шектетілуі болып қалады. Біз жыл сайын ата-ана құқықтарынан айырылған, не шектелген 2 мыңға жуық отбасыларға ие боламыз. Ата-аналардың бала тәрбиелеу құқықтарынан айыру, бірақ кейде баланы отбасындағы жағымсыздықтан және зорлық-зомбылықтан қорғау мақсатындағы мәжбүрлі және жалғыз ақырғы шара болып табылады.

ҚР ҚСЖАЕК деректері бойынша 2016 жылдың 9 айында балаларды тәрбиелеу құқығынан айыру туралы қанағаттандырылған талаптардың саны 1530 (2015 ж. 1749), ата-ана құқықтарының шектетілуі 173 (2015 ж. 236) құрады. Олармен салыстырғанда балаға деген құқығын толық қалпына келтірген отбасылар саны өте аз, бар болғаны 53, бірақ дегенмен олар бар, отбасыға оның мәселелеріне көңіл аудара отырып, нақты қолдау көрсетілген жағдайда, қалпына келтірулерді бірнеше есе арттыруға болатындығын айтады.

Ата-ана құқықтарынан айырылудың көп мөлшері ОҚО (196), ШҚО (187), Павлодар (183), Қарағанды (172), Алматы облыстарында (118), Алматы (125), Астана (100) қалаларында байқалады.

27-кесте. Ата-ана құқықтарынан айырулар, шектетілулер, қалпына келтірулер туралы мәліметтер, саны

	Ата-ана құқықтарынан айыру		Құқықтарының шектетілулері		Құқықтарын қалпына келтіру	
	2015	2016 ж. 9 айы	2015	2016 ж. 9 айы	2015	2016 ж. 9 айы
Алматы	121	78	11	9	8	5
Ақтөбе	76	44	0	0	4	1
Алматы	153	118	13	10	6	5
Атырау	38	32	12	3	2	0
БҚО	33	30	12	8	7	0
Жамбыл	37	35	3	1	1	3
Қарағанды	174	172	32	29	10	6
Қостанай	111	90	16	10	1	1
Қызылорда	36	35	3	5	0	1
Маңғыстау	27	29	5	2	0	0
ОҚО	165	196	1	0	0	1
Павлодар	206	183	109	72	19	14
СҚО	77	76	1	2	4	2
ШҚО	192	187	5	9	6	8
Астана қ.	128	100	10	4	4	5
Алматы қ.	175	125	3	9	0	1
Барлығы	1749	1530	236	173	72	53

Дереккөз: ҚР ҚСЖАЕК

5.2. Отбасы мен балалық шақты қолдау

Азаматтардың ҚР Конституциясында бекітілген отбасыларды, ана мен баланы мемлекеттік қолдау құқығын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік органдар аналық, әкелік және балалықтың қоғамдық маңыздылығы мен мәртебесін көтеру, отбасылық құндылық пен дәстүрді насихаттау, отбасының беделін көтеру бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр.

Қазақстанда экономикалық дағдарыс қаупіне қарамастан балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау әлеуметтік саясаттың басым бағыты болып табылады.

Балалы отбасыларды экономикалық қолдау «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» ҚР Заңына, «ҚР арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» ҚР Заңына, «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» ҚР Заңына сәйкес іске асырылады.

ҚР ДСӘДМ мемлекеттік әлеуметтік көмек туралы деректері бойынша 2016 жылғы 1 қыркүйекте кедейліктің шегінен де төмен тұратын 25,7 мың азаматтарға атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) тағайындалды. АӘК тағайындалғандар санының ішінде балалардың құрайтын мөлшері 67,3 %-дан жоғары, балаларды бағып күтумен айналысатын тұлғалардың үлесі 12,5%. Республика бойынша тұтас алғанда АӘК орташа айлық мөлшері бір алушыға 2670,5 теңге құрайды.

18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы (1.09.2016 ж.) 537,4 мың балаға тағайындалды, оның ішінде ауылдық жерде тұратын балалардың үлесі 69,5 %-ды құрайды. Республика бойынша тұтас алғанда МБЖ орташа айлық мөлшері бір алушыға 2670,5 теңге құрайды.

74,1 мың отбасыға баспаналық көмек тағайындалды. Аталған жәрдемақының орташа айлық мөлшері есеппен 2263,7 теңгені құрайды.

Отбасы мен балаларды Әлеуметтік қорғау жолы бойынша қорғаудан басқа «Қамқорлық», «Мектепке жол» акциялар іс-шаралары шеңберінде де көп көңіл бөлінеді. 2016 жылы «Қамқорлық» акциясы шеңберінде жағдайы төмен отбасылардан шыққан 160 000-ға жуық балаға 700 млн. теңгеден аса сомаға көмек көрсетілді, соның ішінде 90 мың бала 300 млн. теңгеден аса сомаға демеушілік көмекпен қамтылды.

2016 жылғы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» республикалық акциясы өткізілді. Ағымдағы жылы бұл ҚР БҒМ әлеуметтік бағытталған бастама Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған және «Бақытты балалық шақ мекені» ұранымен өткізілген. Акцияны бизнес-компаниялар мен қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік мекемелер, банктар, кәсіпкерлер, ұялы операторлар және қарапайым қазақстандықтар. Айрықша белсенді қатысушылардың есебінде: *«Нұр Отан» партиясы, орталық мемлекеттік органдар — БҒМ, ІІМ, ДСӘДМ, ИДМ, СІМ, ӘМ, МСМ, ҰЭМ, АШМ, сондай-ақ «Билайн» компаниясы, «Астан Экспо» АҚ, «Сбербанк» АҚ, ҚФ «KZ», ҚФ «ДАР» АО «Халық банк» және басқалар.*

Акцияның нәтижесі бойынша жағдайы төмен отбасылардан, көп балалы отбасылардан шыққан 321 424 бала жалпы сомасы 2 млрд. 468 млн. 785 мың 267 теңгеге (2015 ж. – 318 026 бала 2,2 млрд. теңге сомасына) материалдық

және қаржылай көмек алды, сондай-ақ 223 948-ден көп балаға демеушілер мен меценаттар 1 млрд. 801 млн. 95 мың теңгеге (2015 ж. – 200 000 бала 1,5 млрд. теңге сомасына) көмек көрсетті.

Өткен жылғы «Мектепке жол» акциясының нәтижесімен салыстырғанда балаларды қамтыған жәрдемақы 3 398 адамға артқаны байқалады, көрсетілген жәрдемақы 268 млн. 785 мың теңгеден аса сомаға өсті, демеушілер бөлген қаржы 300 млн. теңгеден аса сомаға өсті.

Мектепте оқу мезгіліндегі әлеуметтік тұрғыдан осал отбасылардан шыққан балаларды қорғаудың бір түрі ыстық тамақпен қамту болып табылады. Бұл санаттағы балалар үшін мектепте бір мезгіл тамақпен қамту бірыңғай ережелері бекітілген (2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 ҚР ҰҚ-на қосымшалар енгізілген). 2016 жылдың 9 айында 6 082 мектепте (86,3%) ыстық тамақ беру ұйымдастырылды, 2014 ж. — 6 043 мектепте (84,9%). Қамту 2 527 848 баланы (93,8%) құрады, 2014 ж. 2 225 688 (86,1%). 2015 ж. қорытындысы бойынша жағдайы төмен отбасылардан шыққан 247 925 (100%) оқушы тегін тамақпен қамтамасыз етілген (100% жоспармен).

«Мектепке жол» акциясы жүргізілген тоғыз жыл ішінде 2 млн. 345 мың 812 бала жалпы сомасы 15 млрд. 79 млн. 842мың теңгеге материалдық көмек алды

Отбасыны қолдау тек әлеуметтік-экономикалық жағынан ғана шектеліп қоймайды. Елде әртүрлі адамгершілік-рухани бағыттағы мәдени-демалыс іс-шаралар өткізіледі.


Жыл сайын Қазақстанда (қыркүйек) екінші жексенбі күні Отбасы күні өткізіледі. 2016 жылы Отбасы күні аясында бірнеше іс-шаралар өтті: «Отбасы - тәрбие бастауы» тақырыбындағы сынып сағаттары, сурет салу конкурстары, интеллектуалды викториналар, отбасылық спорттық эстафеталар, отбасылық шығармашылық фестивальдар жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған үкіметтік емес ұйымдар, қайырымдылық қорлар тартылған акциялар.

5.3. Отбасылық құндылықтар, дәстүрлер, тәрбие

Баланың аман-сауалығы белгілерінің бірі баланың отбасында өзін бақытты сезінуі болып табылады. Сауалнама көрсеткендей, отбасында тәрбиеленген балалар өз бақыттарын орташа есеппен 9 балға (мүмкін болатын 10 балдың ішінен) бағалаған. Ал отбасынан жырақтағы және түрлі себептермен білім беру мекемелерінде жүрген балалар өздерінің бақытты сезінулерін 8,5 балға бағалаған және КТБО-дағы балаларда неғұрлым аз баға – 7 балл.

Өңірлік бөліністе орташа баға 8,5-9,3 диапазоны аралығында. Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында барынша аз баға берілген (тиісінше 8,5 және 8,7).

25-диаграмма. Балалардың өз бақыттарын бағалауы (5 балдық бағалау шкаласы)



Балалар ең басты құндылықты отбасы мен ата-аналар деп санайды – 72%, екінші орында – денсаулық (56,6%), үшінші орында – махаббат пен достық (42,6%). Балалар үшін анықтауыш құндылықтар сондай-ақ қауіпсіздік, қорғандылық, еңбек және жұмыс (32%), тәртіп (28%), қызықты өмір (20%).

Ата-аналардың ойлары бойынша, бірінші орында баланың денсаулығы – 91%, бала үшін отбасындағы берекенің маңыздылығын ата-аналардың 59%, баланың қорғандылығы мен оның қауіпсіздігін 42,6%, материалдық молшылықты (30%) белгілеген.

Адамгершілік, әділдік, мейірімділік, толеранттылық, жауапкершілік, қадір-қасиет пен құрмет, білім, адам құқықтары, тәуелсіздік, экологияны сақтау, руханият және т.б. сияқты құндылықтардың маңыздылығын балалар да, ата-аналар да салыстырмалы түрде төмен бағалаған.

Осылайша, балалар мен ата-аналар үшін өз күнін көру құндылықтарының өзін-өзі таныту құндылықтарынан жоғары.

1971 жылы Рональд Инглхарт (Inglehart R.) өз жұмысында егер адам алғашқы игіліктердің (тамақ, тұрғын үй, киім) тапшылығы жағайдында өссе, онда онда өз күнін көру құндылықтары қалыптасады, ал бұл кезде бедел, ұтымдылық, тәртіп, қауіпсіздік жоғары бағаланады. Егер де бала үшін негізгі игіліктердің болуы табиғи жағдай болса, онда ол өсе келе толеранттылық, азаматтық қатыстылық, табиғатты қорғау және өзін-зі тану идеялары көп маңызға ие болатын адамға айналады.


Дерек көзі: Inglehart R. The Silent Revolution in Europe: Intergenerational. Change in Postindustrial Societies // The American Political Science Review. 1971. Vol. 65. P. 991-1017

28-кесте. Бала үшін өмірдегі құндылықтар, балалар мен ата-аналардың пікірі, %

	Балалар	Ата-аналар
отбасы, ата-аналар, туыстар	72	59
денсаулық	56	90
махаббат, достық, ортақтық	43	20
қауіпсіздік, қорғандылық, тұрақтылық	32	43
еңбек, жұмыс	32	19
тазалық, тәртіп	28	30
ана тілі, салт-дәстүрлер мен мәдениет	21	24
қызықты өмір және сүйсіну	20	10
мейірімділік, адамгершілік, айналасындағыларға қамқорлық таныту	19	20
әдептілік, адалдық, әділдік	17	23
қадыр-қасиет, өзін және өзгені құрметтеу	15	19
адам құқықтары, бостандық және теңдік	12	14
білім, интеллектуалдық даму	12	22
тәуелсіздік	11	7
материалдық игілік	10	30
әуестену, хобби	10	4
табиғатпен қарым-қатынас, экологияның сақтау	9	9
жауапкершілік	9	15
сенім, дін	7	5
төзімділік, толеранттылық	6	8
қазақ мәдениетіне, тіліне қосылу	6	9
қатарластарының көзқарасы, беделі	4	5
руханият, ішкі гармония	4	5
қоғамдық танылу	1	2

Әрбір отбасында балалар мақтан тұтатын өз дәстүрлері бар және кейіннен олар оны өздерінің жеке дербес өмірлеріне көшіреді. Барынша көп тараған дәстүрлер отбасылық мерекелер, туған күндер - 63%, үй жағдайында отбасымен бірге түскі астар (кешкі астар) - 62% болып табылады. Бос уақыттың қалған түрлері айтарлықтай артта қалады, отбасылық уақыт өткізудің ұжымдық-шығармашылық, спорттық, мәдени түрлері көп тарамаған.

26-диаграмма. Отбасылық дәстүрлер, сұралған ата-аналар үлесі



Балалардың эмоционалдық амандығы ата-аналарымен сапалы өзара қарым-қатынасымен, ата-аналардың баланың қажеттілігіне, уақытты қалай өткізуіне, әлеуметтік байланыстарына және т.б. мұқият қарауымен қамтамасыз етіледі.


Зерттеулер нәтижелері аталған мәселелерге қатысты ахуал айтарлықтай сәтті екенін көрсетеді: ата-аналардың 95% өз балаларының достарының аттарын біледі, 94% баланың күні қалай өткенін және баланың күні-бойы не жегенін айтып бере алады.

Ата-аналардың 92,7% баламен оны қызықтыратын тақырыпта сөйлеседі, бірақ бұл әңгімелерге бөлетін уақыт саны әртүрлі. Ішінара алғанда, ата-аналардың 29,3% баламен әңгімелесуге күніне 30 минутқа дейін уақыт бөледі, ата-аналардың 29,6% баламен бір сағаттай әңгімелеседі, қалғандары баламен әңгімелесуге 2 сағаттан артық уақыт бөледі.

Балалардың жауаптарын талдау ата-аналарымен сенімге негізделген қарым-қатынас балалардың барлығында бірдей құрыла қоймаған, тек балалардың 69% анасымен, әкесімен ішіндегі сырын бөлісе алады, 41% сырларын достарына ашады, 26% туған бауырларына, апа-сіңлі, қарындастарына айтады.

Балалар ата-аналарын негізінен мектеп істері (83%), өзін-өзі сезінуі (76%), тамақтануы (73%) қызықтыратынын айтады. Әрі қарай басымдылығы бойынша балалардың бос уақыты, достарымен араласуы мәселелері айтылады. Ата-аналарды қызықтыратын мәселелер тобын баланың теледидар бойынша не көретіні, қандай музыка тыңдайтыны, қандай компьютерлік ойындарды ойнайтыны, әлеуметтік желілерде кіммен қарым-қатынас жасайтыны туралы мәселелер тұйықтайды. Осылайша, баланың виртуалды қарым-қатынасы мәселесі көптеген ата-аналарды қызықтыратын мәселелердің басымдылығына кірмейді.

27-диаграмма. Менің ата-анамды қызықтыратыны, балалар жауаптарының %



Сауалнаманың нәтижелерін түйіндей отырып отбасындағы негізгі құндылықтар өзінің күн көру құндылықтары (денсаулық, махаббат, қауіпсіздік, жұмысы болуы, тәртіп), өзін-өзі таныту құндылықтары болып табылады, адамгершілік-рухани жақтары, азаматтылық азырақ басымдылыққа ие.

Отбасын біріктіретін, ұжымдық рухты, жауапкершілікті, ынтымақтастықты, салауатты өмір салтын қалыптастыратын отбасылық ойындар, бірлескен мәдени, спорттық-сауықтыру іс-шаралары сияқты отбасылық құндылықтар кең таралмаған.

Сұрақ берілген ата-аналардың үштен бір бөлігі баламен қарым-қатынасқа күніне 30 минуттан аз уақыт бөледі, балардың бәрі бірдей ата-аналарымен сенімге құрылған қарым-қатынаспен мақтана алмайды. Ата-аналардағы балаға қатысты барынша басымдылық қызығушылықтар аясы айтарлықтай әралуан емес, негізінен базалық қажеттіліктерді (тамақтану, денсаулық, оқу) қанағаттандыру деңгейінде.

5.4. Ұсынымдар

Балаларды қолдау орталықтарын заңнамалық тұрғыдан бекіту. Балалар үйлерін трансформациялау арқылы Отбасылар мен балаларды қолдау орталықтарын құру практикасын жалғастыру.

Қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларды шартталған қолдау бағдарламасын әзірлеу. Бағдарламаға қолдаудың мына бағыттарын қосу қажет: психологиялық-педагогикалық, материалдық, тұрғын үй-тұрмыстық, еңбекке орналастыру. Әр түрінің қажеттілігі отбасының сұранысына орай анықталады.

Отбасын сақтау және ажырасулар санын азайту мақсатында елімізде ерлі-зайыптыларды некені бұзғанға дейін татуластыру үшін міндетті медиация процедурасын заңнамалық тұрғыдан бекіту.

Отбасылық өмірге дайындау мектебі жобасын әзірлеу. Жастарды отбасылық өмір мәселелерінде ағарту, ерлі-зайыптылардың жанжалдарын ерте кезеңінде айқындау және шешу, жастарды құндылықтық-адамгершілік тәрбиелеу мақсатында.

Сауалнама мәліметтерінің негізінде рухани-адамгершілік аспектілерді дамытуға одан да көп назар аудару, ата-аналарды баламен қарым-қатынас мәселесінде ағарту, ата-аналардың назарын баланың немен айналысатынына аудару.



6-тарау
Демалыс, бос уақыт

6.1. Жазғы демалысты ұйымдастыру

Балалар үшін жазғы демалыс баланың барлық тіршілік әрекетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Жазғы демалысты ұйымдастыруда балаларды сауықтыру, дене және психикалық денсаулығын нығайту, сол мезетте бала тұлғасының өзін-өзі танытуы үшін жағдайлар жасау өте маңызды.

Балалардың жазғы демалысы мен жұмыспен қамтылуын жүйелі және сапалы ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ ҚР Премьер-Министрінің «2016-2019 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» Өкімін қабылдады, 2016 жылғы жазғы демалыстар кезеңінде балалардың демалыс, бос уақыты және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру жөніндегі (ҚР БҒМ 22.02.2016ж. №162 бұйрығы), білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі (ҚР БҒМ 28.04.2015ж. №407 бұйрығы) бірлескен іс-шаралардың Ведомствоаралық жоспарлары, балаларды сауықтыру ұйымдарында тәлімгерлерді жұмысқа даярлау бойынша нұсқаулық (ҚР БҒМ 19.04.2016 ж. №290 бұйрығы) бекітілді.

2016-2018 жылдарға арналған жазғы демалыс кезеңінде балаларды сауықтыру демалысы мен жұмыспен қамтылуын, балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың Жол картасы бекітілді, мұнда 2016-2018 жылдарға арналған жазғы демалыс кезеңінде балаларды сауықтыру демалысы мен жұмыспен қамтылуын, балалар-жасөспірімдер туризмін дамытуға бағытталған іс-шаралар қатары қарастырылады.

Жазғы демалысты ұйымдастыру мәселелері ҚР Премьер-Министрінің орынбасарының кеңесінде, ҚР Үкіметі жанындағы Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі ВАК кеңесінде селекторлық режимде, балаларды сауықтыру ұйымдарының, жергілікті және орталық мемлекеттік органдардың өкілдері қатысуымен өткен республикалық семинар-кеңесте қарастырылды.

Жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Министрлік мемлекеттік органдармен бірге жыл сайын қажетті іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. Балаларды сауықтыру ұйымдарын пайдалануға дайындау және қабылдау бойынша өңірлік ведомствоаралық өзара іс-қимыл комиссиялардың қызметін үйлестіреді, балаларды сауықтыру ұйымдарының қызметін ұйымдастыру бойынша іс-шаралар қабылдануда: лагерлерді медициналық ұйымдарға аумақтық бекіту, қауіпсіз ауыз сумен, санитарлық-эпидемиологиялық нормалармен қамтамасыз ету, балаларды қауіпсіз тасымалдау үшін жолаушылар көлігін алып жүру, білікті кадрлармен қамтамасыз ету.

Жергілікті атқарушы органдардың мәліметтері бойынша, 2016 жылдың жазында сауықтыру демалысымен 2 млн.220 мың бала (мектеп жасындағы балалардың жалпы санының 86,7%) қамтылды, бұл алдыңғы жылдан 2,7%-ға артық (2015 жылы – 2 081 116 немесе 84 %).

Ағымдағы жылы балаларды сауықтыру демалысымен қамтудың ең жоғары көрсеткішін Қарағанды (100 %, 2015 ж. 100%), Павлодар (100 %, 2015 ж. – 98,8%), Ақмола (96,9%, 2015 ж. – 95,8 %) облыстары, Алматы қ.

(96,6%, 2015 ж. – 100%) көрсетті. Қызылорда облысы балаларды сауықтырумен қамтудың 45%-ға артқанын көрсетті (2016 ж. – 121 595, 2015 ж. – 66289 бала).

Балаларды демалу және сауықтырумен қамтамасыз ету үшін республикада 12 689 балалар лагері, оның ішінде: 240 қала сыртындағы, 16 жыл бойы, 11 137 тамақтану кіретін және кірмейтін мектеп жанындағы, 1298 палаталық, киіз үйлік, спорт, өлкетанушылық және т.б. қызмет етті.

Жыл бойы қызмет ететін лагерлер саны ағымдағы жылы 20% артқаны байқалады (2015 ж.-12, 2016 ж.-16). Әсіресе, Ақмола және Қызылорда облыстары ерекшеленді.

2011 жылдан бастап республикада 43 қала сыртындағы лагерлер 11 өңірде ашылды (Алматы қ., Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстары).

Шығыны аз нысандағы лагерлердің (киіз үйлік, спорттық-туризмдік, өлкетанушылық) танымалдығы артып келеді. Алматы облысын (388 бір.), Қарағанды (301 бір.), Қызылорда (41 бір.), Павлодар (39 бір.) облыстарын атап өткен жөн.

Жұмыспен қамтудың әр түрлі нысандарымен қамтылған балалар саны 2015 жылмен салыстырғанда 1 601 222 баладан 2 млн. 84 мың адамға дейін артты, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 13,6% артық (67,8% қатысты 81,4%).

Балаларды жұмыспен қамтудың әр түрлі нысандары Алматы қаласы (98,7%), Қарағанды (100%), Ақтөбе (98,9%), Қостанай (95,3%), Павлодар (99,1%), Солтүстік Қазақстан (91,8%) облыстарында ең көп қамтылған.

Жазғы демалыс кезеңінде балаларды сауықтыру демалысы мен жұмыспен қамтуды ұйымдастыруға жергілікті бюджеттен 3,600 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінді (2015 жылы орт. – 3 млрд. 651 млн. тг), бұл өткен жылдан 6% артық және 567 млн. 544 мың теңге демеушілік қаражат бөлінді (2015 жылы орт - 421 млн. 194 мың тг), бұл алдыңғы жылдан 26% басым.

Жалпы, жазғы кезеңде ата-аналар мен кәсіподақ қаражаттарын ескере, жазғы демалысты ұйымдастыруға 8,775 млрд. теңге (2015 жылы орт. – 5,311 млрд. тг) тартылды, бұл өткен жылдан 40% артық.

Ауыр өмірлік жағдайға ұшыраған балаларға, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептердің үздік оқушыларына жазғы демалысты ұйымдастырудың мәселелері ерекше бақылауда тұр. Бұл категориялар жергілікті бюджет қаражаттары есебінен басым тәртіпте сауықтыру демалысымен қамтамасыз етіледі.

Ағымдағы жылы аталған категориялардағы балаларды жазғы демалыспен қамтудың жалпы республикалық көрсеткіші 75,6% құрады. Өткен жылмен салыстырғанда, дем алған балалар саны 6,7% көбейді (2016 ж. - 983 630; 2015 ж. - 921 473). Категориялар бөлінісінде балалардың барлық топтарында жазғы демалыспен қамту санының артуы байқалады:

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны 2,9%-ға артты (2015 жылғы 25 418 баладан 2016 жылғы 26 153 балаға дейін);

мүмкіндігі шектеулі балалардың демалыспен қамтылуы 73,2% дейін көбейді (2015 жылғы 31 409 баладан 2016 жылғы 54 409 балаға дейін);

аз қамтылған отбасылардың балаларын қамту 262,5%-ға артық (2015 жылғы 50 449 баладан 2016 жылғы 182 891 балаға дейін);

дарынды балаларды демалыспен қамту 382,5%-ға көтерілді (2015 жылғы 79 451 баладан 2016 жылғы 383 357 балаға дейін);

девиантты мінез-құлықты кәмелет жасқа толмаған балаларды, арнайы ұйымдардың тәрбиеленушілерін, соның ішінде мектеп ішіндегі және ІІМ есебінде тұрған балаларды жазғы демалыспен қамту 16 % артты.

Аталған категориялардағы балаларды жазғы демалыспен қамту Жамбыл, Қызылорда, Ақмола, Павлодар облыстарында, Алматы қаласында 90-нан 100% дейін байқалады.

ШҚО-да «Дарын» лагері базасында аутизмі бар балалар үшін демалыс ұйымдастырылды. Жолдамалар «Қазцинк» ЖШС демеушілік қаражаттарын тарту есебінен алынды.

БҚО-да балалар демалысының нысандарын жаңарту аясында жыл сайын қамқорлықтағы және патронаттық тәрбиеленушілердің өздерінің қамқоршылары немесе патронаттық тәрбиешілерімен бірге демалысы үшін «Отбасылық лагерь» ұйымдастырылады. Бұл іс-шараларға қаражат облыстық бюджеттен бөлінеді

Қарағанды облысында девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы мектеп-интернат тәрбиеленушілерінің жазғы демалысын ұйымдастыру үшін барлық тәрбиеленушілер қамтылған киіз үйлік лагерь ұйымдастырылды.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың демалысын қамту және сауықтыру үшін «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы мақсатты жұмыс жүргізеді. 2007 жылдан бері жыл сайын мүмкіндігі шектеулі 250 бала үшін «Добром откроется мир» арнайы ауысымы қызмет етеді. Аталған орталық базасында педагогтар, әдіскерлер, инклюзивті білім мамандары үшін мүмкіндігі шектеулі балалардың демалысын ұйымдастыру мәселелері бойынша ғылыми-практикалық семинарлар өткізіледі.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдары ақпарттарына сүйене отырып, балаларды жұмыспен қамту және қала сыртындағы балалар лагерлерінің инфрақұрылымын жақсарту үшін мемлекеттік-жеке әріптестік (МЖӘ) жағдайлары толық мөлшерде қолданылмайды.

6.2. Қосымша білім: қол жетімділік және қамту

Көптеген елдерде балалар мен жастарға өздерінің бос уақытын тиімді қолдануға мүмкіндік беретін саясат әзірленген. Еуропада мақсатты бос уақыт қызметі «формальді емес білім беру» терминімен түсіндіріледі. Жас адам өміріндегі білімнің 70% жуығы отбасыда, қатарластар топтарында, жастар ұйымдарында және бос уақыт топтарында – формальді емес немесе ресми емес білім жағдайларында өтеді.³⁴

Қосымша білім беру мүмкіндіктерін кеңейту ҚР Конституциясы, ҚР «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары

³⁴ Еуропадағы мектептен тыс білімге шолу. Рене Кларий редакциясымен.-Прага: EAICY, 2008 ж.

туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдары, Білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы және басқа құжаттарда анықталған Қазақстанның тәрбие саясатының негізгі қағидаларын іске асырады.

Қосымша білім беруді ұйымдастыруды әдістемелік қамтамасыз ету үшін «Балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығы және балалар мен жасөспірімдер туризмі жүйесін дамытудың 2015 - 2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерін бекіту туралы», «ҚР балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту жөніндегі 2015-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары», «Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырушы білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтарына арналған әдіснамалық ұсыныстар» әзірленіп, бекітілді.

Балалар мен жасөспірімдердің қосымша білімге құқығы жалпы білім беру мектептерінде де, мектептен тыс ұйымдар желілерінде де қамтамасыз етіледі.

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ресми мәліметтері бойынша, 2015-2016 оқу жылы білім беру жүйесінің 860 мектептен тыс ұйымдарында 673 219 мектеп жасындағы балалар білім алды, қамту 24,5% құрады. Мәдениет және спорт жүйесінің 461 мектептен тыс ұйымдарында 295 017 оқушылар білім алды, 10,7% қамтылды.

860 мектептен тыс ұйымдардың 441 ауылды жерлерде орналасқан (51%), алайда бұл ұйымдардағы балаларды қамту 37,1% (250 078 адам) құрайды, бұл қала көрсеткіштерінен айтарлықтай төмен, қаланың балаларына 62,9% (423 141 адам) тиесілі.

56 586 мектеп үйірмелеріне 1 027 354 оқушы (37,4%) барады, ал 35 763 мектептің спорт секцияларында 766 534 бала (оқушылардың 27,9%) жаттығады.


АҚШ-та 14 жастан кіші жасөспірімдер «Америка ұлдары мен қыздарының клубы» (Boys & Girls Clubs of America, BGCA) жұмысына сады. Бұл тек АҚШ-та ғана емес, әлемдегі ең ірі балалардың бос уақыт ұйымдарының бірі болып табылады. Ұйым балалардың, әсіресе, ерекше көмекке мұқтаждардың әлеуетін максималды ашуға ықпал етуге үндейді. АҚШ-та барлығы 4000-ға жуық осындай клубтар бар. Клубтардың жарғысы АҚШ Конгресімен бекітілген. Клубтың негізгі мақсаты белсенді әлеуметтік қызметте тұлғаны дамыту болып саналады. Оны жүзеге асыру үшін 5 саланы: көшбасшылық қасиеттерді дамыту бағдарламалары; мансап үшін білім; денсаулықты қолдау және өмірлік дағдыларды дамыту бағдарламалары; өнер жөніндегі бағдарламалар; фитнес және демалыс бағдарламалары қамтитын білім беру және бос уақыт бағдарламалары әзірленген. Клуб жанындағы жасөспірімдерге арналған арнайы жасөспірім орталықтары компьютерлер, фитнес-орталықтармен жабдықталған және қызметтің әр түрлі түрлерімен айныласу үшін орын-жайлары бар. Клубтар мансаптық қабілеттерді зерттеуге бағытталған, кәсіби дағдыларды дамыту және жұмыс іздеу үшін түйіндеме жазуға арналған бағдарламаларды ұсынады.

Expert Reviews of Boys & Girls Clubs of America (BGCA). [электронды ресурсы] URL: <http://www.bgca.org/whatwedo/Pages/WhatWeDo.aspx>

Балаларды әр түрлі үйірмелер мен секциялармен қамту үлесі мектептерде де, мектептен тыс ұйымдарда да айтарлықтай жоғары емес. Ауылды жерлердің балаларын мектептен тыс және үйірмелік қызметпен қамтудың проблемалары кездеседі, бұл осы ұйымдардың ауылдардағы материалдық-техникалық базасының жетіспеушілігі, әлсіз кадрлық ресурстар, түрлердің кешенінің тарлығы туралы айтады.

Білім беру жүйесіндегі қосымша білім беру желісінде негізінен өнер мектептері, оқушылар сарайлары басым, жас натуралистер (2,1%), техниктер (3,3%), туристер (4,1%), аула клубтары (6,6%) станциялары таралмаған. Ауылды жерлерде қосымша білім берудің техникалық бағыты бойынша резервтер әлсіз ашылған. Ауылда техникалық шығармашылықпен 20 913 бала қамтылған, бұл мектеп жасындағы балалардың жалпы санының 0,8% құрайды.

28-диаграмма. Білім беру жүйесіндегі қосымша білім беру ұйымдарының түрлері, 2015 жыл



Дереккөз: РҚ БҒМ РББӨӘО

Әлемде көрмелер, музейлер және ғылыми-білім беру бағдарламалары арқылы балалардың, жастардың, қоғамдастықтардың назарын тартуға бағытталған ірі орталықтарды құру тәжірибесі кездеседі. 1853 жылы Сан-Францискода ғалым-натуралистер тобы Калифорния штатының Ғылымды дәріптеу орталығын – Калифорния Ғылым академиясын (California Academy of Sciences) құрды. Қазіргі уақытта ол халықаралық ғылым және білім орталығы болып табылады. Орталыққа аквариум, планетарий, жаратылыстану музейі, тропикалық орман, жер сілкінісінің симуляторы кіреді.*

Парижде Ғылым және индустрия қалашығы қызмет етеді (La Cité des Sciences et de l'Industrie). La Cité-ге ұшақта ұшуды, адам денесінің ішіне саяхатты имитациялайтын аттракциондар, барокамера, ракеталар мен әскери су асты кемесі, планетарий, экожүйелердің әр түрлі типтері және басқасы кіреді. Оқушылардың аталған орталыққа баруы міндетті оқу бағдарламасына жатады.

Қазіргі уақытта әлемнің 40 елінде 500-ден астам ғылыми қалалар қызмет етеді.**


*ru.wikipedia.org/wiki/Калифорнийская_академия_наук

** <http://www.ziyatker.org>

Жоғарыда айтылғандай, еліміздің мектептерінде 2015-2016 оқу жылы 56 586 үйірмелер қызмет етті, оларға 1027354 бала қатысты. Мектептің үйірмелік қызметінде гуманитарлық-көркемдік бағыт үйірмелерінің

басымдығы (63%) байқалады, техникалық және жаратылыстану-ғылыми сипаттағы үйірмелер үлесіне 25,1% тиесілі.

29-диаграмма. Жалпы орта білім ұйымындағы үйірмелер түрлері, 2015 ж.



Дереккөз: ҚР БҒМ РББОӘО


Уақыт талабын ескере, техникалық бағытты дамыту маңыздылығын назарға ала отырып, Қазақстанда балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылық жүйесін құру бойынша жұмыс жүргізіліп келеді. 2016 жылы ҚР БҒМ Халықаралық ақпараттық технологиялар университетімен бірлесіп ҚР жалпы орта білім беру мектептерінде зерттеу негізіне электроника, механика, телемеханика, информатика, радиотехника, бағдарламалау, электротехника, физика сияқты пәндер жататын «Робототехника» үйірмелері немесе элективті курстарын енгізу бойынша жұмыс жүргізіп келеді.

6.3. Дене тәрбиесі

Қосымша білім берудің жалпы құрылымында дене тәрбиесі білім беру жүйесінде де, мәдениет және спорт жүйесінде де спорт үйірмелері мен секцияларын дамыту арқылы жүзеге асады.

ҚР БҒМ ҚР МСМ-мен бірге балалар мен жастарды спортқа тарту бойынша белгілі жұмыс жүргізеді. Спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдығы болып бұқаралы спортты тиісті дамыту үшін жағдайлар - қазақстандықтардың дені сау ұлтын қалыптастыру және дамыту үшін негіз жасау саналады. ҚР МСМ ақпараты бойынша 2015 жылы республика халқының жалпы саны ішінде дене шынықтыру және спортпен айналысушылар санының, алдыңғы жылдармен салыстырғанда, елеулі емес өсу үрдісі байқалды (2012 жылы – 21,6% , 2013 жылы – 23,2%, 2014 жылы – 25,1%, 2015 жылы – 26,3%). Осыған қоса, ауылды жерлерде қамту екі есеге аз. Салыстыру үшін: әлемдік спорттың көшбасшы-елдерінде қамту орташа есеппен 60% құрайды.

30-диаграмма. Әлемде дене тәрбиесі және спортты дамытудың салыстырмалы көрсеткіштері, ел халқының жалпы санынан қамту үлесі, 2012 ж.



Дереккөз: ҚР Спорт және дене шынықтыру істері жөніндегі комитеті, «ҚР дене тәрбиесі және спортты дамыту туралы» презентация, 2012 жыл

Балалардың спорт секцияларында қамтылуының елеулі болмаса да, өсуі байқалады. 2015 жылдың нәтижелері бойынша, дене тәрбиесі және спортпен айналысатын балалар мен жасөспірімдердің қамтылуы 2014 жылмен салыстырғанда 1,6% артты, және мектептерде оқитын 2,7 млн. жалпы оқушылардан 415,4 мың оқушыны құрады (2015 ж. қамту үлесі 15,1%, 2014 жылы 13,5% құрады). Дегенмен, отандық көрсеткіштер спорттағы көшбасшы-елдерден айтарлықтай төмен (Жапония – 78% спорт секцияларымен қамтылған, Ұлыбритания – 81,3%, АҚШ – 90%).³⁵

2015 жылы мектеп жасындағы балаларды тұрғылықты орны бойынша дене шынықтыру-сауықтыру жұмысымен қамтамасыз ету мақсатында 111,5 мыңнан астам балалар және жасөспірімдерді қамтитын 575 балалар-жасөспірімдер клубтары, 96 дене даярлығы балалар-жасөспірімдер клубы (ДДБЖК) бар қосымша білім беру мекемелері қызмет етеді. 2014 жылмен салыстырғанда, балалар-жасөспірімдер клубтарының саны 6 бірлікке өсті.

ҚР МСМ ақпараты бойынша, қазіргі уақытқа дейін Қызылорда, Атырау облыстарында және Астана мен Алматы қалаларында бірден-бір дене даярлығы балалар-жасөспірімдер клубы кездеспейді.

Мектептерде спортпен айналысу үшін жағдайлар толық шамада жасалмаған. 2015 жылы спортзалдары бар мектептер үлесі 77,5% (5823 бір.) құрады, осылай, спортзалдың жоқтығынан спортпен айналысу мүмкіндігі жоқ 1688 мектеп (22,5%) бар. Спортзалдары бар мектептердің жалпы санының 11,5% бейімді.³⁶

Кадр әлеуетінің жетіспеушілігі байқалады, елде 1 нұсқаушы-әдіскерге халықтың 30 мыңы келеді, көшбасшы-елдерде бұл үш есеге кем.

³⁵ ҚР Спорт және дене шынықтыру істері жөніндегі комитеті, «ҚР дене тәрбиесі және спортты дамыту туралы» презентациясы, 2012 жыл


³⁶ «ҚР Білім беру жүйесі статистикасы» жинағы 2015 жыл.

Ауылды жерлерде, шағын қалаларда бұқаралық спортты дамытуға назар аударған жөн, себебі шалғайдан шыққан спортшылардың әлемдік спорт жетістіктеріндегі үлесі шүбәсіз. Рио-2016 Олимпиадасында қазақстандық жеңімпаздардың шамамен 40% ауылды жерлер мен шағын қалалардан шыққан (Данияр Елеусінов, Василий Левит, Жазира Жаппарқұл, Александр Зайчиков, Эльмира Сыздықова және басқа көрнекті спортшылар).

6.4. Сұрау нәтижелері бойынша балалардың бос уақыты

Жүргізілген сұрау нәтижелері бойынша, балалардың бос уақыты әр түрлілікпен, белсенділікпен ерекшеленбейді. Сұралған балалардың негізгі үлесі бос уақытында сабақ істейді (44%), және оны бос уақытты өткізу деп айтуға болмайды. Үй шаруашылығы істерімен балалардың 40% айналысады. Балалар көбінесе музыка тыңдайды, кітаптар, журналдар оқиды, достарымен кездеседі, теледидар көреді, әлеуметтік желілерде отырады. Белсенді демалыспен айтарлықтай аз балалар айналысады: табиғатқа шығады, көшеде серуендейді (18%), аулада ойнайды (футбол, волейбол, роликтер және басқа), респонденттердің 21% секцияларға, факультативтерге (22%) қатысады. Балалардың шамамен осындай үлесі уақытын онлайн-ойындарда өткізеді, интернетте фильмдер көреді, WhatsApp, Viber хабарласады. Шығармашылықпен айналысу, мәдени орындарға (музейлер, көрмелер) бару басым емес.

31-диаграмма. Балалардың бос уақытын өткізуі, % сұралған балалар



Зерттеу нәтижелері балаларды қосымша білім берумен жеткіліксіз қамту проблемасын дәлелдейді. Спорт секциялары мен үйірмелерінде сұралған балалардың орташа 23% айналысады. Қосымша білім беру түрлері бөлінісінде балалардың ғылыми үйірмелер мен факультативтермен (физика, математика, әдебиет, тарих) қызығуы басым – 31%, балалардың 25% шығармашылық және бимен, спортпен (30%) айналысады.

Шалғайдағы ауылдардың балаларын қамти отырып, ахуалдың сыни екені байқалады, атап айтқанда салыстырмалы түрде ғана балалардың көп үлесі спорт секцияларына барады (25%), негізінен бұл әуесқой футбол, баскетбол, карате. Білім берудің басқа қосымша түрлері бойынша 8-5% диапозонда қамтылған, бұл мектептің басшыларының сөздеріне карағанда мамандардың (музыка, хореография, басқа да ғылыми-танымдық бағыттардың оқытушыларының) жоқтығымен түсіндіріледі.

Балалардың қосымша білім беру ұйымдарына балалардың бармауының негізгі себептері мыналар: ынтасының – 38%, уақыттың болмауы – 29%, үйден алшақтығы – 17%, төлеуге ақшаның жоқтығы – 9%, тұрғылықты жерде болмауы – 8%.

6.5. Ұсынымдар

Ғылым және технологиялар саласында зерделеуге және өздерінің білімдерін дамытуға балаларды баулу үшін ғылыми-танымдық, туристік үйірмелердің желісін дамыту, сол арқылы болашақ ғалымдар, инженерлердің ұрпағын даярлау үшін базасын арттыру.

Тәуелді топтағы балаларды спортқа, шығармашылыққа тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру, бұл жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын, балалар арасындағы құқық бұзушылықтарды барынша төмендетуге мүмкіндік береді. Инклюзивті қосымша білімді дамыту, мүмкіндігі шектеулі балаларға шығармашылық және спорттық қызмет үшін жағдайлар жасау, әсіресе ауылдық жерлерде. Аз қамтылған отбасылардың балаларына қолжетімділікті кеңейту қажет.

Жергілікті атқарушы органдар аула клубтарының желісін кеңейту қажет.

Жергілікті атқарушы органдар желіні кеңейту, инфрақұрылымды реконструкциялау, материалды-техникалық базаны күшейту үшін қосымша білім беру жөнінде қажетті қаржылық қолдауды қамтамасыз ету.



7-тарау Зайырлылык



7.1. Зайырлылық

«Зайырлылық - Қазақстан қоғамының тұрақтылығының негізі» атты VI Қазақстанның дінтанушыларының форумы барысында еліміздің алдында мемлекеттің зайырлылық тірегін сақтау жөнінде міндеттер тұрғаны айтылды. Дін саласындағы ахуал саяси және қоғамдық қауіпсіздік үшін мәнге ие. Бұл бағыттағы жұмысты реттеу мақсатында ҚР ДИАҚМ алдағы бірнеше жылға арналған дін саласындағы арнайы тұжырымдаманы әзірлеуде.

Өз кезегінде, ҚР БҒМ 2016-2017 оқу жылдарында жалпы білім беретін мектептерде «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативті курсын оқу процесіне енгізуде.³⁷ Курстың міндетіне оқушыларға дін және қоғамдағы оның рөлі туралы білім беру, зайырлылық туралы түсінік қалыптастыру, зайырлылық тұрғысынан діни таным дағдыларын қалыптастыру, діни радикализм мен экстремизм идеологияларының қауіптілігін түсіндіру, діни материалды сыни талдау мәдениетін қалыптастыру, зайырлылық пен құқықтық сауаттылықтың маңыздылығын түсіндіру кіреді.

Бұдан бөлек, «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен мектеп формасына қойылатын талаптар енгізілді, түрлі конфессияларға жататын діни киім элементтерін қосуға жол берілмейтіні жазылған.

ҚР БҒМ және өзге де мемлекеттік органдар қабылдаған бұл шаралар бала құқықтарына еш қайшы келмейді. «ҚР-дағы бала құқықтары туралы» ҚР Заңының 7-тарауының 35-бабында былай жазылған: Мемлекет баланың ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың діни дүниетанымына негізделген тәрбиеге араласпауға, білім беру, тәрбиелеу, емдеу ұйымдарының және өзге де сол сияқты мекемелердің шегінен тыс жерлерде баланың қатысуымен діни жоралардың жасалуына, аталған әрекеттер баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, оның құқығын бұзатын және жауапкершілігін шектейтін жағдайларды қоспағанда, кепілдік береді. Кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты діни жоралар ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың келісімімен жасалады. Балаларды дінге тарту жөніндегі мәжбүрлеу шараларына жол берілмейді.

Қабылданып жатқан мемлекеттік шараларға қарамастан, елдегі дәстүрлі емес діни ағымдардың көбеюіне ерекше көңіл бөлу керек. Өкінішке орай, бұл проблема бойынша ресми статистиканы ұсынудың мүмкіндіктері жоқ. Алайда шынайы деректердің (ҚР БП деректері, халықпен сұхбаттасу) фактілері проблеманың бар екенін және оның артуын білдіреді. Мысалы, Атырау мен Маңғыстау облыстарындағы ауылдардың тұрғындарымен фокус-топтың талқылаулар өткізу барысында қатысушылар бірнеше рет халық арасында, әсіресе жастар арасында исламдық радикалды ағымдардың көбеюі туралы мәселені көтерді. Олардың пікірінше бұл мәселе шамамен 2011 жылдан бастап өзекті әрі күннен күнге артып келеді.

³⁷ ҚР БҒМ-нің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығы

Елдің батыс өңірлеріндегі (Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе) ауыл мектептерінің мұғалімдері діни киім киетін балалардың саны артып жатқанын атап өтті. ҚР БП деректеріне сәйкес, 2016 жылы Ақтөбе облысында өткізілген «Халық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» арнайы жобасының барысында ауыл мектептерінде діни киімдерді кию фактілері айқындалған.

Балалар діни киімде жүреді, мәдени-бұқаралық іс-шараларға және өзге де шығармашылық сабақтарға бармайды, өздерінің қатарластарымен аз сөйлеседі, тұйықталып кетеді, өздері тығыз байланыста болатын топтар құрады. Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдері басқа дінді қабылдаған балалар мен олардың ата-аналарымен де бірнеше рет әңгіме-дүкен құрды, өкінішке орай мұндай сұхбаттасулар еш нәтиже бермеді, керісінше жасырын агрессияны тудырды. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының «білім беру жүйесі діннен және діни бірлестіктерден алшақ және зайырлылық сипатқа ие» қағидаларына қарамастан, балалардың діни киімдерді шешуіне мектептің әзірге қауқары жетпейді, мұғалімдердің жалғыз сұхбат жүргізу әрекеттері еш нәтиже бермейді.

Бұл проблема елдің тек батыс өңірлеріндегі мектептерінде ғана кездеспейтінін әділдік үшін атап өткен жөн.

Тіпті сарапшылар арасында да білім беру ұйымдарында діни киімдерді киюге қатысты әлі күнге дейін біржақты пікірдің болмауына байланысты мәселе туындап отыр. Дін мен құқық мәселелерінің кейбір сарапшыларының пікірінше, егер ешқандай құқыққа қайшы әрекет істемесе, қыздардың мұндай киім кигенінде зиян ештеңе жоқ. Тиісінше, зайырлылық нормалары бойынша шешім қабылдауға жауапты ересектердің арасында қарама-қайшылықтар бар кезде, барлық заңнамалық аспектілерге қарамастан, білім беру жүйесі, нақтырақ айтқанда оқу орындары мұндай жағдаймен үнемі соқтығысып отырады.

7.2. Сауалнама нәтижелері бойынша балалар үшін діннің мәні

Қазіргі заманда радикалды идеологияның таралуы өскелең ұрпаққа зиян тудыруы жағдайында діннің балалар өмірінде қандай мәнге ие екеніне назар аудару маңызды.

Жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (ҚР Конституциясының 1-бабы), табиғи-ғылыми бағыттылығы мен білім беру стандарттарындағы (Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары³⁸), сыни ойлауды дамыту болып табылатын Қазақстан қоғамы демократиялық және зайырлы мемлекет ретінде өзін бекіткенімен, әлеуметтанулық сұрау нәтижелері зайырлы мемлекет қағидаларына сәйкес келмейтін діндарлықтың қауіпті өсімін көрсетеді.

Жас ұрпақ, ата-аналарынан гөрі, дінге үлкен мән береді: 12 жастағы және одан асқан балаларды ата-аналарымен салыстырғанда балалар үшін құндылық ретінде дін аса маңызды (сәйкесінше 8% және 5%). Балалардың басым бөлігі

³⁸ Жаңартылған мазмұндағы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары
<http://nao.kz/loader/fromorg/2/22>

үшін дін күнеларды тазарту тәсілі (14%), жоғары күштерден қорғау (14%), әділдік пен теңдікке қол жеткізу мүмкіндігі (10%), қорқыныш пен жалғыздықты жеңу құралы (8%), ағарту (5%), әлемді түсіндіру (2%) ретінде көрінеді, бұл ойлау еркіндігінің дамуы, демократиялық құндылықтарды, дербестік пен шығармашылықты қабылдау, әлемді ғылыми тану үшін ұнамсыз саналатын кінә тұжырымдамасын қабылдауды, ойлау дербессіздігін, жоғары күштерге сену, өз әрекеттері үшін жауапкершілікті құдайға ауыстыруды, ойлаудың сыншыл болмауын, патернализмді, ғылымды діни постулаттармен ауыстыруды білдіреді.

Алайда, балалардың көпшілігі үшін (51%), дін – олар ұстанатын мәдениеттің бөлігі; бұл аз дәрежеде маңызды оқиғалар кезіндегі әдет-ғұрыптар мен салттар (11%), этикалық және моральдік құндылықтар (8%), өмір сүру салты мен философиясы (5%), сауықтыру (3%). Дін отбасыдан келмейді деп тұжырымдауға болады (тек 2% отбасы талабын белгілейді), бұл діни дәстүршілдіктің әсер ету жолдарын анықтау қажеттігін білдіреді. *Балалардың тек 8% ғана олар үшін діннің ешқандай маңызы жоқ деп белгіледі.*

29-кесте. 12 жастағы және одан асқан балалар үшін діннің маңызы, %

Мен ұстанатын мәдениет, ұлттық дәстүрлердің бөлігі	51
Рухани қолдау, жоғары күштерден қорғау	14
Күнеларды тазарту	14
Маңызды оқиғалар кезінде жалпы қабылданған әдет-ғұрыптарды ұстану (үйлену, жерлеу, бала туу және т.б.)	11
Әділдік, теңдік	10
Этикалық және моральді құндылықтар	8
Қауіп, қорқыныш, жалғыздықты жеңу тәсілі	6
Рухы жақын адамдармен қатынасу мүмкіндігі	5
Өмір сүру салты, мәні, философия	5
Өзін-өзі тану, ағарту мүмкіндігі	5
Сауықтыру	3
Күнделікті өмірдің міндетті бөлігі	2
Әлемді түсіндіру, есептеу нүктесі	2
Қоғамды өзгерту мүмкіндігі	2
Отбасы мүшелерінің талабы	2
Салттар	1
Әдет	2
Жақын адамдарға әсер ету мүмкіндігі	1
Ешқандай	8

7.3. Ұсынымдар

1. Зайырлы гуманизм қағидаларын белсенді насихаттау және заңды ұстану қажет: құқықтар мен бостандықтарды, соның ішінде балалар арасында ұстану, сыншыл ойлауды қалыптастыру, балаларды зайырлы тәрбиелеу және білім беру, балаларға дінді күштеуге жол бермеу, ғылыми және техникалық дағдыларды дамыту, себебі дәл осылар ой-өрісті кеңейтетін, дербестік пен ойлау тәуелсіздігін, өз ойын білдіру мен шығармашылыққа, белсенді азаматтық ұстанымға, әлеуметтенуге, демократиялық басқаруға қабілеттілікті тәрбиелейтін әлемді түсіну және танудың, ғылыми және инновациялық ойлауды қалыптастырудың аса айқын тәсілдеріне мүмкіндік береді.

2. Халық арасында дін саласы мәселелері бойынша сауаттылықты арттыру бойынша жұмысты жалғастыру, халықтың діни фанатизмнің бүлдіргіш идеологиясын жалпы қабылдамауын қалыптастыру керек.

3. Балалардың ата-аналарына балалардың немен айналысып жатқанына қызығушылық танытқызу бойынша жүгіну.

4. БАҚ, интернетте ақпараттық және түсіндіру науқандарын белсенді жүргізу. Діни экстремизмді алдын-алу және қарсы әрекетке арналған әлеуметтік бейнероликтер шығару.

5. Халық арасында алдын алу жұмысына азаматтық қоғам әлеуетін қосу, бұл үшін қолдағы барлық ақпараттық және ұйымдастыру ресурстарды іске қосу.



8-тарау
Әлеуметтік инклюзия



Әлеуметтік инклюзия – бұл әлеуметтік оқшаулауды жою, теңсіздікті жеңу, әр түрлі жағдайлардың себебінен ауыр өмірлік жағдайға ұшыраған адамдарды социумға қосу. Инклюзияны қабылдау әлеуметтік мемлекеттің белгісі болып табылады. Қазақстан барлық балалардың теңдігін мойындайды және әлеуметтік қосу саясатын ұстанады. «ҚР баланың құқықтары туралы» ҚР Заңында келесі жазылған: Тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие. (1 т., 4 б.).

8.1. Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар

Республикада балалардың, соның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайын жақсарту жөнінде жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді.

Институционалданған балалар санын қысқарту мақсатында қазақстандық заңнамаға «бала қонақтайтын отбасы»³⁹, «баланы қабылдайтын отбасы» түсініктері енгізілді.

«Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкі» құру маңызды жаңашылдық болып саналады. Қазіргі уақытта деректер банкі пилоттық режимде қызмет етеді, 2017 жылдың 1-қаңтарынан бастап банкт ресми іске қосылады.

Деректер банкін іске қосқан соң, балаларды отбасыларға беру процесі жанданады, жетім балалар туралы туынды ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етіледі деп болжанады, сондай-ақ балаларды асырап алғысы келетін тұлғаларды, соның ішінде шетелдіктерді есепке қоюды және оларды алдағы жайластыруды бақылау мүмкіндігі туындайды.

Қазіргі таңда отбасы құрылысының барлық нысандары (қорғаншылық, қамқоршылық, патронат, баланы қабылдайтын отбасы) мемлекет тарапынан материалды ынталандырылады.

Жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат нәтижесінде, республикада ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жалпы контингентінің төмендеуі байқалады.

Тәуелсіздік алған кезде бұл категориядағы балалардың контингенті республикада 100 мыңға жуық баланы құрады, 2016 жылы –29 666.

³⁹ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 501-V Заңы. ҚР 09.04.2016 жылғы № 501-V Заңына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Бала қонақтайтын отбасы туралы ережені бекіту туралы» 2016 жылғы 28 маусымдағы № 402 бұйрығы

ҚР БҒМ деректеріне сәйкес, 2016 жылғы 4-тоқсанның басында Қазақстанда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған⁴⁰ 29 666 бала тіркелді, бұл көрсеткіш 0-17 жастағы 1000 бала халқының 5,4 құрайды.⁴¹

Осындай балалардың ең көп абсолютті саны Қарағанды (3841), Алматы (3238) облыстарында, ШҚО (3080) және ОҚО (2892). 1000 бала халқына балалардың ең көп саны еліміздің солтүстік өңірлерінде байқалады: Қостанай облысы – 12,9, СҚО – 11,1, Ақмола облысы – 10,8, Қарағанды облысы – 10,5.

32-диаграмма. 2016 жылдың басында облыстар бойынша ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны



Дереккөз: ҚР БҒМ. Балалардың 1000 бала халқына есебі ҚР Статистика комитетінің 2016 жылдың басында өңірлердегі 0-17 жастағы балалар саны бойынша деректер негізінде жәрдемақылар авторларымен жасалынды.

8.1.1. Балаларды институтсыздандыру

«Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясының басты қағидаларының бірі әр баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығын жүзеге асыру. Жетім балалардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау саласындағы қазақстандық саясаты қазіргі жүйені институтсыздандыруға және балаларды отбасыларға орналастыруға бағытталады.

5 жыл ішінде, 2012 жылдан бастап қазіргі кезге дейін, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны 14,7%-ға, 34785-тен 29666 дейін азайды.


Жалпы республика бойынша институционалдандыруға қарсы тренд байқалады, егер 2012 жылы ұйымдарда жетім балалардың жалпы санының 31,3% болса, 2016 жылы 27,2%, 4,1%-ға санның кемуі орын алған. Бұған қорғаншылықтың баламалы нысандарында балаларды орналастыру, интернат

⁴⁰ Мәтінді оқуды жеңілдету үшін біз кейбір жағдайларда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар деп атайтын боламыз.

⁴¹ 01.01.2016 жылғы 0,17 жас аралығындағы балалар саны 5460449 құрады

типтегі балалар үйін жабу, отбасы типіндегі пішімде мекемелерді қайта ұйымдастыру жағдайларының артуы кейбір дәрежеде ықпал етті.

33-диаграмма. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру, %



Дереккөз: ҚР БҒМ

Ескерту: үлестер республикадағы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жалпы санынан есептелінді

2012-2015 жылдардағы қозғалыстың салыстырмалы динамикасы институционаландырылған балалар санының кемуін көрсетті, және осы азаймалы тренд республиканың барлық өңірлерінде, әсіресе, Ақтөбе, Ақмола, Жамбыл, Атырау облыстарында байқалады. Қорғаншылық бойынша өсім Қызылорда облысында (23,2%), Астана (15,9%), Алматы (5,9%) және аз дәрежеде Алматы облысында (0,6%) байқалады. Патронат бойынша біркелкі үрдіс кездеспейді, Алматы облысы (122,9%), Павлодар (38,6%), Шығыс Қазақстан (22,3%), Жамбыл (17,7%) облыстарында, Астана (10,6%), Атырау (6,7%) облысында екі еседен астам өсім тіркелді, қалған өңірлер патронат санының кемуін көрсетеді.

30-кесте. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру көрсеткіштерінің 2012-2015 жж. кезеңдегі өңірлер бөлінісіндегі өзгерісі

	Қамқорлық, бала		Өзгеріс, %	Патронат, бала		Өзгеріс, %	Ұйымдар, бала		Өзгеріс, %
	2012	2015		2012	2015		2012	2015	
Ақмола	1665	1560	-6,3	146	139	-4,8	794	456	-42,6
Ақтөбе	1075	884	-17,8	101	75	-25,7	487	234	-52
Алматы	2501	2517	0,6	48	107	122,9	840	614	-26,9
Атырау	570	445	-21,9	15	16	6,7	244	142	-41,8
ШҚО	2325	1880	-19,1	112	137	22,3	1376	1063	-22,7
Жамбыл	1436	1277	-11,1	141	166	17,7	478	252	-47,3
БҚО	892	633	-29	224	160	-28,6	309	205	-33,7
Қарағанды	2602	2345	-9,9	57	36	-36,8	1940	1460	-24,7

	Қамқорлық, бала		Өзгеріс, %	Патронат, бала		Өзгеріс, %	Ұйымдар, бала		Өзгеріс, %
	2012	2015		2012	2015		2012	2015	
Қостанай	1848	1499	-18,9	162	141	-13	1102	1015	-7,9
Қызылорда	582	717	23,2	249	143	-42,6	172	128	-25,6
Маңғыстау	481	425	-11,6	46	40	-13	208	122	-41,3
Павлодар	1162	1076	-7,4	70	97	38,6	669	564	-15,7
СҚО	971	804	-17,2	189	158	-16,4	702	550	-21,7
ОҚО	2270	2216	-2,4	422	241	-42,9	510	435	-14,7
Алматы қ.	884	936	5,9	114	110	-3,5	575	483	-16
Астана қ.	472	547	15,9	66	73	10,6	481	343	-28,7
Қазақстан	21736	19761	-9,1	2162	1839	-14,9	10887	8066	-25,9

Дереккөз: ҚР БҒМ

2016 жылы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жалпы санының ішінде 21 600 бала баламалы қамқорлықтың әр түрлі нысандарында орналасқан, бұл 72,8% құрайды, қалған 8066 бала (27,2%) бала құқықтарын қорғау бойынша қызметті жүзеге асырушы ұйымдарда тұрады.

Өңірлік бөліністе институционаландырылған тәрбиеленушілердің ең көп үлесі Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарында, Алматы, Астана қалаларында кездеседі.

Алматы, ОҚО, Жамбыл, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Ақмола облыстарында қорғаншылық және қамқоршылықтағы балалардың ең жоғары үлесі байқалады (70%-дан астам). БҚО және Қызылорда облыстары патронаттық тәрбиенің салыстырмалы түрде жоғары үлесін көрсетеді.


134-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру, 2016 жылдың басы, үлестер өңірдегі жетім балалар саны бойынша есептелінді, %



Дереккөз: ҚР БҒМ. Өңірдегі жетім балалар саны түсіндірмеде көрсетілген (N)


2016 жылдың тоғыз айы ішінде ата-анасының қаморлығынсыз қалған 1303 бала деинституционаландырылды, бұл тәрбиеленушілердің жалпы санының 16,2% құрайды (2015 жылы – 813 немесе 9,9%), көрсеткіш аз шамада өсті. Олардың ішінде қарғаншылық пен қамқорлыққа – 330 (2015 жылы - 381), патронатқа – 192 бала (2015 жылы - 177) берілді, асырап алынды – 172 (2015 жылы - 255), соның ішінде халықаралық асырап алу жолымен 9 бала (2015 жылы - 30), қандас отбасыларға 609 бала қайтарылды (2015 ж. – 1010).

35-диаграмма. Балалар үйінен қорғаншылықтың баламалы нысандары бойынша және қандас отбасыларға берілген балалар саны, 2015 жыл және 2016 жылдың 9 айы ішінде



Институтсыздандыру жетім балаларға арналған ұйымдардың қысқаруына әкеледі, білім беру жүйесінде 2016 жылдың 1 қыркүйегінде ұйымдар саны 6 бірлікке кеміді (Ақмола – 1, Шығыс Қазақстан – 4, Қарағанды – 1) және 140 мекемені құрады (2015 жылы мекемелер саны – 146). Балалар үйлерінде (44-ден 41 дейін, 3 бірлікке қысқарды), жетім балаларға арналған мектеп-интернаттарда (3-тен 2 дейін, 1 бірлікке қысқарды), пана үйлерінде (11-ден 9 дейін, 2 бірлікке қысқару) сандық өзгерістер орын алды.

1-сурет. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар желісі




Жетім балаларды отбасылық орналастырудың барлық нысандары ішінде асырап алу ең оңтайлысы болып табылады. Ұлттық заңнамада қазақстандық азаматтардың асырап алуға басым құқығы бекітілген, сондай-ақ қазақстандық азаматтардың балаларды асырап алу рәсімі жеңілдетілді.

Қазіргі уақытта, шетелдік асырап алу рәсімінің ашықтығы мақсатында, асырап алу жөніндегі шетел агенттіктерін аккредитациялау енгізілді. Шетел азаматтарының қазақстандық балаларды асырап алуы тек аккредитациядан өткен халықаралық агенттіктер арқылы ықтимал, олардың саны республикада 20-дан аспауы қажет. Қазіргі кезде елімізде 18 агенттік қызмет етеді (анықтама үшін: 2012-2013 жж. асырап алу жөнінде 37 агенттік аккредитациядан өтті).

2015 жылы 2539 бала асырап алынды (2014 жылы – 2566), олардың ішінде ҚР азаматтары 2500, шетелдік туысқандарды қосқанда, шетел азаматтары – 39 бала асырап алды.

36-диаграмма. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың асырап алуға берілгендер саны



Дереккөз: ҚР БҒМ

8.1.2. Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тәрбиеленушілердің қозғалысы
Қайталанған жетімдік

Мемлекеттің институционаландыру деңгейін төмендету бойынша шаралары интернатты мекемелердегі балалар санының азаюы бойынша белгілі бір жетістіктерге әкелгеніне қарамастан, тәрбиеленушілер санының орташа толықтыру жыл сайын шамамен 2000 баланы құрайды. Балаларды институционаландыру санын төмендету, балалардан бас тартудың алғашқы себептері азаймайынша, баяу жүретін болады.

2016 жылдың сегіз айы ішінде жетім балалар мен АҚҚ балаларға арналған мекемелерден 2 284 бала шыққан. Олардың ішінде техникалық және білім беру мекемесі мен ЖОО түскен бала саны – 674, өзінің отбасыларына оралғандар – 609, қамқорлыққа алынғандар – 330, патронатқа – 192, асырап алынғандар – 172, қайтыс болғандар – 26, басқа да негіздермен – 281.

2016 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша интернаттық ұйымдарда 7 231 бала тәрбиеленуде. 8 ай ішінде мекемелерге 1 449 бала түсті, олардың ішінде 1 316 бала (91%) жаңадан табылды, асырап алынған отбасылардан 133 бала (9%) қайтарылды

Қайтарылған балалар контингенті:

- 5 бала асырап алуды жоюдан кейін
- 85 бала қорғаншылықты жоюдан кейін
- 43 бала патронатты жоюдан кейін

133 бала - «қайталанған жетімдер»

Жаңадан табылғандар қатарынан (1316 бала), 1006 бала Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына түсті.

Біріккен Корольдіктегі «Балалар үйлері» Тәуелсіз ассоциациясының зерттеуіне сәйкес, Англияның жергілікті билік органдарының үштен екісі кейбір балалардың, әр түрлі жағдайлар есебінен, отбасыларға анықтаудың 10,20 есеге дейін сәтсіз тәжірибесіне жетуіне тап болады. Швецияда жасөспірімдерді асырап алушы отбасыларға орналастыру барысындағы сәтсіздіктер деңгейі 50% құрайды.

Дереккөз: «Қорғанышылықтағы балалар құқықтарын қорғау және көмектегі ұлттық құқық қорғау құрылымдарының рөлі» семинарының материалдары, Еуропалық Одақ – Еуропа кеңесінің бірлескен бағдарламасы

Қайталанған жетімдік себептері: балалар үйі тәрбиеленушілерінің әлеуметтік бейімделмеуі; асырап алушылардың, қорғаншылардың баланы қабылдауға психологиялық дайын еместігі (дайындықтың төмен деңгейі); асырап алушылардың балаларды тәрбиелеу бойынша міндеттерді тиісті орындамау; материалды пайда мақсатында қорғаншылыққа алу фактілері.

Сипатталған себептер құрылымына сәйкес, институционалды мекемелерге балаларды қайтарудың жыл сайынғы саны баланы тәрбиелеуге алғысы келетін азаматтарды дайындау және іріктеу жүйесінің жетілмегендігі туралы, балалар мекемелерінің тәрбиеленушілерін әлеуметтік бейімдеудегі осалдықтар туралы дәлелдейді.

8.1.3. Әлеуметтік жетімдік


Әлеуметтік жетімдік мәселесі әлі де өзекті болып тұр. 2016 жылдың басындағы әлеуметтік жетімдер саны (ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар) 17 997 баланы құрады (ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың жалпы санының 80%). Отбасылық қолайсыздық, әлеуметтік жетімдік пен балалардың қадағалаусыздығын алдын алу жүйесі айтарлықтай тиімсіз әрекетті көрсетеді. Өз кезегінде, әлеуметтік жетімдік балалардың арасында ауру-сырқаудың және өлімнің, оларды әлеуметтік және еңбектік қанаудың, балалар қылмысының артуына әкеледі.

Әлеуметтік жетімдердің негізгі контингенті – бұл ата-анасы ата-аналық құқықта арналған айырылған, қамау орындарында, іздеудегі, ұзақ мерзімді емдеудегі, ата-анасының құқықтары шектелген балалар, бас тартқан және тастанды балалар.

ҚР ПМ деректері бойынша, 2016 жылдың 9 айы ішінде түзеу жолына түспеген, сондай-ақ өз балаларын қауіпке ұшыратушы 758 ата-аналар ата-аналық құқықтарынан айырылды (2015 жылдың 9 айы ішінде балаларды тәрбиелеу құқығынан айырудың 624 фактісі орын алды). Бұл деректер бойынша осы отбасылардың шамамен 1400 баласы әлеуметтік жетім қалды.

2012-2015 жылдар аралығында ата-аналардың балаларды тәрбиелеуге құқықтарынан айыру туралы қабылданған сот шешімдерінің саны 15,9%-ға азайды.

37-диаграмма. 2012-2015 жылдары және 2015, 2016 жж. 9 айы ішінде ата-аналық құқықтардан айыру туралы қабылданған сот шешімдерінің саны



Дереккөз: ҚР ИМ

2016 жылдың 9 айының қорытындылары бойынша ішкі істер органдарының есебінде 17 мыңнан астам бала тұрып жатқан шамамен 12 мың қолайсыз отбасы тұр. Аталған отбасылармен балаларды тұрмыстық зорлық-зомбылық пен отбасыдағы қатыгездіктен қорғау және жағдайды сауықтыруға бағытталған алдын алу жұмыстары жүргізіледі. Білім беру ұйымдарының өкілдерімен бірге қолайсыз отбасылардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларына шамамен 11,5 мың тексеру өткізілді. Атқарылған жұмыс нәтижесінде, өзгертулерге байланысты, ішкі істер органдарының есебінен шамамен 15 мың бала тұрып жатқан 7 мыңнан астам қолайсыз отбасы шығарылды.

8.1.4. Формальді емес қорғаншылықтағы балалар

БҰҰ Басқарушы қағидаларына сәйкес, баламалы күту бойынша⁴² әр елде, Қазақстанға да қатысты, әр түрлі отбасылық-тұрмыстық жағдайлар себебінен отбасылық қоршауда орналасқан, бірақ оларды ата-анасы емес, туыстары, достары немесе басқа тұлғалар күтетін балалардың категориясы бар, сонымен қатар олардың ата-анасы ата-аналық құқықтарынан айырылмаған саналады. Мысалы, ата-анасы балаларды жақын адамдарға қалдырады, ал өздері басқа өңірлерге, елдерге табыс іздеп кетеді. Немесе моно ата-аналық отбасыда әкесі немесе шешесі басқа отбасы құрады, ал алдыңғы некедегі баланы туыстарына, жиі атасына/әжесіне тәрбиеге қалдырады. Халықаралық заңнамада балалардың мұндай категориясы *формальді емес қорғаншылықтағы балалар* деп аталады.

Қазіргі таңда қорғаншылықтың осындай түрінде тәрбиеленіп жатқан балалар саны туралы ресми деректер жоқ, өкінішке орай, мұндай балалар туралы статистика жүргізілмейді, алайда мұндай балалар кездеседі және осы мәселені ойластыру керек.

⁴² Бас Ассамблея қабылдаған резолюция, 64/142.

Қорғаншылықтың бұл түрі, бір жағынан, бала үшін қолайлы, себебі аса жағымды, бірақ екінші жағынан, формальді емес қорғаншылықтың толық реттелмейтін нысандары бала үшін нашар қарау немесе қанаудың жоғары дәрежесін тудыруы мүмкін.

Туысқандардың қамқорлығында ресми емес орналасқан балалармен жұмыс істей келе, мемлекетке жүктелген балаларды қорғау жөніндегі функцияларды орындау қажеттігі мен ата-аналардың, олар болмаса, бала тәрбиесін жүзеге асырушы тұлғалардың бала мүддесінде қабылданған шешімін құрметтеу арасындағы нәзік шекті таба білу керек. Себебі ресми органдарда мұндай балалар категориясын тәрбиелеу қосылмаған, олардың өкілеттілік саласы айтарлықтай шектелген. Дегенмен, құзыретті органдардың мұндай балалар туралы, қажет болған жағдайда қолдау көрсету үшін, білгені дұрыс.

Мұндай отбасыларды тиісті органдардың есебіне қоюмен тез айналысу туралы мәселе тұрған жоқ. Бұл мәселеге достық позиция тұрғысынан қарау керек – қолдау мен қызметтер көрсету (олар қаржылық, сондай-ақ кеңес беруші көмек ретінде болуы мүмкін), осылайша ерікті тіркеуді ынталандырамыз. Әдетте, ресми емес қорғаншылардың өздері ауыр өмірлік жағдайға ұшыраған және көмек көрсету баланы күту жағдайларын әлеуетті түрде жақсартатын болады. Сонымен қатар, барлық мүдделі жақтардың келісімі қажет екендігін тағы да атап өткен жөн және бұл баланың мүддесіне ұзақ мерзімді келешек көзқарасынан қарсы келмеуі тиіс.

Дереккөз: «Балаларды баламалы күту бойынша басшылық нұсқаулар» теориядан практикаға: жүзеге асыру. Кантуэлл Н, Дж. Дэвидсон, С. Элли, И. Миллиган, Н. Куинн, - Ұлыбритания: Center for Excellence for Looked After Children in Scotland, 2012.

8.1.5. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтендіру, сондай-ақ олардың мүліктік құқықтарын қорғау саласындағы негізгі проблемалардың бірі тұрғын үймен қамту болып табылады.

2016 жылдың басында тұрғын үйге мұқтаж осы категориядағы балалар саны 25 053 адамды құрады, бұл ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жалпы санының 84,5%. Кезекке 23 878 тұрғызылды. 2016 жылы 1 486 бала (6,2%) тұрғын үймен қамтылды, оның ішінде 620 – балалар үйлерінің тәрбиеленушілері. Көрсеткіш жоғары емес, алайда алдыңғы жылдармен салыстырсақ, жағымды өсім байқалады.

Бұған көбіне ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйді бірінші кезекте алуға құқығы туралы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұрғынжайлардың жалпы санының кемінде жиырма пайызы бөлінуі туралы жаңа енгізілімдері ықпал етті.⁴³

Өңірлік бөліністе тұрғын үймен ең жоғары қамтамасыз ету Атырау және Маңғыстау облыстарында байқалады (тұрғын үй алған жетімдер үлесі, сәйкесінше, 32,4 және 25,3% құрайды).

⁴³ ҚР "Қазақстан Республикасының Кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 ж. 29 желтоқсандағы № 270-V ҚР Заңы

8.1.6. Баламалы қорғаншылықтағы балалардың амандығы


Балалар мекемелерінде тәрбиеленушілерге жағымды жағдайлар құру бойынша максималды күш жұмсалады, алайда балалар құқықтарының бұзылуы фактілері кездеседі. Интернеттік мекемелерде балалар құқықтарын бұзу фактілерінің болуын прокурорлық тексерістер анықтайды. Жекелей, Алматы облысында жүргізілген тексерулер барысында балаларға нашар қарау, тамақтану нормаларының бұзылуы, тәрбиеленушілердің тұрғын үйлеріне қатысты заңсыз астыртын әрекеттер анықталды.⁴⁴

Әлеуметтанушылық зерттеу аясында балалар үйлерінің қолайлығы бағаланды. Сұрау көрсеткендей, балалар мекемелерінің тәрбиеленушілері өзінің бақыт деңгейін 8,9 баллға (ықтимал 10 балдың ішінен) бағалады, бұл айтарлықтай жоғары көрсеткіш. Мысалы, балалардың 15,2% үшін олардың денсаулығы, жиі ауыруы маңызды проблема болып табылады. Балалардың 8% электронды гаджеттердің жоқтығына назар аударады, 10% заманауи, қызықты үйірмелер мен секцияларға қолжетімділіктің жоқтығын айтады, 5% кино, мұражайларға, театрларға бармайды.

Мекемелер тәрбиеленушілерінің бос уақыты негізінен музыка тыңдаумен (47,6%), үй тапсырмаларын орындаумен (45,9%), кітап оқу (42%), теледидар көрумен (40%) өтеді. Сондай-ақ, балалар бос уақытында үйірмелерге, секцияларға барады, көшеде қозғалмалы спорттық ойындар ойнайды, жеке істерімен айналысады. Шамамен 10% әлеуметтік желілерде, интернетте отырады, 7,6% онлайн-ойындар ойнайды.

Жалпы, балалардың бос уақыты ұйымдастырылғанын атап өту керек, алайда балалар сұрай барысында міндетті түрде ерекшелейтін бос уақыттың қызықты, креативті нысандары жетіспейді.

38-диаграмма. Балалар үйлері мен интернаттарда тәрбиеленетін балалардың бос уақыты, %



⁴⁴ <https://tengrinews.kz/>

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін өмірде ең құнды болып денсаулық (62,7%), отбасы (55,7%), махаббат және достық (37,8%), тәртіп (36,2%), еңбек (35,7%), қауіпсіздік, тұрақтылық (32,4%) саналады.

Балалардың белгілі бір бөлігі үшін әдептілік пен адалдық (23,2%), тәуелсіздік (19,5%), мейірімділік, ар-намыс, бостандық, теңдік (18-15% аралығы) рухани құндылықтар маңызды екенін атап өткен жөн.


31-кесте. Өмірдегі құндылықтар, балалар үйі, интернаттар тәрбиеленушілерінің %

Денсаулық	62,7
Отбасы, ата-ана, туыстармен жақсы қарым-қатынастар	55,7
Махаббат, достық	37,8
Тазалық, тәртіп	36,2
Еңбек	35,7
Қауіпсіздік, қорғалу, тұрақтылық және тыныштық	32,4
Әдептілік, адалдық, әділеттілік	23,2
Тәуелсіздік	19,5
Қызықты өмір және ләззат	18,4
Мейірімділік, адамгершілік, айналадағыларға мейірбан қарау	17,8
Ар-намыс, өзіне және өзгелерге құрмет	17,3
Туған тіл, дәстүрлер және мәдениет	16,2
Адам құқықтары, бостандық және теңдік	15,1
Білім	10,3
Табиғатпен тілдесу, экологияны сақтау	9,7
Материальды табыс	9,2
Жауапкершілік	9,2
Қызығушылық, хобби	8,1
Шығармашылық	6,5
Руханилық, ішкі үйлесімділік	5,9
Төзімділік, толеранттылық	5,4
Дін, наным-сенім	4,9
Қазақ мәдениетіне, тіліне тарту	1,6
қатарластардың қарым-қатынасы, бедел	1,6
Қоғамдық борыш	0,5

Тәрбиеленушілер үшін қатарластарымен, тәрбиешілермен үйлесімді, сенімді қарым-қатынастар маңызды. Алайда балалар мен тәрбиешілер, мұғалімдер арасындағы қарым-қатынастарда бірқатар проблемалар кездеседі, балалардың 7% тәрбиешілер мен мұғалімдер жағынан бейжайлық, әділетсіз қарым-қатынас көрсетілетінін атап өтті.

Сұрау көрсеткендей, балалардың жартысы ғана өз құпиялары, өтініштерін тәрбиешілермен бөліседі, балалардың 39% достарына сенеді, туған бауырларына 32%. Сенім топтарына мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтер кірмейді (сәйкесінше 14% және 8%).

39-диаграмма. Балалар сенетін тұлға, балалар үйі, интернаттар тәрбиеленушілерінің %



Балалар мекемелері баланың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандырудан басқа, бала өзін толық қауіпсіз сезінетін орын болуы керек. Сұрау нәтижелері бойынша, балалардың 11% өте жиі өздерін жалғыз сезінеді, 34% бұл сезімге сирек тап болады.

Балалардың 5% пікірінше, балалар үйінде, мектепте 2%, көшеде 14% болу қауіпсіз емес.

Үлкен балалар тарапынан бопсалау жағдайларына сұралған балалардың 3% кезігеді, балалардың 4% қысымды, Интернет арқылы бопсалауды бастан кешірсе, 3% әлеуметтік желілердегі зорлық-зомбылық, суицидті насихаттау фактілерін көрсетті.

Жалпы балалар үйлеріндегі жағдай балалардың бағалары бойынша жағымды. Бос уақытты ұйымдастыруға назар аударған жөн, жаңа, креативті, қызықты нысандарды ендіру, ЖОО, колледждердегі студенттер қатарынан волонтерлерді қосу керек, себебі олар жас, белсенді және балалар үйлеріндегі балалармен сенімді қатынастарды құру олар үшін жеңіл.




Адамгершілік-рухани құндылықтарды қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет, қазіргі уақытта олардың маңыздылығы аса басым емес.

Балалар мен балаларға жауапты ересектер арасындағы сенім қарым-қатынастарында проблемалар бар, әлеуметтік педагогтар мен психологтарға іс жүзінде сенімнің жоқтығы алаңдатады.

Қауіпсіздік, қолайлылық мәселелері бақылаудан тыс қалмауы тиіс, бопсалау, зорлық-зомбылықты, суицидті насихаттауға тап болған балалардың аз үлесінің өзі қауіп тудырады.

8.1.7. Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу бойынша іс-шаралар

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдаған қазақстандық отбасыларды қолдау үшін деинституционалды баламалы қорғаншылықтың барлық түрлері үшін материалды ынталандыру енгізілді.

 <p>Патронат еңбекақы 35 мың теңгеден және жоғары, балаға жәрдемақы 9-10 АЕК мөлшерінде</p>	 <p>Қорғаншылық баланы күтіп-бағуға жәрдемақы 10 АЕК мөлшерінде</p>	 <p>Бала асырау бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы 75 АЕК мөлшерінде</p>	 <p>Қабылдаған отбасы: ата-анасының еңбекақысы, балаға жәрдемақы 10 АЕК мөлшерінде</p>
---	--	--	---

Балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін әлеуметтік бейімдеу мақсатында еліміздің өңірлерінде «2015-2018 жылдарға арналған Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау жөніндегі кешенді жоспар» аясында іс-шаралар, «Өмірді және мансапты жоспарлау» жобалары, «Мейірім», «Өзіңнен баста» акциялары жүзеге асырылады, бұл іс-шараларда тәрбиеленушілерді кәсіби айқындау, ірі кәсіпорындар, бизнес субъектілер, бюджеттік сала ұйымдары қатарынан шефтік ұйымдарды бекіту бойынша жұмыс жүргізіледі. Түлектермен әлеуметтік әріптестік туралы шарттарға қол қойылады, оларға сәйкес түлектер алдағы жұмысқа орналасуы, тұрғын үймен, әлеуметтік қызметтер пакетімен қамтамасыз ету қарастырылған оқытудан өтеді.

ҚР БҒМ ынтымақтастық туралы меморандумдар аясында «Отбасылық Академия» Отбасыны кешенді қолдау орталығы» ҚҚ бірге Астана, Алматы және Қарағандыда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды деинституционалдандыру бойынша «Тәлімгерлік» пилоттық жобасы жүзеге асырылуда.

Интернаттық ұйымдар түлектерінің әлеуметтік бейімделуі мен қорғау саласында SOS Балалар ауылдары Бағдарламаларында жетім балалар үшін Жартылай тәуелсіз тұру (ЖТТ) бағдарламасы жүргізіледі. Бұл бағдарлама жастарға өзінің тұлғалық өсімін жалғастыруға және болашақ өмірге берік негіз құруға мүмкіндік береді. ЖТТ Бағдарламасы жасөспірімдерде дербес тұру дағдыларын дамытуға және оларды тәуелсіз болашаққа дайындауға бағытталады.

Балалар ауылы жанында «Менің маңызым бар» Жастардың ресурс орталығы қызмет етеді, оның мақсаты интернаттық мекемелердің түлектеріне және 15-тен 25 жас аралығындағы жасөспірімдерге әлеуметтік, психологиялық және заңдық қолдау көрсету болып табылады.

ҚР «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Заңын жүзеге асыру бойынша балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне депозиттер ашу бойынша жұмыс жалғасып келеді. «Бөбек» жеке қорының қайырымдылық көмегі аясында, «Қазақстан халық банкі» АҚ-да «Бақытты балалық шақ – Счастливое детство» жобасы шеңберінде, отбасыларда тұрып жатқан 13 жетім балаға және балалар үйлерінің 302 тәрбиеленушісіне шоттар ашылды және банк салымына келісім-шарттар жасалынды. Мемлекеттік білім берудің жинақ жүйесі шеңберінде, барлығы 7 779 балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне білім салымдары ашылды.

8.1.8. Ұсынымдар

Қайталанған жетімдіктің өзектілігі жалғасып келеді. Асырап алған ата-аналардың балаларды балалар үйіне қайтаруына жауапкершілікті, баланы бағып-күтуге алименттер төлеуге дейін, заңды түрде ойластыру. Орын басатын отбасыларды даярлау мен кәсіби қолдаудың толық жүйесін құру.

Баланы отбасыға қабылдау үшін материалды төлемдерді көбейту мен өмір сүру деңгейінің төмендеуіне байланысты, қорғаншылықты материалды қолдау ретінде алу тәуекелі кездеседі. Осындай жағдайлардың алдын алу керек, бақылау үшін барлық мемлекеттік, қоғамдық ресурстарды тарту қажет.

Халықаралық тәжірибеде қорғаншылықтағы балаларға кеңес беру тәжірибесі кездеседі. Балалардың қатысуы олардың құқықтарын қорғау бойынша іс-әрекеттердің сәттілігін қамтамасыз етудің маңызды, кейде ең маңызды факторы болып табылады⁴⁵. Сонымен қатар, дәл қорғаншылықтағы балалар осындай балалар үшін сенім тобы болып табылады. Оларда өз тәжірибесімен бөлісу және қорғаншылық жүйесіндегі қиянаттарға қарсы және қоғамда жалпы қиналатын стереотиптерге қарсы шығу ынтасы бар. Осыған байланысты мыналар ұсынылады:

Қазақстандағы қорғаншылықтағы балалар құқықтарына арналған, қатарластар арасындағы жастар іс-шарасын өтізуді қарастыру,

Ел ішінде қорғаншылық мәселелері туралы немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасындағы өзара әрекеттестікке бағытталған басқа бастамалар туралы ақпарат бөлісу мен таратудың жастар арнасын (веб-сайт) құру. Қорғаншылықтағы/қорғаншылықта болған жастар операторлар болуы керек.

Формальді емес қорғаншылықтағы балаларға назар аудару, отбасылар мен балаларға кеңес берушілі, психологиялық қолдау көрсету.

⁴⁵ Келесі дереккөздерді қарау: Iwaniec, D. (ed.) (2006) *The Child's Journey Through Care: Placement Stability, Care Planning and Achieving Permanency*, (Chichester: John Wiley); McAuley, C. and Bunting, L. (2006) *The Views, Experiences and Aspirations of Care Experienced Young People*, (Belfast: VOYPIC) and NICCY (2006) *A Northern Ireland Based Review of Children and Young People's Participation in the Care Planning Process*, (Belfast: NICCY).

8.2. Ерекше мұқтаж балалар

8.2.1. Ағымдық жағдай

Мүгедек балалар

Балалар мүгедектігі проблемаларын зерттеу жөніндегі Еуропалық академия балалар мүгедектігінің негізгі көрсеткішін анықтайды, ол 2,5%-ға тең.⁴⁶ Олардың көзқарасы бойынша, туа біткен ауытқушылықтар мен басқа функционалды бұзылулар бұл көрсеткіш аясында адамдық әртүрліліктің қалыпты көрінісі болып табылады. Егер көрсеткіштер негізгіден жоғары болса, бұл денсаулық сақтаудың жұқпалы аурулар жарақаттар, жеткіліксіз тамақтану, ана, жүктілер, жаңа туған нәрестелердің денсаулығын қорғау сияқты проблемаларына көп назар аудару керектігін дәлелдеуі мүмкін. Егер көрсеткіш төмен болса, бұл бұзылуларға әлсіз диагностикасын, жатырлық өлім-жітімнің, туу кезіндегі немесе өмірдің бастапқы кезеңіндегі өлім-жітімнің жоғары коэффициентін білдіруі мүмкін – өлім-жітімнің мұндай көрсеткіштері мүгедектік жөніндегі статистикада ескерілмейді, сондай-ақ есепке анықтау мен қоюдағы кемшіліктерді көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар, Еуропалық академия сарапшылары мұндай негізгі көрсеткіштерді көбінесе өнеркәсіптік дамыған елдер бойынша деректермен салыстыруға болады деп санайды, аталған көрсеткішті біржақты қабылдау кездеспейді, пікірлер әр түрлі, алайда, мүгедектік коэффициенті мүгедек балаларды қолдау тиімділігінің көрсеткіші саналады.

Қазақстанда 2016 жылдың 1-қаңтарында 18 жасқа дейінгі 75 712 мүгедек балалар тіркелген, бұл 1,4%-ды құрайды (2012 жылы 1,3%). Қазақстандық көрсеткіш негізгіден төмен, бұл бұзылулар диагностикасы, өлім-жітім (жатырлық, нәрестелік), есепке анықтау және қоюмен байланысты проблемалардың болуы туралы айтады. Алайда көрсеткішті өсіріп, негізгіге жақындату дұрыс саналмайды, тек балалар мен отбасылар аамандығының барлық сапалы сипаттамаларын жақсарту керек.

Абсолютті сандар тұрғысынан, мүгедек балалардың ең көп саны ОҚО (17286 бала), Алматы облысына (8 396 бала) тиесілі. Өңірлік көріністі алу үшін өңірдің 1000 бала халқына шаққандағы балалар саны көрсеткішіне бағытталған жөн. Осыдан, Қазақстанда 1000 бала халқына 13,9 мүгедек бала келеді. Тіркелген балалар мүгедектігінің ең көп саны Қызылорда (1000 балаға 15,7 жағдай), СҚО және Маңғыстау облыстарына (1000 балаға 15,4 жағдай), ОҚО (15,2) тиесілі. Кейбір өңірлердегі балалардың аз үлесі балалар мүгедектігінің аз саны туралы айтады, бұл дәлірегі анықтау мен тіркеудің жеткіліксіздігінің көрсеткіші.

⁴⁶ ОШЕ/ТМД және Балтия елдеріндегі өтпелі кезеңдегі балалар мүгедектігінің проблемалары. «Инноченти» ЮНИСЕФ Зерттеу орталығының баяндамасы.


40-диаграмма. Мүгедек балалардың саны, 2016 ж.басы



Дереккөз: ҚР ДСӘДМ, ҚР ҰЭМ СК. 1000 бала жасына сан авторлармен есептелінді.

Мүгедек балалар санының абсолюттік деректері халық санының көрнекі артуын көрсетеді, егер 2012 жылы 65 844 бала тіркелсе, 2016 жылдың басында 75 712 бала.

41-диаграмма. 2012-2015 жж. аралығында мүгедек балалар санының өзгерісі



Дереккөз: ҚР ДСӘДМ, ҚР ҰЭМ СК.

Төрт жыл ішіндегі динамикада (2012-2015 жж. арасында) балалар саны 15%-ға (немесе 9 868 балаға) артты. Өсімнің ең жоғары көрсеткіштері Астана (48,2%), Маңғыстау облысы (28,9%), Алматы (27,2%), Жамбыл облысында (20,0%) байқалады.

32-кесте. 2012-2015 жж. Аралығында облыстар бойынша мүгедек балалар санының өзгерісі

	2012	2015	%-дық өзгеріс
Ақмола	2434	2585	6,2
Ақтөбе	2502	2908	16,2
Алматы	7581	8396	10,8
Атырау	2419	2846	17,7
ШҚО	4401	4760	8,2
Жамбыл	4441	5330	20,0
БҚО	2525	2545	0,8
Қарағанды	4669	4884	4,6
Қызылорда	3823	4444	16,2
Қостанай	2275	2478	8,9
Маңғыстау	2813	3626	28,9
Павлодар	2690	2660	-1,1
СҚО	2092	2103	0,5
ОҚО	14617	17286	18,3
Алматы	4116	5237	27,2
Астана	2446	3624	48,2
Қазақстан	65 844	75 712	15,0

Дереккөз: ҚР ДСӘДМ, ҚР ҰЭМ СК.

Мүгедек балалар санының көбеюі Қазақстандағы мүгедек балалардың абсолютті және салыстырмалы санының өсімін ғана емес, сондай-ақ балаларды анықтау, тіркеу және алдағы қорғау жағдайларының артуын білдіреді. Мүгедектікпен байланысты әлеуметтік стигма төмендегеніне қарамастан, мүгедек балаларды кем есептеудің белгілі бір дәрежесі сақталады. Балалардың белгілі саны «жасырын мүгедектікке» ие, және олардың мүгедек ретінде тіркелмегені туралы сандық емес дәлелдер қатары кездеседі. Себептері: баланың ата-анасы немесе баланың өзі «мүгедек» мәртебесін ұзақ уақыт қабылдамауы; медициналық тексеруден өту және МӘС қорытындысын алу қызметінің географиялық және әлеуметтік-экономикалық қолжетімсіздігі ауыл тұрғындары үшін өзекті; кешіккен диагностика; әлсіз хабардарлық.

«Ауылды аудандарда мүгедек балалар саны әлсіз, кешіккен диагностика себебінен, қалалармен салыстырғанда аздап төмен теңдестірілген. Ауыл ауруханаларында барлық тар мамандандырылған дәрігерлер жоқ, барлық тексерулер жүргізілмейді; диагностикалық тестілеу не жеткіліксіз, не ескірген саналады. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік қызметтер мен қорғау саласында сауаты аз» (АДА ауыл дәрігері, Маңғыстау облысы).


Балалары мүгедектік мәртебесіне ие ата-аналарда жәрдемақы және басқа көмек түрлерін алуда кедергілер жоқ. Мәселе барлық балалардың мүгедектік мәртебесін ала алмауында болып тұр. Кейбір ата-аналар баланың мүгедектік мәртебесін алуға, және сәйкесінше, қолдаудың барлық түрлеріне құқылы екендігі туралы аурудың соңғы кезеңінде біледі. Мәселе ақпараттың жетіспеуі, және сәйкесінше, халықтың төмен азаматтық белсенділігіне тіреледі» (ҰЕҰ директоры, Маңғыстау облысы).

Бала мүгедектігінің жалпы құрылымында көшбасшы нозологияларға келесілер жатады: дамуында туа біткен кемістіктер - 30%; жүйке жүйесінің аурулары - 28,6 %; психикасы бұзылу және мінез-құлықтың ауытқуы - 15,8%.⁴⁷ Осыдан, фертильді жастағы барлық әйелдерге, әсіресе жүкті әйелдерге, сондай-ақ бүлдіршін жастағы балаларға (аурулардың ерте диагностикасы) скрининг өткізудің сандық және сапалық жағдайын нығайту керек.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалар

ҚР БҒМ деректеріне сәйкес, 2016 жылдың басында республикада 141 821 даму мүмкіндігі шектеулі бала тіркелген, бұл елдегі 1000 бала халқына шаққанда 26 ОӨБ балаларды құрайды. Өңірлік салыстыру ОӨБ балалардың ең көп санын Қостанай облысында (өңірдегі 1000 бала халқына шаққанда 54,1), ШҚО (өңірдегі 1000 балаға шаққанда 39,8 бала) көрсетті.


42-диаграмма. Даму мүмкіндігі шектелген балалар саны, облыстар бойынша, 2016 жылдың басы



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК. 1000 бала халқына шаққандағы сан авторлармен есептелінді.

⁴⁷ ҚР Премьер-Министрінің депутаттық сұрауға «Мүмкіндігі шектеулі балалардың есебі және түзеу-педагогикалық қолдау жөніндегі мәселелерді қарастыру туралы» 2016 жылғы 9 маусымдағы №20-11/1555 жауабы

ОӘБ бар балалар саны, ҚР БҒМ деректері бойынша, баяу азайып келеді, ал мүгедек балалар саны өсуде.



8.2.2. Әлеуметтік-медициналық қызметтер

Медициналық қызметтер

Мүгедек балаларға оңалту көмегі денсаулық сақтау ұйымдарында, медициналық-әлеуметтік мекемелерінде, сондай-ақ санаториялық-курорттық ұйымдарда және жеке орталықтарда тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде көрсетіледі.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмектің әлеуметтік-бағытталған моделі алғашқы медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігі мен уақытылы орындалуын жақсартуға, қадағалау мониторингін жүйелендіруге мүмкіндік берді. Аурудың созылмалы формаларына, соның ішінде мүгедектікке шалдыққан тұлғаларға үйдегі тұрақты патронаж және мейірбике күтімі үшін мейірбикелердің, әлеуметтік қызметкерлер, психологтардың қосымша штаты бөлінді.

ҚР ДСӘДМ ресми деректері бойынша, елімізде балаларға арналған 35 оңалту орталықтары қызмет етеді (ҚР БҒМ бойынша – 15, ҚР ДСӘДМ – 20). БЦСА ауыратын балалар жылына кемінде 1 рет оңалту көмегін республикалық маңызы бар 3 орталықтан алады: «Балбұлақ» Республикалық балаларды оңалту орталығы (Алматы қ.), Республикалық балаларды оңалту орталығы (Астана қ.) және РБОО Қызылорда облысындағы филиалы.

Балаларға оңалту іс жүзінде еліміздің барлық өңірлерінде көппрофильді ауруханалардың келтіру емі, медициналық оңалту бөлімшелерінде және амбулатория-емхана ұйымдарында өткізіледі.

Әлеуметтік қолдау

Мүгедек балалар, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, ай сайын мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алады.

Мүгедек баланы тәрбиелеуші ата-анаға, қорғаншыларға және асырап алушыларға, баланың кәмелет жасқа толғанына дейін, 1,05 ең төменгі еңбек

ақы мөлшерінде жәрдемақы төленеді, 2016 жылы төлем мөлшері 24 000 теңгені құрады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-анасы және басқа заңды өкілдері мүгедек балалар қатарынан мүмкіндігі шектеулі балаларды үйде оқыту шығындарын жергілікті уәкілетті органдар шешімі бойынша анықталатын тәртіпте және мөлшерде өтеуге құқылы.

Мүгедек балаларға арнайы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады:
*он алты жасқа дейін – 0,96 АЕК, 2016 ж. жәрдемақы мөлшері 2 037 т.;
он алтыдан он сегіз жасқа дейін: 1 және 2 топтағы мүгедек балаларға – 1,49 АЕК, 2016 ж. — 3 161 т.; 3 топ – 0,64 АЕК, 2016 ж. 1 358 т.*

Ауыр өмірлік жағдайға ұшыраған тұлғалар үшін жергілікті бюджет қаражатынан қосымша мекенжайлық әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегі төленеді.

Әлеуметтік көмек және қолдаумен қоса, қолданыстағы заңнама жергілікті уәкілетті органдардың басшыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдаудың қосымша шараларын қабылдау құқығын береді.

Тең мүмкіндіктерді құру және ауыр өмірлік жағдайды жеңу мақсатында, балаларға жеке ерекшеліктер мен қажет етілетін жағдайларды ескере, арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Арнайы әлеуметтік қызметтер стационар, жартылай стационар жағдайда, үйде көрсетіледі:

200 балаға жуық қамтитын, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларға арналған стационар үлгісінде 2 медициналық-әлеуметтік мекеме, 2 мыңнан астам баланы қамтитын, психоневрологиялық патологиясы бар балаларға арналған 18 медициналық-әлеуметтік мекеме қызмет етеді;

50 күндізгі болу ұйымдарында психологтар, дефектологтар, логопедтер, ЕДМ инструкторлары, массажистер және басқалармен жұмыс жүргізіледі. Бөлімшелерге баратын балалар тұрмыстық қызмет көрсету, медициналық оңалту бойынша қолдау, тиісті жеңілдіктер мен жәрдемақыларды рәсімдеуге көмек, психологиялық және педагогикалық көмек алады. Аталған қызмет түрімен мүгедек балаларды қосқанда, 1,7 мың адам қамтылған;

психоневрологиялық аурулары бар балалар мен ересектерге арналған 156 әлеуметтік көмек бөлімшелерінде үйде әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Бұл қызмет балаларды қосқанда, 17 мыңнан астам адамға көрсетіледі;

халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің 12 оңалту орталықтарында 1,5 мыңнан астам балаларға арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі;

81 үкіметтік емес ұйымдарда арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. 2016 жылдың басында балаларды қосқанда, 5 мыңнан астам адам ҰЕҰ қызметтерімен қамтылды.

ЖАО мемлекеттік тапсырыс қаражаты есебінен санаториялық-курорттық емдеу, арнаулы жүріп - тұру құралдары (кресло - арбалар), техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар (протездік - ортопедиялық, сурдо - тифлотехникалық құралдар) және гигиеналық құралдар береді.

8.2.3. Даму мүмкіндігі шектелген балаларға қатысты достық қарым-қатынас орнату бойынша іс-шаралар

Республикада мүмкіндігі шектелген балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау жүйесін болашақта дамыту үшін алдағы жылдары мыналар басым бағыттар болып табылады:

«ҚР дамуы бұзылған және мүмкіндігі шектелген сәби жастағы балаларды қолдау бойынша ерте қолға алу» бағдарламасын құру;

«ерте қолға алуды» өткізуді қажет ететін, бұзылудың жоғары тәуекелі бар балаларды анықтау мақсатында ерте скрининг өткізу;

«ерте қолға алудың» кеңес беруші-әдістемелік орталықтары желісін құру; мүгедек балаларға оңалту көмегін көрсету бойынша бірыңғай ведомствоаралық қызмет құру (ҚР ДСӨДМ, ҚР БҒМ, ҮЕҰ);

осы категорияда балалары бар ата-аналарға оңалту мен оқыту бағдарламалары курстарын құру;

ерте көмекті қажет ететін балалардың Республикалық тіркелімін құру; инновациялық оңалту және психологиялық-педагогикалық технологияларды қолдану арқылы ерте диагностика және оңалтудың барлық деңгейлерінің мамандарын оқыту.

Осыған байланысты, Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2020 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасында пациентті оңалтудың халықаралық стандарттары мен әдістемелерін (медициналық, әлеуметтік, психологиялық) енгізу, оңалту ұйымдары желілерін кеңейту, арнайы педагогтерді даярлау және инклюзивті білім жүйесін дамыту жолдарымен оңалту көмегін жетілдіру мәселелері қарастырылатын болады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, «Мүгедектігі бар тұлғалардың орталықтандырылған деректер қоры» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – МОДҚАЖ) құрылды. МОДҚАЖ деректері негізінде мүгедектік топтары мен категорияларына, себептеріне, мүгедектік құрылымы мен жағдайына, соның ішінде балалардың мүгедектігіне мониторинг жүргізіледі.

8.2.4. Инклюзивті социум (зерттеу нәтижелері бойынша)

Инклюзивті социумды құру халықтың инклюзивті ойлауын қалыптастыру секілді түсінікті білдіреді. Әлеуметтанулық сұрау нәтижелерін талдау көрсеткендей, сұралған ата-аналардың 81,7% үшін олардың балаларының қасында бір партада мүмкіндігі шектеулі бала отырған жағдайды игі қабылдайтын болады, қалған ата-аналар үшін мұндай жағдай қабылданбауға келмейді. Балалардың бағасы аса тартымды емес, тек 39%-ы ғана балалардың көбісі ерекше қажеттілігі бар балаларға жақсы қарайтынына сенеді.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалары бар сұралған ата-аналардың пікірінше, осы категориядағы балаларды әлеуметтік қорғаудың барлық қажетті шарттары әлі жеткілікті дәрежеде қанағаттанбайды, сұралған ата-аналардың 24%-ы балалар заңды бекітілген әлеуметтік қызметтер пакетін толық көлемде алмайды деп санайды. Көбінесе, психологиялық-педагогикалық түзеу әлсіз көрсетіледі, әлеуметтік қызметкерлердің қызмет

көрсету сапасы бойынша әлеуметтік қорғау органдарына жазғырулар, денсаулық сақтау органдары мүгедек балаларды емдеу және оңалту бойынша қызметтерін әлсіз орындайды (дұрыс емес ем жазу, ведомстволық бағыныстағы ұйымдар базасында түзеу қызметтерін ұзақ мерзімді күту).

Отбасы мен баланы әр түрлі мүдделі жақтардың қолдауы бағаларын талдау балалардың осы категориясын бизнес құрылымдар (ата-аналардың 65% қолдау жоқ деп есептейді), ҮЕҰ (58%-ы қолдау жоқтығын айтады), әкімдіктер (48%) әлсіз қолдайтынын көрсетті. Аталған құрылымдарға қатысты, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау жақтарынан қолдау аса сезіледі, қолдауды терістейтін жауаптар үлесі білім беру тарапынан - 18,7%, денсаулық сақтау - 30%, әлеуметтік қорғау - 38%.

8.2.5. Ұсынымдар

Фертильді жастағы барлық әйелдерге, әсіресе жүкті әйелдерге, сондай-ақ бүлдіршін жастағы балаларға (аурулардың ерте диагностикасы) скрининг өткізудің сандық және сапалық жағдайын нығайту керек. Халықты скринингтер туралы ақпараттандыру бойынша жұмысты жалғастыру, жүктілік бойынша есепке қоюды бақылау. Халықтың өзіне және болашақ балаларға қатысты жауапты мінез-құлқын қалыптастыру.

Әлеуметтік инклюзия саясатын өткізуі барысында ең жоғары нәтижеге жету мақсатында, ерекше мұқтаж балалардың білім беру, немесе бас әлеуметтік ортаға интеграциясы нәтиже бермеуі мүмкін, тіпті арнайы құрал-жабдықтарды сатып алуға, осындай балалар үшін ғимараттарды бейімдеуге, инклюзивті оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың еңбек ақысына, мұғалімдер мен тәрбиешілерді ерекше мұқтаж балалармен жұмыстың адекватты әдістемелік және психоәлеуметтік амалдарына оқытуға қосымша қаражат бөлінбесе, алынатын қызметтер сапасы нашарлауы ықтимал екендігін назарға алу қажет.

Қазіргі уақытта қолданыстағы білім беру ұйымдарының барлық деңгейлеріндегі өзекті білім беру тәжірибесі ерекше мұқтаж балалардың мұқтажлықтарына қатысты икемді оқу бағдарламаларын қарастырмайды.

Инклюзивті білім мақсаттары мен академиялық білімнің жоғары стандарттары арасында кейбір келіспеушіліктер байқалады. Инклюзивті білім беру жөнінде қоғамдық қысым мен жобалар дәстүрлі модельге қарсы келеді, қоғам оларды қабылдайды, алайда қарапайым мектептерден үлгерімі нашар балаларды шығару үшін көптеген ынталандырулар жасай отырып, үлгерімнің жоғары академиялық көрсеткіштеріне, мектептер арасындағы бәсекелестікке ерекше көңіл аударып, басқа реформаларды да қабылдап, қарама-қарсы бағытта әрекет етуге дайын. Мектеп жетістіктерін бағалауға мектептің білім беру процесіне біріктірілген ерекше мұқтаж балалар саны көрсеткішін, сондай-ақ олардың жетістіктерінің көрсеткішін қосуға болады, алайда соңғысы талас тудыруы мүмкін.



9-тарау
«Тәуекел топ» балалары



9.1. Балалар және жасөспірімдер қылмысы


9.1.1. Ағымдық жағдай

ҚР ІІМ мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекеттестікте, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңға сәйкес, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының профилактикасы және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудың әр түрлі бағыттары бойынша іс-шаралар кешенін жүргізеді.

Қабылданып жатқан шаралар нәтижесінде, соңғы 4 жыл ішінде (2012-2015 жж.) жасөспірімдер қылмысының жыл сайынғы кемуі байқалады, қылмыстардың саны 37%-ға төмендеді.

2016 жылдың 9 айы ішінде, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда, қылмыстар саны 3 жағдайға төмендеді (2015 ж. 9 айы - 2375; 2016 ж. 9 айы – 2372 жағдай).

43-диаграмма. 2012-2015 жж. аралығында және 2015,2016 жж. 9 айы ішінде кәмелет жасқа толмағандар жасаған қылмыстардың




Дереккөз: ҚР ІІМ және ҚР ҚСЖАЕК 8.10.2016 жылғы ақпараты

Кәмелетке толмағандардың қылмысы құрылымында 2016 жылдың 9 айы ішінде барлық қылмыс түрлері бойынша өсім бар, жекелей, ұрлық саны 211 жағдайға артты (1251 салыстырғанда 1040), 480 ауыр қылмыс жасалынды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 156 фактіге артық, тонау саны 78 фактіге (344 салыстырғанда 266), шабуыл жасап тонау 14 жағдайға өсті. Кәмелетке толмағандар арасындағы кісі өлтірудің, 2015 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда, өсімін атап өту керек (13 салыстырғанда 11 жағдай).

Қылмыс жасаған 2064 кәмелетке толмағандардың ішінде 771 (2015 ж. 9 айы - 882) жалпы білім беру мектептерінің оқушылары, 1095 (2015 ж. 9 айы - 1109) – колледждердің және 198 (2015 ж. 9 айы - 314) ЖОО білім алады.

Қылмыс жасаған тұлғалар құрылымында, колледж білім алушылары басым - 53%, мектеп оқушылары - 37,3%, ЖОО студенттері - 9,6%.

44-диаграмма. 2012 - 2015 жж. аралығында және 2015 - 2016 жж. 9 айы ішінде жалпы білім беру мекемелерінің оқушылары жасаған қылмыстардың саны



Дереккөз: ҚР ИМ

2012-2015 жж. кезеңінде мектеп оқушылары жасаған қылмыстар санының 2012 жылғы 3875 фактіден 2015 жылғы 1200-ге дейінгі айтарлықтай төмендеуі байқалады, 2012-2015 жж. аралығындағы қылмыстың төмендеуінің орташа жылдық қарқыны оқушылар арасында 25,4% құрады.

Кәмелетке толмағандар арасында құқыққа қарсы көріністер фактілерін уақытылы анықтау және жолын кесу мақсатында, ИМ бөлімшелері арасында қылмыстарды анықтау және жолын кесу, кәмелетке толмағандар арасында қорқытып алушылық және ақша қаражаттарын жинау фактілерін анықтау бойынша жедел-маңызды ақпарат алмасу жүзеге асырылады.

Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде, ағымдағы жылы ішкі істер органдарына 85 мыңнан астам кәмелетке толмағандар, олардың ішінде 69 мыңнан астамы әкімшілік құқық бұзушылық үшін жеткізілді.

9.1.2. Кәмелет жасқа толмағандарды бейімделу орталықтары

Республикада 20 кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары (КТБО) жұмыс істейді, олардың ішінде 13 – облыстық орталықтарда, 5 – Астана, Алматы, Семей, Жезқазған, Теміртау қалаларында, 2 аудан орталықтарында (Шығыс Қазақстан облысының Зырян ауданы және Ридер қ.) орналасқан.

2016 жылдың 9 айы ішінде КТБО 5 107 кәмелетке толмағандарды қабылдады, олардың ішінде 776 ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар, 4137 қадағалаусыз және панасыз қалғандар, 108 девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетіндер, 86 кәмелетке толмағандар ауыр өмірлік жағдайға ұшырағандар.

КТБО қабылданған кәмелетке толмағандар қатарынан 4 998 бала орналастырылды:

балалардың 84%-ының тағдыры жақсарды, олар отбасыларда өмір сүретін болады, (4 218 бала);

10% (508 бала) «әлеуметтік жетім» жаңа мәртебесімен жетім балаларға және АҚҚ балаларға арналған ұйымдарға жіберілді;

2,2% (109 бала) қорғаншылыққа, патронатқа берілді;

0,5% (23 бала), уақытша бала қонақтайтын отбасыда болады және жағымды нұсқа барысында, болашақта жаңа туған отбасын табуы, немесе бұрынғы туған отбасына қайтарылуы мүмкін;

2,8% (140 бала) алдағы тағдыры айтарлықтай сәтті емес, алда олар баратын арнайы мектептер, КТБО бала үшін аса достықпен қарайтын мекемелер емес.

КТБО-да балалармен және балалардың ата-аналарымен жұмыс

КТБО-да отбасыларды қолдау қызметтері жұмыс істейді, олардың қызметі тәрбиеленушілерге кеңес беруші, психологиялық, анықтамалық-ақпараттық, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге бағытталады.

Қолдау қызметтері қызметінің мониторингі келесіні көрсетті, 2016 жылдың 9 ай ішінде 215 ата-анаға және 418 кәмелетке толмағандарға құжаттарды рәсімдеу бойынша; 2 ата-анаға, 4 кәмелетке толмағандарға жұмысқа орналасу бойынша; 11 ата-анаға және 73 кәмелетке толмағандарға арнайы білім беру мекемелеріне орналасуға көмек көрсетілді; 1843 ата-анаға және 1542 балаға консультациялар берілді. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін 298 отбасыға, 97 оқу мекемелеріне және 58 ұйымға шығу жүзеге асырылды.

9.1.3. Балалар және жасөспірімдер қылмысының алдын алу бойынша жұмыс

Құқық бұзушылықтың профилактикасымен мемлекеттік органдар да (ҚР ПМ, ҚР БҒМ, ведомстволық бағыныстағы ұйымдар), қоғамдық (ҮЕҰ, ата-аналық қоғамдастық) та айналысады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың ерте профилактикасы мақсатында, сондай-ақ жасөспірімдік қылмыстар жағдайына мекенжайлық ықпалдасу мақсатында, республикада «Жасөспірім», «Түлектер кеші», «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шаралар және «Балалар түнгі уақытта», «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік», «Еңбекпен қамту», «Мен және менің полицейім» акциялары жүргізіледі.

Жазғы демалыстар кезеңінде, 2016 жылдың маусымында, «Еңбекпен қамту» акциясы аясында бос уақыт ұйымдарының әр түрлі нысандарына 900 мыңнан астам кәмелетке толмағандар тартылды, олардың ішінде 7 мың баладан астамы ішкі істер органдары есебінде тұр, 10 мыңнан астам бала қолайсыз отбасыдан шыққан. Еңбек және жұмысбастылық органдарына профилактикалық есепте тұрған кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру бойынша 500-ден астам өтініш хат жолданды. «Динамо» ведомстволық спорт залдарына ішкі істер органдары есептерінде тұрған кәмелетке толмағандарды қосқанда, 10 мыңнан астам бала барды. Есепте тұрған және қолайсыз отбасыларда тәрбиеленіп жатқан 5 мыңнан астам кәмелетке толмағандар аула клубтарға барады.

Кәмелетке толмағандар арасында профилактикалық жұмысты жетілдіру мақсатында «Қазақстанның Студенттер Альянсы» республикалық штабымен және «Жұлдыз» Балалар қоғамдық ұйымдарының одағы» қоғамдық

бірлестігімен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

Білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мәселесінде саны 2158 бірлікті (*1842 бір. қосымша талап етіледі*) құрайтын полицияның «мектеп» инспекторлары институты сенімді ақтады. Олардың басшылығымен 54 мың мектеп оқушысы қатысатын полицияның жас көмекшілерінің 4 мыңнан астам ерікті жасағы жұмыс істейді.

Білім беру ұйымдары өкілдері, ата-ана комитеттері және мектеп инспекторларымен бірге 17 мыңнан астам рейдтік іс-шаралары өткізді, олардың аясында 4,5 мың (*2015 ж.- 4 мың.*) құқық бұзушылық анықталды, мектеп ішіндегі есепте тұрған 16 мыңға жуық жасөспірім және 11 мыңнан астам қолайсыз отбасыдан шыққан жасөспірім тұрғылықты орны бойынша тексерілді.

9.1.4. Шартты түрде сотталған кәмелет жасқа толмағандармен жұмыс

Қазақстанда шартты түрде сотталған кәмелетке толмағандармен жұмыс пробация қызметтерімен жүргізіледі. 2016 жылдың 9 айы ішінде пробация қызметтері (ПҚ) есебі бойынша қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жаза түрлеріне сотталған 307 (*2015 ж. - 380*) кәмелетке толмағандар өтті.

2016 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ПҚ-нің есебінде 119 (*2015г. - 141*) кәмелетке толмаған сотталған тұрады. 2009 жылдан бастап осы уақытқа дейін ПҚ есебінде тұрған кәмелетке толмаған сотталғандар санының төмендеуі байқалады (*2009 ж. – 1086, 2010 ж. – 707, 2011 ж. – 363, 2012 ж. – 242, 2013 ж. – 244, 2014 ж. – 177, 2015 ж. - 135*).

Кәмелетке толмаған сотталғандардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, олар қайталап құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу мақсатында пробация қызметтері ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар кешенін тұрақты негізде өткізеді.

Әр бала үшін жеке бағдарламалар әзірленеді, 2016 ж. 9 айда кәмелетке толмағандарға қатысты 148 жеке бағдарлама жасалынды, 9 кәмелетке толмаған бұл бағдарламалардан бас тартқан.

Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды оңалту бойынша жұмыс мемлекеттік және өзге органдармен, ұйымдармен, мекемелермен, кәсіпорындармен және басқалармен өзара әрекеттестікте жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда Қазақстандағы пробация туралы заң жобасы әзірленді, мұнда кәмелетке толмағандардың пробациясын қосқанда, пробацияның толық топтамасын енгізу қарастырылған.

ҮЕҰ және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық

Кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды оңалту үшін әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсету мақсатында Астана қ. және Қарағанды облысының ҚАЖ Департаменті мен «Право» қоғамдық қоры арасында меморандум жасалынды.

«Право» Қоры, ЮНИСЕФ-пен ынтымақтастық аясында, «Кәмелетке толмағандарға баламалы әділ сот схемаларын әзірлеу, кәмелетке толмаған

құқық бұзушыларға әлеуметтік-құқықтық қызметтер жүйесін дамыту» жобасын жүзеге асырады.

«Шанс» әлеуметтік-құқықтық қолдау орталығында, пробация есебінде тұрған, қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жаза түрлеріне сотталған кәмелетке толмағандар психологиялық-әлеуметтік оңалту курстарынан ерікті негізде өтеді.

Орталық Азиядағы Penal Reform International (Халықаралық түрме реформасы) (бұдан әрі - PRI) өкілдігімен бірге 2016 жылдың тамызынан бастап Өскемен қаласында кәмелетке толмағандарға арналған пробацияның сотқа дейінгі кезеңі туралы пилоттық жоба іске қосылды.

PRI Өкілдігі ЮНИСЕФ-пен бірге, «Қылмыстық әділ сот жүйесі қызметкерлерінің әлеуетін арттыру және кәмелетке толмағандарға арналған пробацияны модельдеу» жобасы аясында, Қызылорда, Өскемен, Зырян, Ақтау, Алматы және Астана қалаларының пробация қызметтерінде пробация қызметі бақылауында орналасқан кәмелетке толмағандармен жұмыс үшін бөлмелер ашты.

9.1.5. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде кәмелетке толмағандармен жұмыс

Бүгінгі күні республикада кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған 1 орташа қауіпсіз мекеме (ЛА-155/6 мекемесі) және ЛА-155/4 мекемесінің жанындағы қыздарға арналған оқшаулау учаскесі бар.

ЛА-155/6 мекемесінде 01.10.2016 жылы - 44 (2015ж. - 73) сотталған кәмелетке толмаған, ЛА-155/4 мекемесі жанындағы оқшаулау учаскесінде – 4 (2015ж. - 4) жазасын өтеуде.

Қылмыстардың құрамы бойынша 70% астамы ауыр және аса ауыр қылмыс үшін, соның ішінде әр төртінші кісі өлімі үшін, оның 66%-ы 17 жаста және одан асқандар, ал 60 % - 5 жылдан астам мерзімде жазасын өтеп жатыр.

Тәрбиелік-профилактикалық жұмыс

2016 жылдың 9 айы ішінде, ЛА-155/6 мекемесіне «Вега», «Жеті ағаш», «Возроди село», «Сәт Астана», «Кредо» сияқты қоғамдық қорлар, Қазақстандағы Сорос қоры мен PRI «халықаралық түрме реформасы», Қоғамдық бақылау комиссиясының өкілдері, Ұлттық превентивті механизм қатысушылары барды. Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы консультативтік-кеңесші органның жоспары шеңберінде Алматы қаласы мәдениет, дене шынықтыру және спорт басқармалары әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыруда көмек көрсетті.

Сотталғандарға тәрбиелік ықпал етудің тиімділігін арттыру мақсатында ата-аналар комитеті ұйымдастырылды, одан басқа, Колонияның Қамқоршылық кеңесі жұмыс істейді. 2016 жылы ЛА-155/6 және ЛА-155/4 мекемелерінде «Ашық есіктер күні» өткізілді, оған сотталғандардың 70 туысы қатысты.

Психологиялық демалу кабинетінде сотталғандарға психологиялық көмек көрсету бойынша жұмыс жүргізіледі. Жұмыстың жаңа бағыттарының бірі инспектор-психологтың қатысуы болып табылады. 2016 жылдың басынан бастап ЛА-155/6 мекемесінің психологиялық жұмыс қызметкерлері тәрбиеленушілер арасында суицидтік әрекеттің алдын алу мен және жол бермеу бойынша бірқатар іс-шаралар өткізді. ЛА-155/6 мекемесінде тәрбиеленушілерімен суицидтік үрдістерді анықтауға психодиагностикалық зерттеулер жүйелі түрде жүргізіледі.

5 жыл бойы сотталғандармен Қазақ Мемлекеттік әйелдер педагогикалық университетінің (ҚазМӘПУ) ғылыми-зерттеу тобы жұмыс істейді, олар психолого-педагогикалық зерттеулер жүргізеді, босатылғаннан кейін сотталғандардың қайта әлеуметтендіруде педагогикалық көмек көрсетеді.

Түзету мекемелерінде балалардың жалпы білім алуға құқығы жүзеге асырылады. Мектепте 18 мұғалім жұмыс істейді. Оқыту орыс және қазақ тілдерінде жүргізіледі, барлығы 48 кәмелетке толмаған сотталғандар оқытылады, оның ішінде 10 адам сотталғанға дейін білім алмаған және жұмыс істемеген.

2015-2016 оқу жылы 9 оқушы орта мектепті бітірсе, 12 оқушы негізгі білімі туралы куәлік алды.

«Халықаралық әлеуметтік жобалар қауымдастығы» ҚҚ көмек көрсетуімен ЛА-155/6 мекемесінің сотталғандары арасында наубайхана және негізгі информатика курстары өткізілуде, кейіннен сертификаттар беріледі.

БАҚ өкілдерімен тікелей өзара іс-қимыл жасасу арқылы қылмыстық-атқару заңнамасының негізгі қағидаттарының бірі – жариялылық қағидаты іске асырылуда. «Хабар», «31 арна», «Қазақстан» телеарналарымен, «ЗАҢ», «Время молодых», «Юридическая газета» газеттерінің редакцияларымен, «Исполнение наказаний» журналымен және т.б. өзара ынтымақтастық жолға қойылды.

2015 жылдың басынан қолданысқа енгізілген жаңа Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес кәмелетке толмаған сотталғандарды тәртіптік изоляторға қамау жойылды. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзған сотталған жетпіс екі сағатқа дейінгі мерзімге уақытша оқшаулау үй-жайына жабылады (Қазақстан Республикасы ҚАК 154-бабы).

Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде бас бостандығынан айыруға сотталғандарды қалдыру 20 жастан 21 жасқа ұзартылды. 18 жасқа толғаннан кейін, тәрбиеленушілер жаза өтеу мерзімі аяқталғанға дейін, тек 21 жастан аспай мерзімге мекемеде қалуы мүмкін. Бұл жасқа дейін сотталғандардың көбісі бас бостандығынан айыру орындарынан жаза өтеу мерзімі аяқталуына немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босатылады (Қазақстан Республикасы ҚАК 155-бабы).

9.2. Балалар және жасөспірімдер ортасындағы суицидтер

9.2.1. Ағымдық жағдай

ҚР БП деректеріне сәйкес 2016 жылдың 9 ай ішінде елімізде кәмелетке толмағандар суицидінің 140 оқиғасы (2015 ж. 9 ай – 159 оқиға), 316 суицидке талпыну (2015 ж. 9 ай – 360 ұмтылыс) тіркелді. 2015 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда жасалынған суицид деңгейі 11,9 %, суицидке талпыну деңгейі 12,2%-ға азайды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің айтарлықтай өсімі Ақтөбе, БҚО, Қызылорда облыстарында, Астана қ. байқалса, оны жасауға ұмтылғандар Жамбыл облысы мен Алматы қаласында тіркелді.


33-кесте. 2015-2016 жж. 9 айы ішіндегі суицидтердің және суицидке ұмтылыстың өңірлер бөлінісіндегі саны

	Суицид			Ұмтылыс		
	2015 ж. 9 айы	2016 ж. 9 айы	Өзгеріс, %	2015 ж. 9 айы	2016 ж. 9 айы	Өзгеріс, %
Ақмола	11	10	-9,1	17	19	11,8
Ақтөбе	2	9	350,0	24	25	4,2
Алматы	14	15	7,1	14	8	-42,9
Атырау	8	4	-50,0	11	13	18,2
БҚО	6	10	66,7	14	3	-78,6
Жамбыл	6	7	16,7	12	16	33,3
Қарағанды	8	8	0,0	43	16	-62,8
Қостанай	13	6	-53,8	18	17	-5,6
Қызылорда	7	9	28,6	17	11	-35,3
Маңғыстау	10	3	-70,0	32	9	-71,9
ОҚО	32	30	-6,3	40	42	5,0
Павлодар	4	2	-50,0	21	20	-4,8
СҚО	9	5	-44,4	27	11	-59,3
ШҚО	20	12	-40,0	32	32	0,0
Астана қ.	4	5	25,0	29	34	17,2
Алматы қ.	5	5	0,0	9	38	322,2
Қазақстан	159	140	-11,9	360	316	-12,2

Дереккөз: ҚР БП

Гендерлік қатынас келесі көріністе бөлінді: өзіне қол жұмсау ер балалар мен жеткіншектер (68,6%) арасында қыздармен салыстырғанда (31,4%) 2,2 есеге артық. Сонымен қатар, суицидке ұмтылыстың көп бөлігі жеткіншектермен (18,4%) салыстырғанда, қыздар арасында (81,6%) байқалады (айырмашылық 4,4 есе). Қыздар стреске, депрессияға жиі шалдығады, ер балаларға максимализм және жігерлі шешім қабылдау тән.


45- диаграмма. Суицидтердің және суицидқа ұмтылыстың гендерлік бөлінісі, 2016 жылдың 9 айы



Дереккөз: ҚР Бас прокуратурасы

Суицид жасағандар арасында жас ерекшеліктері бойынша 15-17 жас тобы басым – 328 суицид оқиғасы немесе 71,9%.

46-диаграмма. Суициденттердің жас құрамы, 2016 жылдың 9 айы



Дереккөз: ҚР БП

Суицидтердің негізгі себептері отбасы ішілік шиеленістер 21,4%, жалғыздық және шетте қалу сезімі 3%, оқу орны бойынша шиеленістер 8,4%, мас болу жағдайы 1,5%, психиканың сырқаулы жағдайы – 1,8%, жақындарынан айырылу, қорқыныштар – 0,6%, қолайсыз тұрғын үй жағдайлары – 0,2% болып табылады. Қалған жағдайларда себептер анықталған жоқ.

Суицидтер бойынша статистиканы тұрғылықты орын, жыл мезгілдері, жасау тәсілдеріне байланысты көрсеткен маңызды. Бұл деректер 2015 жылғы, себебі баяндамаға қол қою кезінде 2016 жылғы өзекті сандар болған жоқ. Алайда 2015 жылдың көрсеткіштері толық негізде жағдайды шынайы түсіндіреді.

ҚР БП деректері бойынша, жасалынған суицидтердің ең көп саны ауылды жерлерге тиесілі, 201 оқиғаның ішінде 56 суицид қалаға (27,8%), ауылға 145 оқиға (72,2%) келеді.

Өзіне қол жұмсау тәсілдері бойынша (2015 жылғы 201 оқиға ішінен), 93,2% дарға асылу басым, биіктен құлу (4,4%), улану (1,9%), суға бату (0,5%).

Суицидке ұмтылыс барысында дәрі-дәрмектен улану (63,7%), сөздік тіліктер (18,1%), дарға асылу (20,3%), биіктен құлау (8%) жиі байқалады.

Мезгіл бойынша бөлініс келесі көріністе: суицидтердің ең көп саны көктемде 30,8%, жазда 25,9%, күзде 23,4%, қыста 19,9% орын алады.

9.2.2. Суицидтерді алдын алу жөніндегі іс-шаралар

Кәмелетке толмағандар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алу мақсатында шаралар кешені білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кәмелетке толмағандарға жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша қабылданған ведомствоаралық жоспарлар, тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде жүзеге асырылады⁴⁸.

ҚР БҒМ мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп педагогтар мен психологтарға арналған балалар арасындағы мазасыздықты, зорлық-зомбылықты анықтау, суицидтің алдын алу әдістемесін оқыту бойынша біліктілікті арттыру курстарының 7 оқу бағдарламаларын әзірледі.

Жергілікті атқарушы органдар халықаралық және үкіметтік емес ұйымдарды тарту арқылы психологтарға арналған біліктілікті арттыру курстары мен оқытушы семинарлар ұйымдастырды. Аталған оқыту аясында 6000-нан астам педагог тартылды.

ЮНИСЕФ Балалар қоры өкілдігінің қолдауымен ҚР кәмелетке толмағандар арасында өзіне өзі қол жұмсаудың алдын-алу жөнінде жоба жүзеге асырылып келеді. Жоба үш құраушыдан тұрады:

балалардың психологиялық денсаулығы мәселелері бойынша балалардың және олардың ата-аналарының хабардарлығын арттыру;

Педагогикалық қызметкерлерді және мектеп персоналын оқыту (суицид «вахтерлерді» оқыту);

Мінез-құлқында суицидтік құбылыстардың жоғары тәуекелі бар топтағы оқушыларды анықтау (білім алушылар арасында сұрау жүргізу) және «тәуекел тобындағы» балаларға тиісті медициналық, психологиялық көмек көрсету.

Жоба 2015 жылы пилоттық режимде Қызылорда облысында іске қосылды, 2017 жылдың соңына дейін жобаны республиканың барлық өңірлеріне енгізу жоспарланады.

Сондай-ақ, ҚР АҚМ ҚР ІІМ және басқа ведомстволармен бірге балалар құқықтарын қорғауға қатысты талаптарды орындау үшін ақпараттық кеңістік мониторингін жүргізеді. Мысалы, 2015 жылы балалардың психологиялық денсаулығына зиян тигізетін 24 сайт жабылды. 2016 жылдың 9 айы ішінде 90 мыңнан астам ақпараттық материалдарды жою бойынша шаралар қабылданды, олардың 586 қатігездік және зорлық-зомбылық, суицид және порнография табынушылықты насихаттаудан тұрды.

Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жасау үшін, 2016 жылдың сәуірінде республиканың білім беру

⁴⁸ ҚР БҒМ 22.04.16 ж. № 227 Бұйрығы

ұйымдарында «Қауіпсіз интернет» кең ауқымды ақпараттық науқаны өтті. Науқан аясында мектеп оқушыларына интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын таныстырды. Мектеп пәндері мен курстарының мазмұнына ақпараттық-телекоммуникациялық ортада жауапты және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бойынша талаптар қосылды.

Сонымен қатар, көрсетілген кезең арасында ҚР «Байланыс туралы» Заңының 41-1 бабына сәйкес, ҚР аумағында 22 296 қатігездік және зорлық-зомбылық, суицид және порнография табынушылығын насихаттаудан тұратын ақпараттық материалдарды қосқанда, 26 136 ақпараттық материалдарға қолданушылардың қолжетімділігін шектеу бойынша шаралар қабылданды.

«YouTube», «ВКонтакте», «Twitter», «Facebook» видеохостингінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бейнероликтер жарияланды, сондай-ақ әлеуметтік желілерде жарияланатын сенім телефондары туралы ақпарат берілді.

9.3. Нашакорлық, алкоголизм

9.3.1. Ағымдық жағдай

Есірткі, алкоголь, темекі тұтынатын балалар статистикасы диспансерлік есепте «психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудан туындаған психикасының және мінез-құлықтың бұзылушылығы» диагнозымен (бұдан әрі – ПБЭЗ тұтынудан туындаған ПМБ) тұрған балалар негізінде жүргізіледі.

Қазақстанда балалардың психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуына қатысты жағдай, статистиканың белгілі бір төмендеуіне қарамастан, бұрынғыдай өзекті болып қалуда. ҚР ДСӘДМ Республикалық нашакорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемаларының ғылыми-практикалық орталығы деректері бойынша 2015 жылы ПБЭЗ тұтынудан туындаған ПМБ диагнозы бірінші рет анықталған балалар саны 1014 құрайды (100 мыңға шаққанда 19,1).

Бұл санның ішінде, 1517 жас аралығындағы жасөспірімдер ең көп тіркелген – 904 адам (100 мыңға шаққанда 136 бала), 14 жасқа дейінгілердің саны 110, бұл 100 мыңға шаққанда 2,3 баланы құрайды.

Диспансерлік есепте тұрған балалар саны 2015 жылы - 1 111 адам (100 мыңға шаққанда 21 бала). Олардың ішінде 15-17 жастағылар 999 адам (100 мыңға 150,3), 14 жасқа дейінгілер – 112 бала (100 мыңға шаққанда 2,3 бала).

2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда ПМБ диагнозы бірінші рет анықталған балалар саны 1 840-тан 1 014 адамға дейін аздап төмендеді (халықтың 100 мыңына шаққанда: 35,7-ден 19,1 дейін). Сондай-ақ диспансер есебінде тұрған балалар арасында да 2 100-ден 1 111 дейін төмендеу байқалады (100 мыңға 40,8-ден 21,0 дейін).

Маскүнемдік

Балалардың алкоголизммен ауыруы (өмірінде бірінші рет анықталған диагноз) 2014-2015 жж. аралығында 1297-ден 615 жағдайға дейін азайды және

2015 жылы бала халқының 100 мыңына шаққанда 11,6 баланы құрады (2014 ж. – 25,2).

Есепте тұрған маскүнем балалардың саны 1426-дан 749 дейін (47,5%) қысқарды, бұл 100 мыңға шаққанда. 14,1 (2014 ж. – 27,7) құрайды.

Нашақорлық

Алғашқы диагнозды есірткіге әуес балалардың саны аздап қысқарды. 2015 жылы есірткіге әуес балалар саны 181 (2014 ж. – 261), төмендеу 30,6%, және 100 мыңға 3,4 (2014 ж. – 5,1) құрайды.

Есепте тұрған есірткіге әуестер саны 2015 жылы 217 (2014 г. – 304), 28,6% төмендеген, 100 мыңға шаққанда 4,1 (2014 ж. – 5,9) құрайды.

Темекі шегу

Балалардың темекіге тәуелділігінің статистикасы да төмендеу динамикасына ие. Егер 2014 жылы алғашқы диагнозды балалар 282 адам болса, 2015 жылы 198 баланы құрайды (29,8% төмендеу), 100 мыңға шаққанда 3,7 (2014 – 5,5).

2015 жылы 147 бала есепте тұрды (2014 ж. – 370), 100 мыңға шаққанда 2,8 (2014 ж. – 7,2).

34-кесте. «Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтырудан туындаған психикасының және мінез-құлықтың бұзылушылығы» диагнозымен ауыратын балалар саны, 2014-2015 жж.

			Бірінші рет диагностикадан өткен			Есепте тұр		
			14 жасқа дейін	15-17	Барлығы	14 жасқа дейін	15- 17	Барлығы
Барлығы	абсолюттік саны	2014	154	1686	1840	154	1946	2100
		2015	110	904	1014	112	999	1111
	100 000 адамға шаққанда	2014	3,4	248,0	35,7	3,3	291,8	40,8
		2015	2,3	136,0	19,1	2,3	150,3	21,0
Алкоголь тұтынушылар	абсолюттік саны	2014	70	1227	1297	73	1353	1426
		2015	58	557	615	67	682	749
	100 000 адамға шаққанда	2014	1,5	180,5	25,2	1,6	202,9	27,7
		2015	1,2	86,8	11,6	1,4	102,6	14,1
Есірткі тұтынушылар	абсолюттік саны	2014	27	234	261	24	280	304
		2015	27	154	181	28	189	217
	100 000 адамға шаққанда	2014	0,6	34,4	5,1	0,5	42	5,9
		2015	0,6	23,3	3,4	0,6	28,1	4,1
Темекі тұтынушылар	абсолюттік саны	2014	57	225	282	57	313	370
		2015	25	173	198	17	130	147
	100 000 адамға шаққанда	2014	1,3	33,1	5,5	1,2	46,9	7,2
		2015	0,5	26	3,7	0,4	19,6	2,8

Дереккөз: Республикалық нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемаларының ғылыми-практикалық орталығы

9.3.2. Профилактика бойынша шаралар

ҚР ІІМ хабары бойынша, 2016 жылдың 9 айы ішінде елде 4750 әр түрлі профилактикалық іс-шаралар жүргізілді, олардың ішінде 230 акциялар, 379 семинарлар, 2328 дәрістер және 299 кездесулер, 302 дөңгелек үстелдер, 301 байқаулар, 389 спорттық жарыстар мен турнирлер.

Денсаулық сақтау және білім беру органдарымен өзара әрекеттестікте, өңірлік комиссия қызметі шеңберінде - 1799, ҮЕҰ бірлесіп - 835, білім беру объектілерінде мектеп полиция инспекторларымен бірге - 2481, ЖОО - 723.

Аталған іс-шараларды өткізу барысында 197 мың адамнан астам жасөспірімдер мен жастар жалпы қамтылды. Іс-шаралар мақсаты – адам ағзасына есірткілердің, әсіресе синтетикалық есірткілердің жаңа түрлерінің зиянды әсері туралы жасөспірімдер мен жастарды ақпараттандыру, сондай-ақ салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру. Іс-шаралар есірткі қолдануға тартылудың негізгі тәуекел топтары – студенттер мен мектеп оқушыларына бағытталған.

Жалпы білім беру мектептерінің оқушылары арасында есірткіге қарсы бағыттағы интерактивті сабақтар өткізу бойынша жұмыс жанданды. Есірткі бизнесімен күрес жөніндегі барлық аумақтық бөлімшелерге Білім беру басқарламаларымен бірге интерактивті сабақтар өткізу бойынша бірлескен жоспарларды даярлау және бекіту туралы тиісті нұсқаулар жолданды.

Өткен кезең ішінде 4749 жалпы білім беретін мектептерде, 101 колледждерде және 6 балалар үйлерінде 37 интерактивті сабақ ұйымдастырылды және өткізілді, сабақтарға жалпы 336 мың оқушы қатысты.


Астана қаласы мектептерінде темекі, алкоголь және есірткіге тәуелділікке тартылу тәуекелдерін анықтау бойынша компьютерлік бағдарламаларды қолдануды тексеру жүзеге асырылды. Осыған ұқсас жұмыс бағдарламаны қолданатын барлық өңірлерде ұйымдастырылды. Тексеру нәтижелері нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы қызмет жөніндегі ведомство аралық штабтың кезекті отырысында талқылауға жіберілді.

9.4. Жасөспірім қыздар арасындағы жүктілік және жасанды түсік тастау

9.4.1. Ағымдық жағдай

Қазақстанда, ҚР ҰЭМ СК деректеріне сәйкес, 2015 жылы 397 238 босану тіркелді, оның ішінде 4671 – 15-18 жас аралығындағы жасөспірім қыздардың босануы (1000 босануға 11,8 жасөспірім қыздардың босануы келеді). Жасөспірімдердің босануының ең көп саны СҚО (1000 босануға 24,9), ОҚО (1000 босануға 24,8), Қостанай облысында (1000 босануға 23,1) байқалады.

47-диаграмма. 15-18 жас аралығында жасөспірім-бойжеткендердің арасындағы босану саны, 2015 ж.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК, «Әйелдер және ерлер» статистикалық жинағы, 2011-2015 жыл

2015 жылы жасанды түсік тастаулар саны 81 500 құрады, олардың ішінде 15-18 жас аралығындағы қыздар 1 100, жасанды түсік тастаудың 1000 оқиғасына 13,5 жасанды түсік – бұл 15-18 жастағы қыздардың жасанды түсігі.

Қазақстанда 2015 жылы 15-18 жас аралығындағы жасөспірім қыздар арасында 5771 жүктілік оқиғасы тіркелді. Олардың ішінде 4671 (80,1%) оқиға босанумен, 1100 (19%) жасанды түсік жасатумен аяқталды.

Әр бесінші бала-жасөспірімдік жүктілік жасанды түсікпен аяқталады!

4671 босану

1100 жасанды түсік

9.4.2. Профилактика бойынша шаралар

ҚР ДСӘДМ деректері бойынша алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде жастар денсаулық орталықтары жасөспірімдерге сексуалды және ұрпақты болу денсаулығын қорғау, қауіпсіз емес жасанды түсіктердің алдын алу және т.б. бойынша кеңес беруші қызмет көрсету мәселелері бойынша жұмыс жүргізеді.

Қазақстанда жасөспірімдер мен жастарға кешенді медициналық-психологиялық қызметтер көрсететін 91 Жастар денсаулық орталықтары (бұдан әрі – ЖДО) қызмет етеді.

ЖДО алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қалалық, аудандық ұйымдары (81); салауатты өмір салтын қалыптастырудың облыстық, аудандық орталықтары (6); университеттер (2); қоғамдық ұйымдар (2) базасында ашылған.

ЖДО қызметімен қамтылған жастар үлесі 15-29 жастағы жастардың жалпы санының 4,3% (187 991 адам) құрайды, бұл 2015 жылдың тиісті кезеңімен салыстырған 1,4 есеге көп (136 807 адам – 3,13%).

Республикада есептік кезеңде 348 320 адам қамтылған, жасөспірімдерге сексуалды және ұрпақты болу денсаулығын қорғау, қауіпсіз емес жасанды түсіктердің алдын алу бойынша кеңес беруші қызмет көрсету мәселелері бойынша 22 713 іс-шара өткізілді, соның ішінде: семинар–тренингтер – 3 233, акциялар – 319, дөңгелек үстел отырыстары – 448, байқаулар мен спорттық іс-шаралар – 380, конференциялар – 80, ашық есік күндері – 349 және басқалар – 17 760.

Өңірлік БАҚ-та теле-радио хабарлар (265), баспа басылымдарында жарияланымдар (105) ұйымдастырылды. Сонымен қатар, ақпарат ЖДО веб-сайттарында, Facebook, ВКонтакте және басқа әлеуметтік желілерде жарияланды.

9.5. Ересектер балаларға қарсы

9.5.1. Ағымдық жағдай

ҚР ҚСАЕК деректері бойынша, 2016 жылдың 9 айы ішінде республикада 2013 кәметке толмаған балалар оларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде зардап шекті. Абсолютті сан бойынша, зардап шеккендердің ең көп саны ОҚО (298 оқиға), Қарағанды облысында (220 оқиға), ШҚО (202 оқиға) тіркелді. Өңірлік салыстыру үшін, өңірдегі 10 000 балаға шаққандағы есеп статистикасын келтіреміз, алынған есептерге сәйкес, ең көп зардап шеккен балалар Павлодар облысында байқалады – өңірдің 10 мың бала халқына шаққанда 10,1 жағдай. Қарағанды облысы және ШҚО да салыстырмалы жоғары көрсеткіштерді көрсетеді.

2015 жылғы және 2016 жылдың 9 айы кезеңіндегі қылмыстардың салыстырмалы статистикасы, 2016 жылдың қалған кезеңінде айтарлықтай өсім байқалмайтын болса, зардап шеккен балалар санының азайғанын көрсетеді. 2015 жылдың қорытындылары бойынша елімізде 3 915 бала - қылмыстылық құрбандары (10 мың балаға 7,4), 2016 жылдың 9 тоқсаны ішінде 2 013 оқиға

(10 мың балаға 3,7). 2015 жылы қылмыскерлікке қатысты балалар өмірі үшін ең көп жағымсыз жағдайлар Қарағанды, БҚО, Павлодар, Қостанай, ШҚО, Ақмола облыстарында, Астана қаласында байқалды. 2016 жылы рокировка іс жүзінде өзгермеді.

35-кесте. Балаларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде 0-17 жас аралығындағы зардап шеккен балалар саны *

	Оқиғалар 2015 жыл	10 000 балаға шаққанда, 2015жыл	Оқиғалар, 2016 жыл 9 айы	10 000 балаға шаққанда, 2016 жыл 9 айы
Ақмола	184	9,4	76	3,8
Ақтөбе	166	6,8	85	3,4
Алматы	288	4,7	179	2,8
Атырау	135	6,6	43	2,0
БҚО	211	12,1	88	4,9
Жамбыл	247	6,2	162	4,0
Қарағанды	452	12,6	220	6,0
Қостанай	195	9,6	101	4,9
Қызылорда	158	5,7	53	1,9
Маңғыстау	144	6,4	57	2,4
ОҚО	592	5,3	298	2,6
Павлодар	216	11,6	191	10,1
СҚО	92	6,8	47	3,4
ШҚО	325	9,4	202	5,8
Астана қ.	215	8,9	85	3,3
Алматы қ.	295	7,7	126	3,1
Барлығы	3915	7,4	2013	3,7

Дереккөз: ҚР БП ҚСАЕК, <http://service.pravstat.kz/>

*Сан көлік өңірлері, ГВП, ЮВТР, ЗТР, ЦТР, 21-С, Орталық аппарата деректерін ескермей есептелінген.

Барлық зардап шеккен балалардың жартысына қатысты жеке адамға қарсы әрекет жасалынды (976 немесе 48,5%). Бұл құқық бұзушылықтардың құрылымында «Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынаста болу» басым - 397 оқиға (2015 ж. 716 оқиға). 124 жас балалар азғындық жолына түсті, 112 баланың денсаулығына қасақана ауырлығы орташа зиян келтірілді, 183 бала зорланды, немесе жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері жасалынды. ҚР Бас прокуратурасының ресми деректеріне сәйкес, жыныстық сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылық құрбандары қатарына жиі зорлаушылармен бірге тұрып жатқан, олардың ролінде туыстары, немесе сенімді адамдары болуы мүмкін, 13 жасқа дейінгі балалар жатады.

36-кесте. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасалған зардап шеккен балалар саны, 2016 жылдың 9 айы

Кісі өлтіру	16
Жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі	2
Абайсызда кісі өлтіру	6
Өзін-өзі өлтіруге жеткізу	68
Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру	28
Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру	112
Азаптау	4
Қажетті қорғану шегінен асыра пайдалану кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру	2
Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру	7
Қорқыту	5
Соз ауруын жұқтыру	1
Қауіпті жағдайда қалдыру	5
Зорлау	98
Жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері	85
Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынаста болу немесе жыныстық сипаттағы өзге де іс-әрекеттер	397
Жас балаларды азғындық жолға түсіру	124
Адам ұрлау	7
Бас бостандығынан заңсыз айыру	9

Дереккөз: ҚР БП ҚСАЕК <http://service.pravstat.kz/>

Жоғарыда көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтарға қоса, 270 бала жол-көлік оқиғаларының құрбаны, 144 бала бұзақылардың, 158 тонаудың, 242 ұрлық және басқа құқық бұзушылықтардың құрбандары болды.

9.5.2. Профилактика бойынша шаралар

Балалар өміріне қол сұғылмаушылық мәселелері баланың амандығына жауапты барлық министрліктер мен ведомстволардың ерекше бақылауында тұр.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық факторларының алдын алу мақсатында ҚСАЕК **infopublic.pravstat.kz** сайтында педофилдардың картасы іске қосылды, онда олардың фотосуреті мен анкетасы бар, сервисті кез-келген адам еркін пайдалана алады.

Білім беру ұйымдарында педагогтар, ата-аналар мен балалар арасында тұрақты негізде ақпараттық-түсіндірме жұмыс жүргізіледі:

Мектеп психологтарына, әлеуметтік қызметкерлерге арналған өңірлік семинар-тренингтер;

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» жасөспірімдердің өмірге төзімділік және стресске тұрақтылығын арттыру бойынша ақпараттық науқан;

«Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» ұлттық ақпараттық науқан.

Халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттестік жанданды:

ШҚО білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алғашқы алдын алудың модельдік бағдарламасы апробацияланды (ЮНИСЕФ БҰҰ Балалар қоры);

«Мектептерде зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әрекет ету» бағдарламасын 6 өңірде (*Алматы, Ақтөбе, ШҚО, Қызылорда, Маңғыстау облыстары, ОҚО*) пилоттық енгізу жұмысы жүргізілуде (ЮНИСЕФ БҰҰ Балалар қоры);

Өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, білім беру мекемелерінде және оларға іргелес аумақтарда бейнебақылау камераларын орнату, сондай-ақ пластикалық карточкаларды пайдалана отырып, бақылау-өткізу режимін енгізу бойынша іс-шаралар өткізілуде. Бүгінгі күні жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен бейнебақылау камералары 4 724 білім беру ұйымдарында орнатылды. Сонымен қатар, еліміздің барлық өңірлерінде сабақтан тыс уақытта өзін-өзі қорғау тәсілдерін игеру және экстремалдық жағдайларда оңтайлы мінез-құлық дағдыларын үйрену мақсатында балалар мен жастарға арнайы сабақтар өткізіледі. Қазіргі уақытта аталған іс-шаралар 30 мыңнан астам оқушыларды қамтиды.

Білім алушыларды әлеуметтік-психологиялық қолдау және медициналық қызмет көрсету ұйымдастырылды: білім беру ұйымдарында 8 130 психолог және 4 204 әлеуметтік педагог, 6 666 медициналық қызметкерлер жұмыс істейді. Психологтар мен әлеуметтік педагогтардың даярлығы жетілдірілуде: психологтардың даярлығын еліміздің 46 ЖОО жүзеге асырады; 216 сағат көлемінде мазмұны жаңарған біліктілікті арттыру курстарының 7 оқу бағдарламалары әзірленді және 688 психологтар мен әлеуметтік педагогтер қамтылған 28 курс өтті; 8 ЖОО-ның студенттерді курстық даярлауына балалар мінез-құлқындағы алаңдатушы белгілерді анықтауды оқыту жөнінде бағдарламалар енгізілді; 6000 астам мектеп басшылары мен психологтары біліктілікті арттыру курстары мен оқытушы семинарлармен қамтылды.

9.6. Әлеуметтанулық сауалнама қорытындылары

Әлеуметтанулық сауалнама шеңберінде, негативті әлеуметтік құбылыстарға қатысты қазіргі ахуал туралы тәуелсіз сарапшылардың пікірін алу маңызды болды, осы тұрғыда бұл – еліміздің тұрғындары (балалардың ата-аналары). Сұрау нәтижелері істердің ахуалы көрінісін іс жүзінде білдіреді.


Респонденттер елде жасөспірімдер мен 18 жасқа дейінгі жастар арасында интернетке, әлеуметтік желілерге тәуелділіктің айтарлықтай өсімі байқалады (68% адамның пікірі) деп санайды, ойынға құмарлықтың маңызды өсімі байқалады (46%). Агрессия артты, респонденттердің 41% жасөспірімдік-жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың орын алуы жағдайлары жиілеп кеткенін айтады.

Респонденттердің 36%-ы балалар темекі мен кальянды жиі шеге бастады деген пікірде. 35%-ы ерте жыныстық қатынастар жағдайының артқанын, ал

31%-ы ерте жүктілікті атап өтті. Түнгі сауық орындарына барудың өсімі байқалады (30% пікірі).

Осы көрсеткіштермен салыстырғанда, балалар-жасөспірімдер ортасындағы алкоголизм және нашақорлықпен байланысты ахуал өзектілігі аз байқалады. Сұралғандардың пікірінше, алкоголизмнің өсімін 16%, нашақорлықты 21% атап өтті.

48-диаграмма. Жасөспірімдер мен 18 жасқа дейінгі жастар арасындағы негативті әлеуметтік құбылыстар жағдайын бағалау, ата-ана пікірлері, %*



* қалған респонденттер жағдайды өзгеріссіз (бұрынғы деңгейде) бағалайды

Ата-аналардың пікірінше, бейәлеуеттік құбылыстардың өсіміне ықпал етуші негізгі себептерге мыналар жатады:

отбасыда тәрбиенің жетіспеушілігі – 36%;

бала өміріндегі шиеленіскен әлеуметтік-экономикалық жағдай (төмен материалдық қамсыздандыру, ата-анасының жұмыссыздығы) – 29%;

зорлық-зомбылық, қатыгездік, жазасыздық мысалдары – 26%;

балалардың жалғыздығы, баланы түсінбеушілік – 24%;

көшенің, айналаның ықпалы – 22%.

Сондай-ақ отбасыдағы қолайсыз жағдай, қоғамдағы мәдениеттің, моральдің төмендеуі және т.б. аталып кетті.

Ата-аналар бейәлеуметтік құбылыстардың өсімі жағдайын мектептегі тәрбиенің жетіспеушілігімен байланыстырмайды, сұралғандардың тек 7% мектепті себептердің бірі ретінде таңдады.


49-диаграмма. Жасөспірімдер мен 18 жасқа дейінгі жастар арасында негативті әлеуметтік құбылыстардың өсу себептері, ата-аналардың пікірі, %



Ата-аналардың аз үлесі (6%) бейәлеуметтік құбылыстарға әкелуші ұқсас себептер отбасыларда кездеседі деп мойындады. Дәлірегі: балалардың жалғыздығы, отбасыдағы тәрбиенің жетіспеушілігі (ата-аналарының жұмысбастылығы), отбасы ішіндегі жанжалдар, тыйым салулардың көптігі.


Балалар әлеуметтік желілермен, онлайн-ойындармен қызығушылығының дәлелі болып балаларды сұрау нәтижелері саналады. Орташа есепте, балалардың үштен бірі интернетке тәуелді, және виртуалды ойындарға құмар. Балалардың 38,6% күн сайын интернетте, әлеуметтік желілерде, WhatsApp отырады, 21,8% - онлайн-ойындар ойнайды.

50-диаграмма. Интернет, әлеуметтік желі, онлайн-ойындарды пайдалану жиілігі, балалар жауаптарының %



Бұл уақыт өткізу түріне балалардың 70,2% күн сайын шамамен бір сағат немесе одан сәл көп уақытын бөледі, балалардың қалған үлесі компьютер, телефондарда күніне бірнеше сағаттан отырады: виртуалды қызығушылықтарға балалардың 20,7% жеке уақытының 2-3 сағатын, ал 9,1% 4 сағаттан астамын арнайды.

51-диаграмма. Интернет, әлеуметтік желі, онлайн-ойындарға бөлінген уақыт саны, балалар %



Интернетті, әлеуметтік желілерді пайдаланудың негізгі мақсаттары болып саналады:

- ақпарат іздеу – 41,2%
- в Контактеде хабарласу – 49,9%
- фильмдер көру – 30,4%
- WhatsApp, Инстаграмм – 21%
- ойындар – 20%
- сайттарды мақсатсыз қарау, қызықтырғанына қарай – 19%.

Қауіпті санаттардың бірі – бұл сайттарды мақсатсыз қарайтын балалар, оларды қандай болмасын ақпарат қызықтыруы мүмкін, оның қауіпсіз екендігіне кепіл жоқ.

Сұралған балалардың жартысына жуығы ғана әлеуметтік желілерді белсенді қолданудан (54%), WhatsApp жиі пайдаланудан (47%), онлайн-ойындардан (59%) тәуелділік дамуы мүмкіндігімен келісетіні алаңдатады. Қалғаны бұл туралы тіпті күдіктенбейді.

Балалардың ойынға құмарлығы, интернетке тәуелділігінің артуына алаңдайтын ата-аналар өз жағынан баланы бұдан шектеуге тырысады. Сұрау нәтижелері көрсеткендей, ата-аналардың 81% интернет-қауіпсіздік туралы әңгімелеседі.

Балалар ата-аналардың қамқорлығының басқа көрінісін білдірді, мысалы, балалардың тек 37% ата-аналарының олардың қандай сайттарда отыратыны

жиі қызықтырады деп айтты, балалардың 29% ата-аналар тарапының олар ойнайтын компьютерлік ойындарды бақылайтыны туралы атап өтті.

Әлеуметтік желілерге, ойындарға жұмсалған балалардың уақытын бақылауға қатысты, көрініс осыған ұқсас, сұралған балалардың шамамен жартысы ата-аналарының көбінесе бұл уақытты бақылайтыны туралы атап өтті.


Әлеуметтік желілерде зорлық-зомбылық жағдайы, суицид, зорлық-зомбылық, терроризмді насихаттау

Ата-аналардың 5,6% олардың балалары әлеуметтік желілерде суицид, зорлық-зомбылық, терроризмді насихаттауға тап болғанын атап өтті, 7% бұл сұраққа жауап беруге қиналды.

Ата-аналардың 4,2% олардың балалары зорлық-зомбылықты көрсетумен (дәрекілік, кемсіту, соқы) тап болғаны туралы жауап беруге қиналды. Жауап беруге қиналмағандардың ішінде, 87,6% тап болмады деп жауап берді, 8,2% - олардың балалары зорлық-зомбылық көрсетуге тап болғанын хабарлады.

Балалары зорлық-зомбылыққа тап болған ата-аналардың қатарынан, 52% олар ауладағы таныс емес балалар болғанын айтты, 17% - таныс емес ересектер, 16% - мұғалімдер, 9,5% - ата-аналарының өздері, 5,5% - сыныптастары мен таныс қатарластары.

52-диаграмма. Балаға қатысты зорлық-зомбылық көрсеткен жақтар, ата-аналардың пікірі, %



Балалар өз тарапынан оқу мекемелерінде, интернетте, әлеуметтік желілерде тап болып жатқан қолайсыз, ал кейде қауіпті жағдайлар туралы айтады.

Сұрау нәтижелері бойынша балалардың 15,4% мектепте мұғалімдер балаларға қатысты теңсіз қатынас көрсететінін айтты, 8,3% оқу орындарында мұғалімдер тарапынан балаларды кемсіту және жәбірлеу оқиғалары болғанын көрсетті, балалардың 3% мектептерде жоғары сынып оқушылары ақша қорқытып алатынын атап өтті.

Балалардың 4,7% мектептегі, сыныптағы балалардың өз-өзіне қол жұмсауға ұмтылған жағдайлар туралы айтты.

Балалардың 4% интернет арқылы қорқыту, бопсалауға ұшыраған.

Балалардың 4% жуығы әлеуметтік желілердегі суицид, зорлық-зомбылық, экстремизмді насихаттауға тап болған.

Ересектердің профилактикалық іс-әрекеттері

Профилактика және алдын алу зорлық-зомбылық, суицид және басқа бейәлеуметтік құбылыстарға қарсы іс-әрекеттің маңызды құраушы бөлігі болып табылады. Ата-аналар бірінші кезекте өз баласы туралы алаңдауы қажет, олармен әңгімелесіп, қиын жағдайлардан шығу жолдарын үйретуі керек.

Бейәлеуметтік құбылыстарға қарсы іс-әрекет туралы профилактикалық сұхбаттарға ата-аналардың 82,7% жауапкершілікпен қарайды, олар балаларын қиын өмірлік жағдайларда қалай әрекет ету керектігі туралы ақпарат береді. Ата-аналардың 6,6% балаларды мұндай құбылыстардан қалай сақтандыру керектігі туралы білмейді, және олардың балалары қайда және кімге бара алатыны туралы кеңес бере алмайды.

Оқу орындарының профилактикалық жұмыстары туралы айтатын болсақ, жалпы, көптеген ата-аналардың бағалары бойынша, бұл орташа деңгейде жүріп жатыр. Оқу орындарының суицид, қатыгездікпен қараудың алдын алу бойынша жұмысын ата-аналардың 39% жоғары бағалайды, 35% электронды тәуелділік, интернет-қауіпсіздік бойынша профилактика сапалы жүргізіліп жатыр деп санайды, 42% балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты қолдайды.

9.7. Балалар қылмыскерлігінің, суицидтердің, бейәлеуметтік мінез-құлықтың, балаларға қатысты қылмыскерліктің алдын алу бойынша ұсынымдар

БДҰ ресми позициясына сәйкес, балаларға зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін ата-аналарды қолдауға және баланы күту мен тәрбиелеу дағдыларына үйретуге бағытталған көп секторлы бағдарламалар аса тиімді. Мұндай бағдарламалар, жекелей, ата-аналар мен балаларды үйде қолдау, оқыту және ақпарат беру үшін мейірбикелердің баруын, сондай-ақ ата-аналардың балаларды тәрбиелеу дағдыларына үйрететін, баланың дамуы туралы білімін кеңейтетін, балаларға позитивті қарау стратегияларын дамытатын топтық сабақтарға баруын білдіреді. БДҰ балалардың ми шайқалуы синдромы нәтижесінде бас жаракатының алдын алуға бағытталған арнайы бағдарламаларды⁴⁹ (жаңа туған сәбиді ауруханадан шығарғанға дейін өткізілетін жас ата-аналарды балалардың ми шайқалу синдромы туралы ақпараттандыру), және балаларға жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алу

⁴⁹ Балалардың ми шайқалу синдромы баланың қатты және кенеттен сілкінуімен туындайды. Бұл жағдайдың басқа атаулары: баланың сілкінісі синдромы, сілкінген бала синдромы. Баланың ми шайқалу синдромы – баланың бас миының ауыр зақымдалуына әкелетін балаға қатыгездікпен қараудың формасы. Синдром бес секундтық сілкіністен соң да туындауы мүмкін.

бағдарламаларын (балаларды мектептерде өз денесіне меншік құқығы туралы ақпараттандыру, қауіпті жағдайларды сезуге оқыту, үлкендерге бас тартуға және оқиға туралы сенімді ересекке айтуға оқыту)⁵⁰ да ұсынады.

Зерттеу нәтижелері, тәжірибе және халықаралық тәжірибе көрсеткендей, балалар өз проблемаларын, құпияларын туыстарынан, немесе басқа ересектерден гөрі, өздерінің достарына сеніп тапсырады. Сәйкесінше, суицид, зорлық-зомбылық оқиғаларының алдын алу үшін әр елді мекенде, мүмкіндік болса, әр мектепте сайттар арқылы немесе тіпті әлеуметтік желілер, ұялы қосымшалар арқылы балалардың хабарласу арнасын ашу керек. Олардың модераторлары жасы үлкен балалардың өзі болуы керек, психологтар сарапшылар болуы қажет.

Жұмысқа орналасу, тұрмыстық проблемаларды шешу, «тәуекел тобындағы» отбасыларға медициналық-психологиялық қызметтер алу бойынша кешенді әлеуметтік көмекті уақытылы көрсету.

«Қолайсыз отбасылармен» жұмыс бойынша профилактикалық іс-шаралар негізінен ҚР ІІМ ювеналды полициясының бөлімшелері жүргізеді, сәйкесінше, барлық профилактикалық шаралар аздап репрессивті сипатқа ие (жауапкершілікке тарту, айыппұлдар салу). «Тәуекел тобы» отбасыларымен бірге әлеуметтік-педагогикалық спектр мамандары жұмыс істегені мақсатты.

Суицидтердің себептері жиі отбасы ішілік шиеленістер, әлеуметтік-тұрмыстық проблемалар болып табылатынын назарға ала отырып, отбасымен, сәйкесінше, бірінші кезекте психологтар, педагогтер жұмыс істеуі керек. Құқық қорғау органдарына тарту және сүйену балалардың, отбасының жағдайын одан әрі қиындатады. Полиция және әлеуметтік қызметтердің жауапкершілік аймақтарын шектеу керек, әлеуметтік қолдау (медициналық, психологиялық, тұрмыстық, материалдық көмек көрсету көрсету, оқыту, жұмыспен қамту және т.б. үшін) әлеуметтік қызметтер басымдықта болуы қажет.


Халықаралық және үкіметтік емес ұйымдарды тарту арқылы ведомство аралық жоспар даярлау жолымен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-әрекет жөнінде шаралар кешенін қабылдау.

Зорлық-зомбылық және қатыгездік нәтижесінде зардап шеккен балаларға психологиялық, құқықтық көмек көрсету бойынша қызметтер желісін кеңейту.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша ата-аналар мен балалар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарды нығайту. Зорлық-зомбылық қауіпі туралы комикстер, әлеуметтік роликтер құру, барлық телевизиялық арналарда, БАҚ, әлеуметтік желілер арқылы мезгілді негізде кеңінен тарату.

⁵⁰ Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау Ұйымы. Балаларға қатыгездікпен қарау. Ақпараттық бюллетень N°150. 2010 ж. тамыз

ҚР БҒМ сенім телефондары



10-тарау

Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ақпараттық-консультативтік қолдау



10.1. Мемлекеттің ақпараттық саясаты

Балаларды, ата-аналарын ақпараттық-консультативтік қолдау балалар құқықтарын қорғау жөніндегі бағдарламаларды іске асыруда маңызды рөл атқарады. Жоғары дәрежеде хабардар болу лайықты сапалы өмірді қамтамасыз етеді, ал дер кезінде алынған көмек, кеңестер біреулердің өмірін құтқарып қалуы мүмкін.

Мемлекеттік органдардың барлық мүдделі тараптарды хабар еткеніндей, елімізде балалар мен ата-аналар және барлық мүдделі азаматтар үшін қол жетімді қарым-қатынас механизмі жасалған, балалар құқықтарын қорғауға қатысты жүргізіліп жатқан жұмысты жариялау бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

ҚР АҚМ мәліметтері бойынша 2016 жылғы сәуір мен қазан аралығында республикалық және өңірлік БАҚ-тарда 6 581 материал жарияланған. Оның ішінде республикалық телеарналарда – 2 204 сюжет, республикалық басылымдарда – 733 жарияланым, республикалық интернет-ресурстарда – 1 393 мақала, өңірлік БАҚ-тарда – 2 251 материал (оның ішінде телеарналарда – 677 сюжет, газеттерде – 1108 жарияланым, интернет-ресурстарда – 466 мақала). Жарияланған материалды талдау ұсынылатын ақпарат негізінен есептік-көрсетілімдік сипатқа ие екенін көрсетіп отыр. Өкінішке орай, бұл балаларға онша қызық емес, түптеп келгенде олардың ата-аналарына да солай, негізінен оған қызығушылық танытатындар мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар.

Жарияланған материалдар мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен өткен балалар құқықтарын қорғау жөніндегі ресми іс-шараларға арналған. Материалдардың негізгі бөлігі өңірлерде балалар алаңдарының ашылуын, мемлекеттің мектептік және жазғы лагерьлерді ұйымдастыруын, «Мектепке жол» Республикалық акциясы шеңберіндегі қайырымдылық жұмыстарды, балалар мерекелерінің өткізілуі туралы жариялаған, сондай-ақ кәмілетке толмаған балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мен болдырмау бойынша жүргізілген жұмыстар кеңінен қозғалған.

Бұл ақпаратты артық деп айтуға болмайды, оның мемлекеттік саясат туралы хабардар ету үшін болғаны дұрыс, бірақ сонымен қатар балалардың және олардың ата-аналарының өздерінің мүдделерін тікелей қозғайтын, тілектестік тілмен баяндалған ақпарат таратылуы тиіс. Басқа сөзбен айтқанда, балалар мен жастар үшін БАҚ-тың балаларға арналған стратегиясы болуы тиіс.

Бұл мәселеде Дүниежүзілік радио-форумның тәжірибесі өте қызықты, онда балалар мен жастар қатысатын «Радио-Манифест» айдары бар. Бұл радиоарнаның мақсаты – балалар мен жастар радиосын өз құқықтарын қорғау үшін дамыту. Ішінара алғанда, шешімдер қабылдауға жауапты мемлекеттік органдар үшін өз көзқарастары мен мүдделерін білдіру, балалар мен ересектер үшін бала тілінде сөйлеу, жаңалықтар туралы айту, барлық балаларға көмектесу, қиындықтарды еңсеру және жағдайдан шығудың жолын табу үшін.⁵¹

⁵¹ <http://www.worldradioforum.org/>

10.2. Сенім телефоны

Қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларға жедел консультативтік, психологиялық қолдау көрсету үшін сенім телефондары жұмыс істейді:

- ҚР БҒМ Балалар құқықтарын қорғау комитетінің сенім телефоны;
- 111 нөмірлі Бірыңғай call-центр (Бала құқықтары жөніндегі уәкіл).

ҚР БҒМ Балалар құқықтарын қорғау комитетінің сенім телефонының негізгі мақсаты – бала құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету.

Сенім телефонының абоненттері балалар, ата-аналары, туыстары, педагогтар, қиын өмірлік жағдайға тап болған баланың тағдыры мен жағдайына бейжай қарай алмайтын заңды тұлғалар және азаматтар болып табылады.

Көмек ақпарат, психологиялық қолдау түрінде ұсынылады. Балалардың құқықтары бұзылған жағдайда құзырлы органдармен баланың құқығы толық қалпына келтірілгенге дейін байланыс орнатылады.

Сенім телефондары қызметтері облыстар мен Астана және Алматы қалаларының Білім басқармаларында жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта республиканың өңірлерінде 200-ден астам сенім телефоны бар. Олардың барынша көп саны (18-ден 21 нөмірге дейін) Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Қарағанды облыстарында қызмет істейді.

2016 жылы «Сенім телефондарына түскен қоңырауларды есепке алу журналы» модулін толтыру басталды. 9 айдың қорытындысы бойынша модульде 924-тен астам өтініш тіркелген, оның ішінде 514 өтінішті Комитет тіркеген.

Қоңыраулардың барынша көп санын Қостанай (113), Алматы (82), Солтүстік Қазақстан (66), Ақмола (38) облыстарының және Астана (32) қаласының білім басқармалары тіркеген, бұл өңір халқының осы консультациялық қызметтің жұмысы туралы айтарлықтай жоғары деңгейде хабардар екенін көрсетеді.

Өтініштердің едәуір бөлігі білім беру мәселелеріне қатысты (249): әділетсіз қарау және объективті қарамау, білім алу құқығын қамтамасыз етумен байланысты жанжалды жағдайлар, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мәселелері.

Отбасы және неке мәселелері бойынша 165 өтініш тіркелген: қамқоршылықты, қорғаншылықты, бала асырап алуды, сондай-ақ алименттер төлеу жөніндегі міндеттемелерді ресімдеуге қатысты заңнаманы түсіндіру.

Жеке құқықтарының бұзылуы санаты бойынша 152 өтініш тіркелген: баланың қадір-қасиетін қорлайтын әрекеттер, балалар, ата-аналар, педагогтар арасындағы жанжалдар.

144 қоңырау әлеуметтік заңнаманы, соның ішінде патронаттық тәрбиедегі, қамқорлықтағы (қорғаншылықтағы) балаларды ұстауға ақшалай қаражатты тағайындау мен төлеу жөніндегі заңнаманы, қиын өмірлік жағдайға тап болған балалар мен отбасылардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін материалдық көмек алуға жардемдесу мәселелері бойынша түсіндіруге қатысты болған.

Денсаулықты сақтау мәселелері бойынша халықты емдеуге квота немесе жеңілдік беру туралы ақпарат қызықтырады.

Тұрғын үй мәселелері бойынша тұрғын үй заңнамасын түсіндіру, ипотекалық несиелендіру мәселелерінде, тұрғын үй берілуіне, тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қоюда жәрдемдесу қажет.

Қалған мәселелер анықтамалық сипатында.

10.3. Ұсынымдар

Халықты БАҚ арқылы, барлық ұялы байланыстар операторлары арқылы мерзімді негізде СМС жөнелтілімдер арқылы, WhatsApp бойынша жөнелтілімдер арқылы, әлеуметтік желілер арқылы тарату, сондай-ақ мектептер, ауруханалар және басқа да қоғамдық орындар арқылы кеңінен хабардар ету.

Тілдік диапазонды кеңейту, қазіргі сәтте телефондар 2 тілде: қазақ және орыс тілдерінде консультация береді. Қызметтің игілігі үшін аз ұлттардың қалауларын талдай отырып тілдерді кеңейткен жөн.

Мобильді телефондардан тәулік бойы, тегін қоңырау шалуды қамтамасыз ету, өйткені дағдарысты қауіпті жағдайларда жанында тек ұялы байланыс қана болуы мүмкін.

Қоңырауды қабылдау жылдамдығын барынша арттыру, желінің жүктемесі шамадан тыс болған жағдайда өтінішті жазып алу және жылдам ден қою функциясы болсын, кейбір жағдайларда секундтар санаулы болуы мүмкін.



11-тарау
Балалардың амандығы
және құқықтарының сақталуы



Балалық шақ – адам өміріндегі ерекше кезең және мемлекеттің міндеті – балалыққа көзқарастың жаңа этикасын айқындайтын ересектер мен балалар әлемінің өзара қарым-қатынасын реттейтін алғашқы, ресми бекітілген халықаралық құрал ретіндегі Баланың құқықтары туралы конвенция талаптарының орындалуын қамтамасыз ету.

Қолайлы әрі қорғалған балалықты қамтамасыз ету Қазақстанның негізгі ұлттық басымдықтарының бірі болып табылады.

11.1. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты

2016 жылғы 10 ақпанда ҚР Президентінің Жарлығымен елімізде Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды. Уәкілдің ерекше мәртебесі оның қандай да бір министрліктің, ұйымның немесе ведомствоның құрылымы болып табылмайтындығында және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейтіндігінде.

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл – балалар мен жасөспірімдердің заңды соның ішінде барынша осал топтарға жататындардың (дамуында ерекшеліктері бар балалардың, сәтсіз отбасыларда тұратын балалардың, жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған немесе заңмен жанжалдық жағдайдағы, қиын өмірлік жағдайға тап болған балалардың) құқықтары мен мүдделерін қорғайды.

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл балалардың атынан сөйлейді және тек солардың мүддесіне әрекет етеді.

11.2. Қазақстан балаларының өз амандығын бағалауы

Баланың амандығы балалардың отбасындағы, қатарластарымен тұлғааралық қатынастарды, тән саулығының субъективті амандығын, өзін-өзі сезінуі мен тұлғалық амандығын - өміріне қанағаттанушылық деңгейін, білім



алуына – мектепке оң көзқарасын, мінез-құлқы мен өмір сүру стилін, зорлық-зомбылықты бастан кешіру тәжірибесін қамтиды.

Сауалнама шеңберінде 7-ден 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге олар өздерін көбінесе қалай сезінеді деген сұрақ қойылды, осылайша, Қазақстандағы балалар мен жастардың эмоционалдық өзін-өзі сезінуін көрсететін өте қызықты мәліметтер алынды. Егер әлемдегі ахуалға тұтас қарайтын болсақ, онда БҰҰ Балалар қорының ((ЮНИСЕФ) 2001 жылғы зерттеуіне сәйкес, Батыс Еуропадағы балалардың 80% барлық уақытта дерлік өздерін бақытты сезінеді, ал өтпелі экономикалы елдерде бұл

көрсеткіш төмен – 60%, оған «отбасындағы ахуал мен оның әлеуметтік-экономикалық жағдайы» ықпал етеді⁵².

Қазақстанның облыстарында сұралған балалар мен жасөспірімдердің ішінде бәрінен көп қуанышты сезінетіндер 61,7%, ал өз жағдайын жиі көңілсіз бағалағандар 8,6%.

Тыныштыққа қарағанда жүйкелік абыржулықты респонденттердің 9,1% жиі сезінеді, ал 61,4% үшін тыныштық сезімі әдеттегі жағдай болып табылады. Балалар мен жасөспірімдердің 58,4% өздерін қажыр-қайраты толы сезінеді, ал 9,6% үшін ахуал қарама-қарсы: олар өз халдерін көбінесе «енжар» сезінеді. Алайда Қазақстан бойынша респонденттердің 13,7% уақыттың көп бөлігінде шаршауды сезінеді және 45,9% көбінесе өздерін демалғандай сезінеді. Балалар мен жасөспірімдердің 66,3% өз өмірлерін қызық санайды және 10,4% қарама-қайшы пікір ұстанып, өз өмірлерін «қызықсыз» деп бағалайды. Балалар мен жасөспірімдердің 67,3% өздерін сүйіктіміз деп санайды (олардың ішінде 54,8% өздерін абсолютті сүйікті сезінеді), алайда 7,3% өздерін сүйікті санамайды, олардың 3,9% өздерін мүлде сүйікті емес деп есептеген.

Өздерін жиі қуанышты сезінетінін атап өткен респонденттердің көпшілігі Қостанай (76,8%), Қызылорда (76,2%) және Жамбыл (77,4%) облыстарына тән. Бұл облыстар өздерін тыныш, демалғандай, сүйікті сезінетін балалардың саны бойынша да көш басында. Дейтұрғанмен, респонденттердің қажырлы сезінуін қараған кезде жоғары пайыз Солтүстік Қазақстан облысында байқалады – 68,5%, бұл осы облысты Қостанай (72,7%) және Жамбыл (69,3%) облыстарынан кейінгі үшінші орынға шығарады. Ақтөбе облысында өз өмірлерін қызықты санаған балалардың саны барынша көп болып шықты – бұл облыстағы респонденттердің 78,1% бұл нұсқаны белгілеген.

37-кесте. Сен өзіңді бәрінен жиі қалай сезінесің? (%)

	Қуанышты	Көңілсіз	Тыныш	Ашулы	Қажырлы	Енжар	Демалғандай	Шаршаған	Менің өмірім қызықсыз	Менің өмірім қызықты	Сүйікті	Сүйікті емес	Қатарластары қабылдағандай	Қатарластары теріс айналған
Астана қ.	50	12	52	14	41	13	30	25	18	48	47	15	50	7
Алматы қ.	50	16	59	12	50	13	31	23	16	54	57	11	55	9
Ақмола	60	8	63	10	63	6	44	15	8	70	67	8	71	5
Ақтөбе	70	3	64	7	66	6	55	14	5	78	75	6	75	5
Алматы	54	14	58	7	52	14	44	10	16	56	64	5	51	13
Атырау	66	6	60	11	57	11	41	18	8	69	68	10	65	8
ШҚО	69	7	61	13	65	9	47	17	9	73	69	11	72	7


⁵² <http://www.unicef.org/polls/cee/happiness/>

	Қуанышты	Көңілсіз	Тыныш	Ашулы	Қажырлы	Енжар	Демалғандай	Шаршаған	Менің өмірім қызықсыз	Менің өмірім қызықты	Сүйікті	Сүйікті емес	Қағарластары қабылдағандай	Қағарластары теріс айналған
Жамбыл	77	4	71	6	69	5	62	9	5	77	76	5	74	5
БҚО	66	4	65	9	61	7	44	16	8	75	68	8	70	4
Қарағанды	62	6	65	7	62	6	51	13	9	65	69	6	65	6
Қостанай	77	7	76	6	73	4	65	7	4	77	83	4	82	3
Қызылорда	76	6	70	7	67	9	59	10	9	77	77	4	71	8
Маңғыстау	56	8	47	14	48	10	38	18	10	59	52	10	48	8
Павлодар	67	6	64	7	65	7	47	13	8	74	70	6	71	6
БҚО	64	5	66	8	69	3	44	12	6	74	70	5	76	4
ОҚО	56	10	58	10	55	12	43	11	11	65	69	7	55	10
Орташа	62	9	61	9	58	10	46	14	10	66	67	7	62	8

Өздерін бәрінен жиі көңілсіз сезінетін балалар мен жасөспірімдердің барынша көп саны Алматы қаласында (16,2%) және Алматы облысында (13,5%) байқалады. Жалпы, Алматы және Астана қалалары, сондай-ақ Алматы облысы өздерін енжар, шаршаған, сүйікті емес сезінемін деп, өмірлері қызықсыз деп жауап берген балалар мен жасөспірімдердің саны барынша көп ең жоғары теріс көрсеткіштерге ие. Алайда ашудан гөрі тыныштықты жиі басынан кешіретінін байқаған респонденттердің барынша көп саны Маңғыстау облысында байқалады (14,3%, ҚР бойынша орташа мәні 9,1%).

Жоғарыда айтылған ЮНИСЕФ зерттеуінің ер балаларға қарағанда қыз балалардың өздерін жиі бақытты сезінуі тән мәліметтерінен өзгешелігі, Қазақстан балаларының арасында бұл мәселеде жыныстар арасында айтарлықтай айырмашылық табылмаған. Ер жынысты респонденттердің тек шамалы көбі өздерін уақыттың көп бөлігінде қуанышты сезінеді – 62,3%, ал әйел жынысты респонденттер үшін бұл көрсеткіш 1,1%-ға төмен (61,2%). Алайда, өздерін тыныш сезіну қыз балаларға (59,1%) қарағанда ер балаларға (64,1%) жиі тән. Осы ахуал қажырлылық, өздерін демалғандай сезіну көрсеткіштерін қарастырған кезде де байқалады (ер балалардың 50,2% өздерін демалғандай сезінетінін атап өткен, ал қыз балалар үшін бұл көрсеткіш 42% құраған). Сонымен бірге өз өмірін «қызықты» деп белгілеуде жыныстар арасында елеулі айырмашылықтар табылған жоқ. Дейтұрғанмен, екі жыныстың балалары мен жасөспірімдерінің шамамен бірдей саны өздерін сүйікті санайды, шамалы көп қыз балалар өздерін «сүйікті емес» сезінеді – 8,6%, ал ер балалар үшін бұл көрсеткіш 5,8% құрайды (N=28085).

53-диаграмма. «Сен өзіңді жиі қалай сезінесің?» сұрағына жауаптар



Сұралған балалардың жасының өсуімен қатарлас респонденттер санының ішінде жиі қуанышты деп белгілегендің азаюы байқалады.

Жалпы, респонденттердің жас санаты неғұрлым жоғары болған сайын, балалардың уақыттың көп бөлігінде қуанышты сезіну, қажырлылық, тыныштық, өз өмірін «қызықты» деп қабылдау көрсеткіштері соғұрлым төмен. Өзін сүйікті деп сезінуде қандай да бір төмендеу орын алуда.

Ауылда немесе ауылдық аудан орталықтарында (64,9% және 62,8%) тұратын балалар мен жасөспірімдер қалаларда немесе облыс орталығында (56,8% және 52,6%) тұратындарға қарағанда уақыттың көп бөлігінде өздерін қуанышты сезінеді. Бұл градация балалардың тыныштықты сезінуін қарау кезінде де байқалады. Ауылдық аудан орталықтарында барлық балалар мен жасөспірімдердің көпшілігі өздерін тыныш сезінеді (65,2%). Облыс орталықтары үшін бұл көрсеткіш барынша төмен – 50,8%. Сондай-ақ ауылда немесе ауылдық аудан орталықтарында тұратын балалар өздерін жиі қажырлы, демалғандай сезінеді, өз өмірлерін қызық көреді, өздерін сүйікті сезінеді, қатарластарының қабылдайтынын сезінеді.

Қатарластарының, сыныптастарының, өз достарының қабылдауы балалар мен жасөспірімдер үшін өте маңызды, өйткені бұл оның немесе оның тұлғасының одан әрі дамуына ықпал етеді. Айналасындағылардың қабылдамауы баланың үлгеріміне кері әсер етуі, абыржулық, қорқыныш сезімін шақыруы, күйзелісті жағдайға итермелеуі мүмкін, сондай-ақ осы фактор мен девиантты мінез-құлыққа бейімділіктің артуының арасында байланыс бар. (Дж. Л. Кук, Г. Кук, 2009, 443).

Мұндай жағдайға ерте жаста ұшыраған балалар да жоғары сыныптарда да өздерін жат сезінуге және достарының аз болуына бейім, бұл депрессия және жалғыздық, оқшаулану сезімін дамытуға ықпал етуі мүмкі⁵³. Сәйкесінше, қатарластары жағынан қабылдау сезімі баланың үлгеріміне де, сана-сезіміне де жағымды әсер етуі мүмкін. Қатарластары арасында сұралған балалар мен жасөспірімдердің тек 7,9% өздерін қабылданбаған сезінеді. Өз қатарластары, сыныптастары арасында өздерін қабылданған сезінетін балалар

⁵³ «Балалардың Дамуының Қағидалары мен Келешектері», Дж. Л. Кук, Г. Кук, 2009 ж. басылыс, 443 б.

пайызы 62,4%. Қатарластары қабыл алмаған сезінетін ер жынысты респонденттер саны аздап көп – 8,6%, қыздар үшін бұл көрсеткіш 7,3%.

Құқықтық сауаттылық

Халықаралық балалардың амандығына шолуға сәйкес, 15 елде сұралған 10-12 жас аралығындағы балалардың 58% бала құқықтарын біледі деп санайды⁵⁴. Қазақстан облыстары арасында жүргізілген зерттеуге сәйкес, сұралған балалар мен жасөспірімдердің көпшілігі – 53,4%, бала құқықтарын жақсы білеміз деп санайды. 35,3% құқықтар туралы біледі, бірақ нашар және 4,5% ештеңе білмейтінін атап өтті.

2-сурет. Сен бала құқықтары туралы бір нәрсе білесің бе?

Сен бала құқықтары туралы бір нәрсе білесің бе?



Сенің барлық құқықтарың сақталып жатыр ма?



⁵⁴ Риз, Г. и Мэйн, Г. (2015) 15 елдегі балалардың өз өміріне және амандығына көзқарастары: Балалар Әлемін Зерттеу туралы Бастапқы баяндама, 2013-14. Йорк, Ұлыбритания: Балалар Әлемі Жобасы (ISCWeB)

Егер жас бөлінісінде қарайтын болсақ, өз құқықтарын білуде 11-14 жас аралығындағы жасөспірімдер аса сенімді, 54,9% бала құқықтарын жақсы білетінін айтты. 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында бұл көрсеткіш аздап төмен – 53,3%, ал 7-10 жас аралығындағы балалар арасында бұл нұсқаны 45,4% таңдады.

Ауылдарда және ауылдық аудан орталықтарында тұрып жатқан балалар мен жасөспірімдер бала құқықтарының барлығын біледі деп санауға аса бейім – 57,5% және 54,5% осы жауапты белгіледі, сол мезетте, облыстық орталықтардың тұрғындары бұл жауапты аз таңдағанын көрсетті – 41,4%, ал қалада тұратын респонденттер арасында бұл көрсеткіш 47,1% құрайды.

Респонденттердің көпшілігі олардың барлық құқықтары үйде сақталып жатқанын атап өтті – 77,1%, оқу орындары үшін бұл нұсқа 70,9%, мектеп/колледждерден және үйден тыс жерлер үшін 66,1% құрады.

Жамбыл облысында тұратын сұралған балалар мен жасөспірімдердің 77,5% өзінің барлық құқықтарын жақсы білетінін атап өтті, бұл ҚР облыстар бойынша ең жоғары көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар, құқықтар туралы «жоқ ештеңе/білмеймін» жауабын таңдағандардың ең көп үлесі Маңғыстау облысында анықталды – 25,2%.

38-кесте. Сен бала құқықтары туралы бір нәрсе білесің бе? %

	Жоқ, ештеңе/білмеймін	Естідім, бірақ есімде жоқ	Иә, құқықтар туралы білемін, бірақ нашар	Иә, мен балалардың барлық құқықтары туралы жақсы білемін	Барлығы
Астана қ.	8,7	8,7	42,3	40,3	100
Алматы қ.	5,8	7,3	41,1	45,9	100
Ақмола	2,5	8,9	36,8	51,8	100
Ақтөбе	1,8	4,7	24,2	69,4	100
Алматы	2,2	5,9	33,2	58,7	100
Атырау	8,0	11,5	35,3	45,3	100
ШҚО	3,6	5,5	34,6	56,3	100
Жамбыл	2,3	3,3	16,9	77,5	100
БҚО	4,6	6,7	37,5	51,2	100
Қарағанды	4,5	7,2	35,1	53,3	100
Қостанай	1,2	6,3	29,8	62,7	100
Қызылорда	2,9	4,5	29,6	62,9	100
Маңғыстау	25,2	9,1	36,2	29,4	100
Павлодар	4,6	10,4	33,4	51,5	100
СҚО	,7	7,9	38,9	52,5	100
ОҚО	3,1	6,8	43,5	46,6	100
Орташа	4,5	6,8	35,3	53,4	100

Ақтөбе облысы респонденттерінің 86,7% оқу орындарында олардың барлық құқықтары сақталып жатыр деп санайды. Жамбыл облысының балалары мен жасөспірімдері дәл осы нұсқаны сәл аз таңдады – 85,7%. Алматы қаласында респонденттердің 1,9% оқу орындарында олардың құқықтары мүлдем сақталмайды деп санайды.

39-кесте. Сен қалай ойлайсың, сенің барлық құқықтарың сақталып жатыр ма? Оқу орнында, %

	Иә, барлығы	Көпшілігі	Жартысына жуығы	Тек кейбірі ғана	Мүлдем сақталмайды	Мен өз құқықтарымды білмеймін	Барлығы
Астана қ.	63,6	18,9	7,4	8,8	0,6	0,6	100
Алматы қ.	59,2	16,5	14,1	7,8	1,9	0,5	100
Ақмола	66,6	20,6	6,5	3,7	1,6	1,0	100
Ақтөбе	86,7	8,3	2,7	1,5	0,0	0,9	100
Алматы	68,3	19,8	8,9	2,7	0,0	0,3	100
Атырау	60,6	21,7	10,4	4,2	1,2	2,0	100
ШҚО	72,5	15,2	6,3	3,8	0,4	1,8	100
Жамбыл	85,7	9,3	2,9	1,7	0,1	0,3	100
БҚО	66,3	18,8	6,0	6,7	0,7	1,6	100
Қарағанды	70,2	18,3	6,5	3,5	0,5	1,0	100
Қостанай	80,0	16,2	2,5	0,7	0,1	0,5	100
Қызылорда	76,5	16,2	3,8	2,3	0,3	0,9	100
Маңғыстау	65,1	18,9	8,4	3,7	0,7	3,2	100
Павлодар	68,9	19,7	5,5	3,2	0,6	2,2	100
СҚО	68,9	23,7	4,5	1,7	0,6	0,6	100
ОҚО	71,0	17,9	6,8	3,3	0,1	0,8	100
Орташа	70,8	17,2	6,8	3,7	0,5	1,0	100

Ақтөбе облысының балалары мен жасөспірімдері үйде олардың барлық құқықтары сақталып жатыр деп санау бойынша көшбасшылық көрсетті - 87,6%. Осы көрсеткіш бойынша келесі орында 80,4%-бен Жамбыл облысы тұр. Алматы қаласында сұралғандардың 3,5% үйде олардың тек кейбір құқықтары сақталатынын және 0,5% құқықтар мүлдем сақталмайтынын атап өтті.

40-кесте. Сен қалай ойлайсың, сенің барлық құқықтарың сақталып жатыр ма? Үйде, %

	Иә, барлығы	Көпшілігі	Жартысына жуығы	Тек кейбірі ғана	Мүлдем сақталмайды	Мен өз құқықтарымды білмеймін	Барлығы
Астана қ.	73,4	16,5	6,5	2,9	0,0	0,7	100
Алматы қ.	77,3	12,1	6,0	3,5	0,5	0,5	100
Ақмола	77,4	16,6	4,0	1,3	0,3	0,4	100
Ақтөбе	87,6	7,2	1,5	2,1	0,3	1,2	100
Алматы	74,2	21,6	2,6	1,2	0,0	0,3	100
Атырау	76,7	16,1	2,6	3,1	0,0	1,4	100
ШҚО	79,2	12,3	3,2	3,2	0,3	1,7	100
Жамбыл	80,4	16,2	1,8	1,2	0,1	0,2	100
БҚО	79,1	12,9	4,3	2,2	0,4	1,0	100
Қарағанды	77,7	17,3	3,2	0,6	0,2	1,0	100
Қостанай	76,4	18,4	3,2	1,3	0,2	0,5	100
Қызылорда	76,7	16,0	4,0	2,2	0,3	0,7	100
Маңғыстау	69,0	17,6	7,5	2,8	0,4	2,7	100
Павлодар	78,4	15,3	3,6	1,6	0,1	1,0	100
СҚО	70,5	23,3	3,6	1,7	0,3	0,6	100
ОҚО	77,1	16,7	4,0	1,4	0,2	0,6	100
Орташа	77,1	16,2	3,8	1,9	0,2	0,8	100


Ақтөбе облысы респонденттерінің 82,6% олардың құқықтарының барлығы үйден және оқу орындарынан тыс жерлерде сақталатынын атап өтті, бұл Қазақстан бойынша ең жоғары көрсеткіш болып саналады. Астанада сұралған балалар мен жасөспірімдердің 11% олардың тек кейбір құқықтары оқу орындары мен үйден тыс жерлерде сақталатынын көрсетті, және Алматы респонденттерінің 1,5% олардың құқықтары мүлдем сақталмайтынын белгіледі.

41-кесте. Сен қалай ойлайсың, сенің барлық құқықтарың сақталып жатыр ма? Үй және оқу орнынан тыс, %

	Иә, барлығы	Көпшілігі	Жартысына жуығы	Тек кейбірі ғана	Мүлдем сақталмайды	Мен өз құқықтарымды білмеймін	Барлығы
Астана қ.	59,1	21,2	8,0	11,0	0,7	0,0	100
Алматы қ.	62,6	16,1	12,6	5,5	1,5	1,5	100
Ақмола	65,7	21,0	8,0	3,0	0,9	1,5	100
Ақтөбе	82,6	9,6	4,9	1,9	0,0	1,0	100
Алматы	64,3	21,6	9,4	3,8	0,0	0,9	100
Атырау	58,6	25,0	10,5	3,7	0,2	2,1	100
ШҚО	69,1	17,3	7,6	3,6	0,6	1,8	100
Жамбыл	74,4	14,6	6,4	3,9	0,1	0,5	100
БҚО	64,0	17,3	9,3	6,4	0,8	2,2	100
Қарағанды	63,8	22,5	7,6	3,7	1,0	1,4	100
Қостанай	67,1	22,9	6,4	2,6	0,3	0,8	100
Қызылорда	73,2	18,0	5,0	2,9	0,1	0,7	100
Маңғыстау	59,8	21,6	10,2	4,0	1,0	3,5	100
Павлодар	64,5	22,4	7,3	3,3	0,6	2,0	100
СҚО	57,3	30,5	7,8	3,2	0,6	0,6	100
ОҚО	65,8	19,3	10,3	3,1	0,4	1,1	100
Орташа	66,1	19,5	8,6	4,0	0,5	1,3	100

«Қандай құқықтар сақталмайды?» сұрағына жауаптар ішінде «өмір сүру құқығы» (7.5%), «жеке пікір құқығы» (7.1%) және «өз ойын еркін жеткізу құқығы» (6.5%) жауаптары ең жиі кездеседі. 7-10 жас тобында бұл сұраққа ең танымал жауап нұсқасы «жеке пікір құқығы» болды, респонденттердің 4,1% дәл осы құқық сақталмайды деп санайды. Бұл жауап нұсқасы 15-17 орта жас тобы арасында да ең көп таңдалды (9.3%). 11-14 жас тобында 7,7% «Өмір сүру құқығын» сақтамау ең танымал жауап нұсқасы болды.

Мектепке дейінгі мекемелерде бір балаға шаққандағы шығындар, мың адам



>250



221-250



191-220



160-190



<160


12-тарау
Балалардың құқықтарын сақтау
саласындағы мемлекеттік шығыстар



12.1. Білім беру

Білім беруге жұмсалатын мемлекеттік шығыстар 2016 жылдың түзетілген бюджетіне сәйкес 1 622 млрд. теңгені құрайды (2016 жылғы 1 қазанға)⁵⁵. Білім берудің қазіргі заманғы жүйесін дамыту үшін мемлекеттік бюджеттің шығыстары жыл сайын артып келеді, басты түрде жергілікті бюджеттер есебінен.

54-диаграмма. Динамикадағы білім беруге арналған мемлекеттік бюджет, млрд. теңге⁵⁶



Халықаралық құжаттар білім беру қажеттіліктеріне ішкі жалпы өнімнің кем дегенде 4-6% және/немесе жалпы мемлекеттік шығыстардың 15-20% бөлуді ұсынады.

Қазақстанда білім беруге арналған мемлекеттік шығындар 2015 жылы ІЖӨ-нің 3,3% құрады. 2015 жылы жалпы мемлекеттік шығындарға қатысты білім беруге 16,5%, 2016 жылы – 17,1% құрады, бұл халықаралық ұсынымдарға сай келеді.

Білім беруге арналған мемлекеттік шығыстар үлесі 2012-2015 жылдарғы кезеңде ІЖӨ-ге қатысты да, жалпы мемлекеттік шығыстарға қатысты да төмендеді. 2015 жылы ел бюджетінде білім беруге арналған шығыстар үлесі артқан.

Бірақ шығыстардың артуын инфляцияның 13,6%-ға дейін артуы⁵⁷, бағаның азық-түлік тауарларына 10,9%-ға және азық-түліктік емес тауарларға 22,6%-ға дейін өсуі және т.с.с. жағдайында жағымды құбылыс деп қарау қиын.

Оның үстіне, экономика дамуы қарқынының төмендеуі білім беру саласындағы шығыстар үлесінің артуына ықпал етті, өйткені білім беруге

Инчхон Декларациясы.

Білім беру қажеттіліктеріне ішкі жалпы өнімнің кем дегенде 4-6% және/немесе жалпы мемлекеттік шығыстардың 15-20% бөлу.

⁵⁵ Қаржы министрлігінің мәліметтері, 2016 жылғы қыркүйектегі №9 статистикалық бюллетень

⁵⁶ Қаржы министрлігінің мәліметтері, 2016 жылғы қыркүйектегі, 2015, 2014, 2013, 2012 жылдардағы желтоқсандағы

⁵⁷ 2015 жылғы республикалық бюджеттің орындалуы туралы үкіметтің жылдық есебі

арналған шығыстар секвестрге (бюджеттің шығыс бөлігін қысқартуға немесе шектеуге) жатпайды.

42-кесте. Білім беруге арналған шығындардың ІЖӨ-ге және мемлекеттік (түзетілген) бюджетке үлесі, %⁵⁸

	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
ҚР ІЖӨ, млн. теңге*	31 015 187	35 999 025	39 675 833	40 884 134	
Мемлекеттік бюджет, млн.	1 216 138	1 243 228	1 361 439	1 367 800	1 621 952
Білім беруге арналған мемлекеттік бюджеттің	3,9	3,5	3,4	3,3	
Шығындардың елдің мемлекеттік бюджетіндегі үлесі, %	19,2	18,0	17,4	16,5	17,1

*ҚР 2015 жылғы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Бір оқушыға шаққандағы білім беруге арналған шығыстар мектепке дейінгі мекемелер мен ЖОО студенттерін қоса алғанда 2016 жылы өткен жылмен салыстырғанда 45 мың теңгеге өскен.

43-кесте. Бір оқушыға шаққандағы шығындар⁵⁹


	Бюджет, млн. теңге	Оқушылар саны, мың	1 адамға шаққандағы шығындар, мың теңге
2012 жыл	1 216 138	4210,3	288,8
2013 жыл	1 243 228	4300,7	289,1
2014 жыл	1 361 439	4422,9	307,8
2015 жыл	1 367 800	4516,7	302,8
2016 жыл	1 621 952	4664,5	347,7

График 2015 жылы шығыстардың көбеймегенін көрсетеді – 2014 жылғымен салыстырғанда (-2%) (төменде қараңыз). Бұл ретте ІЖӨ нақты көлемінің индексі (жан басына шаққандағы өндіріс әдісі) 2013 жылдан бері төмендеуін жалғастырып келеді және 2015 жылы өткен жылымен салыстырғанда 99,7% құрайды. 2016 жылы бір оқушыға шаққандағы шығындар 15%-ға (45 мың теңгеге) артты, бұл бір қарағанда білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың оң нәтижесі болып табылады. Бірақ елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауы шартында бұл амалсыздан жасалған шара.

⁵⁸ Есептеулер ҚР Қаржы министрлігі мен ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша жасалған


⁵⁹ Есептеулер ҚР Қаржы министрлігі мен ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша жасалған. Білім беру және жан басына шаққандағы ІЖӨ деңгейі бойынша оқушылар саны ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2015 жылғы ҚР негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері

55-диаграмма. Білім беру саласындағы бір оқушыға шаққандағы (мектепке дейінгі мекемелердің балалары мен ЖОО студенттерін қоса алғанда) мемлекеттік бюджеттің және ІЖӨ нақты көлемі индексінің өсу динамикасы⁶⁰, %



Республикалық бюджеттің құрылымында барынша ауқымды үлесті жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім беруге арналған шығыстар құрайды – 33% (мамандар даярлау) немесе 149 млрд. теңге⁶¹. Мектепке дейінгі оқыту мен жалпы орта білім беру тең дәрежеде 22%-дан. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қол жетімдігін қамтамасыз етуге арналған шығыстар 100 млрд. теңге және сапалы мектеп білімінің қол жетімдігін қамтамасыз етуге арналған шығыстар – 98 млрд. теңге. Республикалық бюджет шығыстарының өте аз үлесін техникалық және кәсіптік білім беру құрайды - 4%, яғни 19 млрд. теңге техникалық және кәсіптік білімді кадрлармен қамтамасыз етуге бағытталған.

56-диаграмма. Білім беруге арналған шығыстар құрылымы, Республикалық бюджет 2016




⁶⁰ Қазақстан цифрларда статистикалық жинақтары бойынша жан басына шаққандағы ІЖӨ НКІ, 2016 және 2015. Бір оқушыға шаққандағы шығыстарды есептеу ҚР Қаржы министрлігінің мәліметтері бойынша жасалған.

⁶¹ 2015 жылға арналған республикалық бюджет, ҚР Қаржы министрлігі

Мемлекеттік бюджетте шығыстардың жартысынан көбі (67%, 2015 ж. тараудың басындағы диаграмманы қараңыз) орта жалпы білім беруге тиесілі, басты түрде жергілікті бюджеттердің есебінен. Бірақ шығыстар біртіндеп тек жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім беруге артып келеді. Шығыстардың 2015 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша 32,5%-ға едәуір төмендеді, орта жалпы білім беру бойынша 1,2%-ға және КЖТБ бойынша 3%-ға төмендеді.

57-диаграмма. Білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік бюджет шығындарының динамикасы, 2012- 2015 (млрд. теңге)




2015 жылғы қаржылық нәтижелерге сәйкес⁶² барлық (ағымдағы және күрделі) шығыстардың 48% орта білім беруге жұмсалады, соның арқасында барлық азаматтар үшін тегін және міндетті білім беру қамтамасыз етіледі (төмендегі диаграмманы қараңыз).

Шығыстардың барынша аз бөлігі техникалық және кәсіптік білім берудің үлесінде (9%). Сондықтан 2015 жылы экономикалық белсенді халықтың құрамындағы біліктілігі жоқ жұмысшылардың 25% құрауы кездейсоқ емес (сарапшылар 10% болуын ұсынады), колледждер жабылуда, техникалық және кәсіптік білім алу беделді емес.

Шығыстардың 12%-ын мектепке дейінгі білім беру құрайды, бұл ретте мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен жалпы қамту коэффициенті 2015 жылы 60,37% құраған, ал әлеуметтанулық сауалдама нәтижелері бойынша ата-аналардың 19% кезекте тұр (орын жоқ). Сонымен қатар Қазақстанның Орталық Азиядағы мектепке дейінгі мекемеде бір жылдың ішінде міндетті, тиісінше тегін оқытатын тұңғыш ел болғаны жетістігіміз болып табылады.

⁶² Білім беру ұйымдарының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы, 2015, Статистикалық жинақ

58-диаграмма. Білім беру деңгейлері бойынша шығыстардың қаржылық нәтижелері (ағымдағы және күрделі шығыстар), 2015 ж.




Едәуір қаражат ауылды жерлердегі бастауыш білім беруге (алғашқы саты) жұмсалады – 69% (қалалық жерде – 31%), осының есебінен ауылдарда барлық балаларды бастауыш білім берумен қамту қамтамасыз етіледі (төмендегі диаграмманы қараңыз). Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінде шығыстар қала мен ауылға тең бөлінеді (50%-дан). Біздің елімізде жалпы орта білім беру ұйымдарының жалпы санының 44%-ын ауылдық елді мекендердегі шағын жинақты мектептер құрайды, онда оқушылардың тек 8% білім алады. Білім беру ұйымдары жоқ елді мекендерде тұратын мектеп жасындағы 22 778 баланың ішінен 22 278 бала (97,8%) тасымалдаумен қамтылған. Ауылды жерлерде педагог кадрлардың жетспеушілігі проблемасы сақталуда, бұл білімнің, әсіресе шағын жинақты мектептердегі білімнің сапасына ықпал етеді. Білім беру саласындағы мамандардың біліктілігін көтеруге арналған қаражатты бөлу кезінде бұл факторларды ескеру қажет.

Ауылды жерлерде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған шығыстардың үлесі аз (16%).

ҚР-да мектепке дейінгі білім беру ақылы және ауылды жерлерде көп отбасылар үшін мектепке дейінгі қызмет көрсету ақыларын төлеу мүмкіндігі жоқ. Сондықтан ауылды жерлерде мектепке дейінгі ұйымдардың мемлекеттік желісін кеңейту басымдыққа ие болуға тиіс. Қазірше 2015 жылдың қорытындылары бойынша мектепке дейінгі білім беруге арналған шығыстар 33% құрайды.

59-диаграмма. Қалалық/ауылдық жерлердегі білім беру деңгейі бойынша шығыстардың қаржылық нәтижелері (ағымдағы және күрделі шығыстар), 2015 ж., %



Шығыстардың қаржылық нәтижелерінің өңірлер бойынша өзгешеліктері бар. Мысалға, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында мектепке дейінгі мекемелерде бір балаға шаққандағы шығыстар 156-154 мың теңгені құраса, Астана және Алматы қалаларында - екі есе көп, тиісінше 313 мың теңге және 330 мың теңге (төмендегі диаграмманы қараңыз).

Орта білім беруде – бір оқушыға шаққандағы барынша аз шығыстар Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарында (201-202 мың теңге), бұл мектепте үш ауысымда оқытатын өңірлер. Ең көп шығыстар Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарында (408 мың және 332 мың теңге), онда шағын жинақты мектептер саны аз.

Техникалық және кәсіптік орта білім беру ұйымдарындағы бір оқушыға шаққандағы барынша көп шығыстар сондай-ақ Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында. Білім беру мекемелерінде оқытындар санының азаюымен бір оқушыға шаққандағы қаржыландыру құны өсіп келеді, экономикалық теорияда ауқымдық нәтиже деп аталады.

Жоғары білім беруде барынша көп шығыстар елордалық ЖОО-лардың еншісінде, басты түрде «Назарбаев Университеті» ДББҰ есебінен. 2015 жылы республикалық бюджеттің шеңберінде 61 млрд. теңге мөлшеріндегі мақсатты салымдар көзделген болатын.


44-кесте. Бір оқушыға шаққандағы шығыстардың бөлінуі, мың теңге⁶³

	мектепке дейінгі білім беру	орта білім беру	техникалық және кәсіптік орта білім беру	жоғары білім беру
Ақмола	230	332	358	530
Ақтөбе	200	280	238	832
Алматы	180	215	299	425
Атырау	238	240	280	324
Батыс Қазақстан	200	326	286	197
Жамбыл	238	230	237	287
Қарағанды	201	254	273	570
Қостанай	178	323	293	404
Қызылорда	263	284	290	285
Маңғыстау	307	212	209	435
Оңтүстік Қазақстан	212	202	224	289
Павлодар	229	322	300	445
Солтүстік Қазақстан	156	408	338	840
Шығыс Қазақстан	154	300	278	453
Астана қаласы	313	263	247	1599
Алматы қаласы	333	271	240	865

12.2. Денсаулық сақтау

Денсаулық сақтауға бөлінген мемлекеттік шығындар 1 011,4 млрд. теңгені құрайды (2016 жылғы 1 қазанға).⁶⁴ Денсаулық сақтауға бөлінетін салымдар негізінде республикалық бюджеттің есебінен жыл сайын артып келеді.

60-диаграмма. Динамикадағы денсаулық сақтауға арналған мемлекеттік бюджет, млрд. теңге⁶⁵



⁶³ Білім беру деңгейі бойынша білім алушылар саны ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, ҚР-ның 2015 жылғы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері


Есептеулер ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, Білім беру ұйымдарының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы, Статистикалық жинақ және ҚР-ның 2015 жылғы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері

⁶⁴ Қаржы министрлігінің мәліметтері, 2016 жылғы қыркүйектегі №9 статистикалық бюллетень

⁶⁵ Қаржы министрлігінің мәліметтері, 2016 жылғы қыркүйектегі, 2015, 2014, 2013, 2012 жылдардағы желтоқсандағы статистикалық бюллетень

Бюджеттің 5 млрд. теңгеге артқанына қарамастан халықтың жан басына шаққандағы шығыстар 2015 жылы қысқарды (-1%). 2016 жылы өткен жылмен салыстырғанда халықтың жан басына шаққандағы шығыстар 16%-ға артты.

61-диаграмма. Денсаулық сақтауға арналған мемлекеттік бюджет шығыстарының және жан басына шаққандағы ІЖӨ нақты көлемі индексінің (НКИ) өсу динамикасы, %⁶⁶



2016 жылы денсаулық сақтауға арналған шығындардың ел бюджетіндегі үлесі өткен жылмен салыстырғанда 10,7%-ға дейін (0,2%-ға) артты. Экономика дамуы қарқынының төмендеуі жағдайында денсаулық сақтауға арналған шығыстар төмендемейді, өйткені мемлекеттік саясатқа сәйкес бұл сала секвестрленбейтін бағдарламалар қатарына жатады (қысқартуға немесе шектеуге жатпайды).

45-кесте. Денсаулық сақтауға арналған шығындардың ІЖӨ-ге және мемлекеттік бюджетке (түзетілген) үлесі, %⁶⁷

	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Денсаулық сақтау арналған мемлекеттік бюджет шығындарының ҚР ІЖӨ-ге үлесі, %	2,4	2,2	2,2	2,1	
Елдің мемлекеттік бюджетіндегі шығындардың үлесі, %	11,6	11,6	11,0	10,5	10,7

12.3. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру

Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға арналған мемлекеттік шығындар 2 004,6 млрд. теңгені құрайды (2016 жылғы 1 қазанға)⁶⁸ Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға салымдар


⁶⁶ Қазақстан цифрларда статистикалық жинақтарының мәліметтері бойынша халықтың жан басына шаққандағы ІЖӨ НКИ, 2016 және 2015 жылдар. Бір оқушыға шаққандағы шығыстар бойынша есептеулер ҚР Қаржы министрлігінің мәліметтері бойынша

⁶⁷ Есептеулер ҚР Қаржы министрлігінің және ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша жасалған

⁶⁸ Қаржы министрлігінің мәліметтері, 2016 жылғы қыркүйектегі №9 статистикалық бюллетень


мемлекеттік бюджет шығындарының барынша көп үлесін құрайды (21%) және жыл сайын артып келеді, басты түрде республикалық бюджеттің есебінен.

62-диаграмма. Динамикадағы әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға арналған мемлекеттік бюджет, млрд. теңге⁶⁹



ІЖӨ нақты көлемі индексінің төмендеуі аясында (халықтың жан басына шаққандағы өндіріс әдісімен) мемлекет 2013 жылдан бері әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығыстардың өсу қарқынын төмендетпеуге тырысуда. 2016 жылы бір адамға шаққандағы шығыстар өткен жылмен салыстырғанда 16% өскен.

63-диаграмма. Мемлекеттік бюджеттің әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығындары мен халықтың жан басына шаққандағы ІЖӨ нақты көлемі индексінің өсу қарқындары, %⁷⁰



⁶⁹ Қаржы министрлігінің мәліметтері, 2016 жылғы қыркүйектегі, 2015, 2014, 2013, 2012 жылдардағы желтоқсандағы статистикалық бюллетень

⁷⁰ Қазақстан цифрларда статистикалық жинақтарының мәліметтері бойынша халықтың жан басына шаққандағы ІЖӨ НКИ, 2016 және 2015 жылдар. Бір оқушыға шаққандағы шығыстар бойынша есептеулер ҚР Қаржы министрлігінің мәліметтері бойынша

Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығыстардың үлесі білім беру және денсаулық сақтауға қарағанда 2012 жылдан бері көбейіп келеді және 2015 жылы ІЖӨ-нің 4,2% құраған. Жыл сайын ел бюджетінде әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығыстардың үлесі өсіп келеді, 2016 жылы 21,2%-ға жеткен (2016 жылғы 1 қазанға). Осылайша мемлекеттік әлеуметтік осал халықты экономикалық дағдарыс, инфляция, бағаның өсуі жағдайында қолдауға бағытталған саясаты жалғасып келеді.

46-кесте. Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығындардың ІЖӨ-ге және мемлекеттік (түзетілген) бюджетке үлесі, %⁷¹

	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Мемлекеттік бюджет шығындарының ҚР ІЖӨ-ге үлесі, %	4,0	3,8	3,9	4,2	
Ел бюджетіндегі шығындардың үлесі, %	19,5	19,7	19,8	20,7	21,2

Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау еліміздің мемлекеттік бюджетіндегі секвестрленбейтін бағдарламалар қатарына жатады (қысқартуға және шектеуге жатпайды). Экономика дамуы қарқынының төмендеуі жағдайында мемлекет әлеуметтік салаға арналған шығыстарды төмендетпеуге тырысады, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға бағытталған саясатты ұстайды.

Дегенмен, техникалық және кәсіптік білім беруге, ауылды жерлерде мектепке дейінгі ұйымдар желісін ұлғайту мен педагог кадрлардың біліктілігін көтеруге бөлінетін қаражаттың жеткіліксіздігін атап өту қажет.

⁷¹ Есептеулер ҚР Қаржы министрлігінің және ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша жасалған

Қорытынды және ұсынымдар

2016 жылы республикада баланың құқықтарын қорғау саласында жүйелі кешенді жұмыс атқарылды. Мыңжылдық Даму Мақсаттарына қол жеткізген соң Қазақстан БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі орнықты даму 17 мақсатын іске асыруға кірісті. Бүгінде Қазақстанда әлемнің барынша күшті әрі дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру үшін «Қазақстан-2050» Стратегиясында, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында айқындалған міндеттер жаппай жүзеге асырылуда. Бұл мақсатқа қол жеткізудегі стратегиялық бағыт балалар мен жастарды еліміздің жоғары парасатты, жан-жақты дамыған және саламатты азаматтары ретінде дамыту және тәрбиелеу болып табылады.

2016 жылы «Білім беру саласындағы кемсітумен күрес туралы» Конвенция, «Балаларға алименттерді және отбасын күтіп-бағудың басқа да нысандарын өндіріп алудың халықаралық тәртібі туралы Конвенция және Алименттік міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы хаттама» ратификацияланды. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі нормативтік-құқықтық база нығайтылды: заңнамалық актілерге балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, ана мен баланы қорғауға, жастардың, балалы отбасылардың жағдайын жақсартуға, сондай-ақ мүгедек балалар үшін арнайы білім беру шарттарын жасауға бағытталған бірқатар өзгерістер енгізілді, екі мемлекеттік бағдарлама, Үкіметтің алты қаулысы және 24 салалық бұйрық бекітілді.

Үстіміздегі жылдың маңызды оқиғасы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтының құрылуы болды.

Елімізде балалар санының өсуі жалғасып келеді. Мәселен, 2016 жылы 0-ден 17 жасқа дейінгі балалардың саны 5 460 449 болса, 2015 жылы 5 298 488 адам болған.

Босанатындарға көмек және балалар ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтауды жақсарту, медициналық қызметкерлердің біліктілігін көтеру, тиімді халықаралық технологияларды, диагностика мен емдеудің стандарттары мен хаттамаларын енгізу, медициналық қызметтің бастауыш буындарының белсенділігін жақсарту, жүкті әйелдерге тәулік сайынғы мониторинг жүйесін енгізу және мүмкін басқа да факторлар республикадағы сәбилер мен балалар өлімдерінің соңғы 5 жылда (2011 және 2015 жылдар аралығында) шамамен 1,5 есе төмендеуіне алып келді. 2016 жылдың 9 айында сәбилер өлімі 1000 жаңа туған балаға 8,8 оқиғаны құрады, бұл 2015 жылдың осындай кезеңіндегіден 0,7 оқиғаға аз.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік қамту мен көмекке жұмсалатын шығыстар номиналдық түрде жыл сайын артып келеді, мәселен, 2011 және 2015 жылдар аралығында өсім 51% құраған. Бұл ретте әлеуметтік қамту мен көмекке шығындар үлесі ІЖӨ-ге шаққанда 4,0%-дан 4,2%-ға өскен. Білім беру жүйесінде аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балаларды, жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды «Қамқорлық», «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциялары арқылы қолдау бойынша зор жұмыс атқарылуда.

Соңғы алты жылдың ішінде Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту білім беру жүйесін жаңғыртудың басымдық бағыттарының біріне айналды. 2016 жылы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту өткен жылмен салыстырғанда 2,6%-ға артты. 2016 жылы 56,4%-ды құрады.

Жылдың басында республикада 9 407 мектепке дейінгі ұйым болған, бұл өткен жылдағыдан 6,5% артық (2015 жылы 8 834 ұйым болған).

Орта білім беру жүйесінде мектептер саны артып келеді, бастауыш және орта біліммен қамту деңгейі жоғары, жыл сайын апатты, үш ауысымды мектептер саны азайып келеді, жаңа мектептер пайдалануға берілуде. «Білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» іске асырылуда. Еліміз үштілді білім беруге көшеді, бұл мектеп оқушыларының білім деңгейін әлемнің нарықтық сұраныстарына бағдарлай отырып көтеруге мүмкіндік береді. Балалардың білім алу құқықтарын 2016 жылы іске асыруды 7449 күндізгі мемлекеттік жалпы білім беру мектебі, 20 - Назарбаев зияткерлік мектебі, 100 - мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы мектеп, 11 - халықаралық мектеп, 111 - жеке мектеп жүзеге асыруда. Бұл мектептерде жыл басында барлығы 2 899 924 бала білім алған.

Институцияландырылған балалар санын қысқарту мақсатында белсенді жұмыс жүргізілуде. Егер 2012 жылы ұйымдарда жетім балалардың жалпы санының 31,3% болса, ал 2016 жылы 27,2% болған. Бұл санаттағы балалар санының қысқаруы 4,1% құраған. Бұған балаларды қорғаншылықтың балама нысанымен орналастыру, интернаттық үлгідегі балалар жабылуы, мекемелерді отбасылық үлгідегі форматпен қайта құру мен бұл бағыттағы ақпараттық-насихаттық және түсіндіру жұмыстары ықпал етті.

Маңызды жаңашылдық «Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкі» құрылуы болып табылады. Қазіргі сәтте деректер банкі пилоттық режимде жұмыс істеуде, 2017 жылғы 1 қаңтардан банкті ресми іске қосу басталады.

Балалар құқықтарын қорғау саласында қол жеткізген нәтижелермен қатар, проблемалық мәселелер де қалып отыр.

Біріншіден, республикада отбасылық сәтсіздік проблемасы, әлеуметтік жетімдіктің өсуі өзекті болып қалуда.

Жыл сайын 2 мыңдай ата-ана ата-аналық құқықтарынан айрылады, шектеледі, әрбір үшінші неке бұзылады, шамамен балалардың бестен бір бөлігі бір ата-анамен тұрады, 3 мыңнан астам баланы балалар үйлеріне және 6 мыңдай баланы Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына береді, балалар үйлері тәрбиеленушілерінің 80%-ы әлеуметтік жетімдер, ішкі істер органдарының есебінде 12 мыңға тарта сәтсіз отбасы тұр, оларда 17 мыңнан артық бала тұрады. Осы отбасылардың әрбір баласы әлеуметтік, психологиялық, заңгерлік көмекке зәру.

Бұл проблеманы шешу жөніндегі ұсынымдар:

Отбасылық сәтсіздікті ерте айқындау және отбасыға көмектесу жүйесін енгізу, сондай-ақ баланы туған отбасында сақтау үшін жағдай жасау қажет.

Мынандай іс-шаралар ұсынылады:

Өмірлік қиын жағдайға тап болған Балаларды қолдау орталығы ұғымын заңнамалық түрде бекіту;

Балалар үйлерін трансформациялау арқылы Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар мен балаларды қолдау орталығын құру практикасын жалғастыру;

Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету.

Отбасын қорғау және елдегі ажырасу санын азайту мақсатында ерлі-зайыптыларды некені бұзғанға дейін татуластыру үшін міндетті медиация процедурасын заңнамалық түрде бекіту ұсынылады.

Сауалнама мәліметтерінің негізінде рухани-адамгершілік аспектілерді дамытуға одан да көп назар аударған, ата-аналардың баламен қарым-қатынас нысандары мәселелерінде көзін ашқан, ата-аналардың назарын баланың қызығатын істеріне көбірек аударған жөн.

Екіншіден, кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылық (зорлық-зомбылық, қатыгездікпен қарау) проблемалары, балалар ортасындағы суицидтер атап өтіледі.

ҚР ҚСАЕК-нің мәліметтері бойынша, 2016 жылдың 9 айында республикада 2013 кәмелетке толмаған бала оларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде зардап шеккен. Барлық зардап шеккен балалардың жартысына қатысты жеке тұлғаға қатысты әрекет жасалған (976 немесе 48,5%). Бұл құқық бұзушылықтың құрылымында «16 жасқа толмаған адаммен сексуалдық сипаттағы жыныстық қатынастар» басым - 397 факті (2015 жылы – 716 факті). 124 баланы азғындық жолға түсуге мәжбүрлеген, 112 баланың денсаулығына қасақана орта ауыр дәрежедегі зиян жасалған, 183 бала зорланған, не болмаса оларға сексуалдық сипаттағы зорлық әрекет қолданылған.

Елде 2016 жылғы 9 айда кәмелетке толмағандар арасында 140 суицид фактісі және 316 суицид жасау әрекеті тіркелген.

2016 жылдың 9 айы ішінде өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар саны 3 оқиғаға азайғаны байқалады (2015 жылғы 9 айда – 2375; 2016 жылғы 9 айда – 2372 жағдай).

Кәмелетке толмағандар қылмыстарының құрылымында барлық түрлері бойынша өсу басым, ішінара алғанда ұрлық, ауыл қылмыстар, тонаулар, соққыға жығулар, кәмелетке толмағандардың кісі өлтіруі саны артқан. Қазіргі сәтте «сәтсіз отбасылармен» жұмыс бойынша профилактикалық іс-шараларды негізінен ҚР ІІМ ювеналдық полиция бөлімшелері жүргізді, тиісінше барлық профилактикалық іс-шаралар қуғын-сүргіндік сипатта (жауаптылыққа тарту, айыппұл салу). Тәуекел топтарындағы отбасылармен әлеуметтік-педагогикалық спектр мамандарының жұмыс істегені орынды.

Осыған байланысты балаларды қорғауға қатысты кейбір ұсынымдарды қарауға болады:

«Тәуекел топтарындағы» отбасылар үшін еңбекке орналастыру, тұрмыстық проблемаларын шешу, медициналық-психологиялық қызмет көрсетулер жөніндегі кешенді әлеуметтік көмекті дер кезінде көрсету.

Суицидтардың себебі көбінесе ішкі отбасылық жанжалдар, әлеуметтік-тұрмыстық проблемалар, тұлғаның бастан кешкен жанжалдар жағдайында әлеуметтік-психологиялық бейімін жоғалтуы екенін назарға алар болсақ, сондықтан баламен және оның отбасымен бірінші кезекте психологтар, педагогтар жұмыс істеуі қажет. Құқық қорғау органдарын тарту және оларға аяқ тіреу балалардың, отбасылардың жағдайын одан сайын ушықтырады. Осыған байланысты полиция мен әлеуметтік қызметтер жауапкершілігі аймағының ара-жігін айыру қажет, әлеуметтік сүйемелдеу (медициналық, психологиялық, тұрмыстық, материалдық көмек көрсету, оқыту, еңбекке орналастыру және т.с.с.) үшін әлеуметтік қызметтерге басымдық берілуі тиіс.

Халықаралық және үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып ведомствоаралық жоспар әзірлеу жолымен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін қабылдау.

Зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау нәтижесінде зардап шеккен балаларға психологиялық, құқықтық көмек көрсету қызметі желісін ұлғайту.

Ата-аналар мен балалар арасында зорлық-зомбылықты болдырмау мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейту.

Зорлық-зомбылықтың қауіп-қатері жайлы комикстер, әлеуметтік ролликтер жасау, барлық телевизиялық арналарда, БАҚ-та, әлеуметтік желілер арқылы кеңінен және мерзімді негізде тарату.

Үшіншіден, балалар денсаулығының проблемалары атап өтіледі. Балалардың жалпы аурушандығының жыл сайынғы төмендеуіне қарамастан балалардағы жаңа пайда болған өскіндер мен туа біткен ауытқушылықтардың (дамудағы кемтарлықтардың), деформациялардың және хромосомдық бұзылудың өсуі байқалады. Балалардағы жаңа пайда болған өскіндердің кездесуі 2012 жылдан шамамен 23%, туа біткен ауытқушылықтар (дамудағы кемтарлықтар), деформациялар және хромосомдық бұзылулар бойынша 6% артқан.

Мектеп оқушылары арасындағы орындалған профилактикалық тексерулер нәтижелері бойынша мектеп оқушылары денсаулығының барынша маңызды проблемасы көзжанарымен байланысты проблемалар екенін атап өтуге болады. Көзжанары аурулары бойынша барынша жоғары көрсеткіштер Қарағанды, Павлодар және Батыс Қазақстан облыстарында атап өтіледі. Осы облыстар бойынша мектеп оқушыларының денсаулығы бұзылуының бірнеше индикаторлар (есту, көру қабілетінің төмендеуі, омыртқа тарапынан проблемалардың болуы) бойынша ең жоғары көрсеткіштері байқалады. Бұл проблема әлемнің барлық елдері үшін өзекті, ДДҰ мәліметтеріне сәйкес, дамыған елдерде мектеп жасына дейінгі балалардың 20%-ның және әрбір төртінші мектеп оқушысының көзжанарының проблемасы бар.

ҚР Қазақ тамақтану академиясы зерттеулерінің нәтижелері бойынша, республика балаларының шамамен ширек бөлігінің (22%) артық салмағы немесе семіздігі (11%) бар.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша, сауал берілген балалардың бестен бір бөлігіндейі жүйелі негізде ағзаға зиянды азық-түліктерді (тәтті газдалған сусындар - 21%, қытырлақ картоптар, фаст-фуд және т.б. - 14%) тұтынады, бұл бала ағзасының сау дамуына жоюшы әсер етіп, балалардың семіруіне, түрлі аурулардың, соның ішінде онкологияның, диабеттің, остеопороздың дамуына әкеп соғады.

Проблеманы шешу жөніндегі ұсынымдар:

Балалардың жаңа пайда болған өскіндермен, туа біткен ауытқушылықтармен (дамудағы кемтарлықтармен), деформациялармен және хромосомдық бұзылулармен сырқаттануының деңгейін төмендету үшін бірден бірнеше бағыттар бойынша жұмыс істеу қажет:

1) профилактика, яғни аталған ауруларды тудыруы мүмкін себептерді жою немесе барынша төмендету бойынша (салауатты тамақтану және өмір салты, шылым шегумен күрес, нашақорлық профилактикасы, дәрілік заттарды негізсіз қолданудың жолын кесу және т.б.);

2) жүйелі медициналық тексерулер және диспансерлеу, медициналық-генетикалық кеңес беру және ауруларды ерте сатысында айқындау үшін перинатальдық диагностика.

Балалардың омыртқа проблемаларының алдын алу үшін оларға дене шынықтыруды дарыту қажет, сонда-ақ сколиоз бен жалпақ табандыққа әкеп соғатын баланың омыртқасына салмақ түсіруді төмендету мәселесін шешу қажет.

Төртіншіден, ресми мәліметтер және әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері бойынша балаларды әртүрлі үйірмелермен және секциялармен қамту үлесі онша жоғары емес. Ауылды жерлердің балаларын мектептен тыс және үйірмелік әрекетпен қамту проблемалары атап өтіледі. Қосымша білім беру желісінде балалардың техникалық білім резерві нашар ашылған. Халық бұқаралық спортпен төмен қамтылған (республика халқының жалпы санының 26,3%).

Қосымша білім беру желісін дамыту және онымен қамтуды арттыру жөніндегі ұсынымдар:

Жергілікті жеріне қарамастан қосымша білім беру желісін ұлғайту.

Ғылым-танымдық бағытқа көңіл бөлу, балаларды зерделеуге және ғылым мен технология саласындағы өз білімдерін дамытуға итермелеу.

Бұқаралық спортты тиісті дәрежеде дамытуға арналған жағдай – қазақстандықтардың салауатты ұлтын қалыптастыруға және дамытуға арналған негіздер жасау. Барлық жерлерде қолжетімді спорттық инфрақұрылымдарды дамыту.

Тәуекел топтарының балаларын спортқа, шығармашылыққа арту жұмысын жалғастыру, бұл жасөспірімдердің девиантты жүріс-тұрысын, кәсмелетке томағандар арасында оларға қатысты құқық бұзушылықты едәуір төмендетуге мүмкіндік береді.

Бесіншіден, балалардың діндарлығының артуы атап өтіледі, бұл оларды зайырлылықтың дамуына кедергі жасап, олардың көзқарасына радикалдық ұйымдардың ықпал етуіне әкеп соғуы мүмкін.

Сауалнама нәтижелері бойынша, сауал берілген балалардың 92% үшін діннің қандай да бір маңызы бар: балалардың 51% үшін дін – бұл мәдениеттің, олар сақтайтын ұлттық салт-дәстүрдің бір бөлігі, 14% үшін – күнәдан тазару тәсілі, жоғары күштердің қорғаны, 10% үшін – діннің көмегімен әділдік пен теңдікті сақтауға болады. Сондай-ақ дін – бұл философия, өмірдің мәні, рухани жағынан жақын адамдармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі, ағарту, күнделікті өмірдің бір бөлігі деген пікірлер де кездеседі. Тек балалардың 8% олар үшін діннің ешқандай мағынасы жоқ деп атап өткен.

12 жастағы және одан асқан балаларды ата-аналарымен салыстырғанда олар үшін дін құндылық ретінде неғұрлым маңызды (тиісінше 8% және 5%). Радикалданумен жұмыстың негізгі нысаны профилактика, ағарту, сендіру, діни сауаттылықты арттыру болып табылады. Діни радикалданудың салдарларымен емес, оның пайда болу себептерімен күресу маңызды.

Проблеманы шешу жөніндегі ұсынымдар:

Зайырлы гуманизм қағидаттарын белсенді насихаттау және заңды сақтау қажет: құқықтар мен бостандықтарды сақтау, соның ішінде балалар арасында, сындарлы ойлауды қалыптастыру, балаларды адамгершілікке тәрбиелеу және білім беру, дінді балаларға таңуға жол бермеушілік, ғылым және техникалық дағдыларын дамыту, өйткені нақ солар дүниені түсіну мен танудың, ғылыми және инновациялық ойлауды қалыптастырудың барынша сенімді тәсілдері болып табылады, олар дүниетанымды ұлғайтып, ойлау дербестілігі мен тәуелсіздігін, өзін-өзі таныту мен шығармашылыққа, белсенді азаматтық позицияға, әлеуметтенуге, демократиялық басқаруға қабілеттілікті тәрбиелейді.

Халықтың дін саласы мәселелері бойынша сауаттылығын арттыру жұмысын жалғастыру, халықтың діни фанатизмнің деструктивті идеологиясын жалпы қабылдамауын қалыптастыру қажет.

Балалардың ата-аналарынан олардың балалары немен айналысатынына қызығушылық танытуын өтіну.

БАҚ-та, интернетте белсенді ақпараттық және түсіндіру науқанын жүргізу. Діни экстремизмнің профилактикасы мен оған қарсы іс-қимылға арналған әлеуметтік бейнероликтер шығару.

Азаматтық қоғамның әлеуетін халық арасындағы профилактикалық жұмысқа қосу, ол үшін қолда бар барлық ақпараттық және ұйымдастырушылық ресурстарды жұмылдыру.

Қысқартулар тізімі

ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ҚР ДСӘДМ	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі
ҚР ҰЭМ	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
ҚР ІІМ	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ҚР ИДМ	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
ҚР МСМ	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
ҚР ҰЭМ СК	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті
ҚР ДИАҚМ	Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі
ҚР БП	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
ҚР ҚСЖАЕК	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті
ЖАО	Жергілікті атқарушы органдар
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЮНИСЕФ	United Nations International Children's Emergency Fund (БҰҰ балаларға жәрдем фонды)
ХЕҰ	Халықаралық Еңбек Ұйымы
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйымдар
МДЗ	Медициналық - демографиялық зерттеулер
АӨЖ	Ана өлім-жітімі
АИТВ	Адамның иммун тапшылығы вирусы

ЖИТС	Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы
ДДСҰ	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ЖӨӨ	Жалпы өңірлік өнім
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
ОҚО	Оңтүстік Қазақстан облысы
СҚО	Солтүстік Қазақстан облысы
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
СӨС	Салауатты өмір салты
ЖОО	Жоғары оқу орны
МДББ	Мектепке дейінгі білім беру
ТжКББ	Техникалық және кәсіптік білім беру
ОЖСБ	Оқу жетістіктерін сырттай бағалау
ДМШБ	Даму мүмкіндігі шектеулі балалар
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары

Сандж зерттеу орталығы
Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 2/5, кеңсе 75
8 (7172) 24-09-81, 8 (7172) 24-17-44
100 дана